



Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы
Научный информационно-аналитический журнал
Павлодарского государственного
педагогического института

2004 жылдан шығады
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ВЕСТНИК
КАЗАХСТАНА**

3'2015

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА
СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№9076-Ж
выдано Министерством культуры, информации и спорта
Республики Казахстан
25.05 2008 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Н.Р. Аршабеков, доктор философских наук, профессор

Зам. главного редактора

А.С. Ильясова, кандидат исторических наук

Ответственный секретарь

А.Ш. Тлеулесова, кандидат пед. наук, доцент (ПГПИ)

Члены редакционной коллегии

А.К. Кусаинов, доктор пед. наук, профессор, лауреат Государственной премии РК, президент Академии педагогических наук Казахстана

Д. Камзабекулы, доктор филологических наук, профессор (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Р.К. Толеубаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

Г.К. Ахметова, доктор пед. наук, профессор, председатель правления АО «НЦПС Өрлеу»

К.К. Жампеисова, доктор пед. наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

В.В. Егоров, доктор пед. наук, профессор (КарГТУ)

С.К. Бердыбаева, доктор пед. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

Н.С. Сафаев, доктор пед. наук, профессор (ТГУ им. Низами, г. Ташкент)

А.А. Петрусевич, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

Н.В. Чекалёва, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.Ф. Филатова, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.К. Нургалиева, доктор пед. наук (ПГПИ)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук (ПГПИ)

Д.Ж. Сакенов, кандидат пед. наук, профессор (ПГПИ)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук (ПГПИ)

Ж.А. Усин, доктор пед. наук, профессор (ПГПИ)

Технический секретарь

Г.С. Салменова

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и диски не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Педагогический вестник Казахстана» обязательна.

© ПГПИ

| | | |
|---|---|-----|
| Педагогика және білім берудің жалпы мәселелері Общие проблемы педагогики и образования | Ж.М. Бухарбаева Ана тілі пәні арқылы адамгершілік тәрбие берудің мазмұны | 61 |
| А.М. Адылханова Оқу процесінде жаңа технологияларды пайдаланудағы мұғалімнің кәсіптік шеберлігі | Б.О. Байдулина Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру жолдары | 5 |
| Д.Е. Ибрагимова Оқушылардың шығармашылығын дамытудың жолдары | Д.С. Жақупова, К.Ж. Мырзагалиева, А.К. Баймуратова Ойын технологияларын қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу | 9 |
| Д.М. Кабибулина Оқушылардың іс-әрекетін белсендіруде дидактикалық ойындардың ерекшеліктері..... | Д.С. Жақупова, К.Б. Нурахметова Сюжетно-ролевые игры как средство социализации детей с детским церебральным параличом | 15 |
| А.С. Каржаспаева Бастауыш мектепте ұлттық өнерді үйретудің тәсілдері | К.А. Исмагулова Оқу-тәрбие процесінде қиын балаларды қайта тәрбиелеу жолдары..... | 22 |
| Б.К. Қусманова Оқушылардың оқу-түрткілерін қалыптастыру жолдары | Ж.А. Исмаилова Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда отбасы мен мектеп бірлігінің педагогикалық шарттары | 27 |
| Ж.Е. Салимбаева Бастауыш сыныпта дидактикалық ойындарды пайдалану жолдары | Ш.А. Казизова Оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту | 32 |
| Ж. Шайхина Дарындылық қабілеттің зерттелу тарихы | Г.Ж. Курумсинова Отбасында ұлттық қасиеттерді қалыптастырудың педагогикалық үлгісі | 39 |
| З.Ж. Қасымова, М.В. Манякова Самооценка как один из главных факторов формирования агрессивного поведения младших школьников | Г.Б. Қусаинова Қиын балалармен жүргізілетін жұмыстардың педагогикалық, психологиялық ерекшеліктері..... | 47 |
| Оқыту және тәрбие теориясы мен тәжірибесі Теория и практика обучения и воспитания | Б.А. Найманов, А.Б. Найманова Математическое моделирование как один из путей осуществления прикладной направленности преподавания дифференциальных уравнений..... | 114 |
| Қ. Авасай Халық педагогикасы негізінде оқушылардың бойына ізгілік қасиеттерді қалыптастыру | | 55 |

| | | |
|--|--|------------|
| Білім және ғылым саласындағы инновациялық және интеграциялық үрдістер Инновационные и интеграционные процессы в науке и образовании | Ж.Қ. Жұбантаева Эколингвистика ғылымы туралы жалпы түсінік..... | 159 |
| В.А. Аусагатов Жаңа ғасыр тәрбиешісі қандай болу керек?. 124 | Әртүрлі – Разное | |
| А.М. Альмукашева Отбасындағы қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық қасиеттерді қалыптастыру..... | А.М. Смаилова Отбасы мен мектептің педагогикалық жұмыстар жүйесі..... | 129 166 |
| Н.Н. Жомартова Бастауыш мектептің оқыту процесінде инновациялық технологияларын жүзеге асыру ... | Ж.Т. Қойтанова Ұлттық колөнер шеберлері шығармашылығын қолдану | 136 169 |
| А.К. Макенова Оқушылардың шығармашылығын дамытуда жаңа технологияларды қолдану жолдары ... | А.А. Калкамбекова Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру | 142 175 |
| А.С. Смагулова Ақпараттық технология – оқу үрдісін оңтайландыру құралы..... | Б.К. Шакарова Қазақ халқының салт-дәстүрін бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану . | 147 180 |
| А.Ш. Ташимова Дарынды оқушыларды анықтаудың педагогикалық ерекшеліктері | Авторларға арналған ереже | 152 186 |
| | Правила для авторов | 188 |

УДК 37.011.31

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ПАЙДАЛАНУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІПТІК ШЕБЕРЛІГІ

А.М. Адылханова

*№25 қазақ қыздар гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі
Екібастұз қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада оқу процесінде жаңа технологияларды пайдаланудағы мұғалімнің шеберлігі көрсетілген. Сонымен қатар жаңа технологияларды сабақта қолданудың түрлері сипатталған.

Тірек сөздер: мұғалімнің шеберлігі, жаңа технология, модульдік оқыту, логикалық ойлау.

Бастауыш мектептің оқыту процесінде жаңа технология оқыту формасын, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасына мұғалімдердің өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім сапасының алдында шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын тың жаңалықтар ашатын ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізетін, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Модульдік оқыту технологиясы» элементтерін қолданғанда оқушының пәнге деген қызығушылығының артуына, топтасып жарысып үйренуге, ойын еркін жеткізіп, ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша ойлау, жаңаша қарым – қатынас, жаңаша көзқарас қалыптасуда.

Осындай жаңа инновациялық жүйеге негізделген әрбір сабақтың өзіндік құндылықтары бар. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнен асқан кәсіптік шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты талап етеді. Жаңа технологияны қолдану білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне қалыптастырып, олардың оқуға деген ынтасын оятып, педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін жағдай туғызу. Бастауыш мектептің оқу процесінде қолданатын әдіс-тәсілдер.

Қазіргі күнгі мектеп бағдарламаларында мұғалім балаға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл – ойын, қабілетін дамытуы, «оқи алуға үйретуі» керек деген міндеттер қояды. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа инновациялық технологиялар пайдалану тәжірибеге еніп нәтижелер беруде. Әсіресе, ауыл мұғалімдері мектептердегі жаңару процесін қызу қолдап, жаңалықтарды қолдануда жылдам белсенділік танытуда. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға балама жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін – өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасалады.

Әр оқушының қабілетін танып – біліп, дамытып, адам дәрежесіне жеткізу үшін, жаңашыл жұмысқа бет бұру керек. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты білімді маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. өзін – өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық оқыту технологиясының тиімділігін оқытушының оны жүзеге асыру сапасына да көп байланысты болады.

Бастауыш мектептің оқу процесінде жаңа технология арқылы оқыту формасын, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасына мұғалімдердің өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім сапасының алдында шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын тың жаңалықтар ашатын ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Шығармашылық әрекет – оқушының өз жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет.

Жаңа технологияда бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

4 сыныпта ана тілі сабағын модульдік технологияны пайдаланып, жүргізу өте тиімді. Оқу модулі қайта жаңартушы оқу цикілі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. әр модульде сағат саны әр түрлі болады.

Бағдарламалы жаңа технологияға байланысты өте ірі шаралар топтық әдіспен дайындалады.

Нақты бағдарлама түзіліп, онда ұжымдағы әрбір мүше іс-әрекетінің бастау бағыты көрсетіледі, соңғы нәтиже болжамы түзіледі, көздеген мақсаттың іске асу мерзімі айқындалады, бар жағдай – шарттардың жақсылана түсуі қамтамасыз етіледі.

Жаңа технологияны басқаруда нәтижеге бақылау жасау үлкен маңызға ие. Бүгінгі таңда атаулы мектептер – мәні, қызметі, құрылымы мен құрамы, басқару

стилі ерекше, өзіндік құндылықтары мен ұстанымдары жаңашылдар педагогикасы негізінде қалыптасқан педагогикалық ұйымды құрайды.

Жаңа технология нәтижесі – қолданымға енген теориялық та, практикалық та жаңа идеялар. Мұғалім бұл орайда жаңалық авторы, дайындаушысы, зерттеушісі, пайдаланушысы және насихаттаушысы сипаттарын бірдей алады. Ал бұл қызметтерге қатысты басқару жұмыстары соны тұжырым, теория, идея, технология, әдістеме және озат педагогикалық тәжірибелерді қандай да мақсатқа орай бағалауды және кәсіби іс-әрекетте пайдалануды қамтамасыз етеді.

Бүгінгі әр қоғам мүшесінің назарынан тыс қалмайтын көкейтесті мәселенің бірі – жалпы білім берудегі инновациялық оқуға өту. Бұл жобаның іске асуы бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ процесс.

Бұл тұжырымдағы негізгі мақсат-мектепке дейінгі білім беруді ұлғайту жолымен оқушылардың білім алуына бастапқы мүмкіндіктерді бірдей қамтамасыз ету болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту олардың танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыты болып табылады. Оқу түрткісінің белсенділігі психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде анықтау – болып мектеп алды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиелеу және оқыту үрдісінде оны қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Тек белсенділік қана жеке тұлғаның дамуының факторы және өлшемі болып табылғандықтан, танымдық қабілеттердің құрылуы балалардың жалпы кешенді тіршілік әрекетінің дамуымен заңды түрде байланысты болып келеді. Балалардың аралас білімдерінің, ұғымдарының дамуы мен қарқынды түрде жинақталуы оқыту үрдісінің энергиясы. Балалардың белсенділігі әлсіремесін десек, сабақта алынған жаңа білімге деген қанағаттану сезімі келесі жаңа сабаққа деген аса қызығушылық сезімімен байланыстыра отырып құрастырылуы қажет.

Бастауыш мектептің оқыту процесінде жаңа технология оқыту формасын, әдістерін, технологиясын таңдауда көп нұсқалық қағидасына мұғалімдердің өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім сапасының алдында шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын тың жаңалықтар ашатын ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Шығармашылық әрекет – оқушының өз жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет. Сондықтан оқыту әрекетінде мұғалім мен оқушының тығыз байланысы болуы, мұғалім бар күш – жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы, оқушының өз тарапынан белсендік,

дербестік көрсетуі өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекетті қалыптастыруға болады.

Инновациялық топ мүшелерінің шығармашылық еркіндігі – ұжым кіндігі бола білген педагогтардың әлеуметтік белсенділігіне байланысты болса, жеке тұлға абыройы инновациялық топ мүшелерінің мен өз – өзіне сенімділігіне тікелей байланысты. Осындай екі жақты байланыс инновациялық топтың бірізділік қалыптасуын, дамуын, тұтастығын бейнелейді.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияны қолдану оқыту технологиясының тиімділігін оқытушының оны жүзеге асыру сапасына да көп байланысты болады.

Әр бағдарлама алдында оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру, теориясы мен практикасын ұштастыру, қорытынды шығаруға баулу, тән мен жан саулығын қатар, таза алып жүру, экологиялық білім мен тәрбие беру, көркем, мәдениетті сөйлеу, еліміздің тарихын білуге үйрету сияқты мақсаттар қояды, әлемдік білім беру кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді. Бұл үшін оқушыларды жоғары сатыда бағдарлы оқытуды көздейтін инновациялық білім беру көшу қажеттігі туындады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізетін, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Әдебиеттер

1. *Қазақстан Республикасының Білім берудің дамытудың 2005–2010 жылға арналған бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан.*

2. *Инновационные технологии учения: спецкурс / А. Саипов, М.Н. Сарыбеков. – Тараз, 2001. – 11 с.*

Мастерство учителя при применении новых технологий в учебном процессе

А.М. Адылханова

учитель начальных классов КЖГ №25, г. Экибастуз, Казахстан

Аннотация

В данной статье описывается мастерство учителя при применении новых технологий в учебном процессе. Помимо этого рассматриваются различные виды новых технологий, используемые на уроках.

Ключевые слова: мастерство учителя, новые технологий, модульное обучение, логическое мышление.

*Teachers skill in the application
of new technologies in the educational process*

A. Adylkhanova
Primary school teacher
Secondary school № 25 of Ekibastuz, Kazakhstan

Summary

In this article, skill of the teacher at applications of new technologies in educational process is described. Furthermore, the various types of new technologies used at lessons are considered.

Keywords: skill teacher, new technology, modular learning, logical thinking.

УДК 37.036.5

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Д.Е. Ибрагимова

*А. Баймұлдин атындағы ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі
Лебяжі ауданы, А. Баймұлдин ауылы, Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада қазіргі кездегі білім берудің көкейтесті міндеті балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру жолдары сипатталған.

Тірек сөздер: оқушылардың шығармашылығы, оқыту технологиялар, шығармашылық дербестік, гуманизация, жаңа идея.

Оқу процесінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану мен оны озық тәжірибемен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Осыған байланысты қазіргі кездегі білім берудің көкейтесті міндеті балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасымыздың «Болашақ», «Дарын» бағдарламаларында, «Қазақстан – 2030»

атты Қазақстан халқына Жолдауында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» білім беру саласындағы мемлекеттік саясатың басты принциптері ретінде жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелері айқындалып, басымды міндеттер қатарына қойылған.

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бір жолы-дидактиканың әртүрлі ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалану есебінен балалардың ой өрісінің даму деңгейін көтерудің, олардың ғылыми танымдық іс-әрекеттерін белсендірудің, оқуға, білім алуға ынталандырудың тиімді әдістемесін жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке кірігу, демократиялық дәстүрге өту жағдайында халықтың ғасырлар бойы жинақтаған жалпы адамзаттық құндылықтар мұрасына ден қоюы адамгершілік, гумандық процестің айқын көрінісіне айналуда. Бұл мәселе соңғы жылдар ішінде ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналумен қатар, тәрбиешілер мен мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде баланы жеке тұлға етіп қалыптастыруда олардың шығармашылық қабілетін дамыту басты нысанаға алынған.

Соңғы он жылдықта оқу-тәрбие процесінде жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту технологияларын енгізу мен жеке тұлғаның шығармашылығын дамытуға үлкен мән берудің өзі Қазақстанда болып жатқан өзгерістерді жаңаша тұрғыдан қарастыруды талап етуде.

Соның бірі – 12 жылдық білім беру жүйесінің дүниеге келуі – қоғамдағы сүбелі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Мұндағы жаңа білім мазмұны әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтиды.

Жеке тұлға-өзіндік құндылық. Оның шығармашылық дамуы мен қалыптасуы мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты болуы керек. Бұл жөнінде ежелден-ақ ұлы ойшылдарымыз Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, ұлы Абай ерекше толғанған, сондықтан еңбектері адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған. Д. Кішібеков, Р.Н. Нұрғалиев жеке тұлғаның дамуы қоғамдық қатынастардың нәтижесі деген философиялық тұжырым жасаған.

Оқыта отырып, баланың қабілеттерін, шығармашылығын дамыту мәселесі Ш.А. Амонашвили, К.К. Платонов, В.С. Библер, Б.М. Теплов, А.Н. Лук, Б.Т. Афаньев, В.А. Крутецкий, В.И. Андреев, Г.А. Давыдова және т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Оқу процесінде шығармашылық түсінігін жеке бастың қасиеті емес, оқушының оқу процесіндегі іс-әрекет құралы және табыстың белгісі деп білу

керек. Оқу процесіндегі негізгі мәселе – балалардың белсенді іс-әрекет және ол шығармашылықтың дамуына негіз болады деген қорытынды жасауға болады. Балалардың іс-әрекеті неғұрлым үйлесімді, кемелденген, тиімді оқыту әдістерімен ұйымдастырылса, онда олардың белсенділігі де соғұрлым жоғары болып, шығармашылықтың дамуы қарқынды түрде көрінеді. Ол үшін ең бастысы оқу процесін гуманизациялау қажет.

Бұдан біз шығармашылықтың мәні алдымен оның қажеттілігінде, әрбір адамның шығармашылық қабілетінің нәтижесінде рухани қанағаттану мен қуаныш сезіміне айналдыруға жаңаша қадам жасауда деп түсінеміз.

Шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айруға толық негіз бар.

Шығармашылыққа, жаңа, тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деуге болады.

Шығармашылық әрекетке – баланың проблеманы көре білуі, өз іс-ірекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар тудыра алуы жатады.

Сонымен, шығармашылық проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижесінде жаңа материалдық және идеялық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті.

Гуманизациялаудың түпкі мақсаты – баланы жан-жақты танымдық ұмтылысы бар субъект, шығармашылық тұлға етіп қалыптастыратындай, дамуға апару.

Көрнекті педагогтер К.Х. Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, Ы. Алтынсарин шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, баланың шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген белгілі педагог-ғалым М. Жұмабаев болды. Психологтер мен педагог ғалымдар Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Л.В. Занков, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, А.Г. Ковалевтің және қазақстандық көрнекті ғалымдар Т. Тәжібаев, С.Қ. Қалиев, К.Ж. Қожахметовалар өз еңбектерінде жеке тұлғаны дамыту мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаған.

Оқу процесін гуманизациялау өзінің мақсатты функциясы бойынша жеке тұлғаның үйлесімді дамуының, шығармашылығының ұлғаюының, қабілеті мен ішкі жан-дүниесінің рухани өсуінің негізгі факторы болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесін гуманизациялаудың шығармашыл жеке тұлға қалыптастыруда маңызы зор деген қорытынды жасауға болады.

Соңғы он жылдықта оқу-тәрбие процесін гуманизациялау, оның практикалық бағытын күшейту, дамытушылық функциясын арттыру мақсатында жа-

салып жатқан шаралар ауқымды дей тұрғанмен, оқу процесінде уақыттың көбі репродуктивті әдіске жұмсалып жатады. Сол себептен оның нәтижелері де мардымсыз.

Оқу-тәрбие процесін гуманизациялау процесі – бұл педагогикалық процес-тен бас тарту емес, оны жай адами қатынастармен алмастыру емес, дәстүрлі оқу-тәрбие процесінде маңызды гумандылық қағидаларын жүзеге асыру арқылы оны жеке тұлғаға бағытталған процеске айналдыру. Толыққанды оқу процесі – балаларда жеке тұлғалық мағына қалыптастырудың, өз мәдени тәжірибесін дамыту мақсатында танудың және пайдаланудың жеке-дара, тұлғаға бағытталған процесі.

Демек, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әрбір баланың өзін танып білуге, оқу процесінде өзінің қызығушылығына, қабілеті мен мүмкіндігіне сәйкес білім алуға және көрсете білуге мүмкіндік туғызады.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту оқу процесінде бейімділігіне, қызығушылығы мен қабілеттеріне сәйкес өзін танып білуге, өзін-өзі көрсетуге балаға мүмкіндік туғызады.

Оқыту технологиясы балабақшаның оқыту процесіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол балалардың тәртібіне, оқуға ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі әсер етумен қатар, педагогиканы нақты ғылымға жақындатып, мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу процесінің басты күре тамырының ролін атқарады.

Білім берудің гумандылық парадигмасы тұрғысынан алғанда тәрбиешінің басты міндеті балаға өзінің жеке-дара қасиеттерін дамытуға, өзіндік құндылығын арттыруға көмектесу болып табылады, сондықтан тиісті педагогикалық практика адамның жоғарғы күштерін дамытуға баланың қажеттілігін қанағаттандыруға және жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Педагогикалық мақсаттардың осы тұжырымдама негізінде эзирденуі оқушылардың жеке-дара қасиеттері саласының тиісті компоненттерін дамыту есебінен гуманизациялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпыға белгілі, оқу процесі тәрбиеші мен баланың өзара әрекетінен тұрады. Олардың өзара әрекетінің жүйелілігін қамтамасыз ету, қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға көмектесетін білім беру процесін қамтамасыз ету педагогикалық жағдайда өз қызметін атқарады.

Оқытуды ұйымдастыру формаларының бірі – балалардың шағын топтарда жұмыс істеуі, мұны дәстүрлі оқытуда да, дамыта оқытуда да қолдану мүмкіндігі. Мұндай жұмыстың басты жетістіктерінің бірі – әрбір баланы нәтижелі оқытуға жағдайлар жасау.

Оқыту үрдісі екі жақты процесс болғандықтан, баланың өздік жұмысы, дербес іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек Осыған байланысты кейбір педагогтер мен психологтер балалардың өздік жұмыстарының негізгі ерекшеліктері – олардың ықыласын және өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп пікір айтады.

Балалардың өздік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен амал-тәсілдері қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. балалардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғышарты болып табылады.

Шығармашылық дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады.

Оқудағы дербестілік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәс әлеге тұрақты ынталылық пайда болуымен, назар мен ой-сана әрекетінің бағыттылығымен (талдау мен жинақтау, салыстыру мен салмақтау т.б.), оқып жатқан материалды түсінуімен бейімделінеді.

Белсендірудің қандай да тәсілі мен әдістерін пайдалануда баланың қабілет дәрежесін ескеру керек. Күрделі танымдық міндеттерді танымдық қабілет дәрежесі жоғары балаларға ғана тапсыруға болады. Балаға таным күшіне сәйкес келмейтін, мүмкіндігінен жоғары, білім деңгейінен анағұрлым асып түсетін міндеттер жүктеу білім беруде оңды нәтиже бермейді.

Баланың шығармашылық дербестігінің пайда болуы оның іс-әрекетінен айқын аңғарылады. Ең әуелі баланың іс-әрекетке деген көзқарасы өзгеріп, танымдық белсенділігі арта түседі. Баланың шығармашылық дербестігі қалыптасқанда баланың бүкіл болмысы жаңа сипатқа ие болады.

Шығармашылық дербестігі әртүрлі сапада көрінуі мүмкін. Оның күрделі табиғатының өзі оның жеке адам дамуының түрткісі, қозғаушы күші екендігін көрсетеді.

Мәселені шешуде талданған негізгі ұғымдардың көлемі мен мазмұнына үңіле отырып, баланың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың мәні мынада деген тұжырымға келдік;

– қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге, ғылым жаңалықтарына тұрақты қызығушылықтың пайда болуы;

– оқу-танымдық міндеттер мен мақсаттарын орныдауға талпыну;

- білім алуға, шығармашылық жұмыстарға тұрақты қызығушылық;
- баланың танымдық ойлау белсенділігінің дамуы;
- жеке тұлғаның сапалық көрсеткіші ретінде көрінетін қабілеті мен қасиеттерінің дамуы;
- жеке тұлғаның дербес интеллектуалдық ой-өрісін кеңейтуі;
- тұрақты ізденімпаздық шығармашылық іс-әрекетінің нәтижелі дамуына әсер етеді.

Шығармашылық дербестік ұғымы төңірегіндегі тұжырымдар, анықтамалар бұл ұғымның өзіндік ерекшеліктерін, әртүрлі психикалық процестерден туындайтын интеллектуалдық, эмоциялық, бағыттаушы (зейін, ерік) байланысын және жеке тұлғаға беретін білімнің маңызын ашып көрсетеді.

Шығармашылық дербестік – жеке тұлғаның танымдық қажетсінуі мен қызығушылығын, белсенділігі мен танымдық ізденімпаздығын қамтитын сан қырлы білім алуынан көрінетін, күрделі шығармашылық қалыптасуымен аяқталатын интеллектуалдық қабілет.

Шығармашылық дербестік бала іс-әрекетінің сапасы ретінде көріне отырып, үнемі ізденіп, белсенді әрекет ететін жеке тұлғасының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Шығармашылық дербестік адам өмірін жаңа деңгейге көтеріп, түрлі туындылар мен жаңалықтардың шығуына негіз болып, жағымды эмоциялық көңіл-күй орнатады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім берудің дамытудың 2005–2010 жылға арналған бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан.
2. Тәттібаева Ж. Педагогикалық технологияны пайдалану ерекшеліктері / Ж. Тәттібаева // Бастауыш мектеп. – 2006. – №3. – 3–4 б.

Пути развития творчества учащихся

Д.Е. Ибрагимова
учитель начальных классов, СОШ им. А. Баймульдина,
Лебяжинский район, с. Баймульдина, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассмотрены задачи современного преподавания и пути формирования творческих способностей учащихся.

Ключевые слова: творчество учащихся, обучающие технологии, творческая самостоятельность, гуманизация, новые идеи.

The ways of development of students' creativity

Ibragimova D.
Primary school teacher, Secondary school n. af. Baimuldin A.
Lebyazhynsk d., Baimuldin v., Kazakhstan

Summary

In this article, the challenges of contemporary teaching and ways of formation the creative abilities of students are considered.

Keywords: creativity of students, educational technologies, creative independence, humanization, new ideas.

УДК 372.03

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ
ОЙЫНДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*****Д.М. Кабибулина***

*Луговое ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі,
Павлодар қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада ойынды қолдана отырып, оқушыны өзіндік іс-әрекеттің мақсаты мен бағдарламасын қалыптастырып, оның жақын болашақтағы нәтижелерін алдын ала болжай білуге үйретуі қарастырылған.

Тірек сөздер: дидактикалық ойын, оқу процесі, шығармашылық деңгей, ойын түрлері, танымдық іс-әрекет, халық ойындары, дамытатын ойындар, тәрбиелейтін ойындар.

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын десек, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу (таным) әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады [1].

Педагогикалық үрдісті жетілдіру ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша, ойын-

ды әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану – болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген [2].

Оқу процесі барысындағы тұлға аралық іс-әрекет әлеуметтік қызығушылықтарды қозғау арқылы мотивацияны күшейтеді. Жеке жауапкершілік сезімі пайда болып, көпшілік алдында жеткен жетістіктер оқушының өз-өзіне сенім артуына, ұжымда өз пікірін орнықтыруына ықпал етеді.

Адам тәжірибесінде ойын іс-әрекеттілігі мынадай қызметтерді орындайды:

– көңіл көтеруші: (бұл ойынның негізгі қызметі – шаттану, ләззат алу, қызығушылықты ояту);

– коммуникативті: қарым-қатынас диалектикасын меңгеру;

– өзіндік жүзеге асыру;

– ойынды терапевтикалық: өмір іс-әрекеттілігінің басқа түрлерінде пайда болатын әртүрлі қиыншылықтарды жеңіп шығу;

– коррекция қызметі: тұлғаның құрылымдық көрсеткіштердің позитивті өзгеруіне үлес қосу;

– ұлтаралық коммуникация қызметі бойынша: барлық адамдарға ортақ әлеуметтік-мәдени құндылықтарды меңгеру;

– әлеуметтендіруші: адамдардың қоғамдасып өмір сүру нормасын меңгеруін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне бекіту.

Ойындардың көбісі өздеріне мынадай төрт басты қырлары болады (С.А. Шмаков бойынша):

– еркін дамушы іс-әрекеттілік нәтижесінен немесе іс-әрекеттілік процесінің қамы үшін ғана емес, тек баланың тілегіне байланысты қабылданады (процедуралық қанағаттану);

– шығармашылық, белгілі деңгейдегі импровизациялық осы іс-әрекеттіліктің өте белсенді мінездемесі (шығармашылық «жолы»);

– эмоциональды көтеріңкілік, қарсыластық, конкуренттік, аттракция және т.б. (ойынның табиғи сезімділігі «эмоциялық кернеулік»);

– түзу немесе жанама ережелердің бар болуы, ойын дамуындағы логикалық мазмұнды ашу.

Ойын құрылымына оның үрдісі ретінде:

а) ойнаушының өзіне алған ролі;

б) осы рольдер реализациясының қоспасы ретінде ойын іс-әрекеті;

в) пәндерді ойын түрінде пайдалану;

г) ойыншылар арасындағы шынайы қарым-қатынас;

д) сюжет (мазмұн) – ойындағы «шындық аумағы».

Іскерлік ойындарды дайындау барысында төмендегідей психологиялық-педагогикалық принциптерді жүзеге асыру қажет:

– өндірістің нақты жағдайлары мен динамикасын, кәсіби қызметтің, іс-әрекеттің, мазмұнын имитациялық модельдеу принципі;

– оқушыларда кейбір қиындықтар мен ойлау қиыншылықтарын тудыратын тапсырмалық ойындар жүйесі арқылы берілген кәсіби қызметке тән проблемалық ахуалдарды жасау принципі;

– ойында көрсетілген өндіріс мамандарының функцияларын бейнелеуде қатысушылардың бірлескен қызметі принципі;

– оқу тапсырмаларын шешуде, келісімді шешімдерді дайындауда және қабылдауда серіктестердің іс-әрекеттік және диалогтік қарым-қатынастарының шешуші роль атқару принципі;

– оқу ойын іс-әрекетінің екі мақсаттылығы принципі. Іскерлік ойын болашақ маман тұлғасын дамытуда біршама маңызды міндеттерді шешеді: оқушылар мамандығына қажет білімдер мен дағдыларды меңгереді, әлеуметтік кәсіби біліктіліктерді игереді. Бірақ бұл маңызды іс-әрекет ойын формасында іске асырылады да, оқушыларға интеллектуалдық, эмоциялық және шығармашылық тұрғыдан өзін көрсете білуіне мүмкіндік береді.

Кез келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу – әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. «Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс.

«Ойын» ұғымына түсініктеме берсек, бұл – адамның мінез-құлқын өзі басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс-әрекеттің бір түрі. Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- ойын-сауық;
- коммуникативтік немесе қарым-қатынастық;
- диагностикалық (ойын барысында өзін-өзі тану);
- коррекциялық (өзін-өзі тану);
- әлеуметтендіру.

Ойынды қолдана отырып оқыту технологиясының мақсаты да – оқушыны өз оқуының мотивін, өмір мен ойындағы өз мінез-құлқын түсінуіне, яғни өзіндік іс-әрекеттің мақсаты мен бағдарламасын қалыптастырып, оның жарқын болашақтағы нәтижелерін алдын ала болжай білуге үйрету.

Ойынның функциясы өте көп: дидактикалық, танымдық, дамытушылық, тәрбиелеушілік т.б.

Дидактикалық ойынның құрылымдық принципі:

– динамикалық өндірістің және нақты шарттың имитациялық модельдеу принципі;

- имитациялық мазмұны моделінің мәселелік принципі және оның ойын әрекетіндегі даму процесі;
- екі жоспарлықтың принципі;
- диагностикалық қатынастың принципі;
- біріктірілген іс-әрекет принципі;
- кәсіби іс-әрекет формасының және мазмұнның модельдеу принципі.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім-білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып. Белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады.

Әдістемелік әдебиеттерде берілген және бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдаланып жүрген дидактикалық ойындар өте көп. Алайда олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарынан туындап отырған білім мазмұнының өзгерістеріне, сондай-ақ оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келе бермейді. Сондықтан ғылыми тұрғыда негізделген дидактикалық ойындар түрлерін сұрыптап, ой елегінен өткізе отырып, ойындар жүйесін және оларды пайдалану әдістемесін ұсыну қажет.

Дидактикалық ойындар – балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет. Мұндай ойындарды ұйымдастыру қашанда төмендегідей екі мақсатты көздейді:

- танымдық, яғни баланың бойында танымдық, ізденушілік әрекетін дамыту;
- тәрбиелік, яғни үлкендермен немесе өз құрбыларымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды құру мына негіздерге сүйенеді:

1. Балардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу.

2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі.

3. Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі.

4. Оқу мен тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар: «Лото», «Домино» және т. б.

3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындарды мүлдем негізге алмайтын мұғалімдер де болады. Демек, бұл әдістің маңыздылығын анықтап алайық.

Дидактикалық ойындарды оқыту мазмұнына сәйкес түрлері:

1. Ойын-саяхаттар. Олар ертегілерге ұқсас. Олар фактілер немесе оқиғаларды бейнелейді, бірақ олар ерекше түрде ашып көрсетіледі; қарапайым жұмбақ арқылы; қиындық – оңай жолмен; қажеттілер – қызық жолмен беріледі.

2. Ойын тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет, сөздік тапсырмалар құрайды. Ойын міндеттері мен әрекеттері бір нәрсені болжауға неізделеді.

3. Ойын-болжамдар. Бұл ойындар «Не болар еді?..», «Мен не істер едім, егер...» деген сұрақтарға негізделеді.

Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қоюда ерекшеленеді. Мұндай ойындар білімді нақты жағдайда ұштастыра байланыс есептерін тағайындауды талап етеді.

4. Ойын-жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі – логикалық астарының болуында. Олар баланың ой әрекетін белсендіреді. Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді.

5. Ойын-әңгімелер. Ол мұғалім балалармен, балалардың мұғаліммен және балалардың балалармен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым-қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа ие болады. Ойынның құндылығы – олар эмоционалдық түрде белсендіруге, бір сөздікке, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойлануға мүмкіндік туғызады.

Танымдық іс-әрекет сипатына сәйкес ойын түрлері:

1. Балалардың орындаушылық әрекетті талап ететін ойындар.

2. Қайта жаңғырту іс-әрекетін орындауға бағытталған ойындар.

3. Қайта жасау іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған ойындар;

4. Оқушылардың іс-әрекетін бақылауға бағытталған ойындар;

5. Ізденіс іс-әрекетіне бағытталған ойындар.

Құрылымы бойынша дидактикалық ойындарды мынадай түрлерге жіктейді:

1. Сюжеттік-рөлдік ойындар;

2. Жаттығу ойындар;

3. Драмалық ойындар;

4. Шығармашылық ойындар;

5. Әдеби-музыкалық ойындар;

Халық ойындардың педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жіктелімі бар:

1. Білім беретін ойындар.
2. Тәрбиелейтін ойындар;
3. Дамытатын ойындар.
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар;
5. Диагностикалық ойындар.

Дидактикалық ойынның маңызы мынада:

1. Дидактикалық ойын оқушылардың қоршаған дүние туралы түсінігін кенейтеді, оны бекітіп, нақтылай түседі.

2. Әрбір дидактикалық ойын, оқушыны ойнай білуге баулып, сөздік қорын молайтады, ақыл-ой қызметін қалыптастырады.

3. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойын ережелері балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етеді. Өйткені бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға ықпалы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дұрыс орындайтын болады.

Дидактикалық ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істей білуге дағдыландырады, ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөздік қорларын молайтуға көмектеседі.

Сабақта дидактикалық ойынды қолдану бастауыш сынып оқушыларының сол пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді.

Дидактикалық ойындардың тиімділігі олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен міндетін мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын бастауыш сынып мұғалімінің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдарды алдын-ала дайындап алуға, ойын үрдісіне оқушыларды белсенді қатыстыруға байланысты.

Төмендегі шарттар орындалған жағдайда дидактикалық ойындарды пайдалану тиімділігі артады:

– егер бастауыш сынып мұғалімі балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру жолдарын меңгерсе;

– егер ойынның түрлі типтерінің өзара әрекеті қамтамасыз етілсе;

– егер бастауыш сыныптарда қолданылатын ойындар жүйесінде басымдылық дидактикалық ойындарға берілсе.

Өйткені бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді.

Әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. I том / А. Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 2000.

2. Құлжанова Н. Балабақшадағы тұрмыстық тағылым / Н. Құлжанова. – Алматы: Рауан, 1990.

3. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалар / Б. Алтынсарин. – Алматы, 2005. – 407 б.

4. Сағындықов Е. Ойын – тәрбие құралы / Е. Сағындықов // Білім және еңбек. – 2008. – №5.

5. Жайлауова М. Дидактикалық ойындар және оларды пайдалану / М. Жайлауова, З. Сексенбаева // Бастауыш мектеп. – 2009. – №6.

Особенности дидактических игр в активизации деятельности учащихся

Д.М. Кабибулина

учитель начальных классов, Луговская СОШ, Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье рассматривается роль дидактической игры в формировании у учащихся умений самостоятельно отбирать и оценивать получаемую информацию и прогнозировать свои результаты в ближайшем будущем.

Ключевые слова: дидактическая игра, учебный процесс, творческий потенциал, виды игр, познавательная деятельность, народные игры, развивающие игры, воспитательные игры.

The features of didactic games in the revitalization of students' activity.

D. Kabibulina

Primary school teacher, Lugovsk Secondary school, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In the article, the role of didactic games in the development of students' abilities independently select and evaluate the received information and predict the results in the near future is considered.

Keywords: didactic game, educational process, creativity, types of games, cognitive activities, national games, developing games, educational games.

УДК 37.036.5 (574)

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

*А.С. Каржаспаева**Ақсу қаласы, Алғабас селолық округінің
М. Қабылбеков атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі**Аңдатпа*

Ұсынылып отырған мақалада оқушылардың ұлттық өнер туралы білімдерін тереңдету қарастырылған. Сонымен қатар, жас ұрпақ тәрбиесін ойдағыдай жүргізуге көмектесетін әдістердің түрлері сипатталған.

Тірек сөздер: ұлттық өнер, шығармашылық, қабілет, жаңа технология, шеберлік, мәдениет, заманауи білім, жүйе.

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан- ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, өзіндік тарихымен, әдет- ғұрпымен, сәндік, көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген-көлері.

Ж. Мұратовтың пікірінше, ұлттық өнер- жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады [1].

Өнер өте ертеде шықты. Алғашқы адамдар кейінгі ұрпақтарға тас балталар мен сүйектен жасалған найзалар ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар үңгірлердің қабырғаларына салынған түрлі суреттер, балшықтан, тастан жасалған мүсіндер де қалдырған.

Адам еңбек процесінде айналадағы дүниені танып біледі. Бұл білім оған өте қажет, өйткені еңбек дегеніміз білімді қажет ететін мақсатты да саналы іс-әрекет. Алайда еңбек ету процесінде көздеген мақсатқа жету үшін білім ғана жеткіліксіз, ол үшін белгілі бір мінез-құлық сапалары, мысалы, табандылық, ержүректілік, ынтымақтылық сезім және сондай-ақ қара күш сапалары – күш-қуат, төзімділік, ептілік тағы басқалары керек. Ал бұлардың бәрі адамға өздігінен келмейді, оларды тәрбиелеу қажет. Өнер сол сапаларды тәрбиелеудің маңызды бір құралы ретінде пайда болды.

Өнер дүниені адамның нақты сезімдік формада бейнелендіру қабілетіне негізделеді. Өнер – қоғамдық сананың идеологиялық формасы. Өнер идеологиямен екі тұрғыдан байланысты. Біріншіден, ол белгілі бір таптың мүддесіне қызмет етіп, оның саяси, моральдық, философиялық, эстетикалық және тағы басқалардың көзқарастарының насихатшысы және, екіншіден, ол адамдардың қоғамдық қатынастарымен тығыз байланысты, қоғамдық сананың басқа формалары сияқты, қоғам алдында тұрған әлеуметтік мәселелерді шешуге қызмет етеді.

Р. Тағабаевтың пікірінше, көркем образ дегеніміз – ең маңызды, типтік образды жеке образ арқылы көрсету немесе өмірдің жалпы, маңызды типтік жақтарын жеке құбылыс формасында, яғни нақтылы сезімдік формада бейнелеп көрсету.

Демек, көркем образды бейнені ұғыммен де, түйсікпен де теңгеріп қарауға болмайды. Көркем образдың ерекшелігі сол, ол жалпыны жеке арқылы танып білу. Нағыз өнер шығармаларындағы көркем образдар шындықтың сырт белгілерін бейнелемей, маңызды жақтарын бейнелейді [2].

Өнер де жалпыны бейнелендіреді, бірақ оны абстракция формасында емес, жинақталған жеке образ формасында немесе, өнер тілімен айтқанда, типтік образ формасында бейнелендіріледі. Шындықта жалпы типтік образ жеке нәрселерде ғана өмір сүруде, демек, жеке нәрселер арқылы көрінеді. Сондықтан өнердегі типтік образ дегеніміз жинақталған, жалпыланған образ. Бірақ ол жалпыланған типтік образ жеке образ арқылы бейнелендіріп көрсетіледі.

Өнердің келесі ерекшелігі сол, ол – қоғамдық сананың эстетикалық сезім тудыратын формасы. Суретші, жазушы шындық құбылыстарына тән эстетикалық сапаларды ашып көрсетеді. Сондықтан көркем шығармаларда өмір белгілі бір эстетикалық идеяларға сәйкес бейнеленеді, яғни өнер шындық нәрселері мен құбылыстарын көрікті немесе көріксіз, көңілді немесе көңілсіз, қайғылы немесе күлкілі деген сияқты категориялар формасында бейнелеп, баға береді.

Ою деп заттың, бұйымдардың, жиһаздардың, ғимараттардың сыртқы пішініне, түріне, шығармашылық әуеніне ерекше мәнгер, қосымша әсер беріп, қарапайым симметриялы элементтерден құрылып, ырғақ, теңдеу, рең арқылы түзу жазықтықта немесе квадрат, ромб, шеңберлерде тұйықталып орналасқан әшекейлі өрнекті айтады [3].

Оюды кілемге, сырмаққа, текеметтерге, киімдерге, ыдыс- аяққа, үй жиһаздарына, аяқкиімдерге, зергерлік бұйымдарға, қару- жаракқа, сәлет ғимараттарына әр түрлі композициялық жолдармен қолданады.

Заттың бұйымының сыртқы пішініне, алатын орнына, атқаратын қызметіне, пайдалану мақсатына және шикізат түрлеріне қарай ою- өрнекті ойып, бояп, қашап, құйып, бедерлеп, өріп заттардың түр- пішінімен үйлестіре пайдаланған.

Оюлар әр шикізаттың физикалық қасиеттіне, пайдаланатын өнер бұйымының қолдану аясына байланысты рельефті, барельефті болып шешіліп, жазықтықта қалай қолданылса кеңістікте де солай орын ала білген.

Н. Нұржанованың пікірінше, Ою-өрнектің классификациялық негізгі мәнері төрт топқа бөлінеді. Олардың барлығының негізгі геометриялық ұғым элементтері жатыр. Ол-нүкте, ол-сызық, бұлар классикалық төрт топтың негіздері.

Классикалық ою-өрнектің төрт тобына: геометриялық ою-өрнектер; жан-жануар, хайуанаттар ою-өрнектері; өсімдік тектес ою-өрнектер және космогониялық ою-өрнектер жатады [4].

Ою-өрнектің қайсысын адам баласы бірінші ашып, көркемөнер шығармасы ретінде қолданғанын дәл зерттеп ашқан ешкім жоқ. Ашып дәлелдеу де мүмкін емес. Қайсысының бірінші, қайсыбірінің екінші екендігі туралы, ою-өрнектің бір-біріне қалай бағынатындығы туралы сұрақтарға тек арнаулы физикалық, математикалық заңдылықтарға негіздеп қана жауап беруге болады. Ол тек ғылыми тұрғыдан берілетін тұжырым.

Сондықтан ою- өрнектерге талдау жасап, әр классикалық топқа бөлмес бұрын ою-өрнектің негізгі құрылымы қалай, оюдың өзіне тән ерекшелігі неде, композициялық орналастыру ережесі не, ою-өрнектің пішінін, құрылысын, образдық белгісін өзгертуге симметрияның әсері қандай деген сұрақтарға жауап беруіміз керек. Ою-өрнектің халық шеберлері сәулет, кескіндеме, қолданбалы өнерде, қолдан шыққан барлық өнер заттарын көркемдеуге, әсемдеуге пайдаланған. Осыған орай ою-өрнек үлгілері араласқан бұйым- заттарды тұрмыста қолдану негізіне қарай екі топқа бөлінеді.

Біріншісі, ою ешқандай заттарды көркемдемей-ақ, өз алдына жеке әшекей ретінде қолданылып, көрермендерге эстетикалық сүйсініс, әсер береді. Бұндай жағдайда оның көркемдік, әсемдік жақтары пайдаланады. Екінші түрінде оюлар шебердің қолынан шыққан заттарды көркемдеп толықтырып, айырықша көрініс, сәндік мән- мағына береді. Яғни ою-өрнек жасалған заттан ерекше бөлінбей оның формасын, пішін-түрлерін ерекшелейді. Осындай бұйымдар күнделікті тұрмыста пайдалануымен қатар, көрермендерге эстетикалық ләззат және рухани байлық боп ерекше сезімге бөлейді.

Қазақ ою-өрнектерінің өздеріне тән сыңар ою, тең, жүздеме, ою секілді композициялық құрылымдары қалыптасқан. Аталған оюларда да композитцияның классикалық-орталық бөлік, шет, жиек фон негіздермен бірге, симметриялық тепе-теңдік, тұйықтық, орнықтылық категориялары сақталған.

Т. Калиеваның пікірінше, Әдемілік, көркемділік адамның күнделікті өмірінде зор роль атқарады. Адамды қоршаған орта көркем болса, оның өзі адамды көңілдендіріп, еңбек пен өмір шабытын тудырады. Адам тек ғылым

зандарына сәйкес қана емес, «әдемілік заңы бойынша» да еңбек етеді деп атап көрсеткен болатын [5].

Өнер арқылы мәдениет өзінің тұңғыық тереңінде болып жатқан құбылыстарын дәп бір айнаға қарап көргендей, байқап отырады. Сондықтан да өнерді «мәдениеттің айнасы» деп анықтауда негіз бар. Нақты тарихи жағдайлар шеңберінде белгілі бір ұлттың, этностың мәдениетінде өнер аоқылы сол мәдениеттің әлемді және әлемдегі адамды түсінуін көреміз.

«Өнер» – мәдениеттің айнасы деп бекерде бекер айтылмаған. Ол мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеру барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және тағы сол сияқты негізделген өнер түрлері қалыптасады.

Өнерде үйлесімділік ретінде танылған кемелділік бейнесі жасалады. Өнер арқылы адамның ашылады. Өнер адамның шексіз болмыстық сұрақтарына жауап табуға талпыныс барысында гуманистік принциптерді қалыптастырады. Нәтижесінде, өнер тек белгілі бір қоғамның даму нәтижелерін көрнекілеп қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік-рухани өмірдің күйіне әсер ететіндігін білдіреді.

Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса білгір және шебер болып шығады.

Әл-Фараби: «Қандай әрекет, қандай іс істесек те, сондай рахмет табу, соның рахатын көру, біздің мақсатымыз болып табылады», – деген.

Оқушылардың ойларын тұжырымдай білуге, ойлампаздыққа, ұлттық мәдениетіміздің үлгілерін өмір сүру жағдайына бейімдеп қолдануға, ертегіні оқу және есте сақтауға, мақал-мәтелдерді тиімді пайдалануға үйрету қажет. Өнер туындыларын эстетикалық талғамымен қабылдап, қабілеттерін, өнерге қызығушылықтарын, шығармашылық белсенділіктерін, бәсекеге қабілеттіліктерін дамыту, сонымен бірге нәзіктікті сезіне білуге, жинақылыққа, төзімділікке, икемділікке тәрбиелеуді, ұлттық қазынамыздың құндылығындәріптеу негізгі мәселе.

Қорыта келе айтарымыз, ұлттық өнер шеберлерінің шығармашылығын зерттеу, қазақ отбасының тәрбие дәстүрлерін талдау және сол арқылы тәрбие беру жолдарының, әдіс-тәсілдерінің, өзіндік ерекшеліктерін көре білу қазіргі жас ұрпақ тәрбиесін ойдағыдай жүргізуге көмектестетіндігін көрсетті.

Ол үшін: а) халықтың қолөнер шеберлерінің шығармашылығының озық үлгілерін педагогика ғылымымен іс-тәжірбиесіне нысаналы түрде пайдалану;

ә) оқу-тәрбие үрдісінде жеткіншек ұрпақты ұлттық өнер арқылы тәрбие беру үшін тарихи қалыптасқан тәрбиенің түрлері мен әдістерін қолдану;

б) ұлттық өнер шеберлерінің шығармашылығын оқушылардың сабақ барысындағы іс-әрекетіне ғана емес, сонымен бірге оқудан тыс әрекетіне

де (факультативтік әдістемелік кабинеттер, үйірме жұмыстарында, көрме ұйымдастыруда қажет.

Бастауыш мектепте ұлттық өнерді үйрету негізі іс-әрекеттердің бірі.

Әдебиеттер

1. Мұратов Ж. Баланы еңбекке тәрбиелеуде бейнелеу өнері сабағының ерекшелігі / Ж. Мұратов // Білім берудегі менеджмент. – 2005. – №4. – 28-30 б.

2. Тагабаев Р. Баланың қол өнер дағдысының қалыптасу жолдары / Р. Тагабаев // Қазақстан мектебі. – 2005. – №3. – 15–16 б.

3. Асқарова М. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту әдістері / М. Асқарова. – Алматы: Мектеп, 1998.

4. Нұржанова Н. Еңбек сабағының педагогикалық негіздері / Н. Нұржанова // Бастауыш мектеп. – 2004. – №8. – 39–42 б.

5. Қалиева Т. Балалардың еңбек ету дағдысын қалыптастыру жолдары / Т. Қалиева // Бастауыш мектеп. – 2005. – №3. – 18–19 б.

Методы обучения национальному искусству в начальной школе

А.С. Каржаспаева
учитель начальных классов, СОШ им. М. Кабылбекова,
Алғабасский сельский округ, г. Аксу, Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются условия формирования и углубления знаний учащихся в области национального искусства. Наряду с этим дается классификация методов воспитания, способствующая целенаправленному воспитанию подрастающего поколения.

Ключевые слова: национальное искусство, творчество, способность, новая технология, мастерство, культура, современное образование, система.

Methods of training the national art in the Primary school

A.S. Karzhaspayeva
Primary school teacher, Secondary school named after Kabyzbekov M.,
Algabas rural district, Aksu, Kazakhstan

Summary

In the article, the conditions of formation and increasing knowledge of students in the field of national art are considered. Along with it, the classification of methods of education promoting the purposeful education of younger generation is given.

Keywords: national art, creativity, ability, new technology, skills, culture, modern education, system.

УДК 37.026

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТҮРТКІЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Б.К. Қусманова*Павлодар қаласы, Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы №10 лицей-мектебінің бастауыш сынып мұғалімі**Аңдатпа*

Осы мақалада сеп-түрткілер үдеріс сипатында тұлға қалпы мен қатынастарына өзгеріс ендіретін нақты ниеттер, себептер түрінде іске асып, оқушыны оқуға, әрекетке келуге, қандай да қылықтарды жасауға ойыстыратындығы туралы айтылады.

Тірек сөздер: таным, қызығу, сеп-түрткі, ішкі сеп-түрткі, сыртқы сеп-түрткі.

Елдік пен еркіндікті аңсаған қазақ елі бүгінде қоғам іргесін бекемдеп, саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан өркениетті елдер қатарынан орын алуда.

Өтпелі кезең өзгерістеріне орай, халыққа білім беру жүйесі де реформалануда. Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылып, жас ұрпаққа жаңа оқу бағдарламалары мен оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары жасалып, соның ішінде оқушының оқу-түрткісін қалыптастыру күрделі мәселелердің бірі деп есептелуде. Оқушылардың оқу-түрткісін қалыптастырудың жолдарына негізделген әдіс-тәсілдер сабақта қолдануда.

Мұнда көзделген ең басты мәселелелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру.

Бұл міндеттер мемлекеттік құжаттарда Қазақстан Республикасының Конституциясында, Тіл туралы заңында, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңдарында т.б. атап көрсетілген.

Бастауыш мектептің жалпы білім беру жүйесінің бастамасы ретінде бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірінен саналады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 23 бабында: «...Балаларды мектепке барар алдында даярлау міндетті және ол отбасында, мектепке дейінгі ұйымда немесе жалпы білім беру бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік ұйымдарында тегін жасалады», – деп көрсетілген.

Оқу сеп-түрткілерінің арасында аса тұрақты да пәрменділерінің бірі – қызығу. Қызығу («интерес» латын сөзі – мәнге ие, маңызды) – оқушы тарыпынан танылған

іс-әрекеттердің аса маңызды, нақты себебі. Қызығу – бұл оқушының нысан немесе құбылысты меңгеруге ұмтылысында, белгілі әрекет түрін игеруде көрінетін танымдық қажеттену формасы.

Танымдық қызығу шәкірттің игеріп жатқан пәніне болған көңіл-күй қатынасынан байқалады. Л.С. Выготский пікірінше: «Қызығу бала әрекетінің табиғи қозғаушы күші, ол тумадан берілген құштарлық, бала әрекетінің оның тума қажеттерімен сәйкестігін аңдатады. Сондықтан оқу үдерісіндегі басты талап: барша тәрбие жүйесі дәл анықталған бала қызығуларының негізінде құрылуы тиіс».

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы жаңа ұрпақты өз ана тілінде оқытуға, білім беруге әдеби-мәдени мұраларымызды танып білуге мол мүмкіндік туғызды. Ата-бабадан бүгінгі күнге жеткен тарихи мұраларды таныту, халық қазынасы ауыз әдебиеті, сонымен қатар балалардың оқу-түрткілерін қалыптастыратын көркем әдеби шығармаларды кеңінен пайдалану арқылы жүзеге аспақ.

Сеп-түрткілер (мотивация, мотив – қозғау) – оқушыны белсенді танымдық іс-әрекетке ниеттеуші үдерістер, әдістер, шаралардың жалпы атауы. Сеп-түрткілер мұғалім мен оқушының бірлескен қызметтерінің арқасында басқарылады. Мұғалім тұрғысынан сеп-түрткі оқытудың қозғаушы күші сипатында, ал оқушы тұрғысынан ол оқып-үйренуге ынталандырушы жағдаяттарды аңдатады. Сеп-түрткілер үдеріс сипатында тұлға қалпы мен қатынастарына өзгеріс ендіретін нақты ниеттер, себептер түрінде іске асып, оқушыны оқуға, әрекетке келуге, қандай да қылықтарды жасауға ойыстырады. Сеп-түрткілер рөлінде өзара байланысты қажеттер мен мүдделер, ұмтылыстар мен эмоциялар, жан қалау талаптары мен мұраттар (идеалы) қабылданған.

Сеп-түрткілер тобы:

– кең әлеуметтік сеп-түрткілер – борыш, жауапкерлік, оқудың әлеуметтік маңызын түсіну, тұлғаның оқып-үйрену арқылы қоғамда өз орнын иелеп, бекуі, өз әлеуметтік беделін көтеруі;

– тар әлеуметтік (бір бағытты) сеп-түрткілер болашақта лауазымға жету төңіреkteгілердің көзіне түсу, еңбек табысына қол жеткізу, мадаққа ұмтылу;

– әлеуметтік қатынас, қызметтестікке араласу (аракатынастар түзуге ұмтылыс, сыныптағы өз рөлі мен бағыт-беделін бекіту мен көтеруді нысандау);

– кең танымдық сеп-түрткілер, яғни оқып-үйрену үдерісінің өзі мен оның нәтижесінен қанағат, ләззат алу;

– оқу-танымдық сеп-түрткілер білім іздеу, жинақтау жолдарын үйренуге ұмтылу, нақты пәнді біліп алуға ниет қою;

– өзіндік білім көтеру, сауат ашу сеп-түрткілері (қосымша білімдерді игеруге бағыт қою).

Сыртқы сеп-түрткілер – педагогтер, ата-аналар, сынып, тұтастай қоғам ықпалдары, олар келесі формаларда әрекетке келуі мүмкін: сыбыр, ым, талап, нұсқау.

Ішкі сеп-түрткілері – оқушыны өзінің іштей оқуға болған ынта-ықыласын оятып, өзіндік әрекетке еліктіруші күштер (борыш сезімі, мұғалім мадағын күту, жазадан қорқу, үлкендер талабына қарсы тұрмау әдеті, қызығу, Белсенділік – оқушының оқып-үйренуге болған қатынасы, оның құрылымдық элементтері:

- оқу тапсырмаларын орындауға әрдайым дайын болу;
- дербес іс-әрекетке құлшыныс;
- тапсырма орындауға саналылық;
- оқу жүйелілігі;
- білім деңгейін көтеруге қызығу.

Ынталандыру – оқушыны қандай да іс-әрекетке итермелеу, оны орындауға ықпал жасау.

Оқып-үйренуге ынталандыру жолдары: бала тілегі, жетістіктерді салыстыру, оқушы түсінімі, мәселемен қызығу, баланың ұнамды-қызықты қасиеттерін тани білу, табыстарын қолдау, тапсырма жұмыстардың қызықты болуы, талап әділдігі, мұғалім мақтауы, қолдау.

Қызығу – танымдық қажеттіліктен туындаған құштарлық көрінісі. Қызығу негізі:

- игерілген білім, ептіліктердің ойлау тәсілдерінің қалыптасу деңгейі мен сапасы;
- оқушының мұғалімге қатынасы.

Ынталы болу шарттары: 1) мазмұнның нақты адамды қызықтыратын материалмен молдығы; 2) барша оқушыларға деген адамгершілікті қатынас; 3) танымдық талаптардың қанағаттандырылуы; 4) қызықты әңгіме, сұхбат; 5) ойдың сезіммен молайуы; 6) әуесқойлықты дамыту; 7) өзіндік бағаға дайын тұру; 8) өз бетінше дамуды алғышарт деп түсіну; 9) бала ынта-сына қолдау беру; 10) оқу еңбегіне жауапкерлік.

Бала тәрбиесінде жаңа технологияны қолдану – баланы жан-жақты терең ашуға, оған бағыт-бағдар беріп жағымды әсер етуге, көтеруге, белсенділікті арттыруға көп септігін тигізді. Сеп-түрткілердің қалыптасуына сыныптағы оқу жұмыстарының қажетті деңгейде жүргізілуі үлкен әсерін тигізеді.

Сондықтан да бұл құбылыс – өте күрделі құрама. Сеп-түрткілер түрі өте көп, олар бір-бірімен байланысты. Педагогикалық үдерісте көрініс беретін сеп-түрткілердің саналуандығы да осы үдерістің жан-жақты да көп мәнді болуынан. Оқу жүйесінде әрекетке келетін сеп-түрткілерді әрқилы сипаттарымен топтас-

тыруға болады. Түрлері бойынша әлеуметтік және танымдық сеп-түрткілер ажыратылады. Деңгейлік қырынан бұл сеп-түрткілер келесідей жіктеледі:

– ауқымды, кең әлеуметтік сеп-түрткілер (борыш, жауапкерлік, оқудың әлеуметтік мағынасын түсіну). Бұл ең алдымен тұлғаның қоғамдағы өз абыройын, әлеуметтік беделін нығайтуға деген ұмтылысы;

– тар әлеуметтік сеп-түрткілер (болашақта нақты лауазым иелеуге ұмтылыс, төңірегіндегі адамдарға беделін таныту, еңбегіне сай мадақ алу);

– ауқымды танымдық сеп-түрткілер (оқу үдерісінің өзінен және оның нәтижесінен қанағат табу);

– оқу-танымдық сеп-түрткілер (білім ізденісіне бағытталу, нақты оқу пәндерін игеру).

Оқу сеп-түрткілері сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Алғашқы түрі педагогтерден, ата-аналардан, сыныптан, жалпы қоғамнан бастау алып, сыбыр сөз, ым-ишара, талаптар, нұсқаулар, айдау не зорлау күйінде көрінеді. Олар, әдетте, адамға әсер етеді, бірақ олардың әсері көбіне тұлғаның ішкі қарсылықтарына тап болады. Сондықтан олар еш уақытта із-гіліксіпатымен көрінбейді. Қажеттісі – оқушының өз қалауымен іске араласуы және нәтижеге ұмтылуы. Сеп-түрткілердің ақиқат көзі – адамның өзінде. Осыдан сыртқы зорлау кейпін-дегі оқу сеп-түрткілеріне аса мән арта бермей, тұлғаның өз жан қалауынан болған оқу себептерін арқау еткен жөн.

Сонымен, сеп-түрткілер – бұл оқушыны оқуға, әрекет етуге, қандай да қылықтарды жасауға ықпал етуші ниеттер, себептер. Оқу барысында көптеген сеп-түрткілер бірдей тең араласады. Қандай да сеп-түрткілердің оқу барысында басымдылығын мұғалім оқушылардың оқуға болған қатынасынан байқайды. Сеп-түрткілер заңдылықтарын білу – көптеген мектептік мәселелерді шешудің көзі.

Оқуға қызықтыру жолдары сан алуан. Ең алдымен сол қызығулардың төркіні мадақ, жаза, қорқыныш, жағыну т.с.с. таным үдерісіне жат ықпалдардан туындамай, тікелей пәнді ұнату, онымен байланысу дәрежесінен көрінуі шартты. Осыдан қойылатын екінші талап – қызығуды ояту ғана емес, оны белгілі қажеттерге бағдарлау. Қызығуларды пайдалану негізінде жасалатын және бір қорытынды: барша мектеп жүйесінде жүргізілетін үдерістер бала өміріне тікелей қатысты болып, әрқандай оқу әрекеті балаларға бұрыннан таныс әрі олардың қызығу сезімдеріне қозғау салып, ынта көтеретін материалдардан басталуы қажет.

Әдебиеттер

1. Құрманалина Ш.Х. Педагогика / Ш.Х. Құрманалина. – Алматы, 2007.
2. Әбиев Ж. Педагогика / Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова. – Алматы, 2008.
3. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаяев. – Алматы, 2000.

Пути формирования учебной мотивации учащихся

Б.К. Кусманова

учитель начальных классов

школы-лицея №10 им. Абая для одаренных детей, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы изучения мотивации и ее формирование, процесс воспитания мотивационной сферы целостной личности ученика. Выявление ее реального уровня и возможных перспектив, зоны ближайшего развития каждого ученика.

Ключевые слова: познание, интерес, мотивация, внутренняя мотивация, внешняя мотивация.

The ways of formation of educational motivation of students

B. Kusmanova

Primary school teacher

School-Lyceum for gifted children № 10 n. af. Abai K., Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In this article, the problems of studying the motivation and its formation, the process of education of the motivational sphere at the student's holistic personality are considered. Identification of its real level and possible prospects, zones of the nearest development of each pupil.

Keywords: knowledge, interest, motivation, internal motivation, external motivation.

УДК 37.026

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДИДАКТИКАЛЫҚ
ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ*****Ж.Е. Салимбаева***

*Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп балабақша оқу тәрбие кешені,
бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар қаласы. Қазақстан*

Аңдатпа

Аталмыш мақалада оқушылардың бастауыш сыныптарда дидактикалық ойындарды пайдалану жолдарын түсіну, қолдану тәсілдері баяндалған.

Бастауыш сынып оқушыларына оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық тәлім-тәрбие беруде қолданудың тиімділігі атап көрсетілген.

Тірек сөздер: ойлау, білімділік, тәрбиелік, оқу, мұқияттылық, еңбек, еліктеу.

Бастауыш сынып мұғалімдері педагогикалық ғылым жетістіктерін, оқыту әдістемесі негіздерін жан-жақты меңгерумен қатар, балалардың жасына сәйкес физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін де жете білуі шарт. Тәжірибеде байқалғандай, қайсыбір мұғалімдер оқушыға өздігінен жұмыс істеудің бірсарынды ырғағын ұсынып, негізгі ұғымдарды қалыптастыруда оның өзіндік психологиялық ерекшеліктерін ескермейді. Дидактикалық ойындарға қойылатын талаптарға, оны ұйымдастыру әдістемесіне жете мән бермейді. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, өткен материалды берік меңгерту.

Сондықтан да ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы тиіс. Сонда ғана ол оқушының ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жеткізеді.

«Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарының» басты талаптарының бірі – оқытудың сапасын арттыру. Бұл сабақ формалары мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру, оны әдістемелік, танымдық, білімдік, тәрбиелік жаңа сапалы деңгейге көтеру деген сөз.

Мұның бір ұтымды жолы – оқу процесінде дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану. Ол сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын арттырып, оқушының танымдық белсенділігін, ынтасын күшейтеді. Мектеп реформасы талаптарына сай балаларды алты жастан бастап оқытуда дидактикалық ойындардың маңыздылығы бұрынғыдан да арта түсті. Бұл жастағы балалар үшін ойын – оқу, еңбек, әрі тәрбие құралы. Сөйтіп, ойын сабақта жаңа мазмұндық сипатқа ие болуда.

Ойын балалар сабақта зерігіп, шаршаған кездерде сергіту мақсатында ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді берік меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен жұмыс істеуге үйренеді, ойлау қабілеті дамиды, өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады.

Дидактикалық ойын ережесі балалардың түсінуіне орай, қарапайым әрі қысқа болуы шарт. Мұны да мұғалімдер, көбінесе, ойынды жүргізу барысында ескермейді. Ойын мазмұны, оның ережесі балаларға шұбалаңқы, қиын түсіндіріледі. Сондықтан оқушы ойынның негізгі мақсатына түсінбей қалады, оған қызықпайды, ынтасын қойып тыңдамайды. Сөйтіп, ойын өз мәнін жояды.

Ал кейбір мұғалімдер сабақта ойын түрлерін ретсіз әрі төмелеп жиі қолданады да, оқушыларын ығып етіп алады. Оның үстіне ойынға қажетті дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге де жете көңіл бөлмейді. Мұның да ойын процесінде көп мәні бар. Алдымен сабаққа лайықты түрі мен оны қолданудың мөлшерін анықтау керектігі ұмытылып қалады.

Дидактикалық ойынның ырғағын сақтау мұғалімнің шеберлігін танытады. Көріп байқағанымыздай, ойын тым тез қарқынмен жүргізілсе, оған көпшілік балалардың ойы ілесе алмай, басқалардың сөз бен ісін түсінбей қайталайтынын, ал ойын жай, сылбыр жүргізілгенде оған деген ынта, ықыластың күрт кеміп кететінін көрсетті.

Оқу-тәрбие процесінде дидактикалық ойындарды қолдануда әріптестерінің тәжірибелерін шығармашылықпен тиімді пайдаланып жүрген ұстаздар да бар. Сол арқылы олар күнделікті жұмыс үстінде айтарлықтай нәтижелерге жетіп, педагогикалық жұмысын ғылыми-әдістемелік жоғары деңгейге көтеріп отыр. Әр мұғалім белгілі бір тақырыпты әртүрлі әдіс, тәсілдермен өткізеді. Мұғалімнің өзіндік әдістемелік икемі, ғылыми негізінен алған білімі, шеберлігі, әдістерді дұрыс тандап алып, ұтымды қолданғанынан танылады.

Ұстаздардың сабақ беріп, шәкірттерімен жұмыс жүргізуінің бәріне ортақ та, өзгеше де жақтары бар. Сабақты қызықты, тартымды өткізуді, материалды тиянақты меңгертуді қатты құнттау қажет. Сабақ кезеңдерін бір-бірімен логикалық байланысқа құрып, өзара бірін-бірі дамытып, толықтырып отыратындай етіп ұйымдастыру. Ұстаздардың сабақтарында дидактикалық ойындар түрлі әдіс, тәсілдермен қызықты әрі мазмұнды өткізілуі қажет.

Балалардың таным қабілетін жетілдіріп, логикалық ой-өрімін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойынды пайдаланудың маңызы зор. Сондықтан да сабақта дидактикалық ойынды кең пайдалану керек. Ұстаз сабақта сауат ашу, тіл дамыту кезеңдерінде балалардың тілін ұстартып, байланыстырып сөйлеуге үйрету мен сөздік қорларын молайту мақсатында көп жұмыс түрлерін жүргізеді, сабақта дидактикалық ойындарды орайлы пайдаланады. Сауат ашу

кезеңінде оқу-көрнекі құралдарын, тірек-сигналдарын, тірек-схемаларын, түрлі сюжетті суреттер мен ертегі мазмұнына сай иллюстрацияларды, үлестірмелі дидактикалық материалдарды үнемі қолданады. Сабақта дидактикалық ойынның жүргізілу тәсіліне, оның сабақ мазмұнына сәйкестілігіне айрықша көңіл бөледі.

Көптеген пәндерді бір мұғалімнің беруі, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттері мен белсенділіктерін қалыптастырудағы ерекшеліктері. Бастауыш мектепке тән білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттері. Соңғы жылдары дидактика төңірегінде оқушылардың танымдылық, белсенділік әрекетін және оқыту үрдісінде тест әдістерін пайдалану жөнінде бірнеше мәні-мағынасы зор пікірлер айтылды.

Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді. Сондықтан ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн.

«Ой – ойыннан басталады» десек, баланың ойын жетілдіріп сабаққа қызығуын, белсендірігін арттыру үшін бастауыш сынып мұғалімінің қолданатын басты әдісі ойын болуы керек.

М. Жұмабаев педагогикалық еңбектерінде ойынның бала өміріндегі маңызына үлкен мән берген. Қандай ойын болсын, әйтеуір бір нәрсеге үйретеді, ең бастысы, баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдасымен ынтымақта болуға баулиды [1].

Ойын – бала үшін оқу да, еңбек те. Ойын – айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

В. Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» – деген ой айтады.

Ойын екі түрлі уақыттық бағытты қамтиды: қазіргі және болашақ. Бір жағынан бала бірден, осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені ойын барысында тұлғаның келешек өміріне ықпал ететін сапалы қасиеттер мен іскерлік дағдылары қалыптасады.

Белгілі бір генетикалық жағынан қанға сіңген қызметтер, күш, мүмкіндіктер балаға іштен туа бітеді. Солардың кейбіреулері бала туысыменен-ақ бірден немесе алғашқы күндері қозғала бастайды, ал өзге қылықтар баланың тіршілік қызметіне әр түрлі кезеңде жасалады.

Баланың жекелеген қызметінің оның күнделікті қызметіне енуінің осы бір дәйектілігі, біріншіден, жаратылыстың алдын ала анықталуына, екіншіден, қызмет

кешенінің кез келген топтарының дер кезінде көрінуінің ынталандыруға байланысты. Мәселен, қозғалысқа келетін күштің генетикалық айқындалған уақыты жетпейінше бала туа сала жүріп кете алмайды, алайда оның жетіліп екі аяғын тік басып, тәй-тәй жүруі үшін баланы қимылға тартатын, оның құламай, тік тұруына, аяқтарын тең басып жүруіне көмектесетін және үйрететін адамның қамқорлығы, қолайлы орта қажет.

Ішкі күштер әрекеттік қозғалыс импульстерін, даму тенденциясын жасырып тұрады. Бір кезде басқадай әрекет, әрекеттер тобы белсенділік көрсете бастайды, нақ сол сәтте бала бәрінен бұрын ойынға құмартып, ынтыға түседі. «Ойнағысы келетіндігі» шын мәнінде әрекетшіл күштердің баланы еркін іс-қимылға итермелегенін білдіреді және оның қандай ойынды тандап алатындығы нақ сол мезетте оны ойын қандай функцияналдық күштің итермелеп отырғанын анықтауға болады. «Енді ойнағым келмейді» дегені, шын мәнінде әрекеттердің бұл тобы нақ сол сәтте өзінің «қуатын» тауып, уақытша демалыс талап ететін, бірақ осы кезде әрекеттердің басқадай тобы қозғалысқа келуі мүмкін екенін және сол кезде бала бәрінен бұрын өзінің дамуына ықпалды ойынға кірісетінін білдіреді.

Демек, қызмет бағытының мәні баланың ішкі, туа біткен күшіндегі қозғалыс пен даму олардың табиғи шарттары болатындығында ғана. «Ойнағым келеді» және «Ойнағым келмейді» дегендер ішкі (интерфункционалдық) күштер жағдайын күйіне сезінуден басқа ештеңе емес. Яғни, ойын артық әл-ауқатты сыртқы шығындаудың тәсілі емес, дамудың негізгі бас формасы, қызмет бағытының емін-еркін бұрқаған көрінісінің формасы болып табылады және әрекеттер ретінде олардың өз бағыты бойынша бір-бірінен айырмашылықтары бар, міне, осылар баланы мазмұнды жағынан әр түрлі ойындар ойнауына мәжбүр етеді. Жетілгісі келіп тұрған күштердің қарбалас қимылына сәйкес келмейтін әрі оған ықпал етпейтін ойын мен ойыншық баланы тез жалықтырады. Сонымен бірге ойындар мен ойыншықтар арқылы баланың адамға тән іс-әрекеттің көптеген элементтері мен түрлерін ойдағыдай меңгере алатындығы айқын болды. Егер серпінді қимыл мен интерфункционалдық күштердің дамуы мен қалыптасуына қарай ойынға деген құштарлық бәсеңсіп, қызметтің басқадай түрлеріне (көңіл көтеру, оқу, еңбек ету) орын беріледі. Көптеген функциялар 7–9 жасқа жеткенінше мейлінше жеделдете дамиды да, ойынға деген құштарлық осы кезеңде күшейе түседі, ал ойын дамуды басқаратын іс-әрекеттің түріне айналады. Осындай сәтте баланың өзіндік саналары, оның шындыққа, адамдарға қарым-қатынасы қалыптасады.

Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғаны дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар оқушылардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған

білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау, зерде үрділерін дамытады. Өмір тәжірибесін бір жүйеге келтіруге үйретіп, нерв жүйесін демалдырады. Міне, сондықтан да ойын оқу-әрекетінде жетекші рөл атқарады.

Мұның барлығы дидактикалық ойындарды бастауыш сынып оқушыларының оқу-әрекетінде белгілі бір жүйемен пайдалану қажеттілігін дәлелдейді.

Ойынды алғаш баланың дүниеге әсер етуді қажетсінуі қалыптасады және көрінеді, ойынның негізі, жалпы мәні де осында.

Ойынның мәнін анықтайтын бірінші ереже, ойын мотивтерінің әр түрлі бала үшін мәні зор күйініштерге негізделетіні болса, екінші ереже, ойын әрекеті адам іс-әрекетіне тән көптеген мотивтерді жүзеге асыруы болады. Бала белгілі бір рөлді ойнағанда, ол тек басқа бір тұлғаға айналып қана қоймайды, өзін де байытып, ой-өрісін кеңейтеді, тереңдетеді.

Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болумен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін ерекше құнды қайталанбайтын буын екендігімен анықталып негізделеді.

Бастауыш мектеп үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде өзінің белгілі қызметін атқарады, оның құрылымы мен мазмұны, оқыту әдістері, оқу-әдістемелік кешендері заман талабына сай жанартылуда.

Мектептегі оқу-тәрбие ісінің даму жағдайын анықтайтын басты бағдар оқытушы мен оқушының қарым-қатынасын жетілдіруге негізделген. Оқушының сабақ үстінде мұғаліммен бірдей субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдау, оқу-тәрбие ісіне енетін ең негізі өндіріс болып табылады.

Бүгін мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршін – ол ертеңгі қоғам иесі. Сондықтан да оқытудың алғашқы сатысынан бастап оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру, халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату үшін болашақ ұстаз ғасырлар бойы қалыптасқан педагогикалық шеберліктің, тәжірибенің негіздерін дұрыс қолдана білуі тиіс.

Халықтық педагогика негізінде ұлттық ойын мәселелерін ғылыми зерттеудің тарихнамасы, тәрбиенің халықтық тәжірибесі, тарихи дамудың барлық кезеңінде ұлы педагогтардың, ғалымдардың ғылыми қызығушылықтары болып келгенін көрсетеді.

«Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде» – деп, Ыбырай атамыз айтқандай, бүгінгі мектептерден де қоғамның күтер үміті мол. Ал мектептегі басты тұлға – ұстаз. Ұстаз оқушыны білімге қызықтырып, оның белсенділігін арттырып, ізденушілікке тәрбиелеуге міндетті.

Тәрбиелеу мен оқыту жолында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қарастырып, тиімді әдістерді жиі пайдаланып, өз білімін дамытып отыруы тиіс [2].

Оқушы ойын қызметіне талпынады, ойын олар үшін өмірдің мәні болып табылады. Ойын дегеніміз не және оған балалар неліктен ынтығады? Кейбір психологиялық теориялар ойының мәнін баланың артық әл-ауқатын шығындап, жоғалтқысы келген талабымен түсіндіреді. Алайда, мұндай көзқарас бала бойындағы осы бір артық әл-ауқат қайдан келеді деген сұраққа сәулесін түсіре алмайды. Ол оны бір ойында шығындай алмай, ойындардың жаңа түрлеріне қызыға, беріле кірісетіні несі? Оған осындай ойын түрлері не үшін керек? Сірә, психологиялық жаратылысын түсіндіруді осы сұраққа қайтарылған жауаптан бастау керек, өйтпейінше баланың бір ойынан екінші ойынға неліктен қасарыса ұдайы көше беретіні, бір ойыншықты тастай салып, екінші ойыншыққа неліктен ұмтылатыны, үлкендер ойынды тоқтатып немесе күштеп тыйым салған кезде неге қарсыласатынышынында да түсініксіз болып қалады. Бастауыш сынып оқушысының қызмет бағыты күшейген кезде оның құлшынып ойнағысы келіп тұрады. Баланың ойын қызметін тоқтатып, оны интерфункционалдық күштердің қимылына қайшы келетін басқадай нәрсемен шұғылдануға мәжбүр еткізу – бала талантын жеделдете дамып, жан-жақты ашылуына тосқауыл жасау деген сөз.

Баланың таным-түсінігі, іс-әрекеті ойыннан басталып, оның негізгі болашақ өмірінде оқу, еңбек іс-әрекетімен жалғастырылады. Жеке тұлғаның дамуындағы ойынның әсерін ерте заманның өзінде-ақ атақты ғұлама ойшылдар, философтар, педагог, психолог ғалымдар көріп, байқап, оны іске асыру жолдарын ұсынған.

Баланың ойлау қабілетін қиялын дамытуға көмектесіп, ондағы алынған объектілердің (заттар, бұйымдар, жануарлар, құстар) тақырып аясында бірін-бірі толықтырып отыруының маңызы зор.

Халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасы мен ата-кәсіп, тұтынатын ұлттық бұйымдарын таныстыратын дүниелерді қамтитын дидактикалық ойындар мен тапсырмаларды орындату арқылы баланың тек қана танымдық қызығушылықтарын дамытып қоймай, оның патриоттық сезімінің оянуына да әсер етеміз.

Бұл дидактикалық ойындар мен тапсырмаларды жинақтағанда І-сынып оқушыларының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жеңілден қиынға қарай сатылана сабақтасып келуіне қойылатын жүйені, талаптарды ескердік.

Суреттер арқылы мәтін құрастыруға, түсініксіз ұғымдарды түсіндіруге, олардың арасындағы байланыстарды байқау, қасиеттерді тұжырымдауға үйретуге балалардың өздерінің тәжірибесіне сүйене отырып, жүзеге асырған дұрыс деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Жұмбаев М. Шығармалары / М. Жұмбаев. – Алматы: Жазушы, 1989.
2. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалары / Б. Алтынсарин. – Алматы, 2005.
3. Құнанбаев А. Шығармалары / А. Құнанбаев. – Алматы: Рауан, 1995.
4. Жұмашева Ж.Н. Дидактикалық ойындарды қолдану жолдары / Ж.Н. Жұмашева // *Бастауыш мектеп*. – 2009. – №2.

Использование дидактических игр в начальных классах

Ж.Е. Салимбаева

учитель начальных классов, КГУ «Учебно-воспитательный комплекс
школа-детский сад имени академика К. Сатпаева», Баянаульского района

Аннотация

В данной статье описываются пути, средства и возможности использования дидактических игр в обучении учащихся начальных классов. Рассматривается роль национального воспитания учащихся начальных классов и его приемлемость в учебно-образовательном процессе.

Ключевые слова: мышление, знание, воспитательный процесс, внимательность, труд, подражание.

The use of didactic games in Primary School

Zh. Salimbayeva

Primary school teacher Municipal State Institution, «The educational complex
kindergarten school n. af. academician Satpayev K.», Bayanaul district

Summary

In this article, the ways, means and possibilities of the use of didactic games in training primary school students are described. The role of national education in the primary classes and its acceptability in the educational and teaching process is considered.

Keywords: thinking, knowledge, educational process, attentiveness, work, imitation.

УДК 371.212.3

ДАРЫНДЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Ж. Шайхина

*бастауыш сынып мұғалімі, Баянауыл ауданы
«Академик Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Павлодар қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Дарындылық қабілетті дамыту, педагог-психологтер, әдіскерлер, оқушыларға тұжырым жасап, дамыту үшін аса көңіл бөлінген. Баланың талабын ескере отырып, оны біліммен, іскерлік дағдымен, шығармашылық ерекшелігін дамыту ұстаздың ең жоғарғы міндеті.

Тірек сөздер: ақыл-ой қабілеті, эстетика, әңгімелесу, дарындылықты тану, таным бастамасы, таланттың тұқымқуалаушылығы.

Дарындылық жеке қабілеттілікті дамыту, интеллектуалдық, шығармашылық мәселесіне педагогтер, психологтер, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Көне замандағы Антик дәуірдің өзінде-ақ ойшылдар мен педагогтер оқушылардың өзіндік ой – тұжырымын жасау, оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістер дарындылық мәселелеріне көңіл бөлінген.

Бүгінгі таңда дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық әдістемелік әдебиеттерде маңызды ой-пікірлер жинақталған. Бұл мәселенің түп тамыры ғасырлар тереңінде жатыр.

М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, тәрбиені, ақыл ой, адамгершілік, эстетикалық деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Ол жеке тұлға тәрбиесі мәселесін интеллектуалдық қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады.

Адамның психологиялық ерекшеліктері жөніндегі идеялар, оның ішінде қабілеттілік туралы ойлар сонау ертедегі грек философтардың еңбектерінде, қайта өрлеу дәуірінің ғалымдарының және алдыңғы қатарлы әр елдің озық ойлы педагогтерінің еңбектерінде кездеседі.

Ұрпақтың ақыл-ой тәрбиесіне негізделген тәрбие теориясында айналасындағы дүниені шынайы ақиқат тұрғыда танып білуін қамтамасыз ету мен қоғамға, адамдарға дұрыс қарым-қатынасын қалыптастырылуын қарастырады. Бұл идея-

лар Платон, Аристотель, Гераклит, Гиппократ, Демокрит, Плутарх, Квинтиллан еңбектерінде одан әрі дами түсті.

Сократ оқыту барысында шәкірттердің іс-әрекетін арнайы басқарып отыруды қажеттілігімен қоса, оның дарындылықты тану мақсатында арнайы оқыту әдісін эвристикалық әңгімелесуді алғашқылардың бірі болып қолданды. Сократ шәкірттерге білімді жай ғана бере салмай, белсенділіктің көрсеткіші ретінде сұрақ қоюды ұсынады.

Эвристикалық сұрақтарды алдын ала дайындай отырып, сұрақ қою арқылы ойлау қабілетін, қызығушылығын арттырып, өз ой-тұжырымын жасай білуге үйретті.

Ұлы ойшыл Плутарх жеке тұлғаның дарындылығын танып білуге, қабілеттілікті ашуға үлкен мән бере: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлау алмай, тұлпарды есекке айналдырып, құртып тындырады» – деп атап көрсетеді.

Баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт бағдар беру қажеттілігі әлі күнге дейін маңыздылығын жоймай отыр.

Қайта өрлеу дәуірінде дарындылық табиғатын танып білу мәселесімен испандық дәрігер Хуан Уарте айналысты. Ол испан империясының қайта өрлеуінің болашағы мемлекеттік қызметке аса дарынды азаматтарды тарту деп есептеді. Оның зерттеулерінің негізгі мақсаты адамдардың жеке басындағы қабілеттілікті анықтай отырып, болашақта кәсіби маман таңдауда ескеру болып табылады.

Бұл зерттеулер саралау (дифференциалды) психологияның негізін қалады дегуге болады.

Х. Уартеннің пікірінше, талант адам табиғатына байланысты, дегенмен, оның дамуына тәрбие мен еңбек қажет. Ол таланттылық мәселесімен айналысатын мемлекеттік жүйе құру жөнінде пікір қозғаған және жас жеткіншектердің қабілеттіліктерін дамыту үшін арнай жұмыс жүргізу керектігі, сондай-ақ мұндай жұмысты ақылы мен білімі жоғары ұлы адамдар жүргізу керек деп есептеді.

Оқушылардың жеке қабілеттерін, дарындылығын, ақыл – ойын дамыту мәселесі туралы құнды пікірлер Ф. Бэкон, М. Монтень, Д. Локк, Д. Дьюи, Я.А. Каменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоций, И. Кант еңбектерінде айтылды.

XVI ғасырда өмір сүрген Мишель Монтень оқытудағы дарындылықты тану қабілеттерін дамытудың маңыздылығын ерекше атап көрсетті: «Тәрбиеші баланы бастан- ақ оның бойындағы қабілеттерді еркін көрсете білуін, түрлі заттардың дәмі мен олардың ерекшеліктерін ажыратуды өз бетінше әрекет етуін, кейде оған жол көрсетіп, керісінше, өзіне ізденіп отыруын қалаймын».

Монтень оқытушының басшылық рөлінің маңыздылығын да айтты. «Оқушы мұғалімнен алған білімін түгел сүзгіден өткізіп, өз бетінше талдау жасау қажет. Соның нәтижесінде оның білуге құштарлығы дами түсетіні сөзсіз», – деп жазған болатын.

Дарындылықты, ақыл-ой қабілетін дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А. Каменскийдің XII ғасырда жазған «Ұлы дидактика» атты еңбегінде: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және қолдана білу қажет», – деп ерекше атап өтті.

Я.А. Каменский дидактикалық принципті ұсына келіп, ақыл- ой әрекетін дамытуда мұғалімнің рөлі туралы жазған болатын. Ол: «Таным бастамасы- сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», – дейді. «Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өздігінен тұжырым жасауын дамытуды білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын», – деп жазды.

Джон Локк өзінің «Адамның ақыл ой тәжірибесі» философиялық еңбегінде төмендегідей пікір айтады: адамда туа біткен ой пікір болмайды олар тәжірибелер негізінде пайда болады; адамның сәби кезіндегі ақыл – ойы таза тақтай секілді; сезімде жоқ нәрсе, ақыл-ойда да болуы мүмкін емес». Ж. Ж. Руссо тәрбие мақсаты жөнінде пікір айтып, баланың шығармашылық тұлғасын көрсету керектігін негіздейді.

Ол оқудағы белсенділік, өзбеттілік, дербестік ұстанымын көрсетіп беріп, таланттың, дарындылықтың көзін ашуды міндеттейді. Ж. Ж. Руссо баланың өз бетінше білім тануы, шығармашылық әрекет идеясына үлкен мән берді.

Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілікті, белсенділік пен өзбеттілік принциптерінің маңыздылығына тоқталады.

Американдық психолог, педагог Джон Дью дарындылық пен қабілеттілікті жоғары қояды және оқу әрекетінің маңыздылығын айта келіп, негізгі дидактикалық мақсат білімді, материалды түсіндіру емес, ол өздерінің тәжірибесі негізінде оқыту, дара қабілеттердің дамуына жағдай жасау қажет деген пікір айтты.

XVIII–XIX ғасырда дарындылық пен интеллектуалдық қабілет туралы және қайнар көзін іздеуде И.Г. Песталоцци еңбектерінің маңызы зор болды. Оның «Көзбен қабылдау әліппесі» деген еңбегінде баланың сезім тәжірибесіне сүйенеді. Ол интеллектуалдық ақыл-ой тәрбиесінің алғашқы сатысы – танымдық белсенділікті дамытуға қажетті оқытудың эвристикалық бақылау әдістемесін жасайды.

Песталоцци сияқты Дистерверг те оқытудың негізгі ақыл-ой мен қабілетті дамыту деп көрсетті. Жеке пәндерді оқыту арқылы оқушыға болашақ мамандық иесі болуға қажетті біліммен қаруландыруға ерекше көңіл бөлуді талап етті. Дистерверг еңбектерінде баланы оқытудың өзбеттілік принципі өздігінен білім алуға талпындыратын өзіндік таным еркіндігі.

Сондықтан мұғалімнің негізгі мақсаты өзбеттілік іс-әрекетті дамыту арқылы оқушылардың алатын білім сапасын тереңдете түсу. Ол баланы оқытуда тәжірибе жинақтауынан, оның ақыл-ой әрекетінде болатын сандық және сапалық өзгерістердің жиынтығы ретінде ойлауды дамытуды көздеді. Әсіресе, ол оқыту барысында әңгіменің алатын орнын жоғары бағалады. Әңгіме баланың ақыл-ойын дамытады, білімін нығайтады, байыптауға өздігінен ойлауға үйретеді деп есептеді.

XIX ғасырда орыс революционер демократтары дүниені танып білуде, баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік тудыратын ақыл-ой тәрбиесіне, интеллектуалдық қабілетіне көңіл бөлді.

К.Д. Ушинскийдің «ақыл-ой дененің өзі жақсы ұйымдастырылған білім жүйесі» дегенін ескерсек, ақыл-ойдың қандай бағытта, қандай формада дамыту керектігі туралы қарастыра келіп, өз еңбектерінде оқушының оқу процесінде ақыл-ойды дамыту мен тәрбиелеудегі ең негізгі дидактикалық шарт, мұғалім мен оқушының оқу барысындағы еңбегінің дұрыс болуы мен жүйелі жинақталуында екендігін айтып өтті.

Қабілеттілік пен дарындылық мәселесі Орта Азия мен Қазақстан ойшылдарын да толғандырған мәселе.

Араб сөз бостандығының негізін қалаушылар (Әл Хорезми, Фердаусси, Әл-Фараби, Ибн Сина, Беруни және т.б.) философия, логика, химия, астрономия, география, медицина, психология ғылымдарымен бірге жас жеткіншектерді тәрбиелеу мәселелеріне көп еңбектерін арнаған.

Мысалы, Әл-Фараби «Бақытқа жету трактаты» еңбегінде эстетикалық мәселелерімен қатар, адам қабілеттілігіне білім беруде түрлі озық әдіс тәсілдерді қолдану жолдарына көңіл бөледі.

Ғылымдағы педагогика мен психология дифференциясы негізінде адам психикасы мен қабілеттілігі жөніндегі ғылыми зерттеулер жүргізіле бастады. Қабілеттілік жөніндегі алғашқы зерттеулер ағылшын психологы Френсис Гальтон (XIX) есімімен байланысты. Ол адамдардың жеке дара ерекшелігі мәселесін зерттеген. Ол өзінің «таланттың тұқымқуалаушылығы: оның заңдылығы мен шығу тегі» еңбегінде қабілеттіліктің шығу тегін әдіснамалық тұрғыда негіздеп, заңдылықтарды белгіледі: «өте жоғары қабілеттілігі болмаса, ешбір адам қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды»; т.с.с. адамдардың тек аз бөлігі ғана қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды. Френсис Гальтон

көптеген ұлы да қабілетті адамдардың өмірін бақылай келе «кез келген деңгейдегі қабілеттілікте тұқымқуалаушылық негізгі шарт» деген қорытындыға келеді.

Ф. Гальтоннан кейін неміс педагогі және психологі Э. Мейман (XIX–XX ғғ.) дарындылық мәселесін зерттеуде теориялық тұрғыда жалғастырып, соның негізінде «дарындылық типтерін» белгіледі.

Сонымен қатар туа біткен дарындылық пен кейіннен игерілген дарындылықты бірлікте қарауға тырысты. Э. Мейман дарындықтың педагогикалық аспектілерін: оқу мен тәрбиенің дарындылығының дамуына әсерін, дарындылық, қабілеттілік, жетістікке жетушілік ара салмағын қарастырады.

XX ғасырдың бірінші жартысында неміс психологі В. Штерн адамның жеке басы ерекшелігін зерттеп, жеке адамның дарындылығы психологияның негізін қалады. Ол интеллекті бағалау әдістерін қарастырып, оқушылардың ақыл- ойын анықтауға арналған «қабілеттілік коэффициентін» көрсетті.

В. Штерн ақыл-ой қабілеттілігінің келесі анықтамасын ұсынды: «Ақыл-ой қабілеттілігі өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттайтын, жаңа міндеттер мен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі». Штерннің пікірінше, дарынды деп жаңа талаптарға әр түрлі салада, әр түрлі жағжайларда тез бейімделе алатын адамды айтуға болады.

XIX ғасырда қазақ халық ағартушылары да халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін, дарындылықты дамыту мәселелерін көрсете бастады. Ағартушы Ы. Алтынсарин: «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құша алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім», – дейді.

Қазақ ағартушылары дарындылықты туа біткен қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екендігін айтады.

Ш. Уәлиханов шығармаларында жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген.

Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынадай: «Қырғыз қайсақтар табиғатының ақыл-ой жүйріктілігімен, таңқаларлық көңілшектілігімен ерекшелінеді».

Ш. Уәлиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады.

Абай Құнанбаев адамды қоршаған орта табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді.

Ұлы ойшыл адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті негізінде қалыптасады деп тұжырымдайды. «Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады».

Абай «жетінші қара сөзінде» баланың ақыл-ой қабілеттілік туралы мынадай пікір айтады: «жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, таппайды. Біреуі білсем екен деп, не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткен болса, оған қызығып, дәмін татып көріп, тамағын бетіне басып қарап, сырнай, керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да тұра жүгіріп, «Ол немене?», «Бұл не?» деп, «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» деп, көз көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені.

Баланың білсем, үйренсем деген талабын ұштайтын, жеке ерекшелік қасиет қабілеттерін ескере отырып, оларды біліммен, іскерлік дағдымен қаруландыратын, танымдық ой-өрісін және шығармашылық әулетін дамытатын мұғалім ұстаздың ерекше мақсатты қызметінің қажеттілігі жоғары.

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуына ат салысқан көрнекті қайраткерлер, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаевтардың педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін ескеру керектігі баса айтылған.

Міржақып Дулатов қазақ арасында көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым білімге, өнерге зерек дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңіледі. М. Дулатов: «Туысында қанша зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барлығын сезініп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың...».

Шәкәрім Құдайбердиев «Насихат» атты өлеңінде өмірдің тұтқасы өнер мен білімде, өнерлі озады, білімді ғаламды билейді, ғылым таусылмас кен, оны жас күнінде үйрен деп насихаттайды.

Жүсіпбек Аймауытовтың пікірінше: «Адам өмірдегі өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойында туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді, оған жақын жасы үлкендер жігерін ескеру қажет».

Сонымен қатар, Жүсіпбек Аймауытовтың ойынша: «Әрбір адамның белгілі бір мамандыққа деген бейімділігі бар, сондықтан адам өзінің табиғатына тән қызметпен айналысқаны тиімді болады».

Дарындылық теориясы негізі ресейлік психологтердің еңбектерінде көрініс тапқан. Л. Выготский, Б.Г. Ананьев, В.А. Крутецкий, Н. Лейтес, В. Теплов, психологиялық тұжырымдары дарындылыққа интегралдық жеке тәрбиесі ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттерінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

К.Л. Рубинштейннің, В. Тепловтың еңбектерінде қабілеттілік, дарындылық, талант ұғымы бір негізге топтастырылады. Олар іс-әрекеттің нәтижелі болу себептерін талдай келе, қабілеттілік баланың талабы күшті болып, іс-әрекетті атқаруға қалыптасуы, іс-әрекеттің нәтижелілігін анықтайтын және бір адамның екінші адамға ерекшелігін көрсететін даралық психологиялық ерекшелігі деп таниды.

Ал, арнайы дарындылыққа мынадай анықтама береді: *дарындылық іс-әрекеттің белгілі бір түрі бойынша қалыптасқан қабілеттілік*. Мұнда бірнеше қабілет өзара үйлесіп келеді. Ал, жалпы дарындылық бірнеше іс-әрекетке дейін қабілеттіліктің іс-әрекеттегі толық көрінісі екендігін айтады.

1972 жылы АҚШ-тағы Білім комитеті дарындылық жайлы мынадай анықтама береді: дарынды және талантты бала деп іс-әрекеттің мынадай өрістерінің бір немесе бірнеше түрінде ерекше, күшті қабілет көрсете алатын, жоғары жетістікке жете алатын бала аталады. Іс-әрекеттер аясы: интеллектуалдық; академиялық; шығармашылық немесе продуктивті ойлау; қарым-қатынас және озаттық; суретшілік; психологиялық.

Американдық педагог Дж. Рензулли дарындылыққа мынадай түсініктеме береді: «дарындылық үш сипаттаманың үйлесуінің нәтижесі: орта деңгейден артырылатын интеллектуалдық қабілеттілік, шығармашылық тәсіл және тапсырма орындауға жоғары себеппен және табандылықпен қызығуы. Бұл ерекшелік ересек жастағы дарынды балаларға тән.

Дегенмен, ересек адамдардың дарындылығы бала кезіндегі көрген тәрбиесіне, тәжірибесіне байланысты.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. – Алматы: Жазушы, 1999.
2. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалары / Б. Алтынсарин. – Алматы, 1995.
3. Құнанбаев А. Қара сөздер / А. Құнанбаев. – Алматы, 2005.
4. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы / Ж. Аймауытов. – Алматы: Жазушы, 1998.
5. Құдайбердиев Ш. Шығармалар жинағы / Ш. Құдайбердиев. – Алматы: Жазушы, 2000.

История исследования одаренности

Ж. Шайхина

учитель начальных классов, КГУ «Учебно-воспитательный комплекс
школа-детский сад имени академика К. Сатпаева», Баянаульского района

Аннотация

В статье обобщаются точки зрения педагогов, психологов, методистов на проблему одаренности и особое внимание уделяется развитию одаренности. Основная задача учителя – учить творчески жить, выявлять и развивать творческий потенциал учащихся.

Ключевые слова: умственные способности, эстетика, беседа, одаренность, самопознание, талант.

The history of giftedness research

Zh. Shaykhina

Primary school teacher Municipal state institution «Educational complex
kindergarten school named after academician Satpayev K», Bayanaul district

Summary

In the article, the points of view of teachers, psychologists, methodologists are generalized on the issue of giftedness and the special attention is paid to the development of giftedness. The main task of the teacher is to learn to live creatively, reveal and develop the creative potential of students.

Keywords: mental abilities, aesthetics, interview, giftedness, self-knowledge, talent.

УДК 159.922.73

САМООЦЕНКА КАК ОДИН ИЗ ГЛАВНЫХ ФАКТОРОВ ФОРМИРОВАНИЯ АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

З.Ж. Касымова*педагог-психолог, средняя общеобразовательная школа №6,
г. Павлодар, Казахстан***М.В. Манякова***педагог-психолог, средняя общеобразовательная школа №6,
г. Павлодар, Казахстан**Аннотация*

В данной статье рассмотрены корреляции между двумя свойствами личности учащегося начальных классов: самооценкой и агрессией. Особое внимание обращается на то, что неадекватная (заниженная или завышенная) самооценка негативным образом влияет на формирование агрессивности ребенка по отношению к окружающим или к себе. На основе анализа исследований, проведенных авторами статьи, показана положительная динамика развития личности при формировании верной (адекватной) самооценки и снижением уровня агрессии. Для родителей были разработаны рекомендации, которые предполагают своим воздействием, повышая уровень самооценки, – снизить уровень агрессивности.

Ключевые слова: результат, оценивание, родители, уровневые задания, обучать.

Учащение агрессивных проявлений сегодня является одной из острейших социальных и психологических проблем нашего общества. Агрессия является предметом активных научно-практических исследований. Стрессы повседневной жизни, распад традиционной структуры семьи, ошибки воспитания, культ насилия на экране, демонстрация моделей агрессивного поведения в средствах массовой информации, а также увлеченность современных детей видео- и компьютерными играми агрессивного содержания – эти и другие причины ведут к усилению тревожности и агрессивности у детей. Агрессивные проявления у детей являются одной из наиболее острых проблем не только для работников сферы образования, но и для общества в целом. Особенно важным изучение агрессивности является в младшем школьном возрасте, когда эта черта находится в стадии своего становления и когда еще можно корректировать проявления агрессивности. Однако у

ряда младших школьников агрессивное поведение становится устойчивой характеристикой личности. В итоге у ребенка возникают сложности с самореализацией, личностным развитием, общением с окружающими людьми. Незрелая детская психика не в состоянии совладать с фрустрирующими влияниями без грамотной помощи взрослого.

В современной психологии нет единого четкого определения понятия «агрессия». В быту термин «агрессия» имеет широкое распространение для обозначения насильственных захватнических действий [1].

В основном под агрессией понимают вредоносное поведение, объединяя в нем различные по форме и результатам акты поведения – от таких, как злые шутки, сплетни, враждебные фантазии, деструктивные формы поведения, до бандитизма и убийств.

Различными авторами – И.Б. Бойко, Э. Фромм, Х. Вильфинг, Р. Бэрон, Д. Ричардсон – предложен ряд определений агрессии, ни одно из которых не может быть признано исчерпывающим.

Во-первых, под агрессией понимается сильная активность, стремление к самоутверждению. Так, И.Б. Бойко, например, говорит об агрессии, как о тенденции приближения к объекту или удаления от него [1], а Э. Фромм описывает ее как внутреннюю силу (не объясняя ее происхождения), дающую человеку возможность противостоять внешним силам [2].

Во-вторых, под агрессией понимают акты враждебности, атаки, разрушения, то есть действия, которые вредят другому лицу или объекту. Например, Х. Вильфинг утверждает, что «человеческая агрессивность есть поведенческая реакция, характеризующаяся проявлением силы в попытке нанести вред или ущерб личности или обществу» [3].

Р. Бэрон и Д. Ричардсон считают, что агрессия, в какой бы форме она не проявлялась, представляет собой поведение, направленное на причинение вреда или ущерба другому живому существу, имеющего все основания избегать подобного обращения с собой [1].

Под агрессией, по Э. Фромму, следует понимать любые действия, которые причиняют или имеют намерение причинить ущерб другому человеку, группе людей или животному, а также причинение ущерба вообще всякому неживому объекту [4].

Исследуя агрессию, необходимо обратить внимание на самооценку как на один из главных факторов формирования агрессивного поведения в младшем школьном возрасте.

Куперсмит называет самооценкой отношение индивида к себе, которое складывается постепенно и приобретает привычный характер; оно проявляется как

одобрение или неодобрение, степень которого определяет убежденность индивида в своей самооценности, значимости [5].

По мнению Розенберга, самооценка отражает степень развития у индивида чувства самоуважения, ощущения собственной ценности и позитивного отношения ко всему тому, что входит в сферу его «Я» [6], поэтому низкая самооценка предполагает неприятие себя, самоотрицание, негативное отношение к своей личности.

Обобщая представления о самооценке, И.С. Кон пишет, что она «является общим знаменателем, итоговым измерением «Я», выражающим меру принятия или непринятия индивидом самого себя, положительное или отрицательное отношение к себе, производное от совокупности отдельных самооценок» [7].

Самооценка – сложное динамическое личностное образование, личностный параметр умственной деятельности. Она выполняет, прежде всего, регулятивную функцию. Самооценка отражает степень развития у индивида чувства самоуважения, ощущения собственной ценности и позитивного отношения ко всему тому, что входит в сферу его «Я». Отношение к себе, т. е. самооценка, формируется в течение первых 5–9 лет жизни. Именно в семье ребенок впервые обнаруживает, любят ли его, принимают ли его таким, какой он есть, сопутствуют ли ему успех или неудачи. В начальной школе (младший школьный возраст) процесс становления самооценки продолжается и завершается (под влиянием оценки учителя). В младшем школьном возрасте завершает свое формирование именно общая самооценка, наиболее устойчивая и постоянная. В течение жизни человека, под воздействием социальной среды, успеха или неудачи деятельности происходят колебания в самооценке – это частные самооценки.

Нами было проведено психолого-педагогическое исследование младших школьников. Исследование проводилось с помощью следующих методик: «Лесенка», тест Розенцвейга, детский вариант (модификация Н.В. Тарабриной), проективная методика «Несуществующее животное». Описываемый тест Розенцвейга предназначен для оценки степени развитости у человека черты личности «агрессивность», понимаемой как не вызванная объективными обстоятельствами и необходимостью тенденция враждебно реагировать на большинство высказываний, действий и поступков окружающих людей. В данном тесте испытуемые получают 24 разных рисунка.

По результатам исследования были сделаны выводы относительно форм проявления агрессивного поведения, а также его взаимосвязи с самооценкой испытуемых. Тест Розенцвейга показал, что больше всего агрессивная реакция у младших школьников направлена на живое или неживое окружение. Меньше всего агрес-




Рисунок 1. Тест Розенцвейга. Детский вариант (модификация Н.В. Тарабриной)

сивная реакция направлена на самого себя, с принятием вины или же ответственности за исправление возникшей ситуации (рис. 1).

Проективная методика «Несуществующее животное» обладает рядом преимуществ: во-первых, она ориентирована на неосознаваемые или не вполне осознанные психические феномены, на те аспекты личности, которые обычно скрыты для наблюдения. Во-вторых, непрямой способ обращения к личностным особенностям испытуемых не приводит в действие психологические защитные механизмы, способные исказить картины внутреннего мира. В-третьих, неопределенность исследовательской ситуации допускает большое разнообразие возможных поведенческих реакций, почти не испытывающих на себе стороннего давления. При этом индивидуальные особенности личности получают вполне адекватное выражение. По результатам проведения методики «Несуществующее животное» мы видим, что действительно 44% детей с неадекватным уровнем самооценки имеют высокий уровень агрессии – 68% испытуемых (рис. 2, 3).




Рисунок 2. Проективная методика «Несуществующее животное», изучение самооценки




Рисунок 3. Проективная методика «Несуществующее животное», изучение агрессивности

Слишком высокая и слишком низкая (неадекватная) самооценка могут стать источником агрессивности младшего школьника, которая может проявляться по-разному.

При завышенной самооценке у младшего школьника возникает идеализированное представление о своей личности, своей ценности для окружающих. Такой человек не желает признавать собственных ошибок, лени, недостатка знаний, неправильного поведения, часто становится жестким, агрессивным, неуживчивым, склонен себя переоценивать.

При заниженной самооценке ведет к неуверенности в себе, робости, застенчивости, невозможности реализовывать свои способности. Такие учащиеся обычно ставят перед собой более низкие цели, чем те, которых могли бы достигнуть, преувеличивают значение неудач, остро нуждаются в поддержке окружающих, слишком критичны к себе.

53% испытуемых в выборке обладают адекватной самооценкой, а 47% обладают неадекватной самооценкой (рис. 4).




Рисунок 4. Тест изучение самооценки «Лесенка»




Рисунок 5. Анализ влияния неадекватной самооценки на уровень агрессии

Исследования, проведенные по этому поводу, показали, что действительно младшие школьники, чья самооценка находится в конфликте с внешней оценкой социума (оценка ниже и не соответствует самооценке), значительно отличаются от своих сверстников более высокими показателями агрессии.

По результатам исследования наша гипотеза подтвердилась, дети с неадекватной самооценкой, как с завышенной, так и заниженной, имеют высокий уровень агрессивности. У 70% учащихся с неадекватной самооценкой высокий уровень агрессивности. У 15% – средний и 15% – низкий уровень агрессивности (рис. 5).

Учащиеся с адекватной самооценкой имеют низкий уровень агрессивности – 40%, средний уровень – 40%, высокий уровень – 20% (рис. 6).

Специальные исследования показали, что респонденты, у которых неадекватная самооценка, значительно отличаются от своих сверстников более высокими показателями агрессии. Самооценка выступает одним из главнейших признаков фор-




Рисунок 6. Анализ влияния адекватной самооценки на уровень агрессии

мирования агрессивного поведения. Корректируя самооценку ребенка, мы можем корректировать его агрессивное поведение.

Были сформулированы рекомендации родителям:

1. Спокойное отношение в случае незначительной агрессии.
2. Акцентирование внимания на поступках, а не на личности.
3. Контроль над собственными негативными эмоциями.
4. Снижение напряжения ситуации.
5. Обсуждение проступка.
6. Сохранение положительной репутации ребёнка.
7. Демонстрация модели неагрессивного поведения.

Главные условия – искренность взрослого, соответствие его невербальных реакций словам.

Список литературы

1. Бэрон Р. Агрессия / Р. Бэрон, Д. Ричардсон. – СПб.: Питер, 1998. – 336 с.
2. Фромм А. Азбука для родителей или как помочь ребенку в трудной ситуации / А. Фромм. – М.: Республика, 1996. – С. 15–19.
3. Вильфинг Х. Система социальных мер в Австрии по предупреждению насилия в семье / Х. Вильфинг // Психологический вестник. – 1996. – № 2. – С. 45–53.
4. Психология человеческой агрессивности: хрестоматия / сост. К.В. Сельченко. – Минск: Харвест, М.: АСТ, 2001. – 656 с.
5. Психология самосознания: хрестоматия – Самара, 2003. – 234 с.
6. Немов Р.С. Психология: учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений: в 3 кн. / Р.С. Немов. – 3-е изд. – М., 2000. – 608 с.
7. Кон И.С. Открытие «Я» / И.С. Кон. – М., 1978. – 64 с.

Өзін-өзі бағалау бастауыш мектеп балаларының агрессивті тәртібінің негізгі факторларының түрленуі

З.Ж. Касымова

педагог-психолог, Павлодар қаласының жалпы орта білім беру мектебі №6,
Павлодар қаласы, Қазақстан

М. В. Манякова

педагог-психолог, Павлодар қаласының жалпы орта білім беру мектебі №6,
Павлодар қаласы, Қазақстан

Андатпа

Берілген мақалада бастауыш сынып оқушысының екі тұлға ерекшелігі арасындағы өзін-өзі бағалауы мен агрессиясы қарастырылған. Өзіне деген қоршаған ортаның қатынасы бойынша баланың агрессивтілігінің қалыптасуына негативті бейнемен өзін-өзі (асыра немесе төмен) бағалау

адекватты болмағанға баса назар аударылады. Агрессия деңгейінің төмендеуі мен (адекватты) дұрыс қалыптасуда тұлғаның даму динамикасының қолайлы болғаны, мақала авторларының өткізген зерттеу талдауы негізінде көрсетілген. Ата-аналар үшін өзін-өзі бағалау деңгейін көтеретін, агрессия деңгейін төмендететін, өз әсерлерін болжайтын ұсыныстар жасалды.

Тірек сөздер: нәтиже, бағалау, ата-ана, деңгейлік тапсырмалар, оқыту.

***Self-concept as the only main factor
for formation aggressive behavior of primary school children***

Z.J. Kasymova

educational psychologist, secondary school № 6, Pavlodar, Kazakhstan

M.V. Manyakova

educational psychologist, secondary school № 6, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In this article, correlations are considered between two properties of personality primary class: by self-appraisal and aggression. The special attention applies on inadequate self-appraisal (underestimation or overestimation) – influences negative or forming aggressiveness or child in relation to people in himself. On the basis of, analysis of researches conducted by the authors of the article, the positive dynamics of personal development in forming self-acceptance and decrease of aggression level. Recommendations for parents are worked out. They are supposed to be the decrease of aggression level, overestimating self-appraisal.

Keywords: the result, evaluation, parents, level jobs, train.

УДК 37.017.92

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА
ІЗГІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қ. Авасай

*№23 ЖОББМ бастауыш сынып мұғалім,
Павлодар қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада халық педагогикасынегізінде оқушылардың бойына ізгілік қасиеттерді қалыптастыру жолдары көрсетілген.

Тірек сөздер: халық педагогикасы, ізгілік қасиеттер, адамгершілік, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер

Ізгілік – жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның негізгі көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, әділдік, қанағатшылық, өзін-өзі дамытып жетілдіру.

Адамгершілік тәрбиесінің басқа тәрбие салаларына қарағанда өзіндік тарихы мен ерекшеліктері бар.

Республикамызда бүгінгі күні рухани салада жүріп жатқан сананың жаңаруы, адами құндылықтарды қайта бағамдау нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталып, ұлы тұлғалардың тарихынан бізге жеткен құнды мұраларды жастардың тәрбиесінде пайдалануға мүмкіндік туып отыр. Осыған байланысты ұлттық педагогика тарихының маңызды кезеңдері болып есептелетін орта ғасырлық ойшылдардың педагогикалық ой-пікірлерінің өзіндік қалыптасуы, даму ерекшеліктерін аша отырып, олардың жас ұрпақты тәрбиелеудің құралы екендігін зерттеген ғалымдар да аз емес.

Қазақтың педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасу кезеңдерін зерттеген ғалымдар Қ. Жарықбаев, С.К. Қалиев, Р.М. Қоянбаевтың еңбектері ғылымда құнды дүниелердің бірі болып табылады.

Жырау – ақпа-төкпе, суырып салма өлең сөзді қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлай білетін адамгершілігі мол, парасатты, қысылғанда жол табар ақылшысы, ақыл парасатына салып сынай, салмақтай білетін, тапқыр, дана абзал адамдар.

Ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – ізгілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, дене тәрбиесіне келіп тіреледі. Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабалардың өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – ақын-жыраулардың ғибратты сөздері.

Бүгінгі жас ұрпақтың осы өсиет намалардан тәлім-тәрбие алатыны сөзсіз.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген М. Сұлтанқожаұлы, Ы. Алтынсарин, Базар жырау, А. Құнанбаев, С. Торайғыров сынды қазақ ағартушылары саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби еңбектерінде халқымыздың адамгершілік мәдениетіне көңіл бөлгені баршамызға мәлім. Енді солардың біразына тоқталып өтелік.

Өзінің педагогикалық теориясында жас жеткіншектерді адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлгендердің бірі – Ы. Алтынсарин.

Ағартушы-педагогтің адамгершілік тәрбие мәселелерін қозғайтын арнайы еңбектері болмағанмен, оның ізгілік көзқарастары педагогикалық қызметінен көрініс тапқан. «Қазақ хрестоматиясына» енгізілген ауыз әдебиетінен жинаған материалдарының мазмұны танымдық, ізгілік, өнегелік сипатта. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болып өсуге, зиянды іс-әрекеттерден, жалқаулық, еріншектік, сұғанақтық сияқты жаман әдет, жат мінезден аулақ болуға шақырады.

Абай Құнанбаевтың ғылым, тәрбие, педагогикалық көзқарастарын білдіретін өлеңдері мен қара сөздері бүгінгі ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда негізгі орын алады. Соның ішінде «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» деген өсиеттің тәрбиелік мәні ерекше. Ақынның ұлылығы сонда мінез-құлықтың ішінен бес асыл істі іріктеп ғибрат етіп айтуында.

Бірінші – талап. Адам баласының өмірде алдына қойған талабы болу керек. Ақын өзінің 44-сөзінде былай деп жазған: «Адам баласының ең жаманы талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады» дей келіп, оларды түсіндіреді. Адам баласы өзі өмірде сүйген, қалаған өнерді таңдап алып, содан нәтиже шығару керектігін атап өтеді [1].

Екінші – еңбек. Қазақта айтады ғой: «Ер еңбегімен озады, еріншек езілумен тозады», «Еңбекке үйренем десең, ерінбе, өнерге үйренем десең, жерінбе».

Еңбектің адам өміріндегі атқаратын ролі, адамгершілік тұлғасын жасайтынын ақын жақсы түсіндіреді. Еңбектің экономикалық-әлеуметтік, имандылық және тағы басқа сипаттары бар.

Үшінші – терең ой. Өткен ғасырлардағы адамдардың тұжырымдары бойынша адамның адам болуына, қалыптасуына еңбектену арқасында келген.

Төртінші – қанағат. Ақын бізге түсіндіргенде «Қанағат» деген сөзге үлкен де терең мән берген. Адамның барға риза болуын, ынсаты болуы өзіне аб-

зал және тиімді. Бұл тұжырымның елдің нарықтық экономикаға көшу жолында атқаратын ролі үлкен. Қанағаттық адамның ақыл-ойына, естілігіне байланысты. Олар туралы ақын өзінің 15, 17, 18, 19 қарасөздерінде жақсы айтқан. Абай 45-қарасөзінде: «Адамшылықтың алды – махаббат, гаделет, сезім», ал егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол. Ұлы ақынның қанағатсыздық еткендерді өз шығармаларында керемет әшкерлейді. Тойымсыздық, нысапсыздықтың неге әкеп соғатындығын түсіндіреді. Осы тұжырымдардың терең философиялық астары, мәні бар. Адам қанағатшыл болу керектігін түсіндіреді.

Бесінші – рақым. Абайдың 17-қара сөзінде: «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті» деген сөзінде Рақым туралы өте терең де ұтымды жазған.

Рақымдық жасау деген әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Ол тек өзіне ғана емес алыс пен жақынға, үлкен мен кішіге, еркек пен әйелге жасайтын қайырымдылық, рақымдық. Оның астарында жүрек пен сезім жатса керек, Абайдың пікірінше, адамға жәрдемдесу, қол үшін беру рақымдылықтың нышандары. Бұндай ғанибеттік әркімнің қолынан келе бермейді. Адамға жақсылық, мейірімділік жасау деген – рақымды болу деген сөз. Моральдық жағынан өзгеге жақсылық ойлау, жасау рақымды адамның қолынан келетін іс. Ал, керісінше, ұлы Абай:

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз, –*

деп отырып, осы бес дұшпаннан сақ болып, ғылымға бойла, ойла дейді. Сондықтан Абай мынаған шақырады:

*Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ.
Бір ғалымды көрсеңіз,
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.*

Абайдың пайымдауы бойынша, солардың бірі – өсек, өсекшілдік. Оның түп негізінде біреуді сыртынан жамандау, кінәлау, жала жабу, жалған сөз. Айта кету керек, мұндай жарамсыз құбылыс тек XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Абай өмір сүрген кезеңге ғана тән кеселдер емес. Тегі бар ғасырда адам өмірінен кетпейтін жаман әдеттер болып табылады.

М.Жұмабаевтың тәрбие туралы, баланың ақыл-ой әрекетін, қабілетін дамытуда ана тілдің алатын орны жайында айтқан пікірлері құнды. Оның пайымдауынша: «Тіл адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады [6].

Мағжан тіл мәселесі туралы жайындағы ойын былайша жалғастырады: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттық тілінде сол ұлттың жыры, тарихы, тұрмысы, мінезі, айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сыры сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы айнадай ашық көрініп тұрады». Тұлғаның жан-жақты дамуына адамгершілік тәрбиесінің қатысы ерекше. Білімі жоғары тұлғаның өзі, егер адамгершілік қасиеті аз болса, ол рухани құлдырауға ұшырайды.

М. Жұмабаев ізгілік тәрбиесін оқыту процесімен ұштастырады. Мектептерде қолданатын пәндердің ішінде М. Жұмабаев қазақ тілі мен ана тілін алдыңғы орынға қояды.

Тәрбие мен оқыту процесінің бір-бірінен алшақтануы адамның рухани құлдырауына әкеліп соғады.

Ізгілік тәрбиесінің бала бойында қалыптасуына үйдегі тыныш жағдайдың әсер ететінін М. Жұмабаев ерекше айтқан. Отбасы беретін өмір сабағының тәрбие процесіндегі қозғаушы күші айтарлықтай, себебі бұл сабақтарды балаға ең жақын адамдар – әкесі мен шешесі береді.

Бүгінгі таңда халық педагогикасының дәстүрлерін дамыту барысында М. Жұмабаевтың баланы адамгершілікке тәрбиелеуде отбасы дәстүрлерін, ұлттық қасиетімізді сақтауға байланысты көтерген идеялары арнайы зерттеуді қажет етеді. Қоғамда адамгершілігі жоғары, рухани мәдениеті дамыған азаматты тәрбиелеу педагогиканың және психологияның басты мәселелері. Сондықтан да қоғамды дамытуда үлкен роль атқаратын мектеп мұғалімі екенін ұмытпауымыз керек.

Ізгілік – қоғамдық өмірдің объективті заңдылықтарына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді білдіретін моральдық ұғым.

Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Ізгілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді

қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі» – деген анықтама берілген.

С.Қ. Әбілдина ізгілікке тәрбиелеу жас жеткіншектер үшін маңызды, нәтижелі болуы мұғалімнің төмендегі шарттарды қарастырған:

- оқушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын ескеру;
- іс-әрекеттің қоғамға пайдалы болуын ескеру, ұжымның бірлесіп әрекет етуіне мән беру;
- белгілі нәтижеге жету ұжымның эмоционалды көңіл-күйіне байланысты екенін ескеру;
- оқушылардың бір-біріне түсінісуіне қамқорлық жасау.

О.С. Богданова, И.А. Каиров оқушылардың ізгілік туралы білім деңгейін адамгершілік сана, сенім, мінез-құлық деңгейі ретінде қарастыруды ұсынады. Сонымен бірге адамгершілік тәрбие жүйесінің принциптерін анықтайды.

1. Ізгілік сезім тәрбиенің бастауы баланың алуан түрлі практикалық іс-әрекетінің барлығына енгізілуі керек. Сонымен қатар олардың эмоционалдық және интеллектуалдық жағын да қамтыған жөн. Құлықтық тұжырымдама бойынша тәрбие жұмысы жеке-дара шаралар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

2. Ізгілік сезім тәрбиенің түп қазығы балалардың бір-біріне қарым-қатынасын мақсатты түрде қалыптастыру болып табылады.

3. Ізгілік сезім тәрбие адамгершілік мінез-құлық, сезімдер мен түсініктерді тәрбиелеу болып саналады.

4. Тәрбие үрдісі баланың адамгершілік мінез-құлық нормаларына сәйкес балалар ұжымында өздігінен шешім қабылдау мүмкіндігіне ие бола алатындай дәрежеде құрылуы керек.

5. Жеке тұлғаның ізгілік дербестілігі кең түрдегі қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Тәрбие үрдісі оқушылардың өз мінез-құлқының адамгершілік жақтарын саналы түсінуін қамтамасыз етеді.

Ізгілік сезімді қалыптастыру тәрбие деңгейі оқушылардың нақты жас ерекшелігіне қойылатын адамгершілік талаптардың көлемі, мазмұны, тізбегі жөніндегі түсінік негізінде анықталады.

Біз оқушының ізгілік сезімін қалыптастыруға биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың әсер ететінін жоққа шығармаймыз. Керісінше, барлық осы ерекшеліктерді ескере отырып, жеке тұлғаның адамгершілік қасиетінің қалыптасуының айқындаушы негізі ретінде оқу-тәрбие саласының әсер етуіне көңіл бөлеміз. Тәрбие ісі – жеке тұлғаның дамуы барысында бағыт береді. Ол жеке тұлғаны қалыптастырудың басты күші болып есептелініп, білім беру үрдісінде жүзеге асырылады. Қажеттілік оның белсенділікті қозғаушы жеке тұлға іс-

әрекетінің себебі болатынын көрсетті. Оларды қанағаттандыру жағдайларға сәйкес өзгеріп отырады. Адамгершілік қасиеттің белсенді және баяу пайда болуы жеке тұлғаның қажеттілік, мүдделері мен мотивтеріне байланысты.

Осы айтылғанның бәрі оқушыларынды ізгілікке тәрбиелеуде өте маңызды құралы болып табылады.

Ізгілік сезімнің сипаты жалпы адамзаттың құндылықтарға қарсы келмей, олармен үндес болуы керек, себебі ол кез-келген халықтың тілі мен мәдениетіне салт- дәстүріне ұлттық ерекшеліктеріне құрметпен қарау деген сөз. Қазақ халықының тұрмыс-тіршілігі мен ізгілік-эстетикалық көзқарастары көркем шығармадан көрініс табады.

Ұжымдық шығармашылық саналатын халық ауыз әдебиеті халықтың еңбек және әлеуметтік тәжірибесінен жинақтаған білімі мен даналығының көрінісі болып табылады. Ондағы әрбір сөз мазмұнды, шынайы, таза болып келеді және жоғарғы адамгершілік нормаларды насихаттайды. Бұл халық ауыз әдебиеті туындыларының тәрбие үрдісінде нәтижелі құрал ретінде қолдану мүмкіндіктерін аңғартады. Сол себепті ана тілі пәні ізгілікке тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Қарасөз / А. Құнанбаев. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалары / Б. Алтынсарин. – Алматы, 2005.
3. Жұмабаев М. Шығармалары / М. Жұмабаев. – Алматы: Жазушы, 1989.
4. Аймауытов Ж. Шығармалары / Ж. Аймауытов. – Алматы: Жазушы, 1989.
5. Шәкәрім Өлеңдері мен поэмалары / Шәкәрім. – Алматы: Жалын, 2008.
6. Жумабаев М. Педагогика / М. Жумабаев. – Алматы, 1997.

Воспитание нравственности и гуманизма у учащихся посредством народной педагогики

К. Авасай
учитель начальных классов СОШ №23,
Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются пути формирования у учащихся нравственности и гуманизма посредством народной педагогики.

Ключевые слова: народная педагогика, гуманизм, нравственность, национальные обычаи и традиции.

*The education of morality and humanism in students
by means of traditional Pedagogics*

K. Avassai
Primary school teacher, Secondary school №23,
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In the article, the ways of formation of students' morality and humanity through traditional pedagogics are considered.

Keywords: national pedagogics, humanism, morality, national customs and traditions

УДК 37. 034

АНА ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ

Ж.М. Бухарбаева

*№11 ЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі
Екібастұз қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада ана тілі пәні арқылы адамгершілік тәрбие берудің мазмұны туралы анықтама берілген.

Тірек сөздер: ана тілі, адамгершілік тәрбие, ізгілік, адалдық, рухани құндылық.

Қоғам өмірінде бастауыш мектептің алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасының егемендік алуы мектеп алдында қойылып отырған ізгі міндеттерді бұрынғыдан да биіктете түсті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын жүзеге асыруға арналған тұғырнамада «Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін, ең алдымен, ізгілік, имандылық тәрбиесін көркейту», – деп көрсетті [1].

Қазіргі болып жатқан түбегейлі өзгерістер барысында, оқытуда дүниежүзілік мәдениет, ғылым, техника жетістіктерін, әлем халықтарының озат тәжірибесі мен дәстүрлерін пайдалану өмір сұранысына сай білімі бар, шығармашылықпен еңбек етіп, өзін-өзі дамытып, жетілдіре алатын тұлға тәрбиелеуді ғылыми-педаго-

гикалық тұрғыда негіздеуді талап етеді. Елімізде қабылданған мемлекеттік білім стандартына байланысты пән оқулықтары мен жаңа бағдарламалардың мектеп өмірінде іске асырылып жатқаны белгілі.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістермен бірге біршама өзгеріп отыр. Қазір педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа үлгісін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр [2].

Білім мазмұнына тек оқыту нәтижесі ретіндегі білім, білік, дағдылар ғана кірмейді, бұл ұғым болып жатқан оқиғаларды сын тұрғысынан ой елегінен өткізу, шығармашылықпен жұмыс істеу.

Әр елдің ұлттық білім беру жүйесінің ауқымы, құрылымы және экономикасы, ғылымы, мәдениетімен өзара әсері әртүрлі болғандықтан, білім беру жүйесінің шығу түрі де әртүрлі.

Адамзаттың дамуының жаңа жүйесі кезеңіне білім беру мен оқытудың жаңа модельдері мен талаптары сәйкес келуі қажет.

Елбасының «Біз ұлт тарихын, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрін, иман-парасатын сол келешек ұрпақтың тал бойына сіңіріп бағалайық», – деген даналы сөзі бар [1].

Тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болғаннан бері мемлекеттік тілдің қолдану аясы кеңіп, өнеркәсіп, техника-технология, ғылым мен мәдениеттің және қоғамдық саяси өмірдің барлық саласын қамтып көрсететін әдебиеті, мәдениеті, өнері және ғасырлар бойы өзіне тән жүйесі бар, белгілі бір нұсқалы стильдік межелері топтанған тіл ретінде танылып келеді. Оқытудың негізгі саласының бірі ана тілін оқыту жұмысы болғанымен, бұл мәселенің қазіргі жағдайына әлі күнге дейін мектептерде жеткілікті көңіл бөлінбей келе жатқаны белгілі.

Тұлғаның ізгілік қасиеттерін қалыптастыру барлық кезеңдерде де өзекті мәселе болып келген.

Біздің елдегі саяси-әлеуметтік, мәдени-этникалық және басқа да болып жатқан өзгерістер тәрбие үрдісінің мазмұны мен халыққа білім берудің жаңа сатыға көтерілуіне мүмкіндік туғызды. Білім берудің мақсаты рухани байлыққа бағытталған, халықтың өнегелі дәстүрімен жан-жақты таныстыру, ұлы тұлғалардың мұраларын көркем шығарманы оқыту арқылы тәрбиелеу болып табылады. Жас ұрпақтың рухани дамуы, білім мен тәрбиесіне байланысты. Қазіргі уақытта жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесінде, қазақ халқының салт-дәстүрінің, ұлы адамдардың тәрбиелік мағынасы зор әдеби мұраларының орны ерекше.

Қазақ мектептеріндегі білім беру жүйесінің дамытушы жаңа бағытты таңдауы, негізінен «Қазақстан – 2030» стратегиялық құжаттарында көрсетілді [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау», – деп көрсетілген. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы білім беру жүйесін сапалы дамыту туралы «Халықтың барлық жіктерінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету; мемлекеттік тілді басым дамыту; білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру» көзделген [1].

Ендігі жерде ұлттық қағидаларды оқу-тәрбие ісіне терең кіргізе отырып, тәрбиенің басты ұстамдары өз халқының мәдениетіне әдебиетіне құрметпен қарайтын адамды қалыптастыру.

Ғасырлар тоғысында бүкіл өркениетті адамзат өткеннің қорытындысын, бүгінгі мен ертеңгі болашағын ерекше бағалауда. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік т.б. қасиеттер болуы тиіс. Ол үшін жас ұрпаққа тәрбие беруде ар ұят, адалдық, адамгершілік, ізгілік мәселелерін қатар қою қажет.

Ғылымда ізгілендіру проблемасы өзекті мәселелер қатарында орын алып отыр. Өйткені ғылым мен техниканың қарқынды дамыған тұсында адамдар білімнің күшін тек жақсылыққа, игі істерге ғана жұмсамай, жамандық пен қатыгездікке де жұмсауда. Осы кезде біз ғана адамгершілік ұғымын кең ауқымда адамдардың бір-біріне ғана емес, мәдениетке, өмірге деген ізгі қарым-қатынасын қалыптастырамыз.

Адамгершілік тағылымы жүрекке жан шуағын орнатып, бұрыннан бойымызда бар жақсы қасиеттерді дамытады.

Осы оң өзгерістер педагогтардың алдында ұлттық ерекшеліктер мен жалпы адамгершілік құндылықтарын бойына сіңірген, рухани дүниесі бай, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу басты мәселе. Халқымыздың баға жетпес асыл мұрасы, мәңгі өшпес салт-дәстүрі, өлең-жыр, аңыз-ертегі, мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні ерекше орын алуда. Көркем шығарма – адамгершілік тәрбиеге үндесер, ескірмес қағидалары баға жетпес мол қазына.

Білімнің бастау қайнар көзі көркем шығармада. Оқушы ой-өрісінің, сана-сезімінің, білімге деген құштарлығының дамуы бастауыш мектептен басталады. Осы орайда орта буын мектептерде дәстүрлі тәсілшілдік қолданыстарды сараптап сабақтарда қолдану ерекше орын алуда. Оқушының шығармашылық қабілеттерін, дүниетанымын арттыруда мұғалімнің білімі мен біліктілік ізденісін талап етеді.

Бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда болсын өздігіне жол таба білуге бейім адам тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Жастайынан ұлы сөзден

ұлағат алып, халықтық тәлім-тәрбиеден үлгі алған жеткіншек өз елін құрметтейтін азамат болып өсетіні сөзсіз. Бүгінгі ұрпақтың санасын қалыптастыру мен ұштау өзінің өскен ортасының, елінің тарихын, сол тарих қойнауындағы әрбір құбылыстың, өзгерістердің қыры мен сырын терең білу міндетін жүктейді.

Халықтың тағылиматы кең өрісті, келісті көрініс табуы халық мақалдары мен мәтелдерінде, шешендік сөздерінде, халықтың даналықтарында. Орта буын оқушыларын ізеттілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеудің бір жолы мақал-мәтелдерде.

Жалпы оқулықтарда әр түрлі тақырыптағы мақал-мәтелдер қамтылған. Атап айтқанда Отан, туған жер, ел-халық, ер, ерлік, батырлық, еңбек-байлық, кәсіп-нәсіп, ұят, пейіл, адалдық, адамгершілік, ізгілік, ынтымақ, өнер-білім, тәлім, тағылым, тәрбие, табиғат құбылыстары туралы.

Бала тәрбиесіне де диалектикалық көзқарас керек. Жеті жасар шәкіртке лайықты ертегіні сол жастағы бала оқу керек. Ондаймен тоғыз жастағы не он жастағыны баланы қызықтыра алмаймыз.

Ата-бабамыз жас өспірімге ұсынар тағылымын бір буыннан екінші буынға толқындай ауыстырып мирас еткен аса бай ауыз әдебиетіне шоғырландырланған. Түз далада, сахарада не жүйрік – тіл жүйрік! Тұлпар мінген қазақ тіліне де сенген.

Халық педагогикасының бір кең арнасын оқушыларға біз ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдерден табамыз.

Бастауыш білім беретін мектептерде бүгінгі күн талабына сай оқытылатын пән оқулықтары жаңартылу үстінде. Дегенмен де, ана тілінен әдістемелік құралдарда оқушыларға ұлттық тәрбие беретін жолдары талапқа сай жасалғанымен, кейбір сыныптардағы оқулықтарда теориялық тақырыптарға байланысты берілген мәтіндердің ішінде ұлттық салт-дәстүрімізден оқушыларға тәлім берер, сол арқылы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болар материалдар аз.

Ана тілі пәні сабағында оқушылар тек білім нәрімен ғана сусындамай, сонымен қатар оларға тәрбиелік тұрғыдан да сабақ беріліп, болашаққа бағыт-бағдар сілтенеді. Әр сабақты түсіне білген адамның жан-дүниесі танысып отырған кейіпкермен бірге әрекеттер жасап, олармен бірге толғаныс-тебіреніс үстінде болады. Мазмұндаушы әр тыңдаушының жүрегіне, сезіміне әсер етуі керек. Мұғалім білім беруде оқу үрдісінің әртүрлі әдіс-тәсілдерін тиімді қолданып, жан-жақты білім беруге, өз ойын жеткізуге толық жағдай туғыза білсе, көздегеніне жетері анық.

Жалпы адамзаттың, әрбір жеке халықтың өмірлік тәжірибесі арқылы айқындалған қымбат құндылықтар, биік адамгершілік, ізгілік, кісілік Абай әспеттеген толық адамдық қасиеттердің сырын ашып, бағасын беретін, рухани

асыл мұра – ана тілі пәні. Ана тілі пәні – ақиқат өмірдің көрінісі. Онда нақтылы өмір шындығы барынша көрсетіліп, суреттеледі. Мұнда қайталанбас бейнесімен сомдалған кейіпкерлер әрекет етеді.

Туған тіліміздің байлығын көркем шығармамен дәлелдеген суреткер жазушылардың бірі – Ғ. Мүсірепов. Ол: «Ана тіл деген жанды сөз, тек қана сыртқы сөз емес, ішкі сөз. Көркем сөздің сұлулығы сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын», – дейді. Демек, жастардың бойына ізгілік сезімді дамытуда ана тілі пәнінің үлесі зор. Ана тіліндегі шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарына, іс-әрекеттеріне талдау жүргізу, оларға дара, салыстырмалы және топтау түрінде мінездеме жасау сияқты жұмыстар оқушылардың танымдық әрекеттерін қалыптастыруға, оларды адамгершілікке тәрбиелеу ісіне көмектеседі [5].

Оқу-тәрбиенің дұрыс іске асырылып жатқандығының басты шарттары: оқушымен мұғалімнің ашық әңгіме жүргізуі, еш нәрсені жасырмауы, оларға қарай үнемі ұмтылысы, жақын болуы. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы алуан түрлі іс-әрекет барысында жүзеге асады. Мұғалімдер осы жерде еңбектің балаға тигізетін әсеріне көңіл бөлуді естен шығарып алмауы қажет.

Педагог ғалымдар істің өзі емес, сол істегі мұғалім мен оқушы, оқушы мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастың мәнді екенін, мұғалімнің тәлім-тәрбиелік ықпалы осындай жақын, бірлескен қарым-қатынас барысында іске асатынын дәлелдеген. Мұнда тағы бір маңызды мәселе шешіледі, ол – баланың істеп жатқан еңбегіне қызығушылығын ояту, оның пайда-зиянын білу. Ізгілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормалардың ауытқуына жол бермеуді қалыптастыру.

Тәрбиенің әдістері мен бабаларымыздан келе жатқан тәрбие құндылықтары мен өлшемдерін салыстырмалы түрде қарастырғанда мектептегі іс-шаралар жүргізу рухани адамгершілік тәрбиемен тығыз байланысты екендігі байқалады. Қазіргі кезде уақыттың талабына сәйкес оқу мен тәрбиенің тиімділігіне қойылатын міндеттер мен талаптар өзгеруде. Бұрынғы кездері үлкендер тәрбие жұмысының негізін білім, іскерлік, дағды және құндылықтарды балалардың бойына жинақтау деп түсінді.

Әдебиеттер

1. *Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан.*

2. *ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халыққа Жолдауы. – Астана, 2006. – 78 б.*

3. Алтынсарин БІ. Таңдамалы шығармалары / БІ. Алтынсарин. – Алматы, 1995.
4. Құнанбаев А. Қарасөз / А. Құнанбаев. – Алматы: Рауан, 1995.
5. Мүсірепов Ғ. М. Шығармалары / Ғ. Мүсірепов. – Алматы: Жазушы, 1989.

***Содержание духовно-нравственного воспитания
через предмет «Родной язык»***

Ж.М. Бухарбаева
учитель начальных классов СОШ №11,
г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

Аннотация

В данной статье анализируется содержание духовно-нравственного воспитания через предмет «Родной язык».

Ключевые слова: родной язык, воспитание нравственности, честность, гуманизм, духовные ценности.

***The content of spiritual and moral education
through the subject of «The Native Language»***

Zh. Bukharbayeva
Primary School teacher Secondary school №11,
Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan.

Summary

In this article, the content of spiritual and moral education through the subject «The Native language» is analyzed.

Keywords: native language, moral education, honesty, humanism, spiritual values.

УДК 37.018

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ
ЖОЛДАРЫ****Б.О. Байдулина***Малайсары ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі
Май ауданы Малайсары ауылы, Павлодар облысы, Қазақстан**Андатпа*

Мақалада төменгі сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру туралы жазылған. Экологиялық білім беруді мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу жоспарларына, оқулықтарға сәйкес жасау, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мүмкіндіктері атап көрсетілген. Экологиялық мәселелерді шешу үшін жалпы білім беретін мектептердің алдына бірнеше міндеттерді қояды.

Тірек сөздер: экологиялық ахуал, табиғи қор, экологиялық білім, табиғат ресурстары, экологиялық ақпарат, отбасылық дәстүр.

Республика Президенті Н. Назарбаевтың халыққа арнаған «Қазақстан – 2030» даму Стратегиясында табиғат жағдайының қиын кезеңде тұрғанын нақты атап өткен: «...экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің жиырма пайызына себеп болып отыр. Қоршаған ортаны ластаушыларға берік тосқауыл қойылу қажет» [1].

Осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Экология және табиғи қор министрлігі бірлесе отырып, орта мектептерге арналған экологиялық білім беруді мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу жоспарларына, оқулықтарға сәйкес жасау, тиісті сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мүмкіндіктерін атап көрсетті [2].

Жинақталған мәселелерді шешу жалпы білім беретін мектептің алдына мынадай негізгі міндеттерді қояды:

- бүгінгі күннің экологиялық мәселелері туралы білім жүйесін орнықтыру;
- адам мен қоғам арасындағы диалектикалық бірлікті түсіндіруге негіздейтін жеке тұлғаны қалыптастыру;
- экологиялық проблемалардың себептерін талдай алатын ойлау жүйесін анықтау.

Зерттеушілер американдық ғалым Р. Риклефс «Табиғат заңдарын сорақылықпен бұзғанымыз үшін табиғаттың үкімін, бізге берер соққысын жеңілдетуге тырысуымыз керек. Алайда біз күш – жігерімізді табиғатпен адам арасындағы

қайшылықтардың зардаптарымен күресуге емес, сол қайшылықтардың себебін анықтауға жұмсағанымыз жөн», – деген пікірін айтады [3]. Табиғатты қорғау мәселесі – педагогикалық мәселелердің негізгі бөлігі. Қай халық та, оның ішінде қазақ халқы, ұрпағына даланы, бабалардан қалған ата қонысты ұлғаттап, қадірлеуді, сақтауды аманат еткен.

Кешегі алаштың ардақты тұлғалары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтардың педагогика, психология ғылымдарын негіздеген еңбектерінде жас ұрпақтың қоршаған әлемді, табиғат тамашаларын қызықтап қана қоймай, тіршілікке, табиғат – анаға, ол тарту еткен әсемдікке құмартуға, оны

Ал, Қазақстан республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңында осыған сәйкес педагогикалық міндеттер нақтыланған [5], Заң әр адамның өмірі мен денсаулығы үшін айналадағы ортаның барынша қолайлы болуын қамтамасыз етіп, табиғатты қорғаудың экономикалық, әлеуметтік және практикалық негіздерін белгілеп берді. Ол мынадай тармақтардан тұрады:

– республикада халыққа экологиялық білім беру орындары табиғат қорғау жөнінде халықтың барлық топтарын қамтитын тәрбие мен білім беру жүйесін жүзеге асыру;

– жалпыға бірдей кешенді түрде, үздіксіз экологиялық тәрбие мен білім беруді басқаратын маман кадрларды кәсіптік жағынан даярлау, олардың біліктілігін арттырудың барлық мүмкіндіктерін жасау;

– көрсетілген оқу орындарында экологиялық білім берудің қажеттілігі айқындалып, арнаулы оқу мекемелерінде экологиялық білім негіздерін міндетті түрде оқыту.

Зерттеуші-педагог И.Т. Суравегина: «Экологиялық білім мен тәрбие тұжырымдамасын жасап, экологиялық білімнің әлеуметтік қарым-қатынас жүйесін орнықтырады. Бұл жүйеге табиғатқа деген қарым-қатынас та кірістірілген: өндірістік қатынаста; табиғат ресурстарына; саяси қатынаста-мемлекет саясатына; табиғатты пайдалану аймағында; отбасылық дәстүрде табиғатпен қарым-қатынаста болу. Бұл жүйеде табиғатқа қатынас тұтас қамтылған», – деген.

Қазақ этнопедагогикасы туралы ұғым еліміз егемендігін алғаннан бері қайта өрлеп, ұлтымыздың төл психологиясы мен философиясын жаңа арнаға бұрды. Бұл – ұлттық мұраға, ұлт даналығы мен салт-дәстүріне деген үлкен бетбұрыс қана емес, ұрпағымызды ата-баба мұрасына жақындатып, одан рухани ләззат алу, оны дәйекті жалғастыру, деген сөз.

Мектеп тәжірибесінде жаратылыс туралы ұғымды қалыптастырып, табиғатты сүйюді үйрету тиісті пәннің аясында ғана қарастырылып немесе бұл мәселені жалаң түрде, тек жаратылыс туралы түсінікті берумен шектелу кездеседі. Кейде бұл кешенді проблема, жоғары сыныпта қосымша мағлұмат беру, нақты

бір іс-шара төңірегінде ғана аталу деңгейінде көрініс береді. Сөйтіп, табиғатты, туған өлкені қадірлеп-қастерлеу ұғымының халықтық бастау-көздеріне жете мән берілмей, оқушы тек ақпараттық-мағлұматтық басқышта түсінік алады.

Ежелгі дәуірден-ақ адамзат баласы өзін қоршаған ортаның, табиғаттың құпиясын танып-білуге, адам мен жаратылыстың өзара қарым-қатынасын ұғуға ұмтылды. Өздерінің тіршілік етуіне негіз болатын материалдық игіліктерді еңбек процесі арқылы ала отырып, табиғатқа әсер етуді, өзгертуді үйренді. Табиғаттың байлығын игерді, ол үшін түрлі техника жетістігін қолданды. Сөйтіп, жер шарының тіршілігі бар ортасы – биосфераны толық меңгерді.

Қоғам өміріндегі жандану, адам баласының ақыл-ойы мен білімнің нәтижесінде қолданыла бастаған құрал-жабдықтар, биосферадағы ішкі тұрақтылықты, тепе-теңдікті үнемі сақтаған жоқ. Соның салдарынан қоршаған ортаның табиғи байлығы, қалпы, өзгеріп, азая бастады. Енді бір кездері адам тіршілігіне нәр берген табиғатқа адам көмегі, қамқорлығы қажет бола бастады.

Ірі оқиғалар мен өзгерістерге толы болған ХХ ғасыр, көптеген проблемалармен қатар, экологиялық мәселені де алдыңғы кезекке қойды.

Экология – организмдер мен олардың тіршілік ету ортасы арасындағы, өзара қарым-қатынасты зерттейтін дербес ғылым ретінде ХХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап қалыптасты. «Экология» терминін алғаш рет неміс биологы Эрнест Геккель (1834–1919) өзінің «Организмдердің жалпы морфологиясы» еңбегінде ұсына отырып, оның негізі организм мен ортаның бірлестігі және организмдердің эволюция процесінде өзгеруі деген ұғымнан құралғандығын дәйектейді.

Экология ғылымының нақты нысаны – қоршаған ортаның қазіргі жағдайы, жер табиғатын түсіну, экологиялық және әлеуметтік экологиялық қажетсінулерді барынша қанағаттандыруды көздеу, зерделеу.

Жалпы Қазақстанның өсу жағдайы әлемдік деңгейге сай келу үшін, өндірістің ғылым мен техниканың дамуы қажет екені белгілі. Ал бұлардың өркендеуі табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды пайдалануды талап етеді. Бүгінгі таңда өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отырғаны жасырын емес.

Жалпы адам баласының табиғатқа жасаған өзгерісінің ауқымдылығы табиғат тепе-теңдігінің кері ауытқушылығын тудырады. Ұзақ уақыт бойы адам табиғат байлықтарын үздіксіз әрі қайтарымыз пайдаланып, оның азаюына, тіпті жоюылуына жол беріп алды.

Оқу тәрбие жұмысы барысында оқушылардың бойында экологиялық тәрбиелілікті қалыптастыруда қазақтың халықтық педагогикасының мұралары негізінде жүзеге асырудың берері мол. Қазақ халқы табиғатты қорғауға ерекше мән берген. Біздің халықтың алғашқы өмірі көшіп-қонудан басталғаны белгілі. Қазақ

халқының даналығының бастуы да осы көшпенді өмірден негіз алады. Табиғат аясында өмір бойы көшіп-қонып жүріп, біздің ата-бабаларымыз табиғат сырын игерген, оның сан-сапалы құбылыстарын бағалай білген.

Қазір экологиялық мәселелер бүкіл адам баласын ойландырып отырған кезде халқымыздың бұл салада қалдырған тағылымдық та, тәрбиелік те мәні зор асыл мұраларына көңіл бөлу ерекше қажет. Халқымыздың табиғатқа деген сүйспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа өнеге-үлгі боларлық асыл мұралар, даналық ұғымдар, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз-әңгіме арқылы жетіп отырған. Осындай әрбір асыл мұраның өзінде қаншама терең ой әрі тәлім-тәрбие өнегесі жатыр. Сондықтан да әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп әрі оны пайдаланып отырулары тиіс. Өйткені қазіргі таңда табиғат тағдыры ешкімді де тебіртпей қоюы мүмкін емес.

Біздің бастауыш мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие беру мақсатында жүргізген жұмысымыз көрсеткендей аталмыш тәрбиенің кіші жастағы оқушы санасында қалыптасуы мектепке дейінгі әке-ана, ата-әже тәрбиесінің табиғи жалғасы болып табылады. Бала отбасында, ұлағатты қариялардан, ауыл-аймақ, жасы үлкен аға-апалардан табиғатты аялау, қорғау, құрметтеу сияқты адамгершілік сезімдерді қабылдайды. Мектеп қабырғасында бұл үрдіс ғылыми негізге түсіріледі де, жүйелі, бағдарлы жұмысқа ұласады. Оқушының табиғатқа оң көзқарасымен қарап, оны «Ана» деп қабылдауы білікті маман мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне байланысты болмақ.

Қазіргі кезеңде оқушыларға этнопедагогика материалдары арқылы экологиялық тәрбиені сіңіруге бағытталған бағдарламаларды қайта қарау, оларды бір жүйеге келтіру жұмыстарына ғалымдардың қатысуын жүзеге асыру біршама күрделі проблемалардың алдын алуға мүмкіндік беруі тиіс. Өйткені, қазіргі кезде экологиялық тұрғыдан қалыптасқан жағдайды шешудің бір жолы ретінде экологиялық ақпараттық қоғам құру қажеттігі басым.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» даму Стратегиясы / Н.Ә. Назарбаев // *Егемен Қазақстан*. – 2010. – №124.
2. *Экологиялық білім бағдарламасы*. – Алматы: БІ. Алтынсарин атындағы Қазақстан Білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2008. – 127 б.
3. Дерябо С.Д. *Экологическая педагогика и психология* / С.Д. Дерябо, В.Я. Ясвин. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2000. – 480 с.
4. Сарыбеков Н. *Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері* / Н. Сарыбеков, М.Н. Сарыбеков. – Алматы, 1998.

Способы экологического воспитания учеников начальных классов

Б.О. Байдулина
учитель начальных классов Малайсаринской ОСШ
Казахстан, Павлодарская область, Майский район

Аннотация

В данной статье раскрываются методы экологического воспитания учеников начальных классов. Разъясняются способы преподавания экологического образования в соответствии с учебными планами, учебниками и организацией внеклассных работ. Для решения экологических проблем ставятся задачи для разрешения экологических проблем.

Ключевые слова: экологическая обстановка, природные недра, экологическое образование, природные ресурсы, экологическая информация, семейные традиции.

The ways of environmental education of primary school students

B. Baidulina
Primary school teacher Malaisarinsk Secondary school
Maisk region, Pavlodar region, Kazakhstan.

Summary

In this article, the methods of environmental education of primary school students are revealed. The ways of teaching environmental education in compliance by curricula, textbooks and the organization of extracurricular works are explained. To resolve the environmental problems goals are set.

Keywords: environmental situation, natural subsoil, environmental education, natural resources, environmental information, family traditions.

УДК 376.22 (574)

**ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МҮМКІНДІГІ
ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ*****Д.С. Жақупова***

*Анатомия, физиология және дефектология кафедрасының оқытушысы,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы*

К.Ж. Мырзағалиева

*КММ «Кемтар балаларды сауықтыру облыстық орталығы»
Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы*

А.К. Баймуратова

*Анатомия, физиология және дефектология кафедрасының студенті,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа

Бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудегі ойын технологияларын қолдану мәселелері қарастырылады. Ойын технологияларының түрлері, түзету-педагогикалық процессте қолдану мысалдары сипатталады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендірудегі ойын технологияларының мәні баяндалады.

Тірек сөздер: ойын, мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтену.

Қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру білім беру жүйесінің бөлінбес бөлігі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуде қолданылатын әдістердің бірі – ойын технологиясы. Ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Тәрбиеші ойын технологиясын қолдана отырып, балада өмір сүруіне қажетті негізгі дағдыларды қалыптастыра алады. Бұл әдістің мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуде тиімділігі тақырып өзектілігін айқындайды. Ойын технологиясы арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу әдісін зерттеу. Оқырман назарына мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу барысында қолданылатын ойындарды ұсыну.

Қазақстан Республикасы елбасының ресми сайтында 2014 жылдың 1 шілдесінде жиналған мәліметке сәйкес елімізді жуықтап алғанда 624 мың адам, соның ішінде 65 мыңнан аса мүмкіндігі шектеулі бала бар. Бүгінгі күні мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне басты назар аударылуда. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу, мінез – құлық кемшіліктерін түзету – педагогика жүйесіндегі балаларды оқыту мен дамытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Бүгінгі таңда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар санының көбеюі, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жыл сайын мүмкіндігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қарауға бет бұрды. Үкіметіміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көмектерінің ішінде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады [1, 1,2 б.].

Мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбиесі бір – біріне қарама – қарсы екі ұғымнан тұрады. Олардың біріншісі – баланы жан – жақты, материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді. Бірақ, оның ішкі дүниесіне, рухани қажеттіліктеріне назар аударыла бермейді. Мұндай жағдайда балалар күйзеліске ұшырайды. Олардың көңілі түсіп, сенімсіздік пайда болады. Баланың зиятына жағымсыз әсерін етіп, білім деңгейін төмендетеді.

Екіншісі, баланы шектен тыс қамқорлыққа алу. Ата-аналары, қоршаған адамдары бала тәрбиесіне көп көңіл бөліп, өздерін кінәлі сезініп, оны тым бос ұстап еркелетеді. Мұндай атмосферада өскен бала өз – өзіне сенімсіз, әлжуа болып өседі. Мұндай балалар әлеуметтік даму жағынан түрлі қиындықтарға тап болады.

Мүмкіндігі шектеулі баланың қоғаммен қарым-қатынасын және өзімен жасты балалармен қарым-қатынасын анықтау, олармен бірдей деңгейде араласуына жағдай жасау, білім деңгейіне сай оқыту және қоғамның болашақ өз-өзіне сенімді азамат етіп тәрбиелеу үшін педагог мамандар, ата-аналар, әлеуметтік сала қызметкерлерімен тығыз байланыста болуы керек. Тек осы жағдайда ғана, мүмкіндігі шектелген балалардың өздерін қоғамның толыққанды азаматы ретінде қабылдауына жағдай туады.

Тәрбиелеу барысында жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін – өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет [1, 1,2 б.]. Осындай нәтижеге ойын арқылы тәрбиелеу технологиясы арқылы қол жеткізуге болады.

Ойын – баланың негізгі әрекеттерінің бірі. Бұл белгілі бір жағдай туғызу арқылы балаға қоғамдық тәжірибені игеруді және қайта туғызуды меңгеруіне бағытталған әрекет түрі. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден, қоршаған ортадан көптеген мәліметтер алып білімдерін тереңдете түседі. Ойнай жүріп

балалар жеке – дара шешім қабылда дағдысын қалыптастырады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді.

Ойын мүмкіндігі шектеулі баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, басқа ұлт өкілдеріне достық сезімін тәрбиелеуге үйретеді. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын тәрбиешілер, мұғалімдер үшін де талап жоғары. Бұл ұстаздар мамандығының асқан шебері, тәжірибелі, шыдамды болулары қажет.

Оқыту және тәрбиелеу үрдісінде жүргізілетін ойындар мынандай түрлерге бөлінеді:

- Дидактикалық, тіл дамыту, сюжеттік, дамытушылық, қозғалыс ойындары.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино» және тағы басқа.

3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындардың негізгі бағыты- балаларға білім-білік, іскерлік, әдет – дағдыларды игерту мен оны бекітуге, ақыл-ой қабілеттерінің дамуына ықпал ету. Дидактикалық ойындардағы негізгі міндеті – балалардың ақыл-ойын дамыту, білімін байыту.

• Сюжетті-рольді ойындар. Сюжетті рольді ойындар ақыл-есі кем балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті рольді ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті рольді ойында бейнелеу құралы мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралып, баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Мектеп» ойынын ойнағанда мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты ұғады.

• Дамытушы ойындар танымдық сезімді оятады, яғни балада тану іздену әрекетін дамыта отырып, ойдың, талдау мен әрекеттің логикасын ойлау процесінің икемділігін, жаттығуын және тапқырлығын, қиял ұшқырлығын қалыптастырады. Бұл жағдайда сөзжұмбақтар мен ребустар көп септігін тигізеді.

Өз шығармашылығымен құрастырылған сөзжұмбақтар баланың аса қызығушылығын тудырады. Балалар сөздерді еркін буынға бөліп, ойлау қабілеті дамиды, есеп сабағынан білім деңгейі артады.

Ребустың бір түрі. Қағаз бетінде заттық суреттер (екі, үш, төртсурет т.б. болуы мүмкін) арқылы белгілі бірзаңдылыққа сүйене отырып, ретімен орналастырғанда жасырынып тұрған сөзді табуға болады [2, 9,10 б.].

Тәрбиелеу үрдісінде тәжірибе жүзінде төменде көрсетілген ойындардың топтарын қолдануға болады.

• *Бірінші топтағы ойындардың* жалпы мақсаты: психофизикалық жағынан тиімді жағдай, босансуға мүмкіндік туғызу. Мұндай ойындар қатарына «Көкеністер», «Хайуанаттар бағы», «Есіңе сақта» және т.б.

«Көкеністер». Оқытушы балаларға ұзақ уақыт жаңбырдың болмағанын және көкеністердің солып қалғанын хабарлайды. Көкеністердің бастары, жапырақтары төмен қарайды, яғни балалар бастарын салбыратып, қолдарын төмен қаратады және отырады. Жаңбыр жауады. Көкеністер қайта тіріледі, яғни балалар бастарын және қолдарын жоғары көтеріп, орындарынан тұрады. Жел соқты. Жапырақтар жайқалады, балалар қолдарын жан – жаққа қозғалтады.

«Хайуанаттар бағы». Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ хайуанаттар бағындағы жануарлардың, екінші топ хайуанаттар бағының келушілерінің ролін ойнайды. Екінші топ балалары бірінші топ балаларының көрсететін қимылдары арқылы жануарды табады.

«Есіңе сақта». Жүргізуші қимыл көрсетеді. Балалар қимылды мұқият бақылап, оны қайталайды. Бірте – бірте қайталанатын қимылдардың саны артады.

• *Екінші топтағы ойындардың* мақсаты: әлеуметтік бағытта дамуды қамтамасыз ету, балалардың жеке және кәсіби дағдыларын анықтау, балаларды бірігіп іс-әрекет жасауға бағыттау. Бұл топқа «Радио», «Біз әртүрліміз», «Пікір» және т.б. ойындар жатады.

«Радио». Оқытушы балаларға радиода диктор жұмыс жасап жатқанын айтады. Диктор топтағы балаларға іздеу жариялайды да, ізделінушіні сипаттайды. Қалған балалар жоғалып қалған баланы анықтайды. Алдымен дикторды ересек адам, тәрбиеші ойнайды: «Назар аударыңыздар. Үстіне қызыл жейде киген қыз жоғалды. Ол ән салады, Аягөз екеуі жақын құрбы. Бұл қызды кім біледі?». Кейін балалар кезектесіп диктор болады. Жоғалған баланы сипаттау барысында қайталауға болмайды.

«Біз әртүрліміз». Тәрбиеші балалармен бірге құрдастарына мұқият қарайды. Төмендегі сұрақтарды қою арқылы балалар бір – бірін сипаттайды.

Ең ұзын бойлы кім?

Кімнің бойы ең қысқа?

Кімнің шашы қандай?

Топтағы балалардың көздерінің түстері қандай?

Киімінде көк, қызыл, ақ түстер көп балалар кімдер?

Кімнің аяқ – киімі немесе киімі бірдей?

Кімнің шашында шаш қыстырғыш бар?

«*Пікір*». Балалар шеңбер бойынша қасында тұрған баланың мінезіндегі ең жағымды қасиетін атайды.

• *Үшінші топтағы ойындар* қоршаған ортамен байланыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын балаларды құрдастарын дұрыс қабылдауға үйретеді. Осы топқа «Мысық пен тышқандар», «Ине мен жіп», «Сиқыршы» және т.б. ойындар жатады. Бұл жаттығуларды орындау барысында балалар өз сезімдері мен көзқарастарын қимыл арқылы жеткізеді.

«*Мысық пен тышқандар*». Жүргізуші – мысық таңдалады. Қалған балалар тышқан жұптарына бөлінеді. Әр жұп мысықтың жанынан қол ұстасып өтеді. Мысық кенеттен оянуы мүмкін. Тышқандар бір – біріне көмектескен жұптар жеңіске жетеді.

«*Ине мен жіп*». Балалар бірінің артына бірі тізбектеліп тұрады. Қолдарын алдында тұрған баланың иығына немесе беліне қояды. Музыка ойнап жатқанда балалар тізбекті үзбей қозғалулары қажет. Бастаушы ауысып отырады.

«*Сиқыршы*». Балалар ұйқыдағы сұлу, ханзада, мыстан кемпір рольдерін ойнайды. Қалған балалар ұйқыдағы сұлу мен ханзадаға жақындап, жылы сөздер айту арқылы оларды оятуға тырысады. Бас кейіпкерлер тек өздеріне ұнаған сөздерді естігенде оянады.

Бұл ойын топтарын мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру барысында қолданылады.

Қорыта келгенде, ойын технологиясы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеудің, оқытудың және қоршаған ортаға бейімдеудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдісті қолдану барысында балалардың қызығушылығы және белсенділігі жоғарылайды. Ойын технологиясы арқылы балалардың білім және тәрбие деңгейін жоғарылатуға болады.

Әдебиеттер

1. Джексенбаева К.О. Әлеуметтік педагог қызметкерінің мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуде алатын орны / К.О. Джексенбаева // *Наука и технологии: шаг в будущее*. – 2012. – С. 1–2.

2. Мурзатаева А.К. Методика обучения игре детей с ограниченными возможностями / А.К. Мурзатаева, А.А. Шамхиева, Б.Б. Габдулхаева. – Павлодар: ПГПИ, 2013. – С. 9–10.

*Применение игровых технологий в социализации детей
с ограниченными возможностями*

Д.С. Жакупова
преподаватель кафедры анатомии, физиологии и дефектологии,
Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, Республика Казахстан

К.Ж. Мырзагалиева
КГУ «Областной центр реабилитации детей с ограниченными
возможностями», г. Павлодар, Республика Казахстан

А.К. Баймуратова
студент кафедры анатомии, физиологии и дефектологии,
Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, Республика Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы применения игровых технологий, формы и виды игровых технологий, примеры применения в коррекционно-педагогическом процессе. Описывается роль игровых технологий в социализации детей с ограниченными возможностями.

Ключевые слова: игра, дети с ограниченными возможностями, социализация.

*Adapting children with disabilities ty the social environment through
the using of game technologies*

D.S. Zhakupova
teacher of the department of anatomy, physiology and defectology,
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

K.Zh. Myrzagaliyeva
Municipal state enterprise «Regional centre for rehabilitation
of children with disabilities», Pavlodar, Kazakhstan

A.K. Baimuratova
student of the department of anatomy, physiology and defectology,
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In this article we considered the matters of using game technologies, forms and types of game technologies, examples of using in resource-pedagogical process. Also the role of game technologies in socialization of children with disabilities is described.

Key words: Therapy game, children with disabilities, socialization.

УДК 376.22 (574)

**СЮЖЕТНО-РОЛЕВЫЕ ИГРЫ КАК СРЕДСТВО СОЦИАЛИЗАЦИИ
ДЕТЕЙ С ДЕТСКИМ ЦЕРЕБРАЛЬНЫМ ПАРАЛИЧОМ****Д.С. Жакупова**

*преподаватель кафедры анатомии, физиологии и дефектологии,
Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, Казахстан*

К.Б. Нурахметова

*воспитатель КГУ «Областной центр реабилитации
детей с ограниченными возможностями»
г. Павлодар, Казахстан*

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы применения сюжетно-ролевых игр, примеры применения в коррекционно-педагогическом процессе. Описывается роль сюжетно-ролевых технологий в социализации детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата.

Ключевые слова: сюжетно-ролевые игры, дети с ограниченными возможностями, социализация.

У многих родителей, имеющих детей с диагнозом ДЦП, вызывает большое волнение, как их ребенок будет принят обществом. Тем самым социумом, без которого невозможна полноценная жизнь ни одного человека.

Детский церебральный паралич очень тяжелое заболевание, которое связано с поражением двигательных зон и проводящих путей в головном мозге, поэтому у таких малышей возникают большие проблемы с развитием речи, слуха, зрения, общей и мелкой моторики.

Без сомнения, любого ребенка необходимо социализировать. Для детей с ДЦП эта проблема стоит наиболее остро.

Социализация – это усвоение человеком морали, нравственных норм и ценностей, а также правил поведения в обществе, которое его окружает. Осуществляется социализация, главным образом, через общение.

По опыту своей работы с ребятами средней возрастной группы могу сказать, что не все дети владеют умением общаться, договариваться. Конфликтные ситуации возникают часто и переходят в агрессию друг против друга.

Решить проблему в таком случае помогают сюжетно-ролевые игры.

Игра для детей с церебральным параличом – тоже средство для развития интеллекта, эмоций, коммуникации, крупной и мелкой моторики, в процессе игры можно передать ему необходимые навыки, знания, понятия о жизненных правилах и человеческих ценностях, помочь понять других, адекватно оценивать свои возможности, поверить в свои силы.

Причем именно сюжетно-ролевая игра в большей степени способствует социализации ребенка, умению действовать согласно выбранной роли, развитию навыков сотрудничества, умению разрешать конфликты. Игра может способствовать как мотивации к деятельности, так и повышению самооценки, развитию уверенности в себе. В сюжетно-ролевой игре все стороны личности ребенка формируются в единстве и взаимодействии.

Сюжетно-ролевая игра – подлинная социальная практика ребенка, его реальная жизнь в обществе сверстников. Жизнь, которую они придумывают себе сами, в ней отражаются знания, впечатления детей об окружающем мире, воссоздаются социальные отношения.

Основными структурными элементами такой игры являются: игровой замысел, сюжет или ее содержание, игровые действия, роли, которые диктуются самой игрой. Эти элементы тесно взаимосвязаны.

Игровой замысел – это общее определение того, во что и как будут играть дети.

Сюжет игры – эта та сфера деятельности, которая воспроизводится детьми. Сюжет является главным компонентом сюжетно-ролевой игры, без которой нет самой игры. Он представляет собой отражение ребенком определенных действий, событий, взаимоотношений из жизни окружающих.

Сюжеты игр разнообразны. Условно их делят на бытовые (игры в семью, детский сад), производственные, отражающие профессиональный труд людей (игры в больницу, магазин и т.д.), общественные (игры в празднование Дня рождения города, в библиотеку, школу и т.д.).

Сюжет или содержание сюжетно-ролевой игры воплощается с помощью роли. Роль – средство реализации сюжета. Для ребенка роль – это его игровая позиция: он отождествляет себя с каким-либо персонажем сюжета и действует в соответствии с представлениями о данном персонаже. Всякая роль содержит свои правила поведения, взятые ребенком из окружающей жизни. Так, мама заботится о детях, готовит им еду, укладывает спать; учительница говорит громко и четко, строгая и требует внимания на ее уроках. Но ребенок не просто разыгрывает эту роль, он живет в образе и верит в его правдивость.

Сюжетно-ролевая игра по своему характеру – деятельность отражательная. Основным источником, питающий игру ребенка, – это окружающий его мир, жизнь и деятельность взрослых и сверстников.

Часто неумение согласовывать замыслы приводит к распаду игры, разрушению дружеских контактов. Данную особенность следует учитывать при руководстве игрой. Необходимо помогать детям из многих предложений выбирать самое интересное и в то же время использовать по мере возможности и другие, воспитывая тем самым умение уважать замыслы друг друга, быть внимательными, поступаться личными желаниями.

Если на одну роль претендуют несколько детей, взрослый должен прийти им на помощь так, чтобы по возможности были удовлетворены все заявки.

Изучив и проанализировав психолого-педагогическую литературу, можно сделать следующие выводы:

1. Сюжетно-ролевая игра имеет особое значение для становления разных форм произвольного поведения детей. Развиваются произвольное внимание и память, соподчинение мотивов и целенаправленность действий.

2. Сюжетно-ролевая игра проходит длительный и сложный путь развития, начиная с простейшей ролевой игры и в дальнейшем достигая наиболее высокого развития, трансформируясь в длительную коллективную игру с развернутым сюжетом.

3. Сюжетно-ролевая игра должна соответствовать современной деятельности, так как в связи развитием научно-технического прогресса появляется много новой техники, много нового в жизни людей – задача воспитателя создать условия для отражения этого в сюжетно-ролевых играх детей.

В средней возрастной группе 8 детей, имеющие различные диагнозы ДЦП, и они очень любят сюжетно-ролевые игры. Игровая деятельность у них носит подражательный характер, замысел игры отсутствует, набор операций ограничен, отмечается бедность речевого сопровождения игровых действий.

Важную роль в развитии сюжетно-ролевой игры занимает предварительная работа. Необходимо постоянно обогащать детей знаниями, впечатлениями об окружающей жизни. Это экскурсии (в библиотеку, прачечную, столовую), встречи с людьми разных профессий, беседы-рассказы с использованием иллюстративного материала о труде взрослых и их взаимоотношениях в процессе его, рассказы воспитателя, сопровождаемые демонстрацией специально подобранных фотографий, картин, репродукций о событиях, происходящих в стране, индивидуальные беседы с детьми.

Одним из видов предварительной работы в нашей группе является театрализованная игра. Дети с удовольствием драматизируют знакомые сказки. Драматизи-

руя литературные произведения, дети стремятся к правдивому изображению героев, эмоционально переживают все описанные события. Игровой образ, созданный по литературному произведению, находит выход в сюжетно-ролевых играх, способность отражать главное.

На первых этапах взрослый берет на себя одну из ролей в игре. При этом он может управлять игрой, направлять действия детей в нужное направление.

Вместе с тем руководство со стороны взрослого должно быть осторожным, чтобы не подавлять инициативу и творчество детей, а всячески способствовать их развитию.

Например, девочки в нашей группе очень любят играть в «Кафе». Взрослый в данной игре берет на себя одну из ролей, являясь обычным посетителем. Начиная с приветствия и заканчивая прощанием, показывает правила поведения в общественных местах. В диалоге с детьми учит их правильно и вежливо обращаться друг к другу, взаимодействовать друг с другом, знакомит их с новыми профессиями, делая заказ, расширяет активный запас слов, так как официанту (ребенку) необходимо перечислить блюда, имеющиеся в меню их кафе.

В дальнейшем воспитатель, являясь старшим другом детей, со стороны помогает им применять знания, полученные в жизни, на занятиях, с помощью советов, напоминаний, предложений, подбора игрового материала, побуждая к взаимопониманию, чуткости, справедливости, взаимопомощи.

Важной задачей является воспитание у детей умения самостоятельно распределять роли с учетом возможностей, интересов и желаний каждого. В первое время воспитатель помогает детям распределить роли. Так как он хорошо знает характеры, склонности и привычки своих воспитанников, этим педагог помогает детям лучше узнать друг друга, обращая их внимание на положительные стороны личности каждого ребенка.

Не стоит забывать и о психологическом комфорте игры: доброжелательный тон взрослого, внимательное отношение к детям, учет индивидуальных особенностей.

Вовлечение всех детей, умение заинтересовать – важная задача, стоящая перед педагогом. Приведем один пример применения сюжетно-ролевой игры в образовательном процессе.

«Путешествие по городу»

Задачи:

- закрепить умение осуществлять игровые действия по речевой инструкции, действовать с воображаемыми объектами, использовать предметы-заместители,
- продолжать развивать речь,
- пополнять представление о городе, профессиях.

Материалы:

- кепка шофера, руль,
- вывеска «касса», кафе «Сказка», «Дворец спорта»,
- униформа: служащих парка, инструктора, официанта,
- шапочки зверят,
- карусель,
- строительный материал.

Предварительная работа:

- целевая прогулка по улице Кирова и Ленинградской набережной,
- рассматривание фотоальбома «Наш любимый город»,
- просмотр мультимедийной презентации «Прогулки по городу»,
- изучение правил дорожного движения,
- сюжетно-ролевая игра «Мы едем, едем, едем...»,
- знакомство с работой служащих парка, инструктора по физической культуре, официанта,
- разучивание игр и песен, ролевых слов и действий.

Ход игры.

Дети с воспитателем строят автобус.

В е д у щ и й. Ребята, я хочу предложить вам поехать на экскурсию. Согласны? (Ответы детей.) Тогда садитесь скорее в автобус. Я буду экскурсоводом, а Егор будет шофером (дети занимают места в автобусе).

Ш о ф е р а в т о б у с а. Внимание, автобус отправляется! Пристегните ремни безопасности.

Звучит аудиозапись «Автобус».

Ш о ф е р. Остановка «Дворец спорта».

В е д у щ и й. Давайте зайдём туда. А скажите, ребята, что делают люди во дворце спорта? (Ответы детей.) А кто проводит тренировки? Инструктор.

Д е н и с. Здравствуйте, я ваш инструктор по физической культуре, предлагаю вам укрепить свое здоровье, займемся зверобикой (дети надевают шапочки зверушек). На цветочки становись!

Дети встают на цветочки и выполняют движения под музыку.

В е д у щ и й. Здоровье в порядке?

О т в е т д е т е й. Спасибо зарядке.

Ведущий и дети благодарят инструктора.

В е д у щ и й. Попрошу всех в автобус, наша экскурсия по городу продолжается.

Ш о ф е р. Осторожно, двери закрываются, пристегните ремни. Следующая остановка «Парк развлечений».

*Весёлый автобус,
По дорожке беги
И в парк развлечений
Ты нас привези.*

В е д у щ и й.

*Там много качелей,
И фокусник ждёт
Там есть карусели,
Весёлый народ.*

Звучит песня «Автобус» один куплет.

Ш о ф е р. Остановка «Парк развлечений».

В е д у щ и й. Потихоньку выходим, не толкаемся.

Д и р е к т о р п а р к а. Здравствуйте, я директор парка, приглашаю вас прокатиться на наших веселых каруселях, но прежде прошу вас приобрести билет в кассе (жестом показывает на кассу).

Дети подходят к кассе и приобретают билеты. Проводится игра «Карусель».

Д и р е к т о р. Ну, как вам понравилось в нашем парке? (Ответы детей.) А не хотите ли заглянуть в детское кафе «Сказка»? (Ответы детей.)

В е д у щ и й. Ребята, а кафе-то находится на другой стороне улицы, и нам придется идти через дорогу. А как правильно переходить дорогу? (Ответы детей.) Вставайте парами, я пойду впереди с красным флажком, а Миша – сзади нашей колонны. Смотрите, не отставайте, а то потеряетесь в городе.

*Мы по улицам идём,
Друг дружку за руки ведем.
Всё хотим мы повидать,
Обо всём хотим узнать.*

Дети по пешеходному переходу идут через дорогу.

В е д у щ и й. Вот мы и пришли.

О ф и ц и а н т. Здравствуйте, сделайте, пожалуйста, ваш заказ. Вот вам меню.

В е д у щ и й. Давайте закажем сок (коробочка сока каждому).

О ф и ц и а н т. Будет сделано.

Официант приносит сок, дети пьют, благодарят официанта и покидают кафе.

В е д у щ и й. На этом наша экскурсия заканчивается. Прошу занять свои места в автобусе, пристегнуться – мы едем обратно в детский сад (дети садятся в автобус, поют песню).

Ш о ф е р. Остановка детский сад «Улыбка».

Дети выходят из автобуса, благодарят шофера и экскурсовода, воспитатель предлагает детям рассказать об экскурсии своим родным.

Например, Д. (9 лет), эмоционально-неустойчивая девочка. В зависимости от настроения она может идти на контакт с детьми или взрослыми или отказаться. Но очень любит сюжетно-ролевые игры. Из-за ограниченности движений дети не всегда принимают и приглашают ее в свою игру. Поэтому, чтобы способствовать развитию социализации ее личности, играя в «Кафе», предлагаем ей роль повара, где она имеет возможность, сидя за столом, расставлять блюда, тарелочки, чашки, ложки и вилки на подносы для официантов, учиться вести диалог с другими детьми, участвовать в развитии какого-то игрового сюжета.

Например, М. (7 лет), не умеет контактировать со сверстниками. Общение со взрослыми дается легче. Самостоятельно в игры с детьми не включается, но охотно предлагает свою игру взрослому. Задача педагога в данной ситуации – постепенно приглашать М. в игру со сверстниками, а также обращать его внимание на сюжетные игры других детей. Например, «А давай сходим в больницу к Малике и Аружан, посмотрим, как лечат они». Осторожно, ненавязчиво, учим мальчика умению общаться, учитывать желания других детей.

При формировании знаний, умений и навыков, связанных с жизнью человека в обществе, педагог, воспитатель, а также родители могут «проигрывать» несколько моделей поведения в той или иной ситуации, формируя активную жизненную позицию, ориентировать детей на самостоятельное принятие решений.

Список литературы

1. Екжанова Е.П. *Коррекционно-развивающее обучение воспитания* / Е.П. Екжанова, Е.А. Стебелева. – М.: Просвещение, 2005. – 272 с.
2. Дмитриева В. *Методика раннего развития Марии Монтессори* / В. Дмитриева. – Москва: Эксмо, 2011. – 260 с.
3. Сулеева М.М. *Авторские программы центра социальной и трудовой реабилитации* / М.М. Сулеева. – Кенес, 2004.

Балалардың церебралдық сал ауруына шалдыққан балаларды қоршаған ортаға бейімдеудің құралы ретінде сюжеттік-ролдік ойындар

Д.С. Жакупова

Анатомия, физиология және дефектология кафедрасының оқытушысы,

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,

Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы

К.Б. Нурахметова
КММ «Кемтар балаларды сауықтыру облыстық орталығы»
Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Бұл мақалада тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларды тәрбиелеу барысында сюжеттік-рөлдік ойындарды қолдану мәселелері қарастырылады. Сюжеттік-рөлдік ойын түрлері, түзету-педагогикалық процесте қолдану мысалдары сипатталады. Тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларды әлеуметтендірудегі сюжеттік-рөлдік ойындардың мәні баяндалады.

Тірек сөздер: сюжеттік-рөлдік ойын, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары, әлеуметтену.

*Plot and role-playing as a means
of socialization of children with cerebral palsy*

D.S. Zhakupova
teacher of the department of anatomy, physiology and defectology,
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar, Kazakhstan

K.B. Nurakhmetova
Municipal state enterprise «Regional centre for rehabilitation
of children with disabilities», Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In this article we considered the matters of using game technologies, forms and types of game technologies, examples of using in resource-pedagogical process. Also the role of game technologies in socialization of children with disabilities is described.

Keywords: game, children with disabilities, socialization.

УДК 37.018

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫ ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

К.А. Исмагулова

*Қарасу орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі
Екібастұз қ, Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада оқу-тәрбие процесінде қиын балаларды қайта тәрбиелеу жолдары қарастырылады.

Тірек сөздер: қиын балалар, мінез-құлық, темперамент ерекшеліктері, психологиялық қасиеттері, отбасы тәрбиесі.

Баланың мінез – құлқындағы кінәраттардың себептері алуан түрлі болады, оның «қиын» деп бағалануы көбіне нақты психофизиологиялық сияттамасын көрсетпейді, ол туралы ата – аналар мен педагогтардың пікірін білдіреді. Қазіргі әдебиеттерде «қиын балалар» деп әдетте, мінез – құлықтары жалпы қабылданған нормалардан көп ауытқитын және дұрыс тәрбиелеуге кедергі жасайтын балалар аталады.

Сондықтан оларға қатысты тәрбиеленуі қиын балалар деген термин синонимі қолданылады. Осы арқылы олардың педагогикалық қағидалар бойынша тәрбиеленуге мүлдем бейімсіздігі және дәстүрлі педагогикалық ықпалдарды есте қабылдамайтыны білдіріледі. Тәрбие процесінде қиындық келтіретін негізгі себептердің бірі психикалық аурулар болуы мүмкін.

Мысалы, психопатияға жатпайтын бала аутизміне балалар санатына жатқызу жөн бола қоймайды, өйткені мұндай ауытқушылықтармен көбіне медицина шұғылдануы тиіс.

Егер балада жүйке психикалық ауытқуы бар деп күмән келтіретіндей мінез – құлық болса, онда психоневрологтың, балалар психиатрының консультациясы қажет, олар білікті диагноз қойып, тиісінше емдеу белгілейді. Кейбір ауытқулар психикалық ауруларға жатпайтын туа не жүре біткен психофизиологиялық ауытқулардан болады.

Мұндай ауытқулардан зардап шегуші балалар олардың психофизиологиялық дамуының ерекшеліктері ескеріліп, жекелей тәрбиелік көзқарас тұрғысынан қарауды керек етеді.

Педагогикалық ықпалдың жекелей бейімдендірілген шаралары емдік коррекциялық шаралармен ұштастыра жүргізілетін болса, мұндай мінез – құлық ауытқулары көбіне түзеуге келеді. Қиын балаларды медициналық тексеруден өткізген жағдайлардың көпшілігінде олардың психикалық дамуының қалыпты деңгейде екендігі анықталады.

Отбасындағы қолайсыз моральдық психологиялық ахуал тұлғаның дамуындағы ауытқуларға себеп болатын жағдайлар көп. Баланың мінез құлқында және оның тұлғалық қалыптасуында.

Мектептегі үлгерімі үлкен рол атқарады. Окуда әр түрлі себептерден қатарынан артта қалу мектеп оқушысында сабаққа жеккөрушілікпен қарау және өзін сабақтан басқадай ретте көрсету пиғылына негіз болуы мүмкін. Бұларды қиын балалар қатарына қосуға апарып соғатын әр алуан мінез құлық ауытқулары не жүйке психикалық ауытқулардың салдарынан болады. Әрбір жеке жағдайда педагогтан ауытқулардың себептерін талдап бағалау және бұл себептерді жою жөнінде мұхият жұмыс жүргізу талап етіледі. Қазіргі алдыңғы қатарлы мектептерде қалыптаса бастаған психологиялық қызмет бұл жұмыста маңызды рол атқаруға тиіс.

Көшедегі кездейсоқ топтардың оқушының теріс мінезін қалыптастырудағы қосар үлесі де аз емес. Өйткені, қазір көшелерді, аймақтарды белгілі бір топтардың бөліп алып, сол жерлерде билік жүргізетіні ешкімге де құпия емес.

Олар өз түсініктері бойынша өмір сүреді және өз қатарын өзі сияқтылармен толықтырып отырады. Ал олар сол ортада өздерін еркін әрі ыңғайлы сезінеді. Себебі отбасында мектепте көрмеген қамқорлық пен құрметке бөленеді. Олардың адамгершілік қағидалары мен адами құндылықтары өздерінше қалыптасқан.

Нәтижесінде отбасындағы тәрбиенің нашарлығы мен мектептегі тәрбие беру ісінің дұрыс жолға қойылмауының кесірінен девиантты мінезді балалар тәртіп бұзушылардан «көше» тәртібін қабылдайды. Сөйтіп, ақырында кәдімгі қылмыскерге айналады. Ал оның алдын алу үшін девиантты мінезді оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін білген жөн.

Мұндай өздерінің интеллектуалдық қабілеті жағынан өз қатарынан қалмайды. Алайда, олардың жоғарғы психологиялық қасиеттері: зейін, абстрактілі ойлау, есте сақтау, т.б. әр түрлі жаттығулар мен дағдыларды дамытпағандықтан артта қалған.

Соның салдарынан олар қисынды ойлай білмейді, өз ісінің ақырын болжай алмайды, сондай ақ танымдық белсенділігі төмен, ғылым және саяси қоғамдық мәселелер мүлдем қызықтырмайды, рухани мәдениеттің не екенінен тіпті бейхабар. Негізінен олар қарапайым күнделікті өмірдің күйбенінен аспайды, онда да тек

даярға топ болып үйренген, салықалы да пайдалы іс әрекеттен гөрі уақытты босқа өткізгенді тәуір көреді.

Зерттеулер көрсеткендей ер балалар мен қыздардың арасында едәуір психологиялық айырмашылықтар бар.

Ер балалар қыздарға қарағанда белсенді, іс әрекеті жылдам, ұрыс керіске бейім. Қыздар өз көңіл күйіне берілген, айтқанды орындағыш әрі жанашыр болуға жақын тұрады.

Тәрбие беруде ұлдардың осы ерекшелігін есепке алу керек. Жасөспірім шағында олар «нағыз жігіттерге» еліктегіш, ұқсағысы келеді. Дегенмен, олар дөрекі тек күшіне сенетін төбелескіш болады, сол себепті де қыздарға қолданған тәрбие құралдары ер балаларға барлық кезде жарамды бола бермейді. Темперамент ерекшеліктері: мысалы сангвиник өзіне қойылған талаптарды тез қабылдайды, бірақ дәл солай тез ұмытады, холерик өзіне қойылған талапты өзіне күлкіге айналдыру, мазақтау, кемсіту деп түсініп, оны дөрекі дүрекі түрде қабылдамай тастайды.

Меланхолик өзіне ұнамдысын өз көзқарасына тура келген жерін ғана қабылдап, басқасына көңіл де аудармайды. Флегматик бәрін әбден терең, әрі жан жақты ойланады. Осыған орай, тәрбие жұмысында темпераменттің ерекшелігін ескермейінше, педагогикалық шаралардың іске аспай қалуы әбден мүмкін. Тағы бір ескеретін жай, жыныстық даму кезеңінде болатын дене құрылысындағы өзгерістер. Егер жақсы бағытта дамыған өзгерістер баланың санасына дұрыс қалыптасады.

Ал, керісінше, оның дене құрылымында бойы қортық, артық салмақ, көзінің, тілінің не басқа да кемістіктері болса, онда оның дұрыс мінез қалыптасуына кері әсерін тигізеді сөзсіз. Сондықтан да тәрбиеші мұндай балалармен ерекше ілтипатты болуы керек.

Көтеріңкі көңіл күй, құрмет көрсету, сенім білдіру сияқты психикалық жағдайлар тұлғаға педагогикалық әсер етудің әсерлігін күшейтеді. Ал, ашушұң, бойының қорқыныш билеген, өкпелегіш сияқты жағымсыз сәттер оқушының жақсы болып қалыптасуына үлкен бөгет.

Сондықтан оқушыға педагогикалық әсер етер екізінде оның қандай психологиялық жағдайда екенін ескеру өте қажет ақ.

Тәрбиешінің тағы бір ескеретіні: ол оқушымен өзін адами тұрғыдан тең ұстауы, оған сенім ұялата білуі керек.

Егер педагог өзінің айтқанын оқушылардан қалай орындауын талап етсе, олардың адамгершілік қасиеттерін есепке алмай әрект жасаса, олардың құрметіне бөленбек түгілі, балалардың енжар тартуына себепші болады.

«Қиын бала» атанып, отбасында да, мектепте де қиындық тудырып жүрген балалар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Адам өмірге келген сәттен бас-

тап үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін еркін сезінуі мен үйлесімді дамуы үшін көптеген факторларда қажет.

Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді.

Ст. Холл «бала толыққанды дамуы үшін өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

Қандай да бір олқылығы бар баланың даму жағдайы, әдетте қолайсыз, жағымсыз болады. Ол баланың дамуына кесірі тиетін тәрбиелеуші шағын әлеуметтік сипаттарынан, тәрбиелеу оқыту үрдісінен және ықпал еткен тәрбиеленушінің ішкі ұстанымынан құралады.

Балалардың әлеуметтік педагогикалық олқылығының пайда болу тетігі мен дамуы баланың тұлға болуға деген қажеттілігі мен сондай болу мүмкіндігінің арасындағы қайшылықтар негізінде іске қосылады.

Баланың персонализациялануға ұмтылуы оған қатысты референттік топтардың оның әлеуметтік қалыптарға сай емес жеке дара көріністерін қабылдағысы келмейтіндігімен және құрбыларының жас ерекшелігіне байланысты мұндай ұстанымы педагогтардың және ата аналардың олқылығы бар балаларға қатынасы негізінде қақтығысқа түседі.

Әлеуметтік педагогикалық олқылық ерте балалық шақтан, шамамен үш жастан басталады, яғни баланың өзіндік санасының, мінез құлқының ережеге сәйкестігінің және нормативтік іс әрекетінің дами бастаған шағымен қатар келеді. Жағымсыз даму жағдайында олқылықтардың сандық белгілері мен көріністері жинақталып қалады. Ерте зерттеу, алдын алу және түзету жұмыстары олардың жоғары нәтижелі маңызына ие.

Ауытқушы мінез құлық деп қоғамда қалыптасқан нысандарға сәйкес емес әлеуметтік мінез құлықты айтамыз. Белгілі әлеуметтанушы И. Кон девиянттық мінез құлық психикалық денсаулық, құлық мәдениет немесе адами қалыптарының жалпы қабылданған қалыптарынан ауытқыған іс әрект жүйелері ретінде қарастырылады.

Бейімделуші мінез құлықтың тұжырымына сәйкес кез келген ауытқушылық бейімделудің бұзылуына алып келеді.

Девиянттық мінез құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншісі бұл анық немесе жасырын психопатологиялық барлығын білдіретін психологиялық денсаулық қалыптарынан ауытқыған мінез құлық.

Екіншісі бұл әлеуметтік, мәдени және әсіресе құқықтық қалыптарды бұзатын асоциалды мінез құлық. С. Беличева девиянттық мінез құлықтың әлеуметтік ауытқуын былайша жіктейді.

– пайдакүнемдік бағытта: құқық бұзушылық, материалдық, қаржылық, дүние мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты жасаған теріс әрекеттері;

– агрессиялық бағытта: адамға қарсы бағытталған әрекеттер;

– әлеуметтік енжар тип: белсенді өмір сүруден, азаматтық борыштарын өтеуден қашуға, жеке және әлеуметтік мәселелерді шешкісі келмеуге ұмтылу;

Осылайша, ерекшеленетін асоциалды мінез құлық әр түрлі әлеуметтік ауытқушылықтардан көрінуі мүмкін: адами қалыптардың бұзылуынан бастап құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға дейін.

Балалардың және жеткіншектердің мінез құлқындағы ауытқушылық деп оның өзіне назар аудартатын және тәрбиешілердің сақтығын тудыратын ерекшеліктерін айтамыз.

Бұл мінез ерекшеліктері жалпы қабылданған қалыптардан, талптардан, ауытқуды ғана білдірмейді, сондай ақ болашақта жасалатын қателіктердің, адамгершілік, әлеуметтік, құқықтық нормалардан, заң талаптарының бұзылуының бастауының негізін қалайды, осы мінез құлық субъектісіне, оның тұлғасының дамуына, оны қоршаған адамдарға, жалпы қоғамға әлеуметтік қауіп төндіреді.

Жекеленен әрекеттер өз бетінше соншалықты маңызды емес, тек оның артында тұлғаның қандай ерекшеліктері даму тенденциялары жатқанымен ғана маңызды.

Осылайша, балалар мен жеткіншектердің ауытқыған мінез құлық, бір жағынан, тұлғаның тиісті ерекшеліктерінің туындауымен дамуынан сигнал беретін белгі ретінде қарастырылса, екінші жағынан, тұлғаның дамуына тәрбиелік ықпал ететін жетекші ретінде оны қалыптастырудың немесе оның қалыптасуына ісер ететін құрал ретінде көрініс табады.

Мінез құлық тұлғаның осы немесе басқа да ахуалының, оның даму тенденцияларының куәгері ретіндегі феномен деп қарастыра отырып, біз мінез құлықтың сырттай ұқсас ерекшеліктері индивид психикасында өтіп жатқан әр түрлі үрдістерден хабар беру мүмкін екенін естен шығармау керек.

Кейде оқушы өзінің мінез құлық туралы пікірлердің шырмауына шалынып қалады. Соған сәйкес айдар тағылып, оны қоршаған ортамен өзара қарым қатынас сипаты және ол туралы бағалап пікір айту жүйелері енгізілді.

Күрделі зардаптарға алып келетін дәрежі педагогикалық қателік жіберіледі. Керісінше мінез құлықтың жағымпаздылығын немесе ыңғайлылығын мұғалім жағымды деп бағалап, оны ынталандырады, ал оқушы болса сынып алдында еліктеудің үлгісі ретінде тартылады.

Мінез құлықтың реакция бір рет немесе жүйелі түрде әсер ететін өмірдің жағымсыз жағдайлары мен және шарттарымен негізделеді. Соңғы жағдайда нақ

осы немесе басқа ахуалға алып келетін мінез құлықтағы өзгерістер біртіндеп барып көрінеді немесе бірден шарт кетуге алып келеді.

Бұл реакциялардың көріну нысандары өте көп болуы мүмкін.

Олар әрдайым қандай да бір психологиялық ахуалға жауап ретінде туындайды да, оның жойылуымен қоса бұл да жоғалады.

Белсенді ыңғайланушылық немесе енжар ыңғайланушылық мінез құлық былай қалыптасады: деструктивті агрессивтік, топтық әс «Әрекеттердің және өзінің сол топтағы жеке мінез-құлқының төңкеріспен қайта құрылуға бағытталып өзгеруі; деструктивті компенсаторлық, топтық іс әрекеттерінің және өзінің мінез құлқының қайта құрылуы оның талаптарына қатты көнушілікпен қатар жүреді және бекітіледі.

Оқушылардың девианттық мінез-құлқының себептері мен факторлары неде?

Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтар мына себептерге байланысты болуы ғажап емес.

– дұрыс тәрбиеленбегенінің себебінен қажетті білімдердің, біліктердің, дағдылардың жоқтығы, мінез-құлқындағы жағымсыз қалыптасқандығынан баланың, жеткіншектің өзін дұрыс ұстамайтындығынан туындайтын әлеуметтік педагогикалық олқылықтар;

– психикалық физикалық денсаулығы мен дамуы дағдайындағы ауытқушылықтар жас ерекшелік дағдарыстары, мінез акцентуациясы және басқа да физиологиялық психоневрологиялық ерекшеліктері;

– ішкі және сыртқы белсенділігінің сана көріністеріне, өзін өзі көрсетуәне жағдай жасалмағандығынан, іс әрекеттердің пайдалы түрлері мен айналыспағандығынан, жағымды және маңызды әлеуметтік, сондай-ақ жеке өмірлік мақсаттары мен жоспарларының болмауы;

– қараусыз қалумен, қоршаған ортаның кері ықпал етуімен және осының негізінде дамидын әлеуметтік психологиялық дезадаптациямен, әлеуметтік және жеке құндылықтардың жағымсыз түргн ауысуы, т.б. жағымсыз жайттар.

Балалармен жасөспірімдерге қоршаған адамдардың немқұрайлығы, зейін қоймауы негізінде дамидын әлеуметтік педагогикалық бақылаусыздық бұл тізбектегі ерекше рөл мен мағынаға ие.

Нәтижесінде, жалғыздық, қараусыз қалғандық, қажетсіздік, қорғансыздық сезімдері пайда болды. Үлкендерге деген қарсылық, жатырқаушылық, жек көру сезімдері, баланың пікірінің, тағдырының, қызығуы мен икемділіктерінің өз бетінше ұйымға, кооперацияға, өзін-өзі ұмтылуына алып келеді.

Жағымды әлеуметтік тәжірибенің жеткіліксіздігі, өмірге көзқарасының құндылықтар жүйесінің, тек қалыптары мен эстетикалық талғамдарының

жетілмегендігі және қалыптасуындағы жасөспірімдердің өз белсенділігін жағымсыз, құлыққа қайшы келетін нәрсеге жұмсауын тыңдауға ықпал етеді, бұл олардың мінез құлқының, тұлғаның қалыптасуынан, әлеуметтік бейнесінен көрініс береді.

Бұл сөз жоқ, балалар мен жасөспірімдерге дер кезінде педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік және медициналық көмектің көрсетілмеуін айғақтайды.

Қазіргі кезде жасөспірімнің жүрген ортасы қолайлы емес. Өйткені бала ауытқушылығы мінез құлықтың әр түрлі нысандарын мектепке бара жатқанда да, аула мен қоғамдық орындарда да, тіпті үйдеде, мектепте де көрінеді. Мораль мен мінез құлық аймағындағы ауытқушылықты тудыратын қолайлы жағдайларды жасырын, бейнесіз өзара қатынас сипаты мен еркіндігінің көптігімен, кері әсер ететін экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлардың кең ассортименти бар қалалық орта құрайды.

Дәстүрлі ұлттық құндылықтар нормасының босауы, ата ананың әсіресе отбасындағы әке беделінің төмендігі, мінез құлықтың тұрақты үлгілері мен моральдық шекараладың жоқтығы, әлеуметтік бақылаудың босаңсуы жасөспірімдер ортасындағы ауытқушы және өзін өзі жоюшы мінез құлықтың өсуіне ықпал етеді. Қандай уақыт болса да баланы қайта тәрбиелеуге болады.

Әдебиеттер

1. Керімов М. Қиын баланы қайта тәрбиелеу / М. Керімов. – Алматы, 2005.
2. Керімов М. Провалық тәрбие жүйесі / М. Керімов. – Алматы, 2007.
3. Қоянбаев Ж. Б. Педагогика / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. – Алматы, 2010.

Методы перевоспитания трудных детей в учебно-воспитательном процессе

А.К. Исмагулова
учитель начальных классов Карасуской СОШ,
г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются пути перевоспитания трудных детей на основе общих принципов учебно-воспитательного процесса.

Ключевые слова: трудные дети, характер, особенности темперамента, психологические качества, семейное воспитание.

Methods of re-education of difficult children in the educational process

A. Ismagulova

Primary school teacher Karassusk Secondary school,
Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

Summary

In the article, the ways of re-education of difficult children on the basis of the general principles of the teaching and educational process are considered.

Keywords: difficult children, the nature, features of temperament, psychological qualities, family upbringing.

УДК 37.018.11

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА
ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕП БІРЛІГІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Ж.А. Исмаилова

*Абай Құнанбаев атындағы ОЖББМ
Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты селосы*

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда отбасы мен мектеп бірлігінің педагогикалық шарттары жайлы толық мағлұмат берілген.

Тірек сөздер: бастауыш сынып оқушылары, білім сапасы, отбасы мен мектеп, педагогикалық шарттар.

Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: ата-ана балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге міндетті», – деп жазылып жас ұрпаққа білім беру процесіне қатысушы субъект ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі мен білім беру тарихы әр қырынан қарастырған ғалымдардың (Қ. Аманжолов, Қ. Рахметов, Т.Қ. Айтқазин, А. Аман-

жолов, М. Қозыбаев, Т.М. Әлсатов, А. Өтепбергенқызы, Х.А. Арғынбаев, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, И. Халитова) еңбектері.

Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров және т.б. ойшылдарымыздың ой-пікірлерінде халқымыздың ұрпақ тәрбиесі туралы түсініктері көрініс тапқан, қоғамдамуына қажетті адами сапаларға көңіл бөлген.

Білім беру жүйесінде білім беру сапасы мектеп пен отбасының әрекеттестігімен тығыз байланысты. Білім беру сапасы – Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, Т.И. Шамова т.б. еңбектерінің өзегі.

Қазақтың жас ұрпаққа білім беру мектебі ақындар, шешендер билердің өсиеттері, ғибараттары, халық мақал-мәтелдері, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болды десек, артық болмайды. Қазақ халқының отбасында білім және тәрбие беруге өзіндік мән берген. Бала тәрбиесінде ұлттық тәлім тәрбиенің дәстүрлі дүние танымын ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған. Яғни, ұлттық құндылық, қадір-қасиет ат құлқымен, ана сүтімен ұрпақ қанына сіңген.

Отбасының ықпалы бірімен – бірі ұштасып жатқан ата-әже, әке-шеше, ұл мен қыз арасындағы міндеттер мен парыздардан тұрады. Әке беделі аналардың сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасқан. Ана балаға әкенің қорған екенін ұғындыра тәрбиеленген. Ата мен әженің өмір тәжірибесі өз дәрежесінде даналық ақыл ойдың, дүниетанымының, талғамның, жағымды тәртіп пен мінез-құлықтың, денсаулық күтімнің мектебі болып табылады. Балаға білім беруде олар тарихшы, әдебиетші, заңгер, ұстаздық міндеттер атқарған деуге болады.

Зерттеуші ғалым Т. Қоңыратпаева: «Отбасы бала тәрбиесі біріншіден, тәрбиешінің балаға айтар ақыл кеңесі, жеке басының өнегесімен ұштасып отырған; екіншіден, үлкендердің тарапынан бақылауда болған; үшіншіден, жас ерекшелігі, төртіншіден, балаға сенім артып, шарт қойып, талаптарды бірте-бірте күрделендіріп отыру арқылы сынақтан өткізген», – деп қарастырған. «Ұлыңа бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшыдай сана, он бес жастан асқан соң досыңдай бағала» деген халықтық қағиданы жас ерекшеліктеріне қарай жүргізген тәрбие үлгісі деп білеміз.

Сөйтіп халқымыздың дәстүріндегі отбасындағы туысқандық қарым-қатынастар балаға үздіксіз ықпал етуші тәрбиелік күш болған. Баланы өз бетінше жұмыс істеуге, меңгеруге, табандылыққа, жігерлікке үйрету және кәсіпке отбасының әр бір мүшесінің өзіндік орны маңызды рөл атқарады.

Қ.Т. Әтімова «Оқушылардың гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы» деген еңбегінде отбасы баланың өмір жолын бастайтын және қоршаған орта туралы тиянақты да терең әсер алатын ұжым

екенін, соның негізінде білім, әдет, мінез-құлықпен өмірге деген көзқарастың қалыптасатынын дәлелдейді. Халықтық тәрбие дәстүрлері мектептегі тәрбие негізіне алыну қажеттілігі идеясын қарастырған ғалымдардың бірі Қ. Бөлеев «Қазақтың ұлттық мектебі» деп халқымыздың ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін жүйелі оқытатын мектепті айтамыз, ал ол мектептің басты белгісі – қазақтың ұлттық рухы болуы шарт» деп тұжырым жасайды.

Мұғалім оқушының отбасымен жақын танысып, мүшелерінің өмір салтын, дәстүрін, рухани байлығын, тәрбиелеу мүмкіндігін, оқушы мен ата-ананың өзара қарым-қатынасын танып, анықтап, түсіне білуге міндетті. Ең бастысы мектеп пен отбасы мүшелерінің өзара тікелей қарым-қатынаста ортақ мәмлеге келуіне мән беруге, ата-ана өнегесінің бал үшін ықпалының қуатты әсерін назарда тұтуға тиісті.

Әлемдік білім беру кеңестігінде өркениетті елдерде білім беруді ұйымдастыру. «Не үшін оқытамыз?» деген сұраққа жауап алудан басталады. Оған жауап ретінде «соңғы нәтижелер» нақтыланады. Ол нәтижелерге жеке пәндер бойынша меңгерген оларды пайдалану арқылы қалыптасып дамытатын өмірлік дағдылар, компонентер жатады. Сондықтан отбасы мен мектеп бірлігінің ықпалы баланың өзіндік білім алғысы келетін ерік күшіне дәл келуі қажет. Ю.К. Бабанский бұны «педагогикалық резонанс» дейді. Мұндай әсердің маңызды шарты – отбасы мен мектептің үздіксіз болып келетін бірлігінде, оқушының білім сапасын артыру шараларының бір жүйеге жинақталуында.

Бірлікті тәрбиелеу – жаңа технологияның, соның ішінде отбасы педагогикасының да ірге тасы бролуыда тиіс», – десе, В.А. Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерде біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін», – дейді.

Ал «Отбасы тәрбиесі» атты ата-анаға арналған сөздікте; «Ата-ананың бірлесіп әрекететуі – бұл отбасы тәрбиесінің заңы. Ата-ана өзара келісе отырып әрекет етсе, балаға әсер етулері бұрынғыданда бірнеше рет өсіп отырады. Егер ата-ана өз балаларының тәрбиесі үшін шын мәнінде қам жейтін болса, олар өзара келіспеушілікті оңай жеңе отырып, бір пікірге келіп, бірлесіп әрекет етеді», – деген түсініктеме берген.

Әдіскер-педагог Н.И. Дереклеева: «Ұстаз, оқушы, ата-ана, т.б. бірлігіндегі іс-әрекеттің өзіндік ережесі бар. Біріншіден, бірлік кезіндегі қарым-қатынасқа немқұрайды қарамау. Екіншіден, бірліктің мақсаты үлкенінде, баланың дақызығушылығын, құштарлығын оятуы тиіс. Үшіншіден, бірліктің шешімін қабылдауға, көмекке бағытталуы. Төртіншіден, бірлік кезіндегі қарым-қатынастың әділ болуы, бесіншіден, бірлік жетістікке жетуге жағдай жасауы тиіс», – дейді. Ендеше қорыта келгенде, педагогикалық мақсаттағы бірлік-белгілі топ, ұжым, халық

немесе жалпы адам баласының бала тәрбиесі мүдделері тоғысынан туындайтын әрекеттестік деп тұжырымдауға болады.

Бірлік-дегеніміз-адамдардың мақсат, мұрат, мүдделер тоғысынан туындаған ынтымағы, ұйымдасуы деп біліміз. Ал оқушылардың білім сапасын арттырудағы Отбасы мектеп бірлігі дегеніміз – оқушының біліс сапасын жақсарту мақсатына бағытталған, келісілген, үйлестірілген, әсер ететін шаралардың бір жүйеге бірігуі. Яғни отбасы мектеп бірлігінің құрылымы төменднгідей ұғымдар арқылы анықтауға болады: ортақ мақсат, көзқарас, түсіністік, бірлескен әрекет, ынтымақтастық, серіктестік, сөзбен істің бірлігі, бірлесе ықпал ету, әрекеттестік, бірін-бірі де-меу, қауттау, өзара келісім көмек. Отбас мектеп бірлігінің құрылымы өзара бай-ланысты және бірден орнай қалмайды. Біз отбасы мектеп бірлігінің анықталған құрылымының іске асуын отбасы мектеп бірлігі сапасы ретінде қарастырдық.

Кез келген процесте табысты нәтижеге жету үшін белгілі бір шарттар орындалу тиіс. *Шарт* – бұл белгілі бір нысанның қызмет етуінің негізі болып табылады. Ал сапалы білім беруде отбасы мектеп бірлігін қамтамасыз етудің педагогикалық *шарттары дегеніміз* – баланың білім негізінің қаналуына отбасы мен мектеп мүшелері әрекеттестігі тарапынан жасалатын қажетті жағдай. Білім сапасын арттыруда отбасы-мектеп-оқушы жүйесін түсіну бірлікке алғы шарт жасайды.

Оның бірінші белгісі – отбасы мен мектептің білім апасын артыруды жүйе ретінде танып, оның тұтастығын көре білу.

Екінші белгі білім сапасын арттырудағы отбасы мектеп бірлігінің құрылымының толықтығы.

Үшіншісі – білім сапасын артырудағы отбасы мектеп бірлігінің ерекшелігі мен сипаттары.

Негізге алынған қағидалар: ежелгі замандағы білім берудің негізі, жазба тарихи ескерткіштер, ұлттық тәлім-тәрбие, отбасының балаға бере құндылықтары, мектептің озық тәжірибесі, олар туралы зерттелген ғылыми-педагогикалық зерттеулер. Құрылымдық **компоненттері**: мотивациялық, мазмұндық, операциялық. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мектеп бірлігінің іс-әрекетінің мотивациялық **компонентінің** өлшемі: Отбасы мектеп бірлігінде оқушының білім сапасын артыру іс-әрекетіне оң көзқарасы. *Мазмұндық компонентінің өлшемі*: Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мектеп бірлігінде оқушының білім сапасын арттыру іс-әрекетіне оң көзқарасы. *Мазмұндық компонентінің өлшемі*: Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мектеп бірлігінің іс-әрекет туралы білімінің болуы.

Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мектеп бірлігінің кезіндегі іскерлік саналады. Оқушылардың білім сапасын артырудағы от-

басы мектеп бірлігінің кезіндегі іскерлік саналады. Оқушылардың білім сапасын артырудағы отбасы мен мектеп бірлігінің функциялары: ақпараттық, зерттеушілік, конструктивтік, ұйымдастыршылық, дамытушылық қызмет етуде даярлығының болуы. Сонымен білім беру жүйесін басқарудағы отбасы мен мектеп бірлігі дегеніміз – оқушыға сапалы білім беру үшін ұжымның әрбір мүшесін ортақ мақсатқа жұмылдыру, жетістікке жетелеуге сәйкес ұжымды басқарудың нысанын ұйымдастыру, қадағалау, жетелеуге сәйкес ұжымды басқарудың нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған ақпарат негізінде талдау, нәтижесінің қорытындысын шығару, ортақ іске жұмылдыру үшін адамдарға ықпал ету. Сондықтан баланың әке-шешесін мектептің тұрмыс-тіршілігімен таныстыра отырып, іс-әрекетке жұмылдыру мақсатында отбасы мен мектеп бірлігінің қарым-қатынасының бағыттары нақтыланды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Қазақстан мұғалімі. – 1998. – №4. – 1–8 б.
2. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан.
3. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халыққа Жолдауы. – Астана, 2006.
4. Тешебаева К.Ф. Тәрбие – әлеуметтік мәдени құбылыс / К.Ф. Тешебаева. – Алматы: Жазушы, 1990.
5. Мұқанов Б. Тәрбие жұмысын түрлер / Б. Мұқанов // Қазақстан мектебі. – №10.

Взаимодействие семьи и школы как педагогическое условие повышения качества обучения учащихся начальных классов

Ж.А. Исмаилова
СОШ имени А. Кунанбаева с. Шарбакты,
Шарбақтинского района, Павлодарской области

Аннотация

В статье подробно рассматривается взаимодействие семьи и школы как педагогическое условие повышения качества обучения учащихся начальных классов.

Ключевые слова: учащиеся начальных классов, качество обучения, семья и школа, педагогические условия.

*The interaction of family and school as the pedagogical condition
for improving the quality of training Primary school students.*

Ismailova Zh.
Secondary school n. af. Kunanbayev A.,
Chsherbakty v., Chsherbakty d., Pavlodar r.

Summary

In the article, the interaction of family and school as the pedagogical condition for improving the quality of training Primary school students is considered.

Keywords: primary school students, quality of teaching, family and school, pedagogical conditions.

УДК 371.212.22

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Ш.А. Казизова

*орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Ақсу қаласы, Алғабас селолық округінің
Жолқұдық ауылының Қ. Қамзин атындағы*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада дарынды балаларды ерте танып, олармен жұмыс істеу мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, балалардың шығармашылық дарындылығын дамытудың жолы сипатталған.

Тірек сөздер: вундеркинд, қабілет, шығармашылық, дарын, жаңа технология, шеберлік, тиімділік, заманауи білім, жүйе.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдылық дамуына көңіл бөлу, жеке тұлғаның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр.

«Қазақстан-2030» стратегиясы анықтап берген және республиканың ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған жауапты міндеттерінің бірі – мемлекет үшін Қазақстанның дамуына, егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосар білімді, мәдениетті жастарды тәрбиелеу [1].

Осы жолдауда айтылғандай, XX ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстағы негізгі жетекші күш – «адамдар, олардың еркі, жігері, табандылығы, білімі». Бұл мақсатты орындау үшін республиканың ақыл – ойлы, шығармашыл әулетін өсіру қажет, дарынды балаларды анықтау мен дамыту үшін өркениетті жағдайлар жасау керек.

Дарынды балалар – өз құрбыларынан ақыл-ойының дамуымен біршама озықтын немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін (музыкалық, көркемдік т.б.) балалар.

Барлық бала дарынды немесе өзіндік жеке дара ерекше қасиеті бар деген тұжырым педиатрлардың, педагогтердің, спорттық және көркем студиялардың маңызды мәселесіне айналды.

Дарынды – өз қатарларынан әлде қайда дамыған немесе ерекше бір зейін бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттер бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі *вундеркиндтер* деп те айтады. Психология көзқарасынан дарындылық екі мағына береді – жалпы рухани зейінділік және нақты дарындылық. Жалпы зейінділікті ғалымдар – жалпылау икемділігі, кез-келген тақырыпта әңгемелесу, мәселелерді шешу және өз тәжірибесінде үйрену деп тұжырымдайды.

Дарындылықтың бірден-бір белгісі – тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен нюанстарын іштей сезеді. Сөйлемдері ұзақ және орынды. Көп балаларда әзіл-оспақ қасиеттері кездеседі. Олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті де жан-жақты.

Дарынды балалар әдетте 4 жасында хат таниды, оқи алады. Тәжірибелі психолог-мұндай баланы өткір көзқарасынан және өзінің ерекше іс әрекетіне қарап көпшілік ішінен тез тауып алады. Егер үлкендер мен бала қарым-қатынасында сенімділік болмаса, ең үлкен дарын да танылмай қалады. Дарындылық, сол сияқты қарапайым зейінділік жылулық сүйіспеншілік және қамқорлық ортада ғана ашылады.

Дарындылықтың маңыздылығы мен прагматикалық-гуманистік бағдарға сай, баланың жеке тұлғалық қасиетін жаңа деңгейге көтеретін, ұлттық оқыту шартының іс-әрекеті түрінде «Дарындылық тұжырымдамалары» атты психологтар дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз», – делінген.

Дарындылықтың дамуын зерттеуде балалардың шығармашылық мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде анықталатын жалпы дарындылық-

тың және нақты әрекет музыка, спорт т.б. түрде байқалатын арнайы дарындылықтың анықталуы өте маңызды.

Шығармашылық қабілетін көрсете білген балалар одан әрі оны жарияламай, Н.С. Лейтес бағалағандай: «Өспелі дарындылыққа» және шартты түрде белгілі бір әрекетке бағыттай алады [2].

Көптеген психологтер анықтаған дарындылықтың ықтимал теориясы дарынды балалардың санатын анықтауды кеңейтуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты дарынды балаларды оқыту жолында жетістіктерге жету үшін белгілі бір мөлшерде жағдай жасалады.

Балалармен жүргізілетін жұмыс мектеп бағдарламасынан ерекше өздерінің жеке тұлғалық қасиетін ашып көрсете алуын қамтамасыз ететін бағдарламалар негізінде оқытылуы қажет. Сондықтан дарындылыққа берілген шетел зерттеушілерінің анықтамаларында оларды оқытудың арнайы бағдарламасының қажеттігі туралы мәліметтер берілген.

Дарынды балалар деп – қандай ортада болмасын кез келген істі жоғары деңгейде атқара алатын, күнделікті қарапайым мектеп бағдарламасынан өзгеше оқыту бағдарламасын қажет ететін балаларды атайды. Бұл оқыту олардың қабілеттерінің төмендеуін емес, керісінше, одан әрі дамуын, өсу ықтималдығын қамтамасыз етеді.

Бірақ, баласының жеке дара қасиеттерін дамыту үшін дарынды ата-ана болу қажет. Дарынның белгісерін байқау онай ерекше қасиеттерін байқап өзінің қалауынша тәрбиелейді. Осы кезде, мысалы, музыкаға зейіні бар бала әркезде әндетіп, ал математикалық қасиеттер есіп шотқа деген қызығушылығында байқалмайтының ұмытпау керек. Балалық шақтағы дарындылықтың ерте көзге түсуі ата-аналардың, педагогтардың қамқоршылығын талап етеді. Дарынды балалардың мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану, дамыту мақсатында арнайы жасалынған бағдармалар арқылы оқыту жүргізіледі. Бірақ, баласының жеке дара қасиеттерін дамыту үшін дарынды ата-ана болу қажет.

Егер адамның жеке басының қалыптасуы негізгі үш факторға яғни олар, бірінші-балалық тума қабілеті немесе қазақшаласақ тегіне, қанына тарту. екінші-тәрбие, үшінші-қоршаған ортаның қоғамның ықпалына негізделсе, демек, дарындылық табиғат берген сый.

Дарынды оқушылармен жұмыс нәтижелі болуы мақсатында олардың ата-аналарымен де бірқатар жұмыс жүргізіледі. Ендеше, оны анықтап, ашып жетілдіру ұстаздардың маңызды міндеті.

Ал, тәрбиеге келсек, ол мектептегі тәрбие мен жанұя тәрбиесінен тұрады. Сондықтан дарынды оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болып бірлесіп тәрбиелеу аса маңызды жұмыс.

Ата-аналардың бала тәрбиесіне тәрбиешілік қабілеті бірдей емес, көбінесе жетіспей жатады.

Сондықтан ата-аналармен жүргізілетін ен басты жұмыс – ата-ананың жеке басының үлгісі. Баласын тәрбиелеудегі ен маңызды фактор екендігін ата-аналар санасына жеткізіп сіңіру.

Міне, дарынды баланың ата-анасына жұмыс осыдан басталады. Егер балалар ата-анасынан беже бастаса, мұның ақыры үлкен қиындыққа – соғуы мүмкін. Ата-анасынан сырт айналған балалар теріс ортаға тез бейімделеді. Сондықтан ата-аналар олардың іс-әрекетіне өте байыпты қарағаны жөн.

Дарындылықты зерттеген Дж. Резулли, дарынды балалардың дамуы негізінде ақыл-ойларының жұмыс жасау ерекшеліктері мен биологиялық жетілуіне ерекше назар аударылмайтығын айтады. Оның пікірінше: «Дарындылық адамға мінез-құлықтың үш негізгі «Кластерінің» өзара байланысы арқылы беріледі: орта деңгейдің жалпы мүмкіндіктері, жоғары деңгейдің «тапсырмаға беріктілігі» және үшінші деңгейдің шығармашылық мүмкіндіктері.

Дж. Ризулли: «Шығармашылық дарындылық белгілері байқалатын балалар стандартты оқыту бағдарламасынан тыс кеңейтілген деңгейде оқыту мүмкіндіктерін қажет етеді», – деп көрсетеді [3].

Л.С. Выготскийдің анықтамасы: «Жеке туындылардың өзімен бірге әлеуметтік коэффициенті болады. Бұл жағдайда ешқандай туынды жеке болмайды. Оның құрамында азғантай болса да жасырын бірлік болады».

Демек, талантты балаларды арнайы оқыту немесе бағдарламалар тиімділігін арттыру үшін дарынды балалар үшін жасалған бағдарламалар нағыз «лаборатория» және оқытудың алдын ала тәжірибесі болып табылады. Аталған зерттеулер нәтижесін дәстүрлі оқыту процесінде қолдануға болады [4].

Дж. Ризулли: «Дарындылар үшін көптеген арнайы бағдарламалар түйіні болып табылатын еңбектерді қабылдау барлық оқушыларды дамыту мақсатында оқу үрдісіне қосылуы маңызды», дейді. сонымен, бүгінгі таңдағы дарынды балаларға арналған бағдарлама-балалардың көпшілігі үшін жарқын болашақ бағдары болып табылады деп есептейміз [3].

Дарындылықтың бірден-бір белгісі-тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен мәнін іштей сезеді.

Сөйлемдері ұзақ және орынды. Көп балаларда әзіл-оспақ қасиеттері кездеседі. Олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті де жан-жақты.

Дарындылық, сол сияқты қарапайым зейінділік жылулық сүйіспеншілік және қамқорлық ортада ғана ашылады.

Бірақ, баласының жеке дара қасиеттерін дамыту үшін дарынды ата-ана болу қажет. Дарынның белгісерін байқау оңай ерекше қасиеттерін байқап өзінің қалауынша тәрбиелейді. Балалық шақтағы дарындылықтың ерте көзге түсуі ата-аналардың, педагогтердің қамқоршылығын талап етеді. Дарынды балалардың мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану, дамыту мақсатында арнайы жасалынған бағдармалар арқылы оқыту жүргізіледі (мысалы, арнайы дарынды балаларға арналған арнайы физика-математика мектептері).

Дарынды балалардың ерекшелігін бірнеше тұрғыдан байқауға болады:

Біріншіден, *педагогикалық тұрғыдан*:

Өзгеше ойлайды, көп көлемді білім меңгереді де оны ұмытпайды.

Екіншіден, *психологиялық тұрғыдан*:

Ішкі сезімі өзгеше – өте сезімтал, толыққанды, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп қояды.

Үшіншіден, *физиологиялық тұрғыдан*:

Дамудағы шапшандылық, жиі-жиі ойға берілу, қиял күшінің басымдылығы.

Төртіншіден, *әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі*:

Адамгершілік сезімдері ерте дамыған, моральдық қасиеттері жоғары, достық – әзілдік сезімінің басым түсуі.

Оқушының дарындылығын анықтап, дамыту үшін әр пән мұғалімі өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қойды:

1) дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;

2) жан-жақты ақпараттандыру;

3) коммуникативті бейімдеу;

4) дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда мектеп ұстаздары мынадай жұмыс түрлерін қолданады:

1) икемді және ұтқыр оқу жоспарын құрады;

2) жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасайды;

3) дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал етеді;

4) дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құрады.

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ұстаздар мынандай мәселелерге баса назар аударады:

1) пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;

2) дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

3) сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға – пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

4) білім беру мекемелерінде дарынды оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделдетіп оқытуды ұйымдастыруға, жеделдетіп оқыту бағдарламасын мұғалім оқушымен және ата-анасымен бірігіп құрады.

Дарынды балалардың табиғатын танудың психо-әлеуметтік аспектілерін ғылымда былайша сипаттау қалыптасқан: күшті дамыған шыншылдық сезімі болады, ой-арманы, қиялы күшті әрі кең өрісте болады.

Сонымен, дарынды бала ойлау дербестігіне ие, ол жаңа мәселелер мен проблемаларды қоя біліп, оларды тың әдістермен шеше біледі.

Ал, бұл қабілет өз кезегінде ойлаудың белсенділігімен кезіккен міндеттер мен мәселелерді өз бетінше шешуге ұмтылыс жасайды.

Бағдарламалардың тиімділігі балалардың мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес келумен тығыз байланысты.

Егер оқыту негізін құрайтын танымдық іс-әрекет балалардың когнитивтік мінез-құлқына сай келмесе, онда баланың жоғары деңгейде дамуына қол жеткізу мүмкін емес.

Шығармашыл балалар өзгелерден белгілі бір ерекше қажеттіліктермен айқындалатынын білсек, онда бұл оларды оқытудың арнайы бағдарламалары керек екендігін білдіреді.

Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері немесе «Дарындылық белгілері» психологтер арасындағы пікірталастардың негізі болып табылады. Талантты балалардың өмірінде және іс-әрекетінде байқалатын ерекшелік белгілері де айқындалған. Мұндай белгілерді балалардың іс-әрекет ерекшеліктерін бақылаған кезде бағалауға болады. Шығармашылық дарындылықтың белгілері әртүрлі болатындығы қиындық туғызады және де олар әлеуметтік ортамен тығыз байланысты.

Шығармашылық дарындылық белгілерінің тізімдерінің сараптамасы мінез-құлық аспектілерімен байланысты сипаттамалардың бар екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде дарынды балалардың ерекшеліктері мен биімділігін және мінез-құлқын сипаттайтын бірнеше тізімдер бар.

Мысалы, әлемге әйгілі Б. Кларктың кітабында дәл осындай бес тізім бар. Олар баланың ойлау, шығармашылық қабілеттерін және өнер саласындағы (ән, би,

драма т.б.) қабілетін сипаттайды. Баланың шығармашылық дарындылығының сараптамалары нәтижесінде мына сипаттамаларды атап айтуға болады:

Л. Нарықбаева, С.И. Қалиеваның: «Адам іс-әрекеттің әлеуметтік маңызды сферасындағы жоғары жетістіктер оқушының дарындылығына байланысты болып табылады», – деген.

Дарын деген не? Талант деген не? Неліктен бұл мәселе дәл қазір көтеріліп жатыр, бұған дейін әлде бұл мәселе көтерілген жоқ па еді деген сауалдар қойып, оған жауап беріп көрейікші.

Бұрынғы кезде жалпыға бірдей орта білім беретін мемлекеттік оқу жоспарын жүзеге асыратын, бірдей оқулықтармен, бағдарламалармен жұмыс жасайтын оқу ордасы болып табылды. Ал балалар-сан алуан. Өйткені, олардың қабілеті, икемі, қызығу, тіпті алдына қойған мақсаты мен денсаулығы да, дамуы да, ой-өрісі мен сөйлесуі де, сыртқы бейнесі де әр түрлі.

Ал осы қасиеттер бастауыш сыныптарда көп байқала бермейді, байқалса да оның орнын әр түрлі үйірмелер, сыныптан тыс жұмыстар мен жеке оқушымен жұмыс жасау арқылы толтыруға болады. Жоғары сыныптарда құрамы әр түрлі балалармен жұмыс істеу, әрине, қиын. Ал бұрында оқу-тәрбие үрдісіндегі жеке баланың қабілетін ескеріп жұмыс жасау «саралап оқыту» деп аталды.

Ендеше жақсы тәсілдермен дарынды, талантты балаларды дұрыс таңдап алдық дейік, олай болса, бүгінгі мәселе «Дарынды, талатты балаларды қалай оқыту керек?».

Дарындылықтың дамуын зерттеуде оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде анықталатын жалпы дарындылықтың және нақты әрекет (музыка, спорт, т.б.) түрінде байқалатын арнайы дарындылықтың анықталуы өте маңызды.

Барбара Кларк: «Дарынды балалар деп-қандай ортада болмасын кез келген істі жоғары деңгейде атқара алатын, күнделікті қарапайым мектеп бағдарламасынан өзгеше оқыту бағдарламасын қажет ететін балаларды атайды. Бұл оқыту олардың қабілеттерінің төмендеуін емес, керісінше, одан әрі дамуын, өсу ықтималдығын қамтамасыз етеді», – дейді.

Дж. Рензулли: «Шығармашылық дарындылық белгілері байқалатын балалар стандартты оқыту бағдарламасынан тыс кеңейтілген деңгейде оқыту мүмкіндіктерін қажет етеді» – деп көрсетеді [3].

Соңғы жылдары зерттеушілер талант пен дарындылықтың өзінен өзі пайда болып, жол табатындығы туралы пікірлердің қателігін көрсетті. Дарынды балаларды оқытып, ерекше көңіл бөлмесек, оларды жоғалтып, алу қаупі пайда болады.

Дарынды балаларды арнайы оқыту немесе бағдарламалар тиімділігін арттыру үшін дарынды балалар үшін жасалған бағдарламалар нағыз «лаборатория» және оқытудың алдын алу тәжірибесі болып табылады. Аталған зерттеулер нәтижесін дәстүрлі оқыту үрдісінде қолдануға болады. Дарындылар үшін көптеген арнайы бағдарламалар түйіні болып табылатын еңбектерді қабылдау барлық оқушыларды дамыту мақсатында оқу үрдісіне қосылуы маңызды. Сонымен, бүгінгі таңдағы дарынды балаларға арналған бағдарлама – балалардың көпшілігі үшін жарқын болашақ бағдары болып табылады деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030 / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: Білім, 2007.
2. Лейтес С. Размышление о гуманной педагогике / С. Лейтес. – М., 1998.
3. Ризулли Д.Ж. Психологическая наука и общественная практика / Д.Ж. Ризулли. – М.: Знание, 1994. – 245 с.
4. Выготский Л.С. Формирование приемов умственной деятельности и умственное развитие учащихся / Л.С. Выготский. – М.: Просвещение, 1988. – 288 с.
5. Қасымжанов А. Адам қабілетін жедел дамыту шарттары / А. Қасымжанов, А.Ж. Келбұғанов. – Алматы: Ана тілі, 2009 – 246 б.
6. Занков Л.В. Общество и способности человека / Л.В. Занков. – М., 2003.
7. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. – Алматы: Санат, 2003.

Развитие творческой одаренности учащихся

Ш.А. Казизова

учитель начальных классов СОШ им. К. Камзина,
с. Жолкудык, Алгабасского сельского округа, г. Аксу

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы выявления ранней одаренности детей и методы работы с ними. Наряду с этим описываются пути формирования и развития творческой одаренности детей.

Ключевые слова: вундеркинд, способность, творчество, одаренность, новая технология, мастерство, приемлемость, современное образование, система.

The development of creative abilities of students

Sh. Kazizova

Primary school teacher Secondary school n. af. Kamzin K.
Zholkudyk v., Algabas rural district, Aksu

Summary

In this article, the problems of detection of early gifted children and the methods of work with them are considered. Along with it, the ways of formation and development of creative abilities of children are described.

Keywords: child prodigy, ability, creativity, talents, new technology, skills, acceptability, modern education, system.

УДК 37.035.6

ОТБАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮЛГІСІ

Г.Ж. Курумсинова

*«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» ММ Кешенінің бастауыш сынып мұғалімі,
Павлодар қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада қазақ халқының көпбалалы отбасында ұлттық қасиеттерді қалыптастырудың педагогикалық үлгісін жасау үшін зерделеген білімдер жүйесін жинақтап, қысқаша нұсқасы бейнеленген.

Ұлттық тәрбиенің тарихы мен оның маңызын, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әсерін ескере отырып, бұл мәселе ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қарастырылған.

Тірек сөздер: ұлттық қасиеттер, ұлттық тәрбие, моральдық нормалар, қоғам, отбасындағы тәрбие.

Қазақ халқының көпбалалы отбасында ұлттық қасиеттерді қалыптастырудың педагогикалық үлгісін жасау үшін зерделеген білімдер жүйесін жинақтап, қысқаша нұсқасын кесте арқылы бейнелеуге тырыстық.

Ұлттық тәрбиенің тарихы мен оның маңызын, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әсерін ескере отырып, бұл мәселені ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік алдық.

Балабақшада, мектепте тәрбиеге байланысты барлық қоғамдық күштерді ұйымдастыру және біріктіру рөлін атқарады. Ол ішкі тәрбие процесін басқарып

қана қоймайды, тәрбие жұмысының мақсатқа бағыттылығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың, жеке адамның дамуында және қалыптасуында әр түрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктірудің орталығы.

Балабақша іс-әрекетінің ең бастысы-тәрбие түрлерінің (дүниетаным, еңбек, мінез-құлық, эстетикалық және дене тәрбиесі) мақсаттары және міндеттері жүзеге асырылады.

Білім беру мекемелерінде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары көптеп саналады. Олар: ата-аналармен жұмыс; сынып жетекшілерінің және мұғалімдермен, тәрбиешілермен жұмыстары. Осы жұмыстардың барлығына тәрбиешілермен мұғалімдер басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті адамдармен, ұйымдармен бірігіп іске асыруды қамтамасыз етеді.

Тәрбие жұмысында, әсіресе, жеке адамның жоғары моральдық қасиеттерін қалыптастыруда, адамгершілік сезімін, эстетикалық талғамын дамытуда қоғамдық тәрбие жұмыстарының алатын орны ерекше. Олардың ынтымақтасып істейтін жұмыстарының негізгі бағыттары: педагогикалық ұжым, ата-аналар комитеті тәрбие жұмысының жоспарын жасап, оны басшылыққа алады.

Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің негізі болып табылады. Сондықтан ол адам үшін ең жақын әлеуметтік орта.

Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық тәрбие өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Ол бала тәрбиесі жөніндегі балабақшамен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Өйткені, бала тәрбиесінің отбасында, балабақшада мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.

Қазір ата-аналар және қалың бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуде болымды әсер етеді. Ата-аналардың тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуына ықпалы, олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру балабақша, мектеп алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени – әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-көніс тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу.

Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Ата-ана балаларына жақсы тәрбие беруде қоғам алдында жауапты. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың балаларының өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сіңімді және негізді. Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Ана-бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға.

Тәрбиенің негізі «Ананың әлдінен» басталады. Абай қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен жаралған» деген ғұламалық ойды тарата келе, ол қасиеттердің міндетті түрде тәрбиеленуі қажеттігі туралы айтады. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке – бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Адам баласының өмірдегі ең асылы – бала. Баланың барлығы талантты, шығармашыл.

Ғалымдардың айтуынша әр баланың бойында барлық білімді меңгеретін күш бар. Олай болса, неге олардың көпшілігі әлсіз, қабілетсіз тұлға болып шығады. Жер бетінде жолы болмайтын, ешқандай қабілеті жоқ адамдар қайдан шығады? Балалардың көпшілігі есейгенде өзін толыққанды адам ретінде көрсете алмайды. Ата-аналар бала тәрбиесінде жеткілікті біліммен қамтылмаған. Олар өздерінің әкесінің, атасының, анасының, әжесінің жолымен жүреді. Солар жіберген қателіктерді қайталайды. Өнеркәсіпте немесе қоғамның басқа саласында қателік кетсе, ол тек материалдық шығын әкеледі. Баланың тәрбиесінде ата-анаға көмектестін бірден-бір орын – мектеп.

Отбасы халық тәрбиесінен үнемі нәр алып отырады. Халық тәрбиесі – отбасы тәрбиесінің негізгі бастауы. Ұрпақтары бұл тәрбиеден нәр алып, бала бойына сіңіреді.

Отбасы, барлық, уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі-ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның бір тұрақты әлеуметтік орта ретінде анықталады, ол жанұя мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, тұрмыстық өмір.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтану жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік – саяси құндылықтар беріледі.

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым.

Нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасыда айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану.

Өркениетті қоғам дамыған сайын отбасындағы бала саны азайып келеді. Аз балалы жанұяда, негізінен бір баласы бар отбасыда, ішкі отбасылық тәрбиенің ең басты жағдайы жоқ, ол- балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік жақтарының басым болуы.

Толық емес отбасында, ата-анасының біреуі жоқ болған отбасында тәрбиелік мәселелерді шешуде кейбір адамгершілік – психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай жанұялардың көбінде ана және бала ғана болады.

Отбасы тәрбиесінің проблемасы-ананың отбасы тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады.

Отбасы тәрбиесінің проблемасы-ананың жанұя тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады.

Микроклиматы жағымсыз, жанұя өмірі ұрыс-керіске, ата-ананың бір-біріне, балаларына деген шағымдарына, айқай-шуға, қорлық сөздер мен іс-әрекетерге толы жанұяларда өте маңызды тәрбие проблемалары туындайды.

Ата-ана құқығынан айрылғалы тұрған ата-аналар әлеуметтік және педагогикалық проблемалар тудырады. Мемлекет олардың ата-аналық құқықтарынан айырғанда балалардың мақсат-мүддесін басшылыққа алады. Алайда бұл ретте өмір сүру мен дамудың маңыздылығы кемиді. Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жеке меншіктің пайда болуына, женке адамның мүмкіндігінің тууына байланысты материалдық жағынан ауқатты жанұялар пайда бола бастады. Мұндай отбасында тәрбие белгілі бір проблемаға кездеседі. Көбінесе бұндай отбасындағы бала балалық ұжымдардан алшақ болады, оның ерекшелік

сезімі қалыптасып, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмі тууы мүмкін.

Отбасының жоғары материалдық ауқаттылығы (материалдық жағдайының төмен болуы да) отбюасы жұмысын ұйымдастыруда қолаңсыз жағдайлар туғызады. Мектеп отбасы әдістемелерін нақтылап, оның кемшіліктерін түзете отырып, бұл проблемаларды жеңуге тырысу.

Алайда, қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бала тәрбиесінде қиыншылықтар туғызып отыр. Ата-ана отбасы тәрбиесінің маңыздылығы баланың құндылық бағыттарын, оның моральдық қасиеттерін қалыптастыру

Баланың өмір сүру, тіршілік ету және салауатты даму құқығын жариялай отырып, баланың жеке тұлғалық дамуында өзінің дербестігін, даралығын сақтау құқығына ерекше көңіл бөледі. Сондай-ақ, баланың ата-анаға деген құқығы да ескеріледі. Ата-ана «баланың мақсат мүддесі үшін қажетін» орындамаған жағдайда ғана өз құқықтарынан айырылды.

Отбасының тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері. Отбасы тәрбиесі туралы алғашқы педагогикалық түсініктер мен идеялар халық педагогикасында пайда болған. Педагогикалық ғылымның дамуы барысында отбасы тәрбиесінің мәселелері нақты ғылыми-теориялық және әдістемелік мазмұнға ие бола бастады.

Қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде баланың отбасыдағы қарым-қатынасындағы қызмет-әрекетін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын құру, мектеп пен отбасы ара қатынасы т.б. мәселелері қамтылған.

Отбасының тәрбие өмір салты, оның барлық құрылымдық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені олардың мақсат-міндеттері ортақ іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдері, әдістері және бағыттылығы бар.

Баланың отбасында орындайтын тапсырмалары оларды орындауға қатынасы. Баланың отбасындағы орындайтын тапсырмалары оның деңгейі педагогикалық процестің бірлігі. Бұл деңгей арқылы ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін; ата-ана мен бала арасындағы қатынастың сипатын; бала тәрбиесіне әсер ететін отбасының мақсатты адамгершілік бағыттарын; баланың отбасындағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін; ата-ананың тәрбие құралдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалана алу қабілеттерін; баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады. Ата-ананың тәрбие жұмысының сапасын баланың күн тәртібін ұйымдастыруынан көруге болады, онда отбасы тәрбиесінің маңызды ерекшеліктері көрініс табады, отбасының әдет-ғұрыптарының бір бөлігі болып табылады.

Күн тәртібі баланың уақыт аралығындағы іс әрекетінен тұрады: дене және еңбек қызметі, ой белсенділігі, бьос уақыт, дер кезінде тамақтану, гигиена, ұйқы. Оларың ара қатынасы баланың жасына, оның жеке тұлғасының психикалық

ерекшеліктеріне және тілек-қалауларына байланысты өзгеріп отырады. Баланың бос уақыты оның күн тәртібінің құрамды бөлілігі болып табылады. Баланың бос уақытын пайдалануы, оның іс-әрекетінің көрсеткіші.

Отбасының бос уақыттағы бірлескен іс-әрекетінің оқушы үшін маңызы өте зор. Отбасы мүшелерінің өзара әрекеттестігі ретінде, түсінсіну, сезім әсерлері негізіндегі бір біріне ықпал етуі. Қарым-қатынас кезінде іс-әрекетпен, тәжірибемен, сезім әсерлері қатар жүреді.

Педагогикалық процестің қызметіндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, оның жеке тұлғаның өмірлік болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете отырып, оның нәтижелілігі баланың белсенділік дәрежесі. Ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады. Олар жеке тұлғалық мән беріп, көзқарастардың дамуына, балалардың мінез-құлқына, олардың адамдарға деген қатысына әсер етеді. Отбасындағы өзара қатынас сипаты әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбие – нұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоционалдық деңгейімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады.

Отбасының тәрбиесіне сипаттама. Отбасындағы бала тәрбиесінің жетілуі әлеуметтік-педагогикалық және материалдық сипаттағы көптеген жағдайларға байланысты. Олардың бірі-бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ынтымақтастық қарым-қатынасы. Бұл ара қатынас отбасының педагогикалық процесінің күйі туралы ақпарат болған жағдайда ғана жемісті бола алады.

Отбасында оқушының күн тәртібі сақталады, оның өмірі әртүрлі іс-әрекетке толы. Отбасындағы ара қатынас демократиялық тұрғыда негізделген. Бұндай отбасыларда өзара түсіністік және қамқорлық рухы басым; балалардың әкесі мен анасының қызметі жайлы хабары бар, олардың қиыншылықтары мен жетістіктерін де біледі; баланың балабақшадағы жағдайы да отбасыда еркін талқыланады, ата-ана баланы жүйелі оқу іс-әрекетіне үйретеді, күн тәртібін дұрыс құруға көмектеседі, оқуда қиыншылықтар туған кезде көмек көрсетеді, әкесі мен анасы баланың бос уақытында көңіл бөледі; баланың бос уақытын ұйымдастыруына қатысып, оған мақсаттылық пен тиімділік элементтерін енгізеді.

Отбасыларда бірігіп істелінген еңбек, табиғатқа саяхат, спорттық шаралар, кітап оқу-күнделікті және жиі болып тұратын құбылыстар. Ата-ана баланы дұрыс педагогикалық мәдениетке бағыттап оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне әлеуметтік – жауапкершілігін түсінеді. Ата-аналар отбасы айтарлықтай түзетулерді керек етпейді.

Орташа деңгейде отбасының педагогикалық процесі, жалпы алғанда, қанағаттанарлық күйде, алайда кейбір элементтері, белгілі бір мөлшерде, түзетуді қажет етеді.

Ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараса да, олардың педагогикалық мәдениеті жеткіліксіз: олар көбінесе тәрбиеде аз әдістерін қолданады, үй тапсырмасын тексеру анда-санда ғана жүргізіледі. Балалар белсенді, бірақ жеткілікті ұйымдаспаған және мақсаттары анық емес. Отбасы сипатындағы ортақ нәрсе-педагогикалық процесті ұйымдастыруда әртүрлі қиыншылықтардың болуы.

Ата-ана баланың оқу іс-әретіне көңіл бөлгенімен, олардың тиісті педагогикалық мәдениеті жоқ. Оқудың маңыздылығын мойындай отырып, олар баланы күштеу және қатал бақылау арқылы оқуға мәжбүрлеуге тырысады. Баланың оқуға деген қызығушылығын дам, балаға көмек көрсету ата-ана үшін қиындық туғызады. Олар: сондай-ақ, баланың іс-әрекетін ұйымдастыру қажет. Бос уақытты бірге өткізу кездейсоқ болады. Онда жүйелілік пен педагогикалық бағыттылығы жоқ.

Негізгі отбасындағы тәрбие ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Отбасындағы тәрбие тірегінің дұрыс қалыптасуына әр түрлі себептер болады. Олардың ең маңыздысы ата-ананың өз міндеттерін, жауапкершілігін шын мәнінде сезінуі:

– Ата-аналардың бірін-бірі құрметтеуі арқылы отбасы өмірінің бірлігін ұйымдастыруы;

– Балаға деген сүйіспеншілік пен оған қоятын талаптардың ақылға сыйымдылығы шамадан тыс еркелету;

– Баланың мінез-құлқы ерекшелігімен санаса білуі т.б.

Б. Момышұлының «Адамның ең үлкен қуанышы бала сүю», В.Г. Белинскийдің «Ата-аналар балаларына сыйлы болуға тиіс. Бірақ сый-сыяпат сүйіспеншіліктен туындауы қажет» деген ойлары, халық даналығы: «Жігітті тәрбиелеген-әскерді тәрбиелейді. Қызды тәрбиелеген – ұлтты тәрбиелейді» деген қанатты сөздер бекер айтылмаған.

«Қазіргі балаларға әдебиет оқыта алмаймыз, үйдегі бос уақыттары теледидардың алдында өтеді. Сондықтан тәрбиешіге, мұғалімге де, ата-анаға да баланы өзіне тартып баурау арқылы ғана тәрбиелеу қалып отырған сияқты, ал баланы баурау үшін мұғалімге де, ата-анаға да үлкен білім шеберлік керек. Сол кезде ғана бала саған табынады».

Тәрбие жалпыға ортақ қасиет. Адамзат баласының ортаға қалыптасуына өзін өзі реттеуіне, рухани жан дүниесінің өсуіне тікелей ықпал ететін кең мағынада қолданылатын рухани байытушы және жаңартушы.

Әдебиеттер

1. Қалиев С. Қазақтың тәлім – тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері / С. Қалиев. – Алматы, 1996. – 60 б.

2. Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі / Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Жазушы, 1995. – 352 б.

3. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі / С. Қалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 85 б.

Педагогическая модель формирования национальных качеств в семье

Г.Ж. Курумсинова

учитель начальных классов, «ГУ Комплекс «Музыкальный колледж – музыкальная школа-интернат для одаренных детей»,

г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В данной статье, собрав исследовательские образовательные системы, представлена краткая версия педагогической модели по формированию национальных качеств в многодетной семье казахского народа. Эта проблема рассмотрена с научно-практической точки зрения, принимая во внимание социально-экономические ситуации, историю национального воспитания и его значение.

Ключевые слова: национальное качество, национальное воспитание, моральные нормы, общество, воспитание в семье.

National pedagogical model of the formation of the qualities of the family

G.Zh. Kurumsinova

Primary school teacher, «SI Complex «Musical college – musical boarding school for talented children»

Pavlodar, Kazakhstan

Summary

This article is designed as a short version of the issue of knowledge system to create national pedagogical model of the formation of the qualities of the large Kazakh family. The story and the importance of the national education, taking into account the significance of the social-economical conditions all these problems are provided and practical approach.

Keywords: national qualities, national education, moral norms, society, education in the family.

УДК 376.5

ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*Г.Б. Қусаинова**№33 жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,
Екібастұз қ., Қазақстан**Аңдатпа*

Мақалада қиын балалармен жүргізілетін жұмыстардың педагогикалық, психологиялық ерекшеліктері көрсетілген. Оқушының жан-жақты тәлім тәрбие алуға, олардың ішкі қасиеттерін анықтап, дарынын шыңдап, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағына қандай жағдай жасауы керек екені қарастырылған.

Тірек сөздер: қайта тәрбиелеу, қиын балалар, отбасы, салт-дәстүр, қарым-қатынас, мінез-құлық, психологиялық жағдай.

Тәрбие отбасынан басталады. Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі ұрпақ тәрбиелейтіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы – отбасында қарым-қатынасты орнату. В. Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына, ой-өрісінің кеңейуіне көңіл бөлуді және балалардың 3–4 сыныптарға дейін бірқалыпты, тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығынан түсіндіреді. Ересек кезең-бала тәрбиелеудегі ең қиын кезең екендігін айта келіп, ата-аналарды баламен сырласуға шақырады.

Отбасындағы қоғам мен мемлекет, тіпті күллі адамзат алдындағы атқаратын қажеті сан-қырлы. «Отан отбасынан басталады» десек, адам тәрбиесі – отанды сүю, өмірге құштарлық, сұлулық тану бала кезден жанұяда басталатыны баршаға аян. М. Жұмабаев: «Тәрбие-баламен сөйлесумен, оған ақыл кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие-тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі – өнеге көрсетуінде», – деген [2].

Қиын жасөспірімдердің жеке қайта тәрбиелеу барысында да қиындықтар да көп кездеседі. Мысалы, кей бала тәрбие ықпалын қабылдамай, бірдей қарсылық көрсетеді. Орта есеппен алғанда тәрбиеленушілердің 15–20%-ға жуығы педагогикалық тұрғыдан жасалған ықпалға қарсы күресуге әзір.

Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал. Ата-ана отбасындағы

үлкендерді сыйлап, құрметтесе, кішілерге қамқор болса балада сондай болуға ұмтылады.

Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені белгілі. Л. Керімов қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған зерттеулерінде, ең алдымен, отбасындағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады. Баланың жетіліп қалыптасуына отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, оқушыға қиын атануға алып келетін ата-аналардың балалармен, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасындағы бірнеше кемшіліктерді көрсетіп берген. Бұл қиындықты шешудің негізгі бірден бір жолы-отбасындағы ізгілікті қарым-қатынасты орнату. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болу керек [3].

Ғалым педагог И. Гребенников отбасы қызметін 5 топқа бөлді: ұрпақ жалғастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, және қарым-қатынастық, бос уақытта демалысты ұйымдастыру. Демек, отбасында ата-ана осы қасиеттерді барынша бірігіп, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімді психологиялық жағынан әдіс-тәсілден хабардар болса, отбасындағы ахуал ерекше болмақ.

Оқушының жан-жақты тәлім тәрбие алуға, олардың ішкі қасиеттерін анықтап, дарынын шыңдап, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағына жағдай жасауымыз кажет.

Тәрбие күшіне ену дегеніміз – өз жұмысына, ісіне сену. Себебі, нағыз сенім бар жерде ғана, нағыз еңбек тәртібі бар. Ұстаз бен оқушының өзара түсінігі, оқушыға сенім көрсету, іс-әрекетке ерік беру, көтермелеу, адамгершілік қасиетін танытуда, өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасау. Ең бастысы тәрбие ісінің нәтижесін бағалап, оны іске асырудың сұрақ-жауап, дәстүрлі бағалау, ұстаз бен оқушының пікірлесуі арқылы іске асыру.

Қиын оқушының пайда болуына себепті факторлар: отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, тұрмыстағы ұрыс-талас, дау-жанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата-ананың біреуінің болмауы т.б. қоғамдық ұйымдармен жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың әсіресе, оқушылардың тұратын аудандарында күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден-бір себепті болатын және жағымсыз жағдай туғызатын отбасы тәрбиесі. Оның басшылары: баланың күнделікті жүріс-тұрыстарын қадағалап, оның көзінше арақ-шарап ішпеу, ұрыс-керіс шығармау. Жастайынан еңбектену, әдет-дағдыларын қалыптастыру баланың отбасы мүшесі болып кетуіне себепші болады.

Халқымыздың рухани мұраларының бірі – салт-дәстүр. Сол арқылы ұрпаққа адалдық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім- тәрбиенің беретіні ежелден белгілі. Жасөспірімдердің нашақорлықтан, ұрлықтан, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиетінің рухын ұялатуға берері көп. Ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен отбасы мүшелері-

нің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, терең еңбегімен балаларына үлгі өнеге көрсеткен.

Қиын балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде талаптар қойылуы керек. Одан педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, әрбір оның баланың бейім қабілетіне, мінез-құлқына сай оңды шығармашылық қасиеттерін ұйымдастырып отыру керек. Қиын балалармен жұмыс істеудің тағы бір әдісі – олардың көшедегі жолдастарымен жағымсыз байланыстарын түзеу.

Осы әдісті іс жүзінде асырудың бірнеше жолдары бар. Соның бірі тұрақты мектебін ауыстыру, ата-ана, мектеп инспекция қызметкерлерінің күшін біріктіре отырып, көшедегі жолдастарының теріс ықпалдарынан бөліп әкету қажет. Сонымен бірге қиын баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсерлі әрекет ету.

Тағы бір әдіс- қиын баланың бағдарын, мақсаты мен міндетін қайта құру. Бұл әдістің құндылық мәні- оқушы қателігін түсіну өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасына түсінік береді. Мектептегі нерв жүйесі нашарлаған қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізу көптеген қиындықтар туғызады. Өйткені, әрбір оқушының өзіндік өзгешеліктері бар.

Әрбір отбасындағы бала тәрбиесі өте күрделі іс. Онымен үнемі жұмыс жүргізіп отырады. Ата-ана бала тәрбиесінде мына мәселені басты назарға алу керек:

1) Бала қоршаған ортамен танысып, баланың болашақ сәтті өмірін қамтамасыз етудегі отбасының рөлі;

2) Баланың мейірімді сүйіспеншілікке тәрбиелеу әке-шеше тарапынан қолданылатын басқа ықпалдарын байқау;

3) Бала тәрбиесінде ұлы ғұлама В. Гете даналығынан бірер сөзді ереже ретінде алсақ, егер біз адамды сол күйінде қабылдайтын болсақ онда, оларды тәрбиеден алыстатқанымыз;

4) Ата-ана өзіміз мінез бітістерін алдын ала отырып отбасындағы тәрбие дағдысын болдырмау;

5) Балаға қатал ниетті өтініш әсерін күшейте түсу жолында ата-ана жағынан ауытқуларға жол бермеу;

6) Отбасылық тәрбиеден баланың дағдарысқа ұшырамауын қамтамасыз ету;

7) Баланың айналысып жүрген жұмысымен хабардар болып оны үнемі қадағалау;

8) Бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді толықтыру, оған жол бермеу әр түрлі жұмыстар жүргізу;

9) Ата-ананың әлпеші балаға кері әсерін тигізбеу керек;

10) Отбасындағы өшпенділік орын алмау керек;

Балаға берілетін отбасындағы тәрбие жан- жақты пайдалы анық нақты болуын толық қамтамасыз ету керек. Қ.Р Ата заңының 27-ші бабының 2-ші тармағында

балаға қамқорлық жасау оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы делінсе, Қазақстан – 2030 бағдарламасында: «әкелердің, аналардың, аталардың, әжелердің өз балаларының немерелері алдындағы жауапкершіліктерін күнделікті есте ұстау туралы ескертілген бұдан әр бір ата-ана перзентінің әдепті саналы иманды да ибалы отанының сүйікті кішіпейіл азаматы болып жетуіне қоғам алдында өз жауаптылығын түсінуі керек».

Әдетте балаларды қиын бала деп атау қылатын қиын бала жасаған бұзақылықты бірнеше топқа бөліп қарастырады.

А) мектептегі бұзақылық;

Б) қоғамдағы бұзақылық;

С) денсаулығына байланысты бұзақылық;

– топқа күнделікті мектеп режимін бұзатын, оқығысы келмейтін, мектепте ойнақтап жүретін, кішігірім ұрлықтар жасап, темекі тартып, арақ ішетін оқушылар жатса;

– топқа осындай ерекшеліктермен қатар қоғамдық орындарда бұзақылық жасап, қоғам мүлкін тонап, қоғамға зиян тигізетін балаларды жатқызуға болады;

– топқа денсаулығы нашар, ақыл-ойы өз жасына қарай дамымаған, жүйке жүйесі әр түрлі ауруларға ұшыраған жасөспірімдер жатады. Әдебиетті талдау ба-рысында тәртібі нашар балалардың шығу себептері мынадан саналады.

Біріншіден, бұған қоғамдық жағдайлар мен өміріндегі тұрмыс жағдайлар себепші болады.

Екіншіден, баланың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктерін психологиясының өзгеше қалыптасуы мен немесе қалыпты нормадағы ауытқуы, үшіншіден, педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауы.

Бұзақылыққа бейім болатын жасөспірімдер тәрбиесінің ата-ананың жіберетін қателіктерінің әр түрлі екенінде байқалады.

– әлеуметтік жағдай, бақылаусыздық, назардан тыс қалу, бос уақыттың болмауы т.б.

– Психологиялық жағдай, баланың жас кезіндегі педагогикалық тәрбиенің дұрыс қалыптаспауы, оларды қайта тәрбиелеудегі асығыстық балаға балдырған кезден қатал болып, ал жеткіншек кезінде айтқанды орындамауы, бала жасынан толық мүмкіндік беру.

Бұдан басқа ата-анамен отбасындағы, келіспеушілікті өз жауапкершілігін терең сезінбеуі, бала қабілетімен санаспау, сенім білдірмеу, мінез-құлқын ескермеу, ұлттық тәрбиенің болмауы сияқты себептер баланың бұзылуына әсер етеді. Сондықтан мектепте ата-ана арасындағы байланысты әлсіздікті мектепте сынып жетекшінің, баланың педагогикалық психологиялық даму заңдарын ескермеуі, жас ерекшеліктеріне қарай зерттеу.

Күнделікті оқушымен сөйлесіп, ақыл кеңестер беру, бақылау, пікірлесу, оқып келуге тапсырмалар беру жұмыстың оң нәтиже беруіне көмектеседі. Оқушылардың әр түрлі тақырыптарда оқып келуге тапсырмалар береді.

Оқушылар өздерінің ойларын еркін айтып, оқыған кітаптарынан үлгі алатындай, тәрбиелік мағынасы бар мәліметтер алады. Әрбір оқушының өз пікірімен бойындағы қасиеттерімен санаса отырып тәрбие жұмысы жүргізіледі. Тәрбиесі қиын жасөспірімдердің жақсы қасиеттерін дамыта отырып оларды өзін-өзі тәрбиелеуге машықтануға ұжымдық және қоғамдық бағыт-бағдарына өзгерістер енгізуге болатынын жүргізілген тәжірибе нәтижелері толық көрсетіп берді. Мектептегі аталған қиын оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыста болу керек. Күнделікті оқушыға көңіл бөлу, олармен ақылдасу, пікірлесу оқушының көңіл-күйіне жақсы әсер ететінін көрсетті.

Әдебиеттер

1. Ананьев Б.Г. *Проблемы подросткового возраста* / Б.Г. Ананьев. – 2004.
2. Жұмабаев М. *Педагогика* / М. Жұмабаев. – Алматы, 1990.
3. Керімов Л.К. *Қиын оқушыларды тәрбиелеу мәселелері* / Л.К. Керімов, И.Б. Мадина. – Алматы, 1996.
4. Әбенбаев А. *Тәрбие теориясы мен әдістемесі* / А. Әбенбаев. – Алматы, 2004.
5. Хамитова Р. *Әлеуметтік педагогика* / Р. Хамитова. – Алматы, 2006.

Психолого-педагогические особенности работы с трудными детьми

Г.Б. Кусаинова

учитель начальных классов, СОШ №33, г. Экибастуз, Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются психолого-педагогические особенности работы с трудными детьми. Проанализированы аспекты всестороннего развития и воспитания школьника через выявление личностных качеств и создание условий для достижения поставленных целей.

Ключевые слова: перевоспитание, трудные дети, семья, обычаи, традиции, взаимоотношения, психологические условия.

The psychological and pedagogical features of work with problem children

G. Kusainova

Primary school teacher,

Secondary school № 33 of Ekibastuz, Kazakhstan

Summary

In the article, the psychological and pedagogical features of work with problem children are considered. Aspects of thorough development and education of the school student through the identification of personal qualities and creation of conditions for achievement of goals are analysed.

Keywords: re-education, problem children, family, customs, traditions, relationship, psychological conditions.

УДК 517.2: 378.14

МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ КАК ОДИН ИЗ ПУТЕЙ
ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРИКЛАДНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ
ПРЕПОДАВАНИЯ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ

Б.А. Найманов

*кандидат педагогических наук, профессор кафедры математики и физики,
Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, Казахстан*

А.Б. Найманова

*старший преподаватель кафедры математики и физики,
Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, Казахстан*

Аннотация

В статье приведена методика преподавания дифференциальных уравнений с использованием математического моделирования. Здесь также выявлены пути совершенствования прикладной направленности курса «Дифференциальные уравнения» в педагогическом институте.

Ключевые слова: дифференциальные уравнения, математическая модель, моделирование, прикладная направленность, метод обучения.

Для разработки методики преподавания дифференциальных уравнений с использованием моделирования как метода обучения необходимо, прежде всего, определить гносеологическую сущность этого общенаучного метода познания, выявить особенности его применения в математических исследованиях.

С этой целью в данной статье будут рассмотрены следующие вопросы:

1. Сущность моделирования как общенаучного метода познания.
2. Виды и функции моделей в научных исследованиях.
3. Цели применения моделирования.
4. Особенности математического моделирования и основные этапы построения моделей.

Для составления математических моделей используются различные математические средства, в частности, дифференциальные уравнения.

Математическое моделирование является мощным методом познания внешнего мира, используемым в естествознании.

При построении математической модели учитывают лишь отдельные свойства рассматриваемого объекта, явления, не беря во внимание другие свойства. «Математическая модель, – пишут А.Н. Тихонов и Д.П. Костомаров, – никогда не бывает тождественна рассматриваемому объекту, не передает всех его свойств и особенностей. Основанная на упрощении, идеализации, она является его приближенным отражением» [1, с. 15].

Л.М. Фридман пишет: «...принцип моделирования в обучении математике означает, во-первых, изучение самого содержания школьного курса математики с модельной точки зрения, во-вторых, формирование у учащихся умений и навыков математического моделирования различных явлений и ситуаций, наконец, в-третьих, широкое использование моделей как внешних опор для внутренней мыслительной деятельности, для развития научно-теоретического стиля мышления» [2, с. 58].

Весьма богатый материал для разбора диалектического характера взаимоотношений между реальными процессами и их математическими моделями представляют дифференциальные уравнения. История развития различных наук показывает, что многие данные по содержанию задачи приводят к одинаковым дифференциальным уравнениям, в результате чего они занимают важное место по своей прикладной направленности.

Универсального метода составления дифференциальных уравнений, пригодного во всех случаях, указать нельзя, можно лишь дать некоторые общие указания эвристического характера. Процесс составления дифференциальных уравнений из геометрической, физической или иной фабулы задачи обычно подразделяют на три типа, в зависимости от ее модели. А именно:

- а) когда модель представляет собой уравнение в производных;
- б) когда модель представляет собой уравнения в дифференциалах;
- в) когда модель представляет собой интегральное уравнение, легко сводящееся к дифференциальному уравнению.

Ситуации, подлежащие материализации, возникают во многих областях знаний, не только в физике, которая давно признана одной из главных областей приложения математики, но и во всех областях инженерного дела, социальных науках и биологии, они приводят к интересным математическим задачам. Биологи, например, строят модели «жертва-хищник», пытаются проанализировать распространение эпидемии, при этом они используют дифференциальные уравнения.

В 1904 году итальянский математик В. Вольтерра предложил первую простейшую модель динамики популяций – модель – хищник – жертва. В основу своих построений Вольтерра положил изучению цепочек пожирания – кто – кого – ест. Модели вольтерровского типа – это законы сохранения.

В тех простых мерах, с которых Вольтерра начал изучение динамики популяции, модели сводились к некоторым системам обыкновенных дифференциальных уравнений, допускающих использование классических методов качественной теории нелинейных дифференциальных уравнений.

Следует отметить, что материал о дифференциальных уравнениях существенно в большей степени, нежели изучение производной и интеграла, связывает математический анализ с приложениями математики, вовлекая в процесс обучения знания, умения и навыки, характерные не только для этапа внутримодельного решения (2 этап), но и этапов формализации (моделирования) и интерпретации. В этом его огромное общеобразовательное значение.

К сожалению, преподаватели курса дифференциальных уравнений зачастую не выходят за пределы второго этапа, то есть за пределы решения математической модели. А это не способствует выработке у студентов навыков математического исследования прикладных вопросов.

В процессе обучения преподаватель педвуза всюду, где возможно, должен отдавать предпочтение тем методическим приемам, которые студент будет использовать в своей последующей педагогической деятельности. Речь идет о таких приемах, как усиление внимания ко всем трем этапам математического моделирования (формализации, внутримодельному решению, интерпретации), преодоление традиции – уделять основное внимание в математических курсах только этапу внутримодельного решения.

Важным научным и методическим условием осуществления принципов профессионально-педагогической направленности обучения в математических курсах педвуза, указывает А.Г. Мордкович в своей докторской диссертации, является обучение будущего учителя математическому моделированию.

Преподаватель пединститута учит будущего учителя математики. Поэтому важно, чтобы будущий учитель математики овладел той конкретной математической моделью, о которой сегодня ему рассказывает преподаватель вуза. Поэтому

«магистральная линия» усилий преподавателя педвуза должна быть направлена на то, чтобы конкретная математическая модель внесла свою лепту в понимание будущим учителем педагогических задач математического образования. К их числу можно отнести совершенствование прикладной направленности курса дифференциальных уравнений [3]. В свете сказанного выше нельзя не отметить методический аспект обучения студентов математическому моделированию.

Правильная ориентация в методологических вопросах математического моделирования позволит студенту лучше понять, что такое математика, как она работает и как применяется, что такое математизация знаний и в чем причина ее большого успеха в наши дни.

Если это значимо в любом вузе, то в пединституте для профессионального воспитания будущего учителя математики, для которого ответ на вопрос, что такое математика и чем она занимается, имеет не только теоретико-философское, но и практическое значение, важно вдвойне. Поэтому в педвузе тезис о том, что математика занимается изучением математических моделей реальных процессов, должен быть не декларативным, а находить постоянные подтверждения [3].

Необходимость осуществления прикладной направленности вузовского курса математики, как и школьного, путем явного введения в содержание образования понятий «математическая модель» и «моделирование» и обучение студентов – будущих учителей элементам моделирования диктуется следующими соображениями.

Во-первых, важнейшей задачей общего образования является формирование у студентов научного мировоззрения. Знакомство студентов с понятием «математическая модель» обучению элементам моделирования раскрывает перед ними связь получаемых знаний с окружающей действительностью.

Во-вторых, осуществление прикладной направленности вузовского курса дифференциальных уравнений путем обучения студентов элементам моделирования существенно меняет отношение студентов к дисциплине и учению, делает их учебную деятельность более осмысленной и продуктивной.

Список литературы

1. Тихонов А.Н. *Рассказы о прикладной математике* / А.Н. Тихонов, Д.П. Костомаров. – М.: Наука, 1979. – 26 с.
2. Фридман Л.М. *Психолого-педагогические основы обучения математике в школе* / Л.М. Фридман. – М.: Просвещение, 1983. – 160 с.
3. Мордкович А.Г. *Профессионально-педагогическая направленность специальной подготовки учителя математики в педагогическом институте: дисс. ... док. пед. наук* / А.Г. Мордкович. – М.: НИИС и МО АПН СССР, 1986. – 355 с.

Математикалық модельдеу дифференциалдық теңдеулерді оқытудың қолданбалы бағытын іске асырудағы бірде бір жолы

Б.А. Найманов

Педагогика ғылымдарының кандидаты,
математика және физика кафедрасының профессоры,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
Павлодар қ., Қазақстан

Ә.Б. Найманова

Математика және физика кафедрасының аға оқытушысы,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
Павлодар қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада математикалық модельдеуді пайдалану арқылы дифференциалдық теңдеулерді оқыту әдістемесі келтірілген. Осы жерде педагогикалық институттағы «Дифференциалдық теңдеулер» курсының қолданбалы бағыттарын жетілдіру жолдары да айқындалған.

Тірек сөздер: дифференциалдық теңдеулер, математикалық модель, модельдеу, қолданбалы бағыт, оқыту әдісі.

Mathematical modeling as one of the implementation ways in applied orientation of teaching differential equations

B.A. Naymanov

Ph.D., professor of mathematics and physics,
Pavlodar State Pedagogical Institute
Pavlodar, Kazakhstan

A.B. Naymanova

Senior Lecturer, Department of Mathematics and Physics,
Pavlodar State Pedagogical Institute,
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

The article describes methods of teaching differential equations using mathematical modeling. It also identified the ways of improving the applied orientation of the course «Differential equations» at the Pedagogical Institute.

Keywords: differential equations, mathematical model, modeling, applied orientation, teaching method.

УДК 37.011.31

ЖАҢА ҒАСЫР ТӘРБИЕШІСІ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

В.А. Аусағатова

*Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған
облыстық қазақ гимназия-интернатының 10 сынып тәрбиешісі
Павлодар қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Бұл мақалада интернат тәрбиешісі қандай болу керек, баламен қарым-қатынас жасау арқылы өзара түсіністікті қалай орнатуға болады, өзара сыйластық деген не – сол туралы тыңғылықты түсінік беріледі. Жаңа заман талабына сай тәрбиеші-ұстаздарға қойылатын талаптар мен заман үрдісі, ол туралы Елбасының халыққа Жолдауында айтылған сөздерден нақты дәлелдемелер келтіре отырып, осы қағиданы басшылыққа ала отырып жұмыс істеген адам ғана «жаңа ғасырдың тәрбиешісі» бола алатыны жайлы айтылады. Оқушы алдында беделге ие болу – қиынның қиыны. Соған жету жолында тәрбиеленушілермен бірлесе сынып сағаттарын өткізіп, нәтижеге жетуге болатыны нақты көрсетіледі.

Тірек сөздер: жаңа ғасырдың тәрбиешісі, баламен қарым-қатынас жасау, өзара сыйластық.

*Ел түзеуді бала тәрбиелеуден бастау керек.
Ахмет Байтұрсынов*

Сегіз әріптен құралған, қарапайым ғана жүк алған, айдарынан жел ескен-«академик», «ақын», «ғалым» деген салиқалы сөздердің қатарынан көрінбейтін; бірақ бажайлап бақылаған адамға атан түйенің жүгін артқан, тұғыры асқақ болмаса да, тағаны тұтас, тұлғасы тамырлы, құдіретті құбылыстың құшағында күні – түні қара жолдың сұлбасынан адаспай, мақсат – мүддесінің мұратын қуалап күн кешетін, талпынған талабы талантымен ұштасып, тәрбие мен тәртіпті мансұқтап жүрген жан өзінің де тұла бойындағы парасатын пайымдап, етектен өрге, ойдан белге, қырқадан қыратқа, тіпті асудан асқарға көтерілгенін байқамай да қалуы мүмкін- ау!.. Бірақ күндер тізбегі мен жылдар ағысында жаныңда жүрген көзі қарақтылар байқамай, бағамдамай қалмайды.

«Тәрбиеші» сөзінің тұлғасы тұтас, тұғыры биік, тамыры терең. Ол балабақшаның күтушісі, мектеп-интернатының бағушысы емес, солай көрінгенімен

сыртқы көз алдау осы мамандықтың ішкі құбылысын көлеңкелеп тұрады. Иә сонымен, «жаңа ғасырдың тәрбиешісі» деген кім?!

«Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында Елбасымыз Н. Назарбаев: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» – дейді. [1] Сапалы білім беру ісінде саналы тәрбиенің де маңызы, шешуші орны салмақты. Адамзат баласы өзі жаратылғаннан бері қарай ұрпағының тәрбиесіне ерекше ден қойған. «Тәрбие басы-тал бесік», «Ата көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» деген ата-лы сөздер ата-бабамыздың ұрпағының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгенін танытады. Көшпенділердің жазылмаған халықтық педагогикасы ізгілікке, еркіндікке, имандылыққа құрылған. Зынданы мен шынжыры, соты мен қараңғы түрмесі жоқ сахарада тәрбие көзі сөз болған. Өткір де орынды айтылған бір сөз қайталауды, ақтауды да, қаралауды да қажет етпейтін әділ үкім болған. Ақын Олжас Сүлейменов те: «Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы – сөз» – дейді. Ұлы Абайдың артына қалдырған мұрасы өз ұрпағына тәлімдік те, тәрбиелік те тағылылымен құнды. Өзінің қара сөзіндегі «Мен ...» деген сөзінің бүгінгі тәрбие үрдісіндегі де маңызы зор. Дана тұжырымы бүгінгі тәрбие үрдісінің де басты ұстанымы деуге болады [2].


Заман өзгерді, заманына сай білім мен тәрбие берудің мақсат, міндеттері, құралдары, жолдары, технологиясы да өзгеруде, дамуда. Жан-жақты дамыған, білімді, тәрбиелі құзіретті тұлға қалыптастыру сынды алдымызда асқаралы міндеттер тұр. Ол ұстаздар мен тәрбиешілерге жаңа тың ізденіспен еңбек етуді талап етуде. 12 жылдық білім беру стандартында құзіреттілік туралы төмендегідей анықтама берілген: «Құзіреттілік оқушылардың іс әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі». Бұл анықтама тәрбие жұмысына да тікелей қатысты. Тәрбие жетекшісі де тәрбие жұмысының әмбебап тәсілдерін, жолдарын меңгеріп, тұлғаны жан-жақты дамыту мақсатында еңбек етуі керек. Оқушының жеке бас ерекшелігін дамыту үшін тәрбие жетекшісінің мына төмендегі мәселелерді шешу айналасында ізденгені жөн.

1. Оқушының өзін-өзі тануы (самопознание).
2. Оқушылардың өзін-өзі анықтауы (самоопределение).
3. Оқушылардың өзін-өзі қалыптастыруы (самоформирование).
4. Оқушылардың өзін-өзі басқара білуі (самоуправление).

Айтуға жеңіл бұл ұстанымдарды жүзеге асыру үшін еңбектенудің қаншалықты күрделі, ауыр үрдіс екенін түсіну қиын емес. Тәрбие жетекшісінің қажырлы еңбегімен қоса терең білімі, іскерлілігі, ақылдылығы, жаңашыл ізденістері шешуші роль атқармақ. Қытайдың дана ойшылы Конфуцийдің: «Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады» – деген сөзінің өміршеңдігін бүгінгі та-

лап дәлелдеп отырғандай. Тәрбие жұмысының бір ерекшелігі тәрбие жетекшісінің тәрбиеленушілерімен бірге өзінің де тәрбиеленіп, жетіліп отыратынында жатса керек. Мысалы, баланың өзін-өзі тануы үшін тәрбиеші оның жолдарын білуі керек, тәжірибеден, ғалымдар еңбектерінен оқып ізденбесең, оны жүзеге асыру мүмкін болмайды. Бүгінгі таң тәрбие жетекшісіне қойылып отырған талап аса қомақты. «Бүгінгі тәрбие жетекшісі кім, ол қандай болуы керек?» – деген сұрақ үнемі өзімді мазалап келеді. Әрине, педагогикалық басылымдар арақідік болса да ол туралы жазып жүр. Педагогика тарихындағы ірі тұлғалардың айтқаны – бір төбе. Кеңестік кезеңнің ірі тұлғасы Макаренконың көп пікірлері жаныма жақын «Беда искусства воспитания в том, что научить воспитывать можно только в практике на примере... Как бы человек успешно ни закончил педагогический вуз, как бы он ни был талантлив, а если не будет учиться на опыте, никогда не будет хорошим педагогом» – деген сөзінің маңызы зор. [3]

Әлемдік білім кеңістігіне ену кезеңіндегі тәрбие жетекшісі қандай болу керек деген сұрақтар жауабын тосуда. Жауабын ғалымдар ізденісінен ғана емес, Макаренко айтқандай тәжірибеден де іздеу керек. Менің сарапшыларым, тәрбиеленушілерім. Олар тәрбие жетекшілері туралы не ойлайды екен соған жүгініп отырамын. Сол себептен де; «Тәрбиеші қандай болу керек?», «Тәрбиеші сенің көзіңмен», «Менің арманымдағы тәрбиешім» тақырыбына ашық сауалнама жүргіземін. Мақсатым жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеу, жауапты кітаптардан емес, алдымда отырған балалардан іздеу, олардың пікірін тыңдау. Жалтақ, қорқақ, өз пікірін ашық айта алмайтын адамдар көп қой. Балаларымды ашық сөйлеуге, тура айтуға баулимын. Сол сауалнамалардағы пікірлер бойынша «Менің тәрбиешім» моделін құрастырдық.



Әрине, балалар пікірінде ғылымилық, бүгінгі талап деңгейі жоқ шығар, дегенмен, олардың жүрегіне үңілу де ғалымның ғылымы. Балаларыммен бірлесе отырып, тәрбиеші моделін құрастырдық. Еркін ойымызға, өзіндік пікірімізге ерік бердік.




Жаңа ғасыр тәрбие жетекшісінің моделі

Келесі кезеңде «Бала тәрбие жетекшісі көзімен», «Жаңа ғасыр балалары» тақырыбында пікірлесу жүргіздік, модель құрастырдық. Бұл модельдерде менің талабым, пікіріме орын берілді.

Модель балаларға таратылды. Үш түрлі тапсырма берілді.

1. Өзіңе ұнаған қасиеттерді белгілеп қой.
2. Қайсысы өзіңде бар, оны да белгіле.
3. Тағы да қандай қасиеттерді қалар едің?

Осы жұмыстардан соң балалармен ашық әңгіме өткіздік. Өзім де, балалар да алдымызға мақсат қойдық. «Мен жаңа ғасырдың тәрбие жетекшісімін», «Мен жаңа ғасырдың оқушысымын» деген атаққа ие болу үшін бірлесіп, ынтымақтастықпен білім аламыз, тәрбиелі боламыз деген қорытындыға келдік. Екі жақ та өзіміз бірігіп жасаған «мәртебеміздің» биігінен көрінуге келістік. Ең алдымен «уәдеде тұруға» мен талаптандым. Маған қарап, балалар да бой түзеуге тырысты. Сабаққа жақсы дайындалдық, сабақ дайындығының тиімді әдіс-тәсілдерінен іздендім. Бос уақытарымызда саяхаттарға шықтық, мұражай, мұрағаттарға бардық, әртүрлі тақырыптарға кештер өткіздік, оларды өнер конкурстарына қатыстырдым, өздерінің қалаған тақырыптарына тәрбие сағаттарын жүргіздік. Қазіргі 10 «б» сыныбым осы жұмыстарды бастағанда 5-сыныпта еді. Мен олардан, олар менен бөлінген жоқ. Жазғы демалыста телефон шалысып, хат жазысып, кездесіп турдық.



Тәрбие жетекшісі

Менің де, олардың да ауырып, емханада емделіп жатқан кездеріміз болды. Сол кездерде де бір-біріміздің жанымыздан табылып жүрдік. Олимпиадаларға, ғылыми жоба қорғауға қатысты, жүлделі орындарды жеңіп алды. Пән мұғалімдерінің де ризашылығын алдық. Тәрбие жұмысының пәрменділігі ең алдымен тәрбие жетекшісі мен балалар арасындағы сенім, ынтымақтастық, тең дәрежедегі қарым-қатынасына байланысты. Сенім, сыйластық, түсіністік – тәрбие жұмыстарының басты ұстанымы.

Қазір инновациялық технология туралы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Өкінішке орай тәрбие үрдісін технологияландыру мәселесі тың қалпында, проблема қалпында қалып тұр. Тіпті «тәрбие» деген сөздің өзіне жаңа мазмұн, жаңа түсінік берудің кезеңі келген сияқты. Тәрбие жұмысы қатып-семіп қалған, өзгермейтін үрдіс емес. Заман талабына сай оның мақсат – міндеттері, әдіс-тәсілдері жаңаруды, жаңғыруды қажет етеді. Орыс ғалымдары қазіргі кезеңдегі тәрбие мәселесіне ерекше назар аударып, әсіресе «әлеуметтік тәрбие» (социальное воспитание) технологиясынан ізденуде [4]. Тәрбие туралы ғалымдар ізденісіне ден қоя отырып, өзімнің азды-көпті тәжірибеме сүйеніп мен де өзіндік пікір айта ала-

мын. Тәрбие-сезім, жүрек арқылы жүретін үрдіс. Ол – тәрбие жетекшісінің бүкіл рухани әлемін, жан жүрегін тәрбиеленушілеріне ұсынды, тәрбиеленушілерінің оны жүрекпен, сезіммен қабылдауы арқылы тұтастықты, ынтымақтастықты, бауырластық, туыскандықты қажет ететін үрдіс. Оның амал-тәсілдері, құралы – тең дәрежедегі сенім, құрмет, сыйлас, түсіністік. Қайнар бұлағы-халық даналығы, бабалар тағылымы, өнер құдіреті, ұлылар тағылымы. Тәрбие ісі – өнер, өз басым оны өнердің бір саласы, яғни педагогикалық өнер деп есептеймін. Осының бәрі бойында бар тәрбиеші жаңа ғасырға лайық тәрбиеші деген пікірдемін.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. *Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан* / Н. Назарбаев. – 2007.
2. Абай. *Қарасөздер жинағы. 1,7,38-қарасөздер.* – 2003. – 7, 21, 98 б.
3. Макаренко А.С. *Қиын оқушылармен жұмыс* / А.С. Макаренко. – 1987. – 104 б.
4. Селевко Г.К. // *Школьные технологии.* – 2002. – №3. – С.15.

Каким должен быть воспитатель нового века?

В.А. Аусагатов

воспитатель 10 класса, областная казахская гимназия-интернат
для одаренных детей им. И. Алтынсарина, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В этой статье широко описывается, каким должен быть учитель школы-интерната, связь с потомками может быть установлена с помощью взаимопонимания, взаимного уважения и глубокого понимания. Новые современные образовательные требования для преподавателей и тенденций, которые заключаются в предоставлении четких доказательств слов в адрес Президента к нации, это работает только с людьми, мы говорим об этом, руководствуясь принципом «учитель нового века». Очень трудно быть авторитетом в глазах учащихся. Чтобы достичь этого результата, воспитатели и ученики проводят классные часы.

Ключевые слова: учитель нового века, взаимопонимание, взаимное уважение

What should be the teacher of the new century

V.A. Ausagitova

Mentor of the 10th grade, Regional Kazakh high boarding school
for gifted children named after I. Altynsarin, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

This article describes what kind of teacher should be at the boarding school, the relationship with the descendants can be established with mutual understanding, mutual respect and deeper understanding. New modern educational requirements for teachers and trends, which is provided with clear evidence of the

words of the president of the nation, it is only with the people we are talking about the principle of «the teacher of the new century». It is very difficult to be an authority in the eyes of pupils. To achieve this result, teachers and pupils have class activities.

Keywords: teacher of the new century, mutual understanding, mutual respect

УДК 37.017.92(574)

ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.М. Альмукашева

*Ақтоғай ауданының Мүткенов атындағы
ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі,
Павлодар облысы, Қазақстан*

Аңдатпа

Мақалада отбасында қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық қасиеттерді қалыптастыру туралы мәлімет беріледі.

Тірек сөздер: отбасы, этнопедагогика, ұлттық қасиет, ұлттық әдет-ғұрып, дәстүр.

Қазақстан Республикасында өркениетті елдер қатарына қосылу жолында саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерімен қатар, білім саласындағы басты мәселе – келер ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылығымен ұштасып жататын елжанды азамат етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Ұлттық мәдениет халықтың ертеден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрлері негізінде жетілгені айқын. Ғасырлар бойы електен еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халқымыздың мәдени салт-дәстүрлерін жан-жақты зерделеп, оның сан қырлы тәлім-тәжірибесін бұқараның жас буынын тәрбиелеуде кеңінен пайдаланудың уақыты жетті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі идеялары туралы «...Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика

жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады», – деп көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым және тәжірибе жетістіктерімен қатар ұлттық рух пен жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып дамытуға жағдай жасау қажеттілігі айтылған [2].

Қазақ баласының парасаттылық, имандылық, нәзіктік, ақылдылық, іскерлік, адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығына аса құнды ұлттық мұралар арналған, Ибн Сина, Әл-Фараби, сонау көне түркі жазуымен тасқа қашап жазған ескерткіш «Орхон-Енисей жазуларынан» бастап, Ержүрек қолбасшы Күлтегін, Білге қаған және түркі тілдес халықтардың бәріне өшпес мұра қалдырған; Ж. Баласағұн, М.Х. Дулати, А. Иүгінеки, Қ. Жалайыри, М. Қашқари шығармаларының отбасы тәрбиесінде орны ерекше.

XV–XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Бұқар жырау, Жиренше шешен, Қазтуған, Сыпыра жырау, Шалкиіз сынды ұлы ойшылдар ұлт ұрпағын білімге, әдептілікке, тектілікке, елін, жерін сүйуге, имандылыққа, намысқорлыққа баулыған тәлім-тәрбиелік идеялар иесі болған.

Ұрпақ тәрбиесіне оның ішінде отбасы тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген, қазақ халқын әлемге танытқан Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Уалиханов; тәлімдік ой-пікірлерімен аса маңызды із қалдырған: Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, т. б.

Қазақ халқының өзіне тән отбасы тәрбиесінің қалыптасуында ертедегі түркі мәдениетінің орны ерекше екендігі белгілі. Осыған байланысты ғасырлар бойы жинақталып, ата-баба тарихынан бізге жеткен отбасы тәрбиесінің мол мұраларын болашақ ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану заман талабы – деп қабылдай отырып, ертедегі қазақ отбасындағы отбасындағы ұлттық қасиеттерді қалыптастыру туралы педагогикалық ой-пікірлердің өзіндік ерекшеліктері мен бүгінгі ұрпақ санасына жеткен әсерін және пікір сабақтастығын жан-жақты жүйелі зерттеу өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз.

Осы тұста ертедегі қазақ отбасы тәрбиесінің сипаты туралы сөз етуде біз бірқатар деректерге сүйендік (тарихи ғұламалар еңбектері, мұрағат материалдары, қолжазбалар, бүгінгі күнгі мамандар зерттеулері және т.б.). Арнайы ғылыми-педагогикалық еңбектерді зерделей келе отбасы тәрбиесінің жекелеген мәселелері Қазақстандық ғалымдардың жетекшілігімен ғылыми педагогикалық институттарда зерттеліп, бүгінгі күнде бұл жұмыстардың ТМД және алыс шетелдердегі ғылыми-зерттеу институттарында да жалғасын табуда.

Қазақ отбасында бала тәрбиесінің мазмұнын толықтыруда отбасының тарихи тағдыры, отбасы жайы, неке жөнінде философиялық тұрғыда жазылған еңбектерге

С.А. Ақтаев, А.Ж. Жақыпова, Э.А. Масанов, Н.С. Сәрсенбаев, А.Т. Төлеубаев, Қ.Ш. Шүленбаев және зерттеулері бар.

Бұл жұмыстарда қазақ отбасындағы бала тәрбиесін қалыптастыру барысы тарихи тереңнен алатындықтан, халықтың рухани құндылық мәдениеті мен ұлттық қасиеттерін салыстырмалы түрде талдауға мән бердік.

Қазақстанда этнопедагогика негізінде отбасындағы тәрбиені ұйымдастыру мәселелерін Б.Р. Айтмамбетова, З. Әбілова, С. Қалиев, Қ.Ж. Қожахметова, Р. Төлеубекова, С. Ұзақбаева және т.б. ғалымдар зерттеген.

Ғалым Х. Арғынбаев өзінің «Қазақ халқындағы семья және неке», «Қазақ отбасы» деген еңбектерінде қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгі жағдайын және оның дамуындағы ерекшеліктерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан шолу жасайды. Сондай-ақ, отбасындағы тәрбие мәселелері қазақтың тұңғыш журналист қызы Н. Құлжанова баланы мектеп жасына дейін тәрбиелеу саласында ата-аналарға арнап көптеген әдістемелік нұсқаулар мен ғылыми еңбектер ұсынған.

Қазақ отбасында балаға тәрбие беру қазақ халқының қоғамдық санасының дамуына байланысты қалыптасқан. Қазақтың көпбалалы отбасы тәрбиесінің маңызы бауырмал, көпшіл, ізетті, төзімді, тіреулі болуы күнделікті тұрмыс тіршілігінде, тектік өрелігінде көрініс тауып отырған. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», -деп татулық белгісін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған [3].

Заман талабына сай, әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдағы жаңа экономикалық қатынастардың пайда болуы, ұлттық тәлім-тәрбиенің жаңғырып, өзгеріп, дамып отыруына әсер етіп отыр. Бұл тұрғыда тарихи, философиялық, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық бағыттағы қазақ отбасы, бала тәрбиесі, отбасы және неке, ұлттық тәлім-тәрбие тақырыптарына ғылыми зерттеулер кеңінен арналған.

Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Сондықтан да ол адамзатпен бірге жетіліп, әр халықтың ерекшелігіне орай түрлі кезендік сипат иеленіп, сан-саналы жолмен дамып келеді. Отбасылық ғұмыр жөніндегі дәстүрлі қазақы ұғымда тарихи көне, ішкі иірімдері мол, күрделі, кешенді құрылым. Оның сонау көне заманнан бергі даму тарихын тұтастай алғанда жалпы адамзат қоғамының даму сатыларымен іштей қабысып жатқанмен, қазақ деген халықтың қалыптасып, дамуындағы түрлі тарихи жағдайларға сәйкес өзінше ерекше болмыс танытады. Бұл ерекшелік жиһанкездер мен ғалымдарды халық өмірін зерттеуге тереңірек тануға ұмтылған зиялы жандарды ежелден қызықтырып, толғандырып келеді.

Отбасылық ғұрып – отбасылық өмірмен тікелей байланысты болып келуінде, яғни адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп үй болуы, ақыр соңында өмірмен қоштасар сәттегі соңғы сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, әрлеп отыруында. Өмір мен өнерді аттастырып, тірлік сәніне айналдырған халық даналығының бұл сырын көрегендікпен танып, көкейіне тоқыған ұлы Абай аса шеберлікпен төрт-ақ өлеңге сыйғызған.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасап, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарағандардың бірі – қазақ халқы. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектері ұлттық тәрбие ісіндегі сәбилік кезден бастап ес біліп, ер жеткенге дейінгі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар үлгілері мен өнегелері баланың өсу жолымен беріліп отырған.

Көпбалалы отбасында қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық қасиеттерді қалыптастыру белгілі бір идеяға бағытталып, жалғасын тауып отырса оң нәтиже береді. Біздің алға қойған мақсатымыз да осы.

Қазақ халқында, отбасы тәрбиесінде ұлттық қасиеттерді қалыптастырудың іс-әрекеті ұл мен қыз тәрбиесінде көптеп кездесетіні жайлы ұлы ғұламалар мен ақын-жыраулардың ой-пікірлерінен айрықша байқауға болады. Қыз бен ұл бойындағы асыл қасиет ата-ананы, аға, әпке, қарындас және туған туыспен сыйласа білуі. Жас баланың есі кіріп елмен, ағайын туыспен қарым-қатынас жасай бастауы ол тұлғаның қалыптаса бастауы деп айтуға болады.

Ұлттық сана-сезім адамның рухани өмірінің басты белгілерінің бірі. Бір қазақтың тегіне тән ұлттық қасиеттер: ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, бауырмалдық, мейірімділік пен ізгілік, ынтымақтастық пен татулық, қонақжайлылық, меймандостық, кісілік, көпшілдік, тектікті сақтау, төзімділік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кең пейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлық, мәдениеттілік, адамгершілік т.б. қасиеттер халықтық тәрбиеден ерекше орын алған.

Көпбалалы отбасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыруға байланысты тұстарын түгелдей шолып өту мүмкін емес, сондықтан біз олардың педагогикадағы ұлттық тәрбиеге қатысты жақтарын ғана сөз еттік, ол туралы зерттеу жұмысымызда аталған.

Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі. Өйткені баланың туған кезінен бастап, есейгенге дейінгі уақыт аралығында өміріне арқау болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері (әке, шеше, ата, әже, аға, апа, жеңге, жезде) арқылы беріледі. Олар баланы ата-бабаның өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекеттің барысында ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінен өнеге алып, оны құрметтеуге, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуға, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға және баланы өз бетімен әрекет етуге бейімдеп отырған.

Кейде қазақ отбасының жүйелі тәрбие беру мүмкіндіктері төмен деген пікірлер айтылып қалады. Мұндай пікір қазақ отбасының тәрбиелік ықпалын ұлттық тәрбиенің құндылықтарын ескермеуден айтылған.

Егер қазақ отбасы тәрбиесінің өзіндік ықпалы төмен болса әл-Фараби, Қорқыт, Абай, Ыбырай, Шоқан, Қаныш, Мұхтар т.б. зиялы тұлғалардың есімі әлемге әйгілі болмас еді. Демек, қазақ отбасында тәрбие жүйелі жүргізілген, оның тән мен тазалық, еңбек пен өнер, ақыл-ой; ізгілік пен адамгершілік; сыр мен сымбат сияқты мазмұнға ие болғанын Қ.Б. Жарықбаев, С. Қалиев дәлелдейді.

Әр елдің, тіпті жеке отбасыларының тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктер болған. Мысалы, қазақ отбасында баланың тәлім-тәрбиесіне мұрындық болатын бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу, шежіре үйрету, құда түсу, қыз ұзату, келін алу сияқты дәстүрлермен бірге, отбасында бірігіп ынтымақтық тіршілік ету, үлкеннің айтқанын орындау, кішісің дегенге көну, бірлесіп әрекет жасау, өнеге көрсету сияқты тәрбие жұмыстары өріс алған.

Қазақ отбасында баланы өмірге дайындау дәстүрінің бірі – шежіре үйрету. Оның негізгі мақсаты – ата текті білу, ұрпақ тазалығын, яғни ген тазалығын сақтау. Мұны ғылыми тұрғыда Г. Мендель гибридтердің бірнеше ұрпағының біркелкілігі, гендердің тәуелсіз таралуы заңдылықтарына сүйеніп өз тәжірибелерінде дәлелдеген.

Сондықтар отбасы мен тәрбиеші мұғалімнің ықпалы баланың өзіндік білім алғысы келетін ерік күшіне дәл келуі қажет. Ю.К. Бабанский бұны «педагогикалық резонанс» дейді.

Ал «Отбасы тәрбиесі» атты ата-анаға арналған сөздікте; «Ата-ананың бірлесіп әрекететуі – бұл отбасы тәрбиесінің заңы. Ата-ана өзара келісе отырып әрекет етсе, балаға әсер етулері бұрынғыданда бірнеше рет өсіп отырады. Егер ата-ана өз балаларының тәрбиесі үшін шын мәнінде қам жейтін болса, олар өзара келіспеушілікті оңай жеңе отырып, бір пікірге келіп, бірлесіп әрекет етеді», – деген түсініктеме берген.

Сондықтан баланың әке-шешесін балабақшаның тұрмыс-тіршілігімен таныстыра отырып, іс-әрекетке жұмылдыру мақсатында отбасы мен мектеп бірлігінің қарым-қатынасының бағыттары нақтыланды.

Адам баласының өмірдегі ең асылы – бала. Баланың барлығы талантты, шығармашыл. Ғалымдардың айтуынша әр баланың бойында барлық білімді меңгеретін күш бар.

Баланың тәрбиесінде ата-анаға көмектесетін бірден-бір орын – мектеп. Сондықтан мектеп пен ата-ана тығыз байланысты болса, бірлесе әрекет етсе, бала өз болашағына өзі дайындық жасай алады.

Әдебиеттер

1. Назарбаевтың Н.Ә. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы / Н.Ә. Назарбаевтың // Егемен Қазақстан. – 2007.
2. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2005–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2008.
3. Асанова Ұ.О. Қазақ халқының айтыс өнері арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру / Ұ.О. Асанова. – Алматы, 1994.
4. Әлімбаев М. Қазақ отбасы / М. Әлімбаев. – Алматы: Рауан, 1989.

Формирование национальных качеств в семье на основе казахской этнопедагогике

А.М. Альмукашева
учитель начальных классов ОСШ имени Муткенова,
Актогайский район, Павлодарская область, Казакстан

Аннотация

В статье дается информация о формировании национальных качеств в семье на основе казахской этнопедагогике.

Ключевые слова: семья, этнопедагогика, национальные качества, национальные традиции, обычаи.

The formation of national qualities in the family on the basis of the Kazakh ethnopedagogics.

A. Almukasheva
Primary school teacher Secondary School named after Mutkenov,
Aktogai district, Pavlodar region, Kazakhstan

Summary

In the article, the information on formation the national qualities in the family on the basis of the Kazakh ethnopedagogics is given.

Keywords: family, ethnopedagogics, national qualities, national traditions, customs

УДК 3733:37.026

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ*****Н.Н. Жомартова***

*Павлодар қаласы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы
№10 лицей-мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Павлодар қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Осы мақалада бүгінгі таңда бастауыш мектеп оқушыларының жұмысын арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оның тиімді әдістемесін ұсыну мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер: білім берудегі инновация, технология, педагогикалық технология, бейімділік, шығармашылық қабілеттер.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» дей отырып, білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы педагогикалық мамандар қорын жасау қажеттігін баса айтқаны баршаға мәлім. Мектепте білім мен тәрбие берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны іске асыратын басты тұлға мұғалім болса, бүгінгі таңда мұғалімдерге қойылып отырған талаптар өте жоғары. Елімізде инновациялық экономика құру үшін мектепте кәсіби міндеттерін дербес, әрі шығармашылық тұрғыдан шеше алатын, кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсіне білетін, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгерген, кәсіби құзыретті және бәсекеге қабілетті мұғалімдер жұмыс істеуі тиіс.

Оқыту теориясы мен тәжірибесінің көрсетіп отырғанындай, педагогикалық үрдіске қатысушылардың кәсіби және тұлғалық өсуінің едәуір әлеуеті мектепте инновациялық білім беру технологияларын пайдаланумен байланысты.

Тұлғаға бағдарланған парадигма шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үрдісін өздігінше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда оқушының іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен оқушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын

және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді (Т.М. Давыденко, Г.М. Тюлю, Т.И. Шамова және т.б.).

Білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігі мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты екендігі белгілі. Бүгінгі таңда педагогикалық іс-әрекеттің қыр-сырын әртүрлі салада қарастырған ауқымды зерттеу еңбектері баршылық. Мәселен, мұғалімнің кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыру және тұлғасын дамыту, педагогикалық іс-әрекеттің дидактикалық негіздерін айқындау, оқу үрдісінің тиімділігін арттыру мәселелері қазақстандық көрнекті ғалымдардың – Б.Р. Айтмамбетова, М.Ж. Жадрина, А.А. Калюжный, З.У. Кенесарина, К.Ж. Қожахметова, З.А. Исаева, Б.К. Момынбаев, Г.Ж. Меңлібекова, Г.К. Нұрғалиева, Т.С. Сабыров, М.Н. Сарыбеков, А.П. Сейтешов, С.А. Ұзақбаева, Н.Д. Хмель және т.б. еңбектерінде қарастырылып, ерекше ғылыми құндылыққа ие болып отыр.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау – мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Сондықтан оқытудың теориясы мен практикасындағы зерттеліп отырған проблеманың жағдайына талдау жасауды «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымына нақты түсінік беруден бастаған жөн. Біз өз дипломдық жұмысымызда, ең алдымен «инновация», «білім беру», «технология», «педагогикалық технология» ұғымдары жөніндегі анықтамаларды жүйеге келтіріп, «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымын мазмұндық жағынан толықтырдық.

Жалпы ғылыми «инновация» ұғымы жүйе қызметіндегі мақсатты өзгеріс ретінде анықталады. Мұның өзінде ол түрлі салаларда сапалы және сандық өзгерістер түрінде болуы мүмкін.

Қарастырылып отырған мәселе мен соған сәйкес оның ұғымдық қамтамасыз етілуі 1980 жылдары педагогиканың зерттеу пәніне айналды. Мәселен, В.П. Кваша инновациялық динамикада екі бағытты атап көрсетеді: а) педагогикалық инновация, ә) педагогикалық шығармашылық.

«Білім берудегі инновация» және «педагогикалық инновация» терминдері категория ретінде қолданыла отырып, ғылыми түрде негізделді және И.Р. Юсуфбекованың педагогика оқулығының категориялық аппаратына енгізілді. Автор күрделі, әрі көп салалы «педагогикалық инновация» ұғымының неологизмдік, аксиологиялық және праксиологиялық сипаттамаларын бөліп көрсетеді.

Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, инновациялық прогресс процедуралар мен құралдардың жиынтығын танытады. Олардың көмегі арқылы ғылыми жаңалық, идея – әлеуметтік, оның ішінде білім берудегі жаңа енгізілімге айналады. Сөйтіп, идеялардың жаңа енгізілімге айналуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы үрдісті басқару жүйесін қалыптастыратын іс-әрекет инновациялық іс-әрекет болып табылады.

Білімдегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама ретінде «кездейсоқ ашылған» жаңалық болып есептеледі. Мұнда «инновациялық үрдіс» ұғымы жаңалық жасау, қабылдау, бағалау және қолдану деп анықталады.

Білім беру – оқыту нәтижесі. Тура мағынасында, ол оқып-үйретілетін пән туралы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдіреді. Білім беру деп табиғат пен қоғам жайында ғылымда жинақталған білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін айтады.

Технология деп әдетте алдын-ала берілген қасиеттерге ие материал алу мақсатында бастапқы материалды қайта өңдеу үрдісін атайды. Көптеген ғалым-педагогтар кез-келген әрекет технология болады, не болмаса өнер болады деп атап өтеді. Өнер интуицияға негізделсе, ал технология – ғылымға негізделеді. Технология деген сөздің өзі грек тілінен туындап, «tache» – өнер, шеберлік, «logos» – ғылым, заң дегенді білдіреді.

Сонымен біз «инновация», «білім беру», «технология» ұғымдарының мәнін ашып көрсете отырып, өз тұрғымыздан осы үш ұғымның бірлігінде «инновациялық» білім беру технологияларына білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және он өмірде тиімді етіп қолдана білуін қамтамасыз ететін арнайы жобаланған, әзірленген жаңа енгізілімдерді оқуүрдісінде іске асару біліктерінің жүйелі жиынтығы» деген анықтама бердік.

Ғылым мен техниканың жылдан-жылға кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы білімнің негізі болып табылатын-бастауыш мектепке де өз әсерін тигізуде.

Соған сәйкес бүгінгі таңда бастауыш мектеп оқушыларының өз бетімен жұмысын арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оның тиімді әдістемесін ұсыну өзекті проблемаға айналып отыр.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі-бұл мұғалімге бастауыштағы оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Сонымен қатар жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен

шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік беруі.

И.Д. Левитовтың пікірінше, оқушылардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімделіктерінің қабілеттерінің тәжірбиелерінің көрінуі болып табылады.

Көптеген психологтер оқушылардың жасы өскен сайын нерв жүйелерінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптасып отыратындығын, бірік оқушының дамуы үшін ең қажетті құнды қасиеттердің бірітіндеп жоғалып отыратындығымен түсіндіре отырып, бала қабілеттерінің дамуы үшін ең қымбатты кезеңді тиімді пайдаланып қалуға асығу керектігін ескереді. Мектепке дейінгі балалардың және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қабілет олардың белгілі бір іс-әрекетіке бейімділігі арқылы көрінеді.

Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көнілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Сондықтан да біздіңше, балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктердің келешекте олардың қабілеттерінің көрсеткіштері екенін ескеріп, оқушылардың бейімділіктерін дер кезінде көре біліп, оларда соған сәйкес келетін қабілеттерді дамыту біздің міндетті борышымыз екенін ұмытпауымыз керек.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жөнінде И.П. Волковтың айтқан пікірі өте құнды. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде автордың пікіріне қосыла бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін олардың өз бетімен меңгерген білімдерін іскерлігін, дағдыларын пайдалана отырып, өздеріне бұрыннан белгісіз жаңадан бір нәтиже алуы жалпы білімдерімен қатар олардың осы нәтиже алу жолында пайдаланылатын әдіс-тәсілдерін тиімдісін тандай алуына, тапқырлықтарына және т.б. себептерге байланысты болатындығы айтады.

Оқушылардың жалпы шығармашылық қабілеттерінің құрамдас компоненттерін анықтауға бағытталған ебектер де жеткілікті, атап айтсақ, И.Л. Ленердің еңбектері. Біздің ойымызша, осы еңбектердің ішінде И.Л. Ленер мен А.Н. Луктың еңбектері ерекше назар аударарлық.

А.Н. Луктың шығармашылық қабілеттердің компоненттерінің құрамына басқа көзқарас тұрғысынан келе отырып, шығармашылық қабілеттерді 3 негізгі топқа бөліп қарастырады:

- 1) Ынтамен байланысты қабілеттер (қызығушылықтар).
- 2) Темпераментпен байланысты қабілеттер.
- 3) Ақыл-ой қабілеттері.

Біздің пікірімізше, А.Н. Луктың оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің компоненттері құрамына қатысты айтқан пікірі құнды және оның төмендегі себептерге сәйкес түсіндіре аламыз.

1) Оқушы кез келген іс-әрекет нәтижесінде жақсы нәтиже алу немесе белгілі қабілет түрін дамыту үшін алдымен, іс-әрекетке қабілетке деген оның қызығушылығы, ынтасы болмаса оның нәтижесінде де төмен болатыны сөзсіз

2) Көңіл-күй-бұл кез келген істі орындауда негізгі, қажетті көрсеткіш деуімізге болады. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда олардың осы бағыттығы іс-әрекетке деген көңіл-күй деңгейі маңызды, содай-ақ олардың жұмыстарының нәтижелігіне әсер ететіні белгілі.

3) Кез келген іс-әрекетті біз ақыл-ой қабілеттері арқылы жоспарлап алып, оны практика жүзінде іске асыруларын талап етеді.

Я.А. Пономарев кез келген шығармашылық бағыттағы іс-әрекеттің негізгі, бастысы – шығармашылық ойлау дей отырып, оның даму критериясы ретінде іштей жоспарлау әрекетін немесе «ойша» әрекеттену қабілетін алады.

Біз де толықтай автордың пікіріне қосыламыз, себебі ешбір іс-әрекетінің, соның ішінде шығармашылық бағыттағы іс-әрекеттің «ойша» әрекеттенуісіз іске аспайтыны анық. Сондай-ақ, адамның «ойша» әрекеттенуі яғни ойша санауы, талқылауы жоспарлауы және т.б. Бұл адам интелектісіне айрықша көрсеткіші болып табылады.

Біріншіден, адам «ойша» әрекеттене отырып, нәтижесінде не алатындығын, яғни болашақта алатын нәтижесінің бейнесіне көз алдына елестете алады.

Екіншіден, қойылған мақсатқа жету жолын жоспарлап, алынбақшы нәтижеге жету тәсілін ойша құрастыруға болады.

Жүзгізілген зерттеу жұмыстары бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуеті әсіресе, ән-күйде, ойын үстінде, техника саласында жаңа бір нәрсені ашумен құрастырумен, білумен байланысты көрінеді.

Оған жоғарыда айтылған психологтардың педагогтетірдің зерттеулері бұл жастағы оқушылардың компьютерге, компьютерлік ойындарға деген ынталары.

Білім беру педагогика ғылымының негізгі ұғымы болып табылатындықтан, инновациялық білім беру технологиялары педагогикалық технологиялар қатарына жатады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан – 2030 / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: Білім, 2007.*
2. *Қазақстан Республикасының Білім берудің дамытудың 2005–2010 жылға арналған бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан.*

3. *Инновационные технологии учения: спецкурс / А. Саипов, М.Н. Сарыбеков. – Тараз, 2001. – 11 с.*

4. *Место технологии учения в структуре инновационных педагогических технологий // Высшая школа Казахстана. – 2004. – №2.*

***Внедрение инновационных технологий
в учебный процесс начальной школы***

Н.Н. Жомартова
учитель начальных классов школы-лицея №10 им. Абая
для одаренных детей, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются современные проблемы обучения и развития творческих способностей учащихся начальных классов, а также предлагаются эффективные методы и средства информационных технологий.

Ключевые слова: инновация в образовании, информационная технология, педагогическая технология, творчество, способность.

***The introduction of innovative technologies
in educational process of elementary school.***

N. Zhomartova
Primary school teacher School-Lyceum for gifted children №10 n. a. Abai
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In the article, the current problems of education and development of creative abilities of primary school students are considered, and also the effective methods and information technology tools are offered.

Keywords: innovation in education, information technology, pedagogical technology, creativity, ability.

УДК 37.036.5

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

А.К. Макенова

*№11 ЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі
Екібастұз қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, жаңа технологияларды сабақта қолданудың түрлері сипатталған.

Тірек сөздер: шығармашылық, қабілет, жаңа технология, шеберлік, тиімділік, заманауи білім, жүйе.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында еліміздің әлемнің алдыңғы қатарын иеленген 50 мемлекеттің қатарына кіру мақсаты қойылған. Мұндай міндетті орындау үшін республикамыздың білім беру саласына қойылатын талап, әлемнің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау болып табылады. Осындай талапты іске асыру жолдарының бірі жас ұрпаққа кәсіптік білім беру мен тәрбиелеу болып саналады [1].

Қазіргі кезде мемлекетіміздегі білім беру саласындағы саясат – шығармашыл, сыни ойлайтын, өз мүмкіндігіне сенімді, әртүрлі мәселені өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау мәселесі қойылып отыр.

Білім беруде қазіргі уақытта белгілік – контекстік немесе контекстік оқыту кеңінен жайылған. Бұл оқытуда ақпарат оқу мәтіндері түрінде ұсынылады ал ондағы орналасқан ақпараттың негізінде құрылған тапсырмалар болашақ кәсіби қызметтің контекстін құрады.

Ж. Тәттібаева: «Инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу процесі ұйымдастырылған кезде оқу материалы бойынша өзінің мүмкіндігі мен қабілеттілігіне байланысты өз жобасын жасай алады. Сөйтіп, әр оқушы өзінің тұлғалық мүмкіндігін толық пайдалана алады», – деген [2].

Бүгінгі күндері оқыту технологияларын дұрыс пайдалана білу – үлкен қажеттілік. Дегенмен көптеген жағдайда оқыту әдісін, оқыту әдістемесін, оқыту технологиясын, педагогикалық оқыту технологияларын бір-бірінен ажыратып, пайдалана білу қажет.

Ақпараттық қоғам ғасырындағы адам өмір жағдайына тез бейімделе алуы, алған білімін пайдаланып, қоғамнан өз орнын таба алуы, проблемаларды шеше алуы тиіс. Оларды өзіне сын көзбен қарап, кездескен қиындықты көре білуге үйрету қажет. Оларды дұрыс шешімдер қабылдауға үйрету жаңа педагогикалық технологияны пайдалану арқылы іске асады [2].

«Инновация» ұғымын қарастырсақ ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» дейді.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы және оқу-әдістемесінің мазмұнының өзгеруі мұғалімдерді кәсіби шеберліктерін жаңартуын, шығармашылық ізденістерін қажет етіп отыр. Ал бұл жұмыстарға қол жеткізу үшін мектепшілік әдістемелік қызметті және мұғалімдердің қызметіне бақылау жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру қажет.

Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары көп.

Атап айтқанда, В.М. Шепель: «Технология – өнер, шеберлік, ептілік, іскерлік, әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі дейді. Ал М. Чошанов технология – дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі», – деп есептейді, ал Б.Т. Лихачев инновациялық технологияны оқу үрдісіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін жаңа педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық үрдісті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бірліктердің белгілі-бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес. Қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы [3,75].

Оқыту технологиясы мектепке дейінгі мекемеде оқу үрдісіне қажетті амал, әдіс, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол балаларды тәртібіне, оқуға ынтасына, іс-әрекетіне игі мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие үрдісінің басты күре тамырының ролін атқарады. Былайша айтқанда, инновациялық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылық пен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа құрамдас бөлігі.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – мектепке дейінгі мекемеде заманауи білім жүйесіндегі оқыту үрдісін технологияланды-

ру. Осыған орай оқытудың түрлі технологиялары жасалып, бақша тәжірибесіне енгізілуде.

Инновациялық технологияға алғашқы анықтама берген ғалымдардың бірі – орыс ғалымы В.П. Беспалько. Оның жеке аспектілері мен түрлері В.М. Монахов, М.В. Кларин, П.И. Третьяков, И.П. Сенновский, Г.А. Монахова, М.А. Чошанов, т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылған. В.П. Беспалько «Инновациялық технологияны – практикада іске асатын нақты педагогикалық жаңа жүйе – жоба» деп көрсеткен. Ол педагогикалық жүйе тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер деп қарастырады.

М.В. Кларин «Инновациялық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды амалдар мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті», деген анықтама ұсынды.

М.А. Чошановтың анықтамасы бойынша: «Оқытудың технологиялары – дидактикалық жүйенің процессуалдық құрамдас бөлігі». Ал В.М. Монахов «Инновациялық технологиялар – оқыту процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізудің жаңаша ойластырылған моделі» деп көрсеткен.

Инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасалады.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласында ең басты өзгерістері ғылымдағы және мәдениеттегі процесс, педагогикалық қызметтің ортасындағы жаңа қажеттіліктер, білім жүйесін жаңашалау (модернизациялау) қажеттігіне әкелді. Бұл саланың әрі қарай дамуының, мүмкін жолдарының бірі инновациялау, яғни құрудың атқару процестері, қалыптасуы, бағалары педагогикалық жаңа тәртіптерді меңгеру және қолдану. Бұл білімнің оқытудың және тәрбиенің әдісі мен түрлерінің, білім орындарының жұмыстарын ұйымдастыруының және атқаруының және т.б. барысына қатысы бар.

Әдетте, жаңа тәсілмен дәстүрлі проблеманы шешіп көру нәтижесінде, фактілерді жинақтау мен зерделеудің ұзаққа созылған процесінің нәтижесінде жаңашылдардың мәнін алып жүретін жаңа сапаның туған кезінде инновациялар пайда болады.

Қазіргі заман инновацияларының көпшілігі тарихи тәжірибемен сабақтас және өткенмен ұқсастықта. Инновациялық процесті – бұл дамуы жағынан, мақсатты бағытталған және құрылуы жағынан саналы процес қазіргі заманның идеяларын (ойларын) (теориялар, әдістемелер, технологиялар және т.б.) тарату және меңгеру, қолдану, белгілі критерийлерге сәйкес келетін және белгілі бір жағдайда өзекті және бейімделген деп тұжырымдауға негіз береді. Ол жүйенің сапалы

жақсаруына бағытталған, жаңа тәртіптің енуін және жаңашылық тұрғысынан оның көзқарасының өзгеруін және оның қатысушыларын ынталандыруды көздейді.

Инновациялық білім процесінің негізінде педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр:

- педагогикалық тәжірибені оқыту проблемасы;
- психологиялық-педагогикалық ғылым жетістіктерінің практикасына дейін жеткізудің проблемасы [4,35].

Білімдегі инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялық та, практикалық та жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Мұнда білім жүйесіндегі инновация білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолданылып отырған педагогикалық жүйені тарату мен енгізу; мектепті басқарудың жаңа технологияларын әзірлеу, оның дамуы; мектеп тәжірибелік орын ретінде бала бақшаның принципті жаңа білімдік бағдары болған жағдайда, білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұнын, әдісін, түрлері мен басқа компоненттерін көздейтін жүйелі сипаттағы білім мен тәрбие беруді жүзеге асырады. Олардың дамуының негізінде факторлардың екі тобы жатыр:

– объективті факторлар инновациялық қызметтің дамуына дем беретін және оның нәтижесінің ұғымын қамтамасыз ететін жағдай жасау;

– субъективті факторлар инновациялық процестің субъектісімен байланысты, ал инновациялық процестердің субъектілері педагог-ғалымдар, мұғалімдер және инновациялық бағыттағы білім саласының қызметкерлері болып табылады. Ерекшелігі және қолдану орнына қарай жаңашылдықты енгізу бірнеше түрге бөлінеді.

Технологиялық инновациялар – бұл өнім дайындаудың жаңа тәсілі, оның шығаруының жаңа технологиялары.

Әдістемелік инновациялар – бұл оқыту мен тәрбие беру, сабақ беру мен оқу, оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастыру әдістемесі саласындағы инновация. Олар табиғи-ғылыми және гуманитарлық пәндерді, қамтитын мектепке дейінгі тәрбиеден жоғарғы білім беруге дейінгі оқыту процесін, кадрларды даярлау және қайта дайындауды.

Қорыта айтқанда, оқытудың әдістерін сабақ барысында дұрыс қолдана білсек, баланың қазіргі өмір талабына сай, заманауи талаптарға сай мәліметтерді алуына және шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына септігін тигізеді. Оқушылардың шығармашылығын дамытуда жаңа технологиялардың алатын орыны ерекше.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында, 2012.
2. Тәттібаева Ж. Инновациялық технологияларды пайдалану ерекшеліктері / Ж. Тәттібаева // Бастауыш мектеп. – 2006. – №3. – 3-6 б.
3. Кирсанова В.М. Педагогическая технология в воспитательной системе / В.М. Кирсанова, под ред. М.Г. Плохова, Ф.А. Фрадкина. – М.: Прогресс, 2002.
3. Оспанова Қ.О. Жаңа технология туралы / Қ.О. Оспанова // Бастауыш мектеп. – 2007. – №2. – 25-28 б.
4. Қазанқанова Л. Білім беруді қалыптастыру / Л. Қазанқанова // Бастауыш мектеп. – 2010. – №3. – 9–11 б.

Использование новых технологий в процессе развития творческих способностей учащихся

А.К. Макенова
учитель начальных классов СОШ №11
г. Экибастуз, Казахстан

Аннотация

В данной статье описываются пути развития творческих способностей учащихся. Помимо этого рассматриваются различные виды новых технологий, используемые на уроках.

Ключевые слова: творчество, новая технология, мастерство, приемлемость, современное образование, система.

The use of new technologies in the process of development of students' creative abilities

A. Makenova
Primary school teacher, Secondary school №11
Ekibastuz, Kazakhstan

Summary

In this article the ways of development of creative abilities of students are described. Furthermore, the various types of new technologies used at lessons are considered.

Keywords: creativity, new technology, skill, acceptability, modern education, system.

УДК 37.4: 37. 026

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ОҚУ ҮРДІСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҚҰРАЛЫ

*А.С. Смагулова**Дарынды балаларға арналған Абай атындағы
№10 лицей-мектебінің педагог-психологі
Павлодар қаласы, Қазақстан**Аңдатпа*

Осы мақалада ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеу, оқу барысында компьютерді пайдалану, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдану, интернетте жұмыс істеу, компьютерлік оқыту бағдарламалар мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер: компьютер, электронды оқулық, интерактивті тақта.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазақстан Республикасының білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында оқу үрдісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді басты бағдарының бірі делінген.

Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайғанда ақпараттық технологияларды меңгеру өзекті екені сөзсіз. Осы кезеңде біліктілігі жоғары дәрежеде дамыған, білімі жағынан бәсекеге түсе алатын, өзін халықаралық еңбек жәрмеңкесінде еркін сезініп, жүре алатын мамандар дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде [1].

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Заман ағымына қарай ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Кез келген сабақта электронды оқулықты пайдаланып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Сабақта компьютерлік технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру.

Ақпараттық технологияларды пайдалану бұрыннан пайдаланатын жүйелерге қосымша болғанда емес, дәстүрлі жүйелермен тұрақты байланыста, оқыту процесінде қатысушыларға жаңа мүмкіндіктермен ұйымдастырылғанда ғана тиімді. Математика пәні адамның ой-өрісін, ойлау, талдау қабілетін дамытады және білім қазынасын игеру, әсіресе математиканы оқыту, оқып-үйрену дәйектілікті, табандылықты, сонымен бірге қажырлы еңбекті талап етеді. Сондықтан барлық оқушыларды жүйелі дайындықсыз жоғары нәтиже көрсету мүмкін емес.

Оқытудың компьютерлік технологиясы дегеніміз білім алушыларға ақпаратты компьютер арқылы дайындау және беру үрдісі. Компьютерлік технологияға әртүрлі оқыту әдістері жатады: бағдарламалық оқыту, танымдық оқыту және т.б. Қазіргі уақытта әрбір жаңа заманғы адам компьютерді біледі, оны жұмыста да, үйде де қолданады. Компьютерлік технологиялардың жаңа заманғы әлем бізге өте үлкен санын өңдеуде көмектеседі. Компьютер құрамдастардың даму жылдамдығы тек математикалық, графикалық өңдеу және бейнероликтерді құру аса қиындыққа соқпайды. Компьютерлік оқыту дегеніміз – оқытудың техникалық құралдарының бірі компьютер мүмкіндіктерін қолдану болып табылады. Оны қазіргі уақытта электронды оқыту деп атауда [2].

Электронды оқыту жүйесі рецептивті және интерактивті болып екіге бөлінеді. Интерактивті жүйе дербес компьютерді қолдану, бейнемагнитофон, бейне дискілі құрал, теледидар кешендері негізінде құрылады, білім алушы мен техника құралдары арасында екі жақты қарым-қатынас орнайды, көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді. Олай болса, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын техникалық және адам ресурстарын және олардың өзара әрекеттесуін ескере отырып, білім беру формаларын оңтайландыру үшін рецептивті немесе интерактивті түрдегі электронды оқытуды жасау және жүзеге асырудың жүйелі әдісі деп санауға болады.

Қазіргі кезде компьютерлік технологияның даму деңгейі жаңа дәуірдің мультимедиялық, телекоммуникациялық сапалы, нақты алғышарттар болып табылады. Осылайша сабақ тақырыбына сәйкес оқулықтан тыс қосымша материал пайдалану оқушылардың ой-өрісін өсіреді, шет елдік әріптестерін қинамай түсінуге көмегін тигізеді.

Қазіргі уақытта автоматтандырылған оқыту жүйесінің бір жіктелуі жоқ. Бірақ көп жұмыстарда әдістемелік мақсатына қарай оларға жүзеге асырылуы компьютерлік оқыту бағдарламалары енгізуде олардың ортасына келесі типтер ерекшеленеді.

1. Тренажер – бағдарламалар іскерлік пен дағдыны қалыптастыру және бекіту үшін тағайындалған және де оқылатындардың өздерін дайындау үшін. Бұл бағдарламаларды қолданған кезде, оқытындар теориялық материалды біледі деп жорамалданады.

2. Бақылаушы бағдарламалар нақты білім немесе іскерлікпен деңгейін бақылау үшін тағайындалған. Белгілі, оқытындардың білімін бақылау өзімен ең бір маңызды және сол уақытта ұйымдастыру мінездемесі бойынша және зерттеудің теориялық деңгейі бойынша оқыту үрдісінің ең бір нашар тізбегін ұсынады. Қазіргі бақылау формалары мен әдістердің негізгі кемшілігі мынада олар көп жағдайларды, қажетті тұрақтылықты және оқу ақпаратын меңгеру сапасындағы бағаның инварианттылығын және де осы бағаны ақиқат білім деңгейінің адекваттығын қамтамасыз етпейді. Оқу барысын бақылауын жетілдіру түйік проблемасының құрастырылатын білім, іскерлік және дағды бағасының ақиқатының жоғарлау проблемасы айналасында концентрациялануы керек.

Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

– Оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;

– Оқушылардың тәжірибелік іс-әрекеттік ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;

– Мұғалімнің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;

– Оқушылардың білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету.

Қазіргі уақытта оқушыларға сапалы білім беруде компьютердің атқаратын рөлі ерекше. Мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен оқушылардың қызығушылығын арттыруда бірден-бір құрал-компьютер. Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мамұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұнда өзі ақпараттық ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші

бағыт тұрғысынан ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Сондықтан білім берудің жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

– оқу үрдісін дербестендіру. Мәселен, компьютер оқытудың нақты бір авторлық бағдарлама бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

– нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;

– материалды меңгеру жылдамдығын арттыру болады.

Ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқыту:

– жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;

– жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;

– жаңа ақпараттық технологияны қолдану сапасы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;

– біздің еліміздегі және шет елдердегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;

– мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;

– білім берудің телекоммуникациялық желілерін құру;

Ақпараттық-қатынастық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде орта білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-қатынастық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетке кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейге қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді.

Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұның анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді. Мұндай мүмкіндіктерді қазіргі кездегі бар және жаңадан қалыптасып келе жатқан электрондық оқыту құралдары бере алады.

Демек, қазіргі кезең талабына сай ұрпақ тәрбиелеу, оларды оқи білуге үйрету, стандартты емес жағдайлардан шыға білуге үйрету, қашықтықтан оқытуға үйрету,

көп материалды аз уақытқа қабылдай білуге үйрету. Білім беруді аталған оқыту технологиясы негізінде ұйымдастыру – оқушының өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс-әрекет жасауына, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына, жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғыза алуымен маңызды екені ерекше.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»* / Н.Ә. Назарбаев. – Астана, 2013.
2. Акқуланова Б.Б. *Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру* / Б.Б. Акқуланова. – Алматы, 2010.
3. Исабек Н. *Компьютерлік технологиясын пайдаланудың оңтайлы өлиемдері* / Н. Исабек. – Алматы, 2000.

Информационная технология – способ оптимизации учебного процесса

А.С. Смагулова
педагог-психолог школы-лицея №10 им. Абая
для одаренных детей, г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы работы с компьютерной техникой, использования компьютеров в учебном процессе, а также работа с электронными учебниками, работа с Интернетом, использование интерактивной доски и компьютерных обучающих программ.

Ключевые слова: компьютер, электронный учебник, интерактивная доска.

The information technology is a method of optimization the educational process

A. Smagulova
Primary school teacher, School-Lyceum for gifted children №10 n. af. Abai K.,
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In the article, the problems of work with the computers, the use of computers in educational process, as well as work with electronic textbooks, work with the Internet, the use of interactive whiteboard and the computer-based training programs are considered.

Keywords: computer, electronic book, interactive whiteboard.

УДК 371.212.22

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*А.Ш. Ташимова**№11 ЖОБЕМ бастауыш сынып мұғалімі
Екібастұз қ., Қазақстан**Аңдатпа**Ұсынылып отырған мақалада дарынды оқушыларды анықтаудың педагогикалық ерекшеліктері қарастырылады.**Тірек сөздер: дарынды оқушылар, педагогикалық ерекшеліктер, қабілет, икемділік, дағды, қызығушылық.*

Қабілет әрбір адамның түрлі іс-әрекетін орындалу жолындағы, жетістігінде көрінетін қасиет. Бұл қасиеттің көрінуі адамның алған білімі мен икемдігі немесе қалыптасқан дағдысына қарай байланысты емес. Сондықтан бірдей жағдайда, қатар отырып орындалатын іс әрекет үстінде көрінуі бұл қасиеттің әркімде әртүрлі болды.

Психологтардың айтуы бойынша, қабілетті анықтаудың мақсатындағы зерттеулер XX ғасырдан басталған. Бұл қасиеттің терең түбінде талант нышаны жатыр. Қызығушылық адамның дүниені тануға, білуге мұқтаждығы. Қызығушылық адамның өмірдегі нақты шындық көріністі терең жаңа бір фактіні жете білуіне және сол арқылы іс әрекетіндегі бағыты мен бағдарын, мақсатын айқындауға мүмкіндік береді.

Адамның қызығушылығын қанағаттандыру, оны одан әрі жаңа бір қызығушылыққа, дүниетанымның жаңа бір сатысына жетектейді. Қызығушылықтың даму табиғаты неғұрлым күшейсе, соғұрлым адамда қызыққан іс әрекетін орындау, іске асыру ниеті пайда болады. Қызығушылық туғызатын объекті болуы керек. Бұл осы қасиеттің ерекшелігі. Ол адам қызығушылығындағы белгілі бір мақсатқа жетуіне құрал ретінде қажет.

Сондықтан жас ұрпақ тәрбиесінде оларға білім беруде қолданылатын әдіс тәсілде қызығушылық туғызу белгілі бір дәрежеде маңызды рөлге ие болады. Интеллект (латынша түсіну, ұғыну деген мағына береді) әр жеке адамның ақыл ой болмысының тұрақты көрінісін бейнелейтін, яғни сол жеке адамның ми қызметінің үнемі жоғары дәрежеде болып, не нәрсені шешуге ақылдық асқан шеберлікпен

үстемдік етуі. Интеллектің психологиялық концепциясы мен ой операциясында ұқсастық басым болады [2].

Педагогика қазақша түсіндірме терминологиялық сөздігінде: «Белсенділік адамның іс әрекет үстіндегі жағдайын айтады. Тіршілік және іс әрекет барысында адамның қарым қатынас жасау, таным және өзін өзі тәрбиелеу белсенділігі дами-ды», – делінген.

Тұлға жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік жігерінің іске асуы, өзі жөніндегі ойы, еркін іске асыруға дайындығы және оны іске асырудың нәтижесі.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз оның өзіне тән мінез құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігі мен даралануы.

Жеке тұлғаға тән қасиет ақыл, ес, яғни, өмірді өзінің сана сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұруы [2].

Дарынды, қабілетті балалар өзінің бойындағы ерекше қабілеттері арқылы ең жоғары нәтижеге жеткен балалар.

Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге құштарлық, терең ізгілікті қасиеттердің бәрінің кілті-«мыңды жығатын білімде».

Психологиялық ерекшеліктеріне қарай дарынды бала өзінің дарынды екенін білмейді, не мінезінің тұйықтығынан байқалмайды. Олардың ішінде ұялшақ, қарапайым, дарының білдіргісі келмейтіндер де кездеседі.

Оқыту мен дамыту өз алдына жеке тұлғаның дамуына әсер етеді.

Ж. Аймауытов «Бала даму барысында оқиды, яғни мұнда бала психикасының дамуына сүйенеміз» дегенді айтады [3].

Шартты тарихи саналыққа тұлғаның қалыптастыру үшін психологиялық таным үрдісіндегі 4 бөлікті үнемі бірдей іске асыру қажет.

Олар; сана-сезім, сенім, мінез-құлық, дағды. Олардың негізін құрастыратын – сана.

Әр адам балалық, жасөспірім және жастық шағынан бастап, өмірде үлкен жетістіктерге жетуді армандайды. Жасөспірім шақ-бұл ізденіс, үміт, күмәндану, мазасыздану кезі. Көптеген балалар ерте кезден бастап, әр-түрлі іс-әрекет түрлеріне қабілеттілік білдіреді (сурет салады, билейді, музыкалық құралда ойнайды, ән айтады, т.б). Бірақ уақыты келе, бұл қабілеттіліктердің көрінісі бәсеңдеп, жас адамның мамандығына негізіне айналмайды, ол адам жай ғана «орташа» кәсіпкерге айналады.

Адамның қабілеттілігіндегі айырмашылық іс-әрекеттің нәтижесінен, яғни оның сәтсіздігінен не сәттілігінен байқалады.

Қызығушылық адамда объективтілікті жан-жақты бейімділік, нақты іс-әрекетті орындауға талпыну, қызығушылық пен бейімділік сапаларының үнемі өзара үйлесім тауып, бір бағытта тоғысып отыруы мүмкін емес. Оған түрлі

жағдайлар себепші, мысалы: адамдар көркемөнер туындыларын тамашалауы ықтимал, бірақ осы саладағы өнер түрлерімен шұғылдануға бейімсіз болуы мүмкін.

Дегенмен, белгілі іс-әрекет түріне қабілеті бар адамдардың қызығушылығы мен бейімділігі бір-бірімен үйлесім таба алады.

Іс-әрекетпен айналысқанда адамның табысқа жетуі үшін қабілет, қызығушылық, бейімділіктен мына сапалық көріністер болуы қажет, ең алдымен, еңбексүйгіштік, табандылық, батылдығы. Бірақ, осындай ерекше қабілеті бар адамның өзі де айтарлықтай өнімге қол жеткізе бермейді.

Негізі, адамның іс-әрекеті жеке басының сапаларын айқын ажырата алатындай болуы керек.

Дарынды адамға тән қасиеттер:

- зейінділік,
- жинақылық,
- тұрақтылық,
- әрқашан қызметке дайын болу.

Мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылықпен, еңбекте шаршап-шаршап шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллектісі анағұрлым жоғары.

Өз қызығушылықтары бағытында дарынды балалар қайтпас қажырлық таныта алады. Бұл қасиеттің адамдағы көрінісі 2–3 жасар баланың бір іспен үзбей шұғылдана алу уақыты басқа балалармен салыстырғанда әлдеқайда ұзақ болады.

Дарынды бала өзін қызықтырған іспен бірнеше сағат шұғылданып, қажет болса, қажет болса оған бірнеше күндер бойы қайта оралып, көздегеніне жетпейінше, әрекетін тоқтатпайды.

Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас стилі туралы мәселе аса ауқымды зерттелген. Ғалымдар баланы қатты бақылауға алу, күш көрсету, қысым көрсету дарынды тұлғаны дамытуға мүмкіндік бермейді деп санайды.

В. Шипман өзара әрекетті ата-аналық стильдері императивті және конструктивті деп бөлді. Императивті стиль үшін мынадай бұйрықтар сәйкес келеді: «Мен айтқан секілді жаса...», «Тыныш отыр...». Ата-аналар айтқандарын баласы бұлжытпай орындауы күтеді. Олардың қатынасы ересектің белгісіне негізделді. Мұндай стиль балаларда пассивтік және тәуелділік пен конформизмді дамытады.

Ата-аналардың бала дарындылығына деген қатынасы маңызды болып табылады. Бұл фактор-бала мүмкіндіктеріні іске асыруға әсер ететін негізлердің бірі. Бұл жағдайда қарым-қатынас типтері мынадай болып келеді:

- Теріс;
- Ашуландырушы (игнорирующее);

– Дұрыс, оң;

– Гипперсоциализация (ата-аналар дарындылықты, өз-өзін тану мүмкіндігі, өз баласының қабілеті арқылы жасауы немесе өздерінің орындалмаған потенциалды мүмкіндіктерін іске асыру).

Дарынды балаларда әділеттілік сезімі басым болады. Адамгершіліктің ерте дамуы қабылдау мен таным процестерінің дамуы алға басуымен байланысты. Олар есептерді шығаруда ойын элементтерін енгізеді, қиялы дамиды, шығармашылығы, фантазиясы терең болады (ойдан шығарған достар, апа, аға-інілері).

Дарынды балаларда әзіл-сықақ сезімі өте жоғары, күлкілі, сәйкес келмеушіліктерді, сөздерді жасыру, т.б ойындарды ұнатады. Мұндай балалардың интеллектуалды және дене физикалық дамуының арасындағы ерекшелік оларды толғандырып, өз беткейлігінің-дамуына әсер етуі мүмкін.

Дарынды балалардың көру процесі 8 жасқа дейін тұрақсыз, оларға жақын қашықтағы фокусті алыстағыға алмастыру қиынға соғады.

Мектепке дейінгі шақта олардың жүргізуші іс-әрекеті рөлдік ойындар. Балаларға құбылыстармен жеткілікті түрде айқын және тұрақты көрінетін қарым қатынасқа деген қажеттілік болады (М.И. Лисина, Л.Н. Галигузова).

Дарынды балалардың мінез-құлықтары мен жеке тұлғасының кейбір ерекшеліктері, оларды құрдастарының түсінбеуіне, олардың өзара қарым- қатынасында дау-жанжал кездесуіне, тіпті басқа балалардың олардың шеттеуіне әкелуі мүмкін. Оған мыналар себеп болады: серіктесін тындай алмау, доминанттылыққа ұмтылу, бірге ойындардың ересектердің зейінін өзіне аударуға әрекет ету, табысы өзінен төмен балаларға шыдамсыздық таныту, басқаларды дұрыстау әдетінің болуы.

Л. Хоменгуерт дарынды балаларды шеттеудің тағы бір мүмкін болатын себебі: «Ойы жоғары болуына орай, дарынды балаларға өз құрбыларының ойындағылары қызықсыз болуы мүмкін» деп көрсетеді.

Өз құрбыларымен өзара әрекетінде қиындықтар кездескендіктен немесе олардың себебін түсінбеуден, дарынды балалар ересектер мен немесе үлкен балалармен достасуға ұмтылады. Бірақ үлкен балалармен қарым -қатынас кезінде оларды қиындық тууы мүмкін. Себебі үлкен балаларда дене физикалық дамуы озық болады, сондықтан дарынды балаларға мұндай қоғамда лидер болуы қиынға соғады.

Қозғалу дағдыларының дамуы алға басқан үлкен балалар сияқты бір нәрсені жасай аламағандықтан, дарынды балалар өзінің адекватты еместігі мен өзіндік бағалаудың төмен болып қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін. Өйткені олар өздерінің жетістіктеріне өте сыншыл болып келеді.

Бала қаншылықты дарынды болса да, оны оқыту керек екенің ұмытпау қажет. Олардың тұрақтылыққа, еңбек етуге, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету керек.

Дарынды бала қысымды, шеттеуді, айқай шуды көтермейді. Балаға мектепке дейінгі уақыттан бастап шығармашылыққа қолайлы жағдай туғызу керек.

Таланттарын дамыту үшін дарынды балаларды кенейтілген оқу жоспарларымен оқыту керек. Бала өз мұғалімі жағынан назар аударумен индивидуалдықолдау көрсетуді сезу қажет. Бұл жерде нені емес, қалай оқытқ маңызды болып табылады.

Дарынды баланың айтылған ойлар мен болжамдары талдай алу мүмкіндіктері, табиғи аналитикалық және сыншыл ой тұжырымының дамуы екендігіне сәйкес келеді.

Қазіргі жағдайда дарынды балалармен жұмыс жасаудың бірінші түрі – балалар шығармашылық үйлерін құру болып табылады.

Ғалымдар дарындылық мәселесін зерттей келе, оның жалпы және әдейі немесе арнайы түрін көрсетеді.

Дарындылықтың екінші түрі де іс-әрекеттің әр түрлілігі мен формасында жалпы кезеңдер болуына байланысты. Осылай, жалпы ақыл-ой дарындылығы іс-әрекеттің барлық түрімен қамтамасыз етілгенде ғана орындалады. Олардың табысты орындалуы үшін ақыл – ой сапасы, «ақыл – ой құндылығы» қажет болады.

Арнайы дарындылық өзі еркше ашылып көрінетін белгілі іс-әрекет түрлерімен байланысты математикалық, техникалық, музыкалық, сурет салу өнері, ақындық дарындылық және т.б.

Жалпы ақыл-ой дарындылығы ақыл-ой жетістігі талап етілетін жағдайдың бәрінде болады, жалпы сұрақ әр түрлі жаттығуда индивидтің ақыл-ой қабілеті мүмкіндігінің бірдей болмауы. Мектептің жалпы білім беру шартындағы оқушылар арасындағы ақыл-ой қатынасы бойынша ерекшеліктер жоспарда бірінші орынға шығады.

Дарындылықтың басты еркшеліктері:

- Ерекше зейінділік;
- Жинақтылық;
- Күрделі ақыл-ой жұмысына әрқашан дайын тұрады;
- Еңбекке жұмылушылығы;
- Таным аясы өте кең болады;
- Ойлау белсенділігі өте тұрақты;
- Дарынды балалардың адамгершілік дамуы, қабылдауы өзіндік таным өте кең.
- Қиялдары кең;
- Көтеріңкі көңіл-күйді, жағымды психологиялық ахуалды жақсы көреді;

- Кішкене кезде шыдамсыз болады;
 - Әділетсіздікті көтермейді, өзіне және қоршаған адамдарға талап қоя біледі.
- Әлеуметтік жағдайы дарынды балаларға қолдау көрсете отырып:
- Сынып ішінде психо-эмоционалды климатты қалыптастыру;
 - Демалыс кезінде тегін сауықтыру орындарына жіберу;
 - Әлеуметтік жағдайы төмен отбасының дарынды балаларына мектеп тарапынан материалдық көмекпен қамтамасыз ету (мұражай, театр, қаланың көрнекті жерлеріне саяхат ұйымдастыру);
 - Физиологиялық денсаулығын бақылап отыру;
 - Психологиялық қызмет қолдауы (психологиялық тұрғыда денсаулығын бақылау, консультация, профилактика, тренинг, қабілетіне қарай іс- шаралар ұйымдастыру, ақпараттандыру, жинақтау, тарату, т.б)
 - Қажетіне қарай жағдай туғызу;
 - Кітапханамен тығыз байланыс, қажетті материалдар қарастыру қажет.

Дарынды баланың қарапайым балалардың ерекше болып келетін бір белгісі, дарындылықтың сыртқы көрінісі әр түрлі интеллектуалдық және жеке тұлғалық қабілеттерінде түрліше көрінеді.

Дарынды балаларға тән тағы бір ерекшелік- ойың айқындығы, яғни күрделі мәселелерді айқын сөздерімен, оны бір-бәрінен шығатын етіп, тиісті жүйелермен көрсете білу.

Дарынды балалардың табиғатың танудың психо-әлеуметтік аспектілерін ғылымда былайша сипаттау қарастырған: күшті дамыған шыншылдық сезімі болады, ой – арманы, қиялы күшті, әрі кен өрісті болады.

Дарынды бала ойлау дербестігіне ие, ол жаңа мәселелер мен проблемаларды қоя біліп, оларды тың әдістермен шеше біледі. Ал бұл қабілет өз кезегінде ойлаудың белсенділігімен кезіккен міндеттер мен мәселелерді өз бетінше шешуге ұмтылыс жасайды.

Қойылған мәселені тұтастай көре отырып, оған байланысты болмыс сырларын көптеп шешуге, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығады, түсініксіз нәрсені білуге ынтызарлық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді. Қабілетті дарын иесі арнайы білімге мұқтаж болы табиғи нәрсе.

Әлеуметтік жағынан оларға дұрыс тәрбие берудің алғышарттары – қоғамның аз ғана бөлігін құрайтын дарын иелерін тандаумен бірге оларды ерекше жетілдіру мен жөн көрсету, олардың құқығы мен мұқтаждығын қорғаудың басты мақсаты болып табылады.

Дарынды балаларды даралау – бұл дарынды баланың бойындағы даралығы. Оның қабілетіне және ерекшеліктерін ескере отырып, нағыз дарынды үшке бөлуге болады:

1. Шығармашылық дарындылық.
2. Интеллектуалды, табиғи дарындылық.
3. Лидерлік дарындылық.

Дарындылардың дарындылықтарын анықтаудағы психологиялық жұмыстар:

1. Социометрия әдісі.
2. Сауалнама жұмысы.

Түрлі психологиялық әдістер, бақылау, әңгіме, сұрақ-жауап, тренинг, ойын барысында байқауға болады.

Дарынды баланың бойындағы дамыған сана белсенділігі мен таным белсенділігі – тума қабілеті. Ол қабілет мектепте сан алуан ғылыми салалардан білім алу арқылы және ұстаздардың көмегі арқылы ашылады және дамиды.

Дарындылық дәрежесінің артуы қажетті білімдер мен ептілік дағдыларды игеріп, жетілдіріп дамытуға тікелей тәуелді. Дарындылықтың өзінше еркшелігі, ен алдымен, қызығушылық бағдарға құмар, екінші, тарихқа және біреулер қоғамдық жұмыстарға, лидер болуда өз дарындылығын іске қосып, оны нақты іс-әрекетте дамыта түседі.

Әдебиеттер

1. Смағұлова Г. Дарынды балалармен жұмыс түрлері / Г. Смағұлова. – Алматы, 2005.
2. Педагогика қазақша түсіндірме терминологиялық сөздік. – Алматы, 2002.
3. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы / Ж. Аймауытов. – Алматы, 2010.
4. Төреқұлов Н. Дарындылықтың ерекшеліктері / Н. Төреқұлов. – Мектеп, 2001.
5. Резуллин Дж. Педагогическая психология / Дж. Резуллин. – Москва, 1996. – 377 с.

Педагогические особенности и методы выявления одаренности детей

А.Ш. Ташимова
учитель начальных классов СОШ №11,
г. Экибастуз, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности и педагогические методы выявления одаренности детей.

Ключевые слова: одаренные ученики, педагогические особенности, способности, гибкость, навыки, интерес.

Pedagogical features and methods of identifying gifted children.

A. Tashimova
Primary school teacher Secondary school №11
Ekibastuz, Kazakhstan

Summary

In this article the features and pedagogical methods of identifying gifted children are considered.

Keywords: gifted students, pedagogical features, capabilities, flexibility, skills, interest.

УДК 81.27

ЭКОЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Ж.Қ. Жұбантаева

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы
Павлодар қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Мақалада тіл білімінің жаңа бағыты – эколлингвистика жайлы қысқаша шолу жасалады. Эколлингвистика ғылымының зерттеу нысаны, ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдары, сондай-ақ эколлингвистиканың іштей бөлінуі мен оның қарастыратын мәселелері қозғалады.

Тірек сөздер: эколлингвистика, жаңа бағыт, макроэколлингвистика, микроэколлингвистика, лингвоэкология

Эколлингвистика немесе тіл экологиясы лингвистиканың философиялық, психологиялық, әлеуметтік бағыттарында қалыптасқан тіл білімінің жаңа әрі болашағы зор ғылыми бағыттарының бірі. Эколлингвистика экология мен лингвистиканы біріктірген ғылыми бағыт ретінде тілдер арасындағы қарым-қатынасты, адам мен қоршаған ортаны, тілдік тұлға ретінде қоршаған ортаның адам мен әлеуметтану арқылы тілге әсерін және тілдің қоғамның жан және таным арқылы ықпалын оқытады. Осының негізінде тіл мәселесі қоғам, табиғат және адам арасындағы ажырамас тізбекте қарастырылады. Тілдің дамуы мен қызметі – экожүйе, ал қоршаған орта – тілдік тұжырым болып есептеледі.

Алғаш рет «тіл» мен «экология» түсініктерін 1970 жылы «Тіл экологиясы» еңбегінің авторы, американдық лингвист Э. Хауген өзара бірлікте қарастырған. Ғалым тілдің экологиясы деп тіл мен қоршаған ортаның арасындағы өзара қарым-қатынасты атайды, ол тіл ортасының астарында тілді өздерінің бір құпия сөзі ретінде пайдаланып жүрген қоғамды түсінеді. Э. Хаугенің пікірі бойынша, тіл – сол тілде сөйлеп жүргендердің санасында ғана және ол басқа сөйлеушілер мен олардың табиғи ортасының өзара қарым-қатынасқа түскенде ғана қызмет етеді деген. Сондықтан да тіл экологиясына физиологиялық табиғаттың бөлшектері (яғни сөйлеушінің санасында басқа тілдермен өзара әрекеттестігі) және әлеуметтік бөлшектердің біразы (яғни тілдің коммуникация құралы ретінде пайдаланылатын қоғаммен өзара әрекеттестік) тән.

Соңғы он жыл бойы эколлингвистика екі негізгі, әртүрлі көзқарастағы бағыттарда қарқынды дамып келді:

– тіл білімі мен тілдерді зерттеуде экологиялық терминдері, ұстанымдар мен әдістерге ие экологиялық лингвистика (негізгі өкілдері – Э. Хауген, У. Маккей, А. Филл, А.П. Сковородников) бағыты;

– лингвистикадағы экологиялық сұрақтар, лингвистикалық терминдер мен әдістері бар және қоршаған ортаның мәселелерін сипаттауда тілдің қызметін зерттейтін тілдік (лингвистикалық) экология (негізгі өкілдері – М. Халлидай, П. Мюльхойслер, М. Деринг).

Сонымен бірге ғалым В.Ф. Нечипоренко эколлингвистиканың тағы бір компоненті – биоллингвистика бағыты туралы тұжырым жасап өтеді. Оның тұжырымынша, биоллингвистиканың астарында ойлау, тіл, мәтін мен есте сақтау қабілеттерінің қызметіндегі әлеуметтік және биологиялық негіздерді мақсат ететін адам жаны мен материалдық бастауы арасындағы өзара сәйкестік жатыр.

Экологиялық лингвистикада өз кезегіне қарай тілдер арасында өзара сәйкестікті зерттейтін (тілдік алуан түрлілікті сақтау мақсатында) «тіл экологиясын (тілдер)» және терминдер мен ұстанымдарды экологиядан терминге аударатын бөлімді (мысалы, экожүйенің түсінігі) оқытатын «экологиялық лингвистиканы» атап кетуге болады.

Экологиялық лингвистика шегінде берілген бағыттың іс-әрекетінің екі деңгейін сөз етуге болады:

– макроэколлингвистика – өз назарын аймақтық, қоғамдық, мемлекеттік, әлемдік маңыздылық мәселелеріне аударады; макролингвистика мәселелеріне тілдік қатығыстар, тілдік саясат, тілдік жоспарлау, тілдік геноцид және т.б мәселелердің қарастырылуы көзделеді;

– микроэколингвистика – әлеуметтік лингвистиканы, психоллингвистиканы, әлеуметтік-мәдени антропологияны назарға ала отырып, тілдік факторларды зерттеумен айналысады.

Ресей ғылымында дәл осы экологиялық лингвистика кеңінен дамыды, бірақ та эколлингвистика, тіл экологиясы, экологиялық лингвистика және лингвоэкология терминдері эколлингвистиканы жалпы айқындай отырып, өзара алмасушы терминдер ретінде қолданылып келуде.

Эколлингвистика аясында экологиялық әрекет (В.В. Иваницкий, А.П. Сквородников және т.б.), экологиялық сана мен ойлау (В.С. Полянский және т.б.), экологиялық мәдениет (Р.Г. Яновский, Л.И. Скворцов және т.б.), экологиялық білім (О.М. Васильева және т.б.) қатысты мәселелер қарастырылуда.

Заманауи Ресей қоғамында этноұлттық ортаның коммуникациялық байланысында экологиялық тенденциялардың әсер етуі қарастырылды (Е.К. Хелимский, Р.Н. Мусина).

Эколлингвистика пәнінің аясында лингвоэкологиялық іс-әрекет, лингвоэкологиялық ойлау, лингвоэкологиялық мәдениет, лингвоэкологиялық білім, лингвоэкологиялық коммуникация және т.б. секілді ұғым-түсініктер оқытылады.

Лингвокоммуникация саласында лингвоэкологиялық әрекет пен тәртіп әлеуметтік іс-әрекет пен тәртіп деп түсіндіріледі. Осының барысында лингвоэкологиялық іс-әрекет сөйлеу шығармашылығының үдерісінде индивидтің рухани-танымдық қасиеттері мен этнотілдердің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған әлеуметтік іс-әрекеттің алуан түрлілігі болып есептеледі.

Лингвоэкологиялық ойлау – бұл ақыл іс-әрекетін бағыттап бақылайтын, тұлғаның мұраттары мен қасиеттеріне бағыттала қалыптасатын адам пайымдауының тәжірибесі болса, лингвоэкологиялық мәдениет – бұл қоғамның түрлену (өзгеру) жағдайларына бейімделген азаматтардың тілдік қарым-қатынас жасауы.

Білім беру жүйесінің лингвоэкологиялық үлгісі үздік инновациялық және педагогикалық ойларды және педагогикалық үдерістегі тіл шығармашылығы әрекетінің барлық аспектілері мен тәжірибелерін ендіруді көздейді.

Лингвоэкологиялық коммуникация – бұл тұлғаның рухани-танымдық қалыптасу үдерісінде коммуникативтік әрекеттің жетілу тәжірибесі.

Лингвоэкоэтноссана – бұл тұлғаның рухани-танымдық үдерісінде қалыптасуындағы тіл мен өз этносының ұлттық дәстүрлердің берілген этникалық ортастықта бекітілу тәжірибесі болып табылады.

Берілген компоненттердің тілдік тәрбиеге әсері соншалық көзге көрінерлік болғандықтан, тіпті кейбір авторлар жаңа ұғым «лингвоэкологиялық тәртіпті» енгізіп жатыр.

Лингвоэкологиялық тәртіпті лингвоэкологиялық үдеріске біріктірілген адам әрекеттерінің кешені ретінде қарастыру керек. Лингвоэкологиялық тәртіп – адамдардың әлеуметтік әрекеттерінің алуан түрлілігінің бірі, адамдармен тілдік әрекеттер жүйесінің, құндылық бағдардың, түрткілердің, мінез-құлық бағыттарының сырттай бақыланатын, тұлғаның рухани-танымдық түрткілерінің жүзеге асуы және әлеуметтік институттардың қайта қалыптасу үдерісіне бағытталған.

Заманауи лингвоэкологиялық зерттеулер тілдік қалып пен дисфункция, тілдік қалыпты түзету, сөзді сленгтеу, инвективті лексиканы пайдалану және т.б. мәселелер мен тематикаларды кең ауқымда зерттесе де, белгіленген тілдік қалып аспектілеріне лингвоэкологиялық әрекеттің, лингвоэкологиялық мәдениеттің, лингвоэкологиялық коммуникациялардың, лингвоэтноұлттық сананың әсер ету мәселелері әлі де аз зерттелген мәселе болып отыр. Берілген салалардағы зерттеулер әлеуметтік экологиялық және лингвистикалық қалыпта жүргізіледі.

Қазіргі уақытта лингвоэкологиядағы тілдердің өзара әрекет ету бағыттарына қарай 3 аспект жайында сөз қозғауға мүмкіндік туып отыр. Олар:

– эколлингвистиканың интерлингвальді аспектісі – жеке этникалық тілдердің көптілділермен және тілдердің жойылу мәселелерімен, демек, жер шарындағы лингвистикалық түрліліктің азаюымен байланысты мәселе. Әлемдегі барлық тілдер кез келген тілдің потенциалды және универсалды ұстанымдарын қоса алатын тым күрделі жүйеліліктен тұрады. Әр тіл – жалпыадамзаттың тарихи тәжірибесінің, бірегейліктің және ұлттық мәдениетті сақтаушысы ретінде түсініледі. Осымен әр тілдің алмаспайтын мәдени-тарихи құндылығы мен лингвистердің тарихи мақсаткерлігі айқындалады. Адамдардың тарихи жадысына әр тілді, немесе оның сөйлеушілері аз болсын, не болмаса жаңашылдықтан ары тұрса да, өткен уақытта коммуникация құралы болса да, сол тілдерді сипаттау арқылы есте сақтау қажет. Соңғы уақытта флора мен фаунаның «Қызыл кітаптарына» орай тілдердің «Қызыл кітаптары» пайда бола бастады.

– интерлингвальды аспект – тіл мәдениетпен, стилистикамен, риторикамен және дұрыстықпен, түсініктілікпен, жүйелілікпен, айқындылықпен және сөздердің басқа коммуникациялық ауытқу мәселелерімен тығыз байланыста. Осы зерттеулердің нәтижелері А.П. Сковородникованың жұмыстарында жалпыланып, әрі қарай дамып, өз жалғасын тапқан. Қалай болғанда да эколлингвист ғалымдардың күш салуы да тілдердегі жағымсыз бірегейліктердің қолданылуына да өз ықпалын тигізуде. Аталған аспекттің мақсаты – тіл құралдары ресурстарының кедейленуін тілдің кері талап жоспарында тоқтату.

– лингвоэкологияның үшінші аспектісін транслингвальді деп атауға болады. Ол контексте басқа мәдениетке тән басқа тілдің бірліктерін, бөлшектерін,

құралдарын пайдаланумен байланысты. Осы аспектінің қолдану аясы – көркем әдебиет, фольклор, публицистика. Бұл дегеніміз – бір тілден екінші тілге аудару тәжірибесі, басқа тілдің шағын мәтіндеріне цитата келтіру деген сөз. Адамдық мәдениеттің сақталуы алғаш рет заманауи дидактика тұжырымдары мен шет тілдерді оқыту әдістемесінде өз жалғасын тапты. Транслингвальді экология мәселесінде ерекше көзге түсіп, назарды талап ететін жайт – кірме сөздердің азаюы мен тіл-реципиенттің ластануы және тіл-донордың бұрмалануы мәселесі.

Эколингвистикалық зерттеулердің бағыттарында зерттеушілер заманауи болашағы мол әдістерді айқындап отыр: лингвистикалық әртүрлілік (себептер, қалыптар, қызметтер, зардаптар); жойылып кететін тілдер (шағын және жойылуға шақ тілдерді құтқару); биологиялық және лингвистикалық (мәдени) арасындағы көп үлгіліктің сәйкес келуі; экокритикалық (экосына) бағыт; тіл құрылымының (грамматика) экологиялық және экологиялық емес бөлшектерін зерттеу; экокритикалық дискурсивті талдау; қоршаған орта мәселелерін қозғайтын мәтіндер; дискурстағы идеология (антропоцентризм); экосауаттылыққа оқыту (жалпы әлемдік өзара байланыстағы қарым-қатынас туралы білу.)

Лингвоэкология саласының пәндік қалыптасуына оның терминдік қоры, терминологиялық аппараты жеткілікті болып табылады. Осыған орай А.П. Сковородникова лингвоэкологияның жеке пән ретінде оқытылуына кеңінен мән беріп өтеді, сөйтіп, лингвоэкологияның лингвистикалық пәндердің мәртебесіне ие болып отыр деген қорытындыға келеді. Тіл білімінде эколингвистика секілді бағыттың және оның аспектілерінің пайда болуы, лингвистикалық мәселелерді сипаттайтын, лингвистикалық түрлілікті сақтау мәселесін шешуші ғылымдарға көшетіндігін көрсетіп өтеді.

Қазақ тіл білімінде тіл экологиясы енді қолға алына бастады. Тіл білімі институты жанындағы әлеуметтік тіл білімі орталығының тіл экологиясы бөлімі қызмет етуде. Бөлімді ф.ғ.д., профессор Н. Уәли басқарады. Тіл экологы өз зерттеулерінде қазақ сөз мәдениетін нормативтік, коммуникативтік, прагматикалық және когнитивтік, лингвомәдени, лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырып, оның теориялық пән ретіндегі концептуалдық негіздерін айқындады. Сондай-ақ сөздің коммуникативтік сапаларын объективті түрде бағалаудың және тілдік нормаларды кодификациялаудың ғылыми негіздерін ұсынды.

Әлеуметтік тіл білімі орталығының басты мақсаты – қоғамда тіл саясатына, тілдік жоспарлауға және тілдік идеологияға қатысты туындап отырған күрделі мәселелерді, болашақта тілдік негізде орын алуы мүмкін ұлт араздығының алдын алу жолдарын белгілеу, сондай-ақ тілді оқыту мен таратуға байланысты кейбір қолданбалы сипаттағы шараларды іске асыру. Сол арқылы орталық қазіргі мемлекеттік тіл саясатының стратегиялық ұстанымдарына қатысты қоғамда пікір

қайшылықтарын болдырмауға, тілдерді дамыту бағдарламаларында белгіленген мақсат, міндеттердің толық орындалуына ықпал етуді көздейді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Әлеуметтік тіл білімі орталығы төмендегідей міндеттерді белгілейді. Тіл экологиясы секторы:

– қазақ тілінің өмір сүру ортасын, сол ортада оның қызмет етуіне бөгет болатын нигилистік көзқарастарды анықтау және онымен күрес тәсілдерін белгілеу;

– қазақ тілін тұтынушылардың әлеуметтік сипатын, олардың саны мен сапасын, әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрлерін меңгеру деңгейін анықтау;

– әдеби тілдің ауызша, жазбаша түрлеріне тән нормаларды жақсы меңгерген, әдеби тілдің стильдік тармақтарына тән, сондай-ақ тілдік емес, бірақ сөз қолданысқа орай, сөздің коммуникативтік сапасына қатысты ортологиялық, этологиялық т.б. нормаларды сақтай білетін орташа статистикалық деңгейдегі тілдік тұлға бейнесін анықтау;

– шаршы топтағы, баспасөз беттеріндегі пікірталас мәдениетін, сөз мәдениетін көтеру жолдарын белгілеу;

– жеке тұлғаның тілдік санасын қалыптастырудағы тілдік таңбалар, стильдік құралдар, риторикалық тәсілдер, дәстүрлі білім, кәсіби біліктілік, өмірлік тағылым мен тәжірибенің орнын және маңызын анықтау;

– тілдік тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық «портретін», тілдік тұлға санасында ана тіліне деген табиғи сүйіспеншілікті ояту жолдарын көрсету;

– қазақ ономастикасындағы дәстүр жалғастығы мен сабақтастығының, мәдени-ұлттық дәстүрдің дамуы, өрістеуі мен ұлтжандылыққа қызмет етуінің теориялық негізін қалыптастыру.

Демек, эколингвистика тіл білімінің заманауи әрі жас дамып келе жатқан бағыты ретінде арнайы әдістемеге мұқтаж ғылым болып есептеледі.

Әдебиеттер

1. Haugen E. *The ecology of language: Essays by E. Haugen / E. Haugen / Stanford, CA: Stanford University Press / Originally published in W. Bright (Ed.). 1966. – P. 159–190.*

2. Иваницкий В.В. *Лингвоэкология и «Дом бытия» / В.В. Иваницкий // Социальные варианты языка: материалы междунар. науч. конф., 25-26 апр. 2002 г., Нижний Новгород / Нижегород. гос. лингв. ун-т им. Н.А. Добролюбова. Филол. фак. / – Н. Новгород, 2002. – 280 с.*

3. Сковородников А.П. *Лингвистическая экология: проблемы становления / А.П. Сковородников // Филологические науки. Выпуск 6. – М.: Высшая школа, 1996. – С. 5–9.*

Общее понятие об эколлингвистике

Ж.К. Жубантаева
старший преподаватель, Павлодарский государственный
педагогический институт, Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье рассматривается новое направление языкознания – проблемы эколлингвистики. Кратко описываются объекты исследования, научные взгляды и концепции ученых эколлингвистов.

Ключевые слова: эколлингвистика, новое направление, макроэколлингвистика, микроэколлингвистика, лингвоэкология.

The general concept about ecolinguistics

Zh.K. Zhubantayeva
Senior teacher of Pavlodar State Pedagogical Institute
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

The article discussed the new direction linguistics – Ecolinguistics problems. Briefly describe the objects of research, scientific views and conceptions of scientists ekolinguistics.

Keywords: ecolinguistics, a new direction, makroecolinguistik, microecolinguistics, linguistic ecology.

УДК 37.018.26

ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮЙЕСІ

*А.М. Смаилова**Железин ауданының Еңбекші ЖББОМ, Бастауыш сынып мұғалімі
Павлодар обл., Қазақстан**Аңдатпа*

Ұсынылып отырған мақалада отбасы мен мектептің ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінің ең тікелей формалары қарастырылған. Сондай-ақ, ата-аналар комитеті, ата-аналар жиналыстары мен конференциялары деген түсініктерге анықтама берілген.

Тірек сөздер: ынтымақтастық әрекеті, ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс, ата-аналар комитеті, конференция, сынып жетекшісі, ата-аналар комитетінің мүшелері, мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті, оқыту-тәрбие процесі

Қазіргі уақытта мектеп пен жанұя ынтымақтастық әрекетінің келесі бағыттары айқындалған:

- ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс; ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту;
- ата-аналармен баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі
- жеке дара жұмыстарын жүргізу.

Ата-аналармен ұйымдастырушылық – педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференциялары сияқты формалар арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті-ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік (жалпы мектептік ата-аналар комитеті) немесе сыныптық жиналыстарда (сыныптық ата-аналар комитеті) сайланады. Ол 5–6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын председателден және 4–5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

Дұрыс және жөнді қызмет ететін ата-аналар комитеті – сынып жетекшісінің оң қолы. Сыныптың барлық күнделікті жұмысы (ұйымдастырушылық, орындаушылық, бастамалық, тәрбиелік, бақылаушылық, үгіттеушілік) сынып жетекшісінің шебер әрі бағыттаушылық ықпалымен ата-аналар комитетінің көмегімен жүзеге асырылады. Ата-аналар комитетінің мүшелері сынып жетекшісіне мектеп

пен оқушылардың жанұялары арасындағы байланысты орнатуға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын (мерекелерді, кештерді, саяхаттарды, театрға саяхатты т.б.) өткізуге көмектеседі. Олар педагогикалық жағынан кемшілігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізе алады.

Мектептің жанұялармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір жанұяларға тәрбиеден көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар жанұяларға).

Мектеп пен жанұялардың ынтымақтастық әрекеттерінің ұйымдастырушылық-педагогикалық формаларына, сондай-ақ, ата-аналар жиналыстары мен конференциялары жатады. Олар жалпы мектеп бойынша да, жеке сыныптар бойынша да өткізіледі.

Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы немесе конференцияларда жанұя мен мектептің оқыту-тәрбие жұмыстарын жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланады. Мектептегі ата-аналар жиналысы, әдетте, жылына 2–3 рет өткізіледі.

Жанұямен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстың ең тікелей формасы жеке сынып оқушылары ата-аналарының жиналыстары. Мұндай жиналыстарда сынып жетекшілері оқушылардың үлгерімі мен тәртібінің сынып өмірі жайлы, ұжым міндеттері туралы, т.б. ақпарат береді. Жиналыстар жанұя мен мектептің тәрбие жұмысында ортақ мақсаттарды анықтау үшін өте маңызды. Жиналыстарды оқушылармен бірігіп өткізген тиімді. Ата-аналар жиналысы әртүрлі болуы мүмкін: тақырыптық, жиналыс-практикумдар, қорытынды, тоқсандық, жылдық, топтық, әңгімелесу – жиналыстар, т.б. Жылына бір рет болса да сынып немесе мектеп деңгейінде диагностикалық негізде ата-аналар жиналысын (немесе конференцияларды) өткізіп тұру керек, яғни бұл процестің жетекші (өзгермелі) сипаттары арқылы мектептегі және жанұядағы шынайы жайды анықтау үшін керек.

Жанұяға бала тәрбиесінде көмек көрсетудің ықпалды тәсілі – ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ұйымдастыру. Мектеп ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ата-аналар жиналысын, консультациялар, сұрақ-жауап кештерін, әкелер конференцияларын, т.б. өткізу арқылы ұйымдастыруға тырысады. Бұл орайда, әрбір мектеп өз жағдайына, «жанұя суреті» ерекшеліктеріне, оқушылар тәрбиелігіне сәйкес ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытудың нақты жүйесін жасайды. Көбінесе оқушылар ата-анасымен бала тәрбиесін жақсартудағы педагогикалық консультациялар және практикалық кеңестер сипатындағы жеке дара жұмыс жиі қолданылады.

Ата-аналарға жанұя тәрбиесін жақсарту мақсатында жеке дара көмек көрсетіп, ықпал жасай отырып, мұғалім педагогикалық әдептілік сақтау керек. Мұғалімдердің ата-аналарға оқушылардың мектептегі «жаман» тәртібіне шағымдануы әрқашанда теріс бағаға ие болады. Мұндай шағымданулардың еш нәтижесі болмайды, керісінше олардың тигізер зияны өте зор.

Ата-аналар оқушылардың оқу еңбегінің әртүрлі шаралын өткізуге қатыстыралады (пәндік тақырыптық кештер, танымдық – ойын – сауық ойындар, үйірмелік сабақтар, т.б.). Көптеген мектептерде «Ашық есік күндері» дәстүрге айналған, бұл күні ата-аналар сабақтарға қатысып, сабақтағы өз балаларын бақылауға, олардың белсенділік деңгейін және оқу материалын игеру тереңдігін бағалауға мүмкіндік беріледі. Олар бұл күні: пәннің ерекшелігін ескере отырып үй жұмысын қалай орындау керек, оқушы пән бойынша оқу жұмысының қандай тәсілдерін игеру тиіс, осы пәнді игеруде қандай қиыншылықтар туындайды және оқушыға оларды жеңу үшін қалай көмектесу керек, т.б. өзекті мәселелерді шешуде білікті көмек ала алады. Ата-аналарға жанұя тәрбиесінің тәжірибесімен алмасудың әртүрлі формалары ұсынылады.

Жанұяны мектеп жұмысына тартудың нәтижелі формасының бірі «кіші педагогикалық кеңестер», ата-аналардың белсенді мүшелерімен бірігіп мұғалімдердің нақты бір сыныптың оқыту-тәрбие процесінің әртүрлі мәселелері бойынша ерекше кеңестер өткізуі.

Осылайша, мектеп пен жанұяның сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің ара қатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады. Сынып жетекшісі қалыптастырған мақсат пен міндеттер оның оқушылар мен олардың жанұяларымен әрі қарай жұмысының бағыттарын да анықтайды.

Әдебиеттер

1. Бәшірова Ж.Р. *Адамгершілік тәрбиесінің әдістемесі* / Ж.Р. Бәшірова // *Қазақстан мектебі*. – 1991. – №7.
2. Жұмабаев М. *Педагогика* / М. Жұмабаев. – Алматы: Рауан, 2002.
3. Аймауытов Ж. *Халық мұрасы* / Ж. Аймауытов. – Алматы: Қазақстан, 2004. – 237 б.

Система педагогической работы семьи и школы

А.М. Смаилова
учитель начальных классов, Енбекшинская ОСШ
Железинский район, Павлодарская обл., Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматриваются основные формы организационно-педагогической работы семьи и школы. Помимо этого дается определение таким понятиям, как родительский комитет, родительские собрания и конференции.

Ключевые слова: сотрудничество, организационно-педагогическая работа, родительский комитет, конференция, классный руководитель, члены родительского комитета, деятельность службы школьного совета, учебно-воспитательный процесс.

The system of pedagogical work of the family and school

A. Smailova

Primary school teacher, Yenbekshy Secondary school of Zhelezinsk d.
Pavlodar r., Kazakhstan

Summary

In this article, the main forms of organizational – pedagogical work of the family and school are considered. Besides it, the definition of such concepts as the Parents' Committee, the parent-teacher meetings and conferences are given.

Keywords: cooperation, organizational and pedagogical work, Parents' committee, conference, class teacher, members of Parents' Committee, the activities of School Board, educational process.

УДК 7.011.26

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАНУ

Ж.Т. Қойтанова

*Лебяжі ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі
Лебяжі ауданы, Аққу ауылы, Қазақстан*

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада жас ұрпаққа әсемдік тәрбие беру жолында халық шеберлері шығармаларының еңбегін дәріптеу және мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беру жұмыстары жайлы толық мағлұмат берілген.

Тірек сөздер: халық педагогикасы, эстетикалық тәрбие, қолданбалы өнер, ұлттық психология, мәдени мұралар.

Жалпы білім беру тұжырымдамасының алға қойған басты бағытының бірі – жас ұрпаққа ғылым негіздерінен терең білім бер мен саяси – идеялық тәрбиенің қазіргіден де жоғары деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Осы бағыт бойынша мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие жұмыстарын ұйымдастырады. Әрбір мектеп оқушысының тәрбиесіне тікелей басшылық көрсетеді.

Жас ұрпаққа әсемдік тәрбиесін беру ісінде халық шеберлері шығармаларының мүмкіндіктері арқылы тәрбие сағаттарын өткізеді. Бұл мүмкіндіктерді әлі де болса жүзеге асыру толық қолға алынбай келе жатыр.

Сынып жетекшісі ертеңгі біздің болашағымыз – жас өспірімдерді көркем мәдениет мұралары арқылы әсемдікке, инабаттылыққа, көрегендікке тәрбиелейтін мектептегі көрнекті тұлғалардың бірі. Қазіргі кезде жаңа бағыттар бойынша жаңа ізденістерді қажет ететін мәселе. Бұл іс қазіргі заман талабына сай, халық педагогикасы мен нарықтық қатынастар принциптеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды қажет етеді. Сондықтан бұл міндеттерді ұтымды шешу үшін жастарға көркемдік білім беру, әсемдікке тәрбиелеу және болашақ мұғалім дайындау ісінде халықтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын жасайтын шеберлердің шығармашылығының мүмкіндіктерін қолданудың ұтымды жақтарын қарастыру орынды. Халық шеберлері шығармашылығын болашақ мұғалімдерді дайындау процесі мен оқушыларға – әсемдік тәрбиесін беру ісінде қолданудың ұтымдылығын іздестіру бағытындағы ізденістер қажет.

Сонымен қатар республиканың халық шеберлерінің шығармашылықтары туралы мәліметтер оқу материалдарын ретінде қолдану жолдары іздестірілуі тиіс.

М. Жүнісбекованың пікірінше: «Тәрбиенің әдістемелік дайындығын арттыру, халық шеберлерінің еңбектерін оқушыларға таныстыру ісімен тығыз байланысты. Жас ұрпаққа әлемдік мәдениеттің озық үлгілерін таныстыруды, өз елінің көркем мәдениетті мен өнерінің таңдаулы туындыларынан бастау керек», – деген [1].

Бірақ осы кезге дейін өзіміздің көркем өнердің, оның ішінде халықтық қолөнердің негізін қалайтын халық шеберлерінің еңбектеріне жеткілікті мән берілмейді. Ауылдық жерлердің балалары халық шеберлері жасаған кілем, алаша, текемет, киіз, сырмақ, бау-басқұр, ер-тұрман, келі-келсап, түбі және т.б. халық шеберлері жасаған бұйымдарды көріп өседі.

Бірақ, олар осы көркем бұйымдардың қадір-қасиетін өз бетінше түсінуге шама-шарқы жете бермейді.

Қазақ халқының қолөнері шет елдің Е.А. Клод, В.В. Вейрман, С.М. Дудин, В.Т. Мошкова сияқты зертеушілерінің назарына ерте кезден бастап іліккен.

Мұнан соң қазақ халқының көркем мәдениетінің табиғатын зерттеуге Ө. Шыныбекова, Ө. Жәнібеков, А. Сейдімбеков, М. Тасмағамбетовтер белгілі үлес қосты.

Қазіргі таңда оқушыларды адам, табиғат жән қоғам туралы қажетті жалпы (білім-тәрбиемен қаруландыру, тәрбиелеуде) оқытуда политехникалық және қолданбалы бағытты күшейту білім-тәрбие мазмұнын қайта құру мен жалпы білім беретін мектеп мақсатын жүзеге асырудағы негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументальді – сәндік және қондырмалы шығармалар негізінен музейлер, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументальді мүсін архитектура кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қас беті мен интерьерлерінде орналасады. Бейнелеу өнеріне тарихи даму процесі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ.

Егер құбылыс пен мән бір-біріне сәйкес келсе, демек, адам сезім мүшелерімен құбылыстардың мәнін тікелей танып біліп отырса, онда ешқандай ғылымның қерегі болмас еді. Бірақ құбылыстың мәнін тікелей сезіну арқылы білуге болмайды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының қоғам өмірі саласында жүріп жатқан демократиялық өзгерістерге байланысты, белгілі әлеуметтік жағдайларлы ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруда көздеген білім беру жүйесіне қойылған талаптар арта түсуде. Сол талаптардың бірі – оқушының дүниетанымын қалыптастыруда әсері мол білім дүниетанымы. Білім неғұрлым тереңдеген сайын дүниетаным да қалыптасып, тұрақтанады.

К. Қайратова: «Дүниетанымның қалыптасуына адам, табиғат, қоғам білімдері тірек болады. Адам, табиғат, қоғам арасындағы байланысты және олардың үнемі бірлікте дамитынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап оқып түсінгені дұрыс», – деген [2].

Қоршаған дүниенің адам санасында бейнеленген көрінісі көзқарастың бір бөлігі ғана. Тұтас көзқарасты қалыптасыруда адам мен қоршаған ортаның қатысы, пайдасы мен зиянды, мұқтаждықты өтеу деңгейін анықтау әрекеттерінің қатысы қажет.

Көзқарастың қалыптасуы мен даму тарихына көз жүгіртсек, одан адам баласының табиғатты танып-білудегі байланысын байқаймыз. Табиғатты танып-білуде бірнеше алғышарттар қажет: адам мен табиғаттың іс жүзіндегі арақатысы; табиғат, қоғам, адам арасындағы қатынас; қоғамның рухани-мәдениеті, ғылым жетістігі, жалпы философиялық көз қарастар және т.б.

Дүниетанымдық көзқарас философия ғылымдары саласында кеңінен зерттелуде. Соның ішінде, қазақ халқының дүниетанымының қалыптасып, дамуына аса мән берілуде (М. Орынбеков, Ж. Алтаев, А. Қасабеков т.б.). Бұл салада

жарық көрген зерттеулер дүниетанымдық қағидаларды философиялық тұрғыдан байытты.

Дүниетанымға ұлттық психологияның да әсері мол. Ұлттық психология өмір сүретін ортаға қарай салт-дәстүр тұрғысынан көрініп дүниеге адамның көзқарасы, талғамы, эмоциясы, мұқтажы байқалады. Талғам күшейген сайын адам материалдық мұқтажы қанағаттандырумен бірге рухани мұқтажы дамытады. Неғұрлым қоршаған дүние сырын түсініп, оны меңгерген сайын талғам да өсіп, өзгереді, дүниетаным да кеңейе түседі.

Ескертетін жай, оқушылардың дүниетану көзқарасы ғылыми білім негізін меңгеру нәтижесінде қалыптасатыны. Оқушылар ғылыми ұғымды меңгеру арқылы дүние заттарының, құбылыстарының нақтылығын, әр зат пен құбылыстардың даму заңдылықтарын түсініп, шындыққа сенімдері арта түседі. Білімнің ғылымилығы – оқушылар сенімінің көзі. Олай дейтініміз, әрбір ғылыми ұғымды меңгеру үшін оқушылар әртүрлі практикалық жұмыстармен айналысады, тәжірибелер жасап, күрделі мәселенің шешімін табуға талпынады. Осындай іс-әрекеттің нәтижесінде шындыққа жетеді. Ізденіс барысында меңгерген білімін ой елегінен өткізіп, тұжырымдауға үйренеді. Өзіне сенімі молаяды, білімге, қызығушылығы, талпынысы артады.

Дүниетануды оқытудың маңызын арттыруда, оның басқа пәндермен сабақтастығы ерекше роль атқарады. Бұл арада бейнелеу өнері пәнінің орны ерекше.

Бейнелеу өнері пәні – қоршаған дүниені меңгерудің өз жолы, тәсілі деп те айтуға болады. Бейнелеу өнері түрлері қоршаған ортаны көркем меңгерудің мүмкіндік болатын тәсілдері ретінде ұғыну көзқарасы. Ал көзқарастар белгілі бір ұстанымды, бағытты білдірсе, көркем білім жеке тұлғаның қоршаған ортадағы әртүрлі процестер мен құбылыстарды бағалауы ғана емес, сонымен қатар, жалпы өзінің өмірлік мақсаттарын қоюы мен жүзеге асырылуында да мүмкін және мақсатқа сәйкес болатындығы жайлы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Бейнелеу өнерін оқытудың басты мақсаты мектептегі оқу және тәрбие процесінің бірлігі.

Мектепте оқушыларға бейнелеу өнеріне оқытуда немесе әртүрлі техника мен түрлі әдістерді қолдана отырып, кәсіби жоғары деңгейде сурет салдырту мақсат емес. Біздің мақсатымыз – оқушылардың көркем-эстетикалық талғамы мен бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын оятып, қоршаған ортаны таныту және де отансүйгіштік сезімдерін арттырып, әсемдікке, сұлулыққа жетелеу болып табылады. Сабақ жоғары деңгейде өтілу үшін оқушылардың бейнелеу өнеріне деген дұрыс қатынастары мен көзқарастарын өзгертіп отыру және іс-тәжірибе тұрғысында шығармашылық жұмыс жасауларына барынша талпындыру.

Бейнелеу өнерінің мән-мағынасы – адам дамуындағы руханилықтың иесі болып табылатын жанды тұлғаның өздігінен ізденуіне, жанарып отыруына, өз өмірін шығармашылыққа айналдыруға мүмкіндік береді.

Жастар бойындағы рухани дүниені дамыту арқылы өмірге, айналасындағы қоршаған ортаға, әсемдікке үйлесімді қатынас орната аламыз. Жастардың рухани ішкі жан дүниесін эстетикалық тұрғыда тәрбиелеу арқылы сыртқы дүниеге, көріністерге, құбылыстарға жаңаша қатынас орнатып, жоғары деңгейге көтеруге деген ұмтылысын қалыптастырамыз. Руханилық құбылыс әлеуметтік болмыста адамсыз және адамнан тыс өмір сүрмейді, сондықтан ол жеке тұлғаның дүниетанымымен, іс-әрекетімен тікелей байланысты.

Жас ұрпақты рухани-эстетикалық тұрғыда дамуына бейнелеу өнерінің әсерлі ықпалын, көркем өнер түрлерін оқу-тәрбие жұмыстарында тиімді пайдаланудың педагогикалық тиімді жолдарын айқындауға бағытталған ғылыми зерттеулердің аумағы кеңейе түсуде. Оқушыларды бейнелеу өнеріне оқыта отырып, өнерге баулу, көркем өнерге қызығушылықтарын, талғампаздықтарын арттыру және тәрбиелеу, үнемі, жүйелі, бірізді уақытта жүргізілсе ғана тиісті нәтижеге қол жеткізуге болады.

Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі, оның ішінде, әсіресе, жастардың тәрбиесі. Осы мақсатта әрбір халықтың әртүрлі ой-пікірлері, іс-тәжірибелері көптеген жылдар бойы жинақталған. Осы орайда халық педагогикасының озық үлгілері бала тәрбиесін жетілдіру, ана тіліміздің, өнеріміздің өрісін кеңейту, көркем білім беру саласынан өткен кемшіліктердің орнын толықтыру, эстетикалық тәрбие беруді нығайту құралының бірі болып табылады.

Суретші тарихи ескерткіштердің формасын, сызықтарын, өрнектерін ала отырып, солардың көмегі арқылы бүгінгі көрермендерге өзінің түсінікті идеясын ұсынады.

Алайда суретшілердің ізденуі, оның бүгінгі дүниетанымынан, бүгінгі эстетикалық көркем біліммен және оның бүкіл жаңаны жан-тәнімен беріле қабылдауынан ұзап кете алмаған. Оған мысал, суретшілер өздерінің туындыларын да бүгінгі күннің сұлулық заңымен жасаған.

Енді «философия» түсінігіне келсек, жалпы алғанда, ол дүниенің фрагменттік бөлігін ғана емес, шындықты тұтас қарастырады. «Дүниетаным дегеніміз – адамның дүниеге (әлемге) деген рухани қатынастарының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің сан алуан арақатынасын білдіретін ұғым. Адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасқандықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады».

Қазіргі кезде мәдениетті дәстүр тұрғысынан алып, онын шешімі мен талданылуын әдіс ретінде қарастырып, түсіндірумен шектелуге болады. Мұнда адамның табиғи әлеуметтік және психикалық ортаға тарихи бейімдеу тәсілін ұғу керек, яғни осы тарихи және этникалық анықтаманың сақталуы, философиялық түсіндіруді қажет етеді.

Демек, ұлттық қолөнер шеберлері шығармашылығын қолдану ерекше орын алады.

Әдебиеттер

1. Жүнісбекова М. Балаларды еңбекке қалыптастыру жолдары / М. Жүнісбекова // *Бастауыш мектеп.* – 2005. – №3.

2. Қайратова К. Оқушылардың еңбекке дағдысын қалыптастырудың негізгі деңгейлері / К. Қайратова // *Қазақстан орта мектебі.* – 2007. – №2. – 4–7 б.

3. Жұмабекова Ф.Н. Еңбек тәрбиесінің бүгінгі мен болашағы / Ф.Н. Жұмабекова // *Отбасы және балабақша.* – 2004. – №4. – 7–8 б.

Использование творчества мастеров народного прикладного искусства

Ж.Т. Қойтанова
учитель начальных классов Лебяжинской СОШ,
Лебяжинский район, с. Акку, Казахстан

Аннотация

В статье полностью освещена эстетическая сторона работ великих мастеров своего дела о роли в воспитании молодого поколения.

Ключевые слова: народная педагогика, прикладное искусство, народная психология, культурное наследие.

The use of creativity of masters of the national applied art

Zh. Koytanova
Primary school teacher Lebyazhinsk Secondary school
Lebyazhinsk d., Akku v., Kazakhstan

Summary

In this article, the aesthetic aspect of great masters' works of their craft on the role of education of the younger generation is fully illuminated.

Keywords: national pedagogics, applied art, national psychology, cultural heritage.

УДК 372.4

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*А.А. Калкамбекова**«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» ММ Кешенінің бастауыш сынып мұғалімі,
Павлодар қ., Қазақстан**Аңдатпа*

Мақалада оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда, олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы жайлы толық мағлұмат берілген.

Тірек сөздер: оқу-тәрбие процесі, іс-әрекет, жаңа технологиялар, шығармашылық қабілет, педагогикалық технологиялар, тәжірибе.

Қоғамда қазіргі уақытта болып жатқан өзгерістер, оның қарқынды ақпараттануы мен динамикалылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбірімен өзгертті. Қазақстан Республикасында білім берудің 2015 жылға дейінгі Тұжырымдамасында білім берудің негізгі мақсаты болып тек білім, білік, дағдылар жиынтығын беру ғана емес, соларға негізделген жеке, әлеуметтік және кәсіби құзырлылық – ақпаратты өз бетімен табу, талдау және тиімді пайдалану құзырлылықтарын қалыптастыру анықталған. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатында педагогикалық технологияларды ұсынған Н.П. Гузиктің, В.В. Давыдовтың, Л.В. Занковтың, В.М. Монаховтың, С.Н. Лысенкованың, В.Ф. Шаталовтың, Д.Б. Элькониннің, П.М. Эрдниевтің және тағы басқалардың ғылыми тұрғыдан практикалық мәні зор еңбектері біздің зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынды.

Педагогикалық технологияларды білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік негіздері Б.Т. Барсай, В.П. Беспалько, Д.М. Жүсібалиева, М.В. Кларин, Қ. Қариева, С.А. Көшімбетова, Қ. Қабдықайырұлы, Ж.А. Қараев, А. Саипов, Г.К. Селевко, Ш. Таубаева, Б.К. Тульбасова, Л.А. Шкутина, т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінің арқауы болды.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал

етіп ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті күрделі процесс. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл – амалдарынан тұрады. Оқу-үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенді танымдық іс-әрекеттің көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығы қамтитын танымдық, еріктік сезімталдық үрдістер мен мотивтері бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалды, жеке қасиеттерін және кәсіби маңызды біліктерін дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу жұмысы. Демек, оқу танымдық іс-әрекет болып табылатын күрделі құбылыс. Ол оқу міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен және т.б. сипатталады. Нәтижесінде, оқушылардың танымдық іс-әрекеті – жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдық, еріктік, сезімталдық үрдістері мен мотивтері бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалды, жеке қасиеттерін және кәсіби маңызды біліктерін дамытатын, оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруде көздейтін жан-жақты оқу жұмысы – деп анықтама беруге мүмкіндік болады.

Қоғам, мәдениет және білімнің бүгінгі даму жағдайында педагогикалық іс-әрекеттегі инновациялық бағыттардың қажеттігі бірнеше шарттардан туындап отыр.

Күнделікті тәжірибеде жаңа технология сипаты күтілген нәтижелер мазмұнымен, енгізілудегі ұсыныстардың күрделілік және тыңғылық дәрежесімен, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетке дайындық дәрежесімен анықталады.

Соңғы нәтижеге болжам жасай отырып, мектептегі инновациялық процесті басқаруда осы қызметтің негізгі бөлімі ұжымдық талқыға түседі. Бағдарламалы инновацияға байланысты өте ірі шаралар топтық әдіспен дайындалады.

Нақты бағдарлама түзіліп, онда ұжымдағы әрбір мүше іс-әрекетінің бастау бағыты көрсетіледі, соңғы нәтиже болжамы түзіледі, көздеген мақсаттың іске асу

мерзімі айқындалады, бар жағдай – шарттардың жақсылана түсуі қамтамасыз етіледі.

Жаңа технологияда басқаруда нәтижеге бақылау жасау үлкен маңызға ие. Бақылаудағы міндеттер:

– жеткен нәтижелерді бағамдық талдауға салу, білімдік іс-әрекет процестерін реттеуге байланысты жұмыстар жүргізу үшін қажетті тұжырымдар жасау;

– ұжым кейпі мен іс-әрекеттеріне түзетулер енгізу мақсатында жаңа технология процестің барша қатысушыларының қызметтері мен жұмыс нәтижелеріне баға беру; қорытындылар шығару;

– кешенді – мақсатты бағдарламаға сәйкес инновацияларды басқару нәтижелерін бағалау және басқару ықпалдарын ретке келтіруге орай ұсыныстар беру;

– жаңа технология процесс қатысушыларын ақпараттандыру үшін тура және кері байланыс өзектерін қалыптастыру;

Білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін сапалы білім алуына жағдай жасап, инновациялық технологияларды енгізу орта білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Шығармашылық әрекет – оқушының өз жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет. Сондықтан оқыту әрекетінде мұғалім мен оқушының тығыз байланысы болуы, мұғалім бар күш – жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы, оқушының өз тарапынан белсендік, дербестік көрсетуі өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекетті қалыптастыруға болады.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі бермеу керек. Мақсатты шешу іштей талқылап, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Оқушы біліктері мен дағдыларын еркін меңгеріп, өз бетімен білімін жетілдіруге де мүмкіншілік туады. Оқыта отырып дамыту мәселесіне арналған зерттеулер дәстүрлі оқытуға өзгерістер енгізуіне ықпалын тигізді. Оқыту барысында баланың ақыл-ойын, қиялын т.б. танымдық үрдістерін дамытып қоймай, баланы әр түрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарады.

Педагогикалық жаңа технологиялар бастауыш мектептерінде мынадай қағидаларды ұстанады: оқуға шығармашылықтың енуі, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, жеке тұлғаның дамуына жағдайдың туғызылуы, яғни

жеке тұлғаға бағдарланған оқу, тұлға дамуының сыртқы әсермен бірге оқушының ішкі түрткілері негізінде жүргізілуі, тұлға дамуының жолын алдынала жобалау.

Бастауыш мектеп тәжірибесінде жаңа модульдік технологияларды оқыту әдістерін белгілі бір топтарға топтап көрсетуге болады:

– жартылай іздендіре оқыту-оқушылар оқудың мақсат-міндеттерін шешуге зерттеудің жеке сатыларын орындау арқылы көренеді.

– оқу-мақсаттар мен мәселерді ұйымдастыру мен шешуден тұрып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға қызмет етеді;

– іскерлік және білімді ойындар;

– зерттеушілік әдістер-дағдылары, білімді және біліктерді меңгеру барысында оқушы шығармашылық тәжірибеге мейілінше үйренеді, толық меңгерді.

Жаңа технологияларды инновациялық оқудың сүйегі бола отырып, оқушының тұрақты жоғары нәтижелерге қарай біртіндеп сатылай жылжуын, жаңа оқу ақпараттары мен біліктерді меңгеру мақсатына жақындау деңгейлерін бағалау және өзін-өзі бағалау мүмкіндітерінің туындауын қамтамасыз етеді.

Алдына қойған мақсаттарға жетуде мектеп кезкелген педагогикалық технологияларды қолдана алады. Білім стандартына белгіленген, білім беру бағдарламаларында айқындалаған талаптарды нақты жағдайларда жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу түрлері мен әдістерін оқу үрдісін бақылау түрлерін таңдау-мектеп құзырындағы іс.

Мейілінше тиянақты қалыптасқан педагогикалық парадигма бойынша педагогикалық технология ұғымы білім мазмұнын құру, оқу-тәрбиенің әдістерін, құралдарын, түрлерін таңдауды, тиімді нәтижелерге ең қысқа мерзімде сатылап жету кезеңдерін қамтиды.

Оқыту технологиясы мектепте оқыту үрдісіне қажетті амал, тәсіл, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол оқушылардың оқу-тәртібіне, оқуға, ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибенің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие үрдісінің басты күре тамырының ролін атқарады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен терең ойластырылған факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа құрамдас бөлігі.

Сабақтар жүйесінде оқытудың әр алуан әдістерін мұғалімнің пайдалана білуі оқыту процесінің дұрыс ұйымдастырылғанын сипаттайды.

Бұл турасында М. Жұмабаев: «Қандай мұғалім болмасын, әдістерді неғұрлым көп білуге тырысуға, оларды көмекші шара ретінде қабыл алуға тиісті. Оқушының сабақ түсінуіндегі қиыншылығының қандайын болса да, оны оқушы-

ның кемшілігі емес, қайта өзімнің сабақ оқытудағы кемшілігім деп қабылдауға тиісті. Жаңа тәсілдерді ойлап табу жөнінде өзінің қабілетін дамыта беруге ұмтылуға тиісті».

Сондықтан әрбір мұғалім сабаққа дайындалу барысында оқу материалын оқушыларға қалай меңгертуге болатыны жайында үнемі шығармашылықпен жұмыс істеуі тиіс.

Мысалы:

1. Егер мұғалім баяндау процесінде суреттерді демонстрациялап көрсетсе, онда демонстрация әдістемелік тәсілге жатады.

2. Оқушылар зерттеу негізінде суреттермен танысып, тақырып бойынша нақты білім алса, онда суреттерді демонстрациялау әдіске, ал баяндау тәсілге жатады.

3. Тәжірибелік сабақтың мәнін және мағынасын анықтайтын әңгіме әдіс ретінде қолданылады.

4. Егер оқушылар тәжірибелік тапсырманы өз бетінше орындауға кіріссе, ал мұғалім сол дербес жұмыс процесінде тек әңгіме элементтерін қолданса, әңгіме тәсіл ретінде пайдаланылады.

Әдіс пен тәсіл педагогикалық ұғым. Білім беру үрдісіндегі оқытудың ақпараттық технологиясының орны мен мәнін бағалайтын үйлесімді зерттеулер бар.

Мектеп танымдық белсенділігін, ақыл-ойын дамытады және оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Бейсенбекова А. Оқыту мазмұнын түрлендіру / А. Бейсенбекова // Бастауыш мектеп. – 2000. – №8–9. – 50–51 б.

2. Тәттібаева Ж. Педагогикалық технологияны пайдалану ерекшеліктері / Ж. Тәттібаева // Бастауыш мектеп. – 2006. – №3. – 3–4 б.

Формирование учебно-познавательной деятельности учащихся

А.А. Калкамбекова

учитель начальных классов, ГУ «Комплекс музыкальный колледж – музыкальная школа-интернат для одаренных детей»,
г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье даны полные сведения о важности повышения уровня знания, принимать во внимание требование поиска, оказывая влияние на познавательную силу духа и развитие их способностей в формировании учебно-познавательной деятельности учащихся.

Ключевые слова: учебно-воспитательный процесс, действие, новые технологии, творческие способности, педагогические технологии, опыт.

Formation of educational and cognitive activity of students

A.A. Kalkambekova
Teacher of the SI `Complex`Musical college-musical
boarding shool for talented children`
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

There is a whole data about an importance of increasing the level of knowledge, take into consideration the demand of the searching, influencing cognitive strength of mind and improvement of their skills in educational and cognitive activitu of students.

Keywords: the educational progress, action, new technologies, creative skills, teather`s technology, experience.

УДК 372.4:37.025

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ
ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Б.К. Шакарова

*№25 ЖОБМ, бастауыш сынып,
Павлодар қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа

Осы мақалада халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу үшін халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алу қарастырылған.

Тірек сөздер: ұлттық тәрбие, дәстүр, адамгершілік, имандылық.

Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде

болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру – өмір талабы.

Күнде өзгеріс болып жатқан бүгінгі таңда халқымыздың арғы бергі тарихы мен дәстүрін, тарихи асыл мұраларымызды біліп, қастерлеп, бүгінгімізбен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру әрбір мұғалімнің азаматтық парызы.

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерде ғалымдар халықтық педагогиканың бастау көздерін Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Табылдиев, қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде туып, қалыптасып даму кезеңдерін С.Қ. Қалиев т.б. зерделеді.

Философ-ғалым Н. Сәрсенбаев әдет-ғұрып дәстүрдің бөлшегі деп келе, осы ұғымдардың мазмұнынан мына анықтаманы ұсынады: «Әдет-ғұрыптар-адамның қоғамдық мінез-құлқының, олардың өмір және тұрмыс салтының тарихи қалыптасқан азды-көпті тұрақты нормалары, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қоғамдық пікірдің арқасында сақталады».

Сонымен қатар педагог-ғалым Қ. Болатбаев бұл мәселе туралы «Қазақ халқының ағартушылық мәдениеті үш үлкен мәдени мұрамен байланысты. Ол, біріншіден, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық мәдениеті болса, екіншіден, көп ғасырлар бойы еншілес өмір сүрген Шығыс, Орта Азия халықтарының мәдениеті және салт-дәстүрлерімен сабақтас өмір сүруі, үшіншіден, Қазақ халқының мәдениетіне батыстан келген мәдениеттен гөрі Шығыс мәдениеті әсерлі ықпал етті. Өйткені, оның түр тамыры тереңнен басталады және әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде үлкен ұқсастық бар» – деп атап өтеді [2].

Ұлттық «менді» қалыптастырудың жолдары мен әдіс-тәсілдері сан алуан екендігі белгілі. Соның ішінде жетекші орынды тәрбие алатынына ешкім күмән тудырмайды. Себебі тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жеке тұлғаның бойына сіңіру, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыру болып табылып, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатын көздейді.

Қазіргі мектептерде ұлттық тәрбие беру мәселесі өз шешімін таппаса, білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар түпкі нәтижеге қол жеткізуі мүмкін емес. Ол үшін ұлттық тәрбие беру барысында басшылыққа алынатын талаптарды анықтап алудың да маңызы зор:

– біріншіден, ұлттық тәрбие бір ұлттың мұратын ұлықтаумен қоса, басқа ұлттардың тарихын, дәстүрін, этникалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, оларға қуат беретін факторға айналуын қамтамасыз ету қажет;

– екіншіден, ұлттық тәрбие үздіксіз болу керек. Елдің ішіндегі, жер-жаһандағы нақты ахуалға байланысты оның көздегені өзгеріп, нақтыланып отыратыны айтпаса да түсінікті жайт. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат.

Қ. Бөлеевтің айтуынша: «Ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы [4].

Ғалымның ойынша, ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімділігі – болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді даярлау және қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алу арқылы іске асырылады.

К.Ж. Қожахметова ұлттық тәрбиені этникалық тәрбиеге қарағанда кең ұғым деп қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: ұлттық тәрбие-жалпы халықтық ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: олар тілді, мәдениетті білумен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі қажет.

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасының түпнамасы – оның ұлттық құндылықтармен мыңғасырлық байланыстығының тұтастығында екені анық. Халық педагогикасындағы ұрпақтың жан-жақты дамып-өсуіне, таным кеңістігінің ұлғаюына зор ықпал жасап келгенін педагогика ғылымы жоққа шығармайды.

Қазақ халқы – елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағлымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу-тәрбие процесінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сай жасалуын өмірдің өзі талап етеді.

Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процесінде халық педагогикасын пайдалану бойынша мол тәжірибе қалыптасқан.

Ғасырлар бойы әдет-ғұрып дәстүрге айналып, ұрпаққа ақыл-сана беретін, атадан–балаға тұрмыс-тіршілігіне өнеге болып, ауызша жалғасып келе жатқан қазақтың қанына сіңген тәрбиелік қағидасын халықтық педагогика дейміз. Халықтық педагогика жас ұрпаққа өмір тәжірибесінен халықтың сенім, наным-танымынан жинақтап, әдеп пен өнеге беру үшін атадан-балаға ауызша жалғасып келе жатқан қағида, оны жасаушы – халық.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен мақал-мәтелдерде, аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі

түйіні – адамгершілік – имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Ұлттық салт- сананың қалыптасуының екі ізі бар игі әдеттер көп қолданыстан әдет- ғұрыпқа, яғни өмір қолданысына айналады да, ол ұлттық әдеп (этика, этника) болып қалыптасады. Бұл- халықтың рухани өміріндегі мәдени ірге негіз болып табылады.

Халық қалыптастырған әдеп (этика, этника) ұлттық қолданысқа айналады да ол дәстүр болып қалыптасады. Яғни әдеп халықтың мәдени ерекшелігі болып, өмір қолданысына заңды түрде енеді де, оның орындалмауы заңсыздық, өмірге керіағар болып көрінеді. Ондай заңдылықты бұзу- кінә, айып, қылмыс ретінде танылады. Сөйтіп дәстүр салтқа (заңға, заңдылыққа) айналады. Оны салт- дәстүр дейміз.

Салт- дәстүрлердің ұлттық санаға айналған биігі – салт- сана деп аталып. Дәстүр, салт- дәстүр, салт- сана- ұлттық болмыстың мәдени сәулеті болады. Яғни ұлттық салт- санасы сол ұлттық мәдениетінің биіктік деңгейін көрсетеді.

Халық мұрасының танымдық мәні – ұлан-ғайыр дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде мәнді, адамзаттың рухани – эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне байланысты, баланың жан-дүниесінің қалыптасуына негіз болатын дәстүрлер көп-ақ. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған. Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу үшін халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алуға болады.

Халық педагогикасын келер ұрпаққа айтар ақылы, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күй, би, музыкасы, фольклорлық шығармалар арқылы ежелгі ойын-той думанында салт-саналық дәстүрлерінде насихатталған. Яғни, әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіне тән дәстүрі ұлттық мұра арқылы көрініс береді.

Ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие процесінде ұлттық психология үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі – қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр.

Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттері қосылады. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға ұлттық тәрбиеге үйлесімді жүзеге асуы қажет.

Ұлттық тәрбие мен салт-дәстүр біздің пікірімізше мынадай әдіснамалық талаптар орын алғаны дұрыс сияқты. Ұлттық тәрбие жалпыазаматтық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс. Ұлттық тәрбие өз ерекшелігін шешумен қатар ұлттық шектеушілік пен басқа да тар өрісті белгілерден аулақ болғаны жөн.

Басты бағдар – барлық ұлт балаларының елімізге деген ортақ сүйіспеншілік сезімін, мүдделерін қалыптастыру. Тек оқу процесі емес, мәдени-көпшілік шаралары да оқушыларға ұлттық тәрбие беруде түрлі тәсілдердің шебер әрі ұтымды пайдаланылуын іздестіруді талап етеді.

Демек, халықтың салт-дәстүрі – тәрбиенің басты негізі. Қорыта келе айтарымыз, қазақ халқының салт-дәстүрін бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану маңызды мәселелердің бірі.

Қазақ халқының дәстүрлері – ежелден бері халық тұрмысында кең көлемде бірнеше ғасыралар бойы қолданылып келе жатқан қарым-қатынастардың жүйесі.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан – 2030* / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: Білім, 2008. – 256 б.
2. Болатбаев Қ. *Қазақ халқының ағартушылық мәдениеті* / Қ. Болатбаев. – Алматы, 2001.
3. Қоянбаев Р.М. *Педагогика* / Р.М. Қоянбаев, Ж.Б. Қоянбаев. – Алматы, 2000.
4. Бөлеев Қ. *Ұлттық тәрбие* / Қ. Бөлеев. – Алматы: Ғылым, 1999.
5. Адамбаева Б. *Халық даналығы* / Б. Адамбаева. – Алматы: Жалын, 2006.

Использование обычаев и традиций казахского народа в учебно-воспитательном процессе начальной школы

Б.К. Шакарова
учитель начальных классов, СОШ №25,
г. Павлодар, Казахстан

Аннотация

В статье рассматривается народная педагогика как духовный вид культуры, являющейся основой одной из составных и неотъемлемых частей учебно-воспитательной работы с учащимися начальных классов.

Ключевые слова: национальное воспитание, традиция, человечность, порядочность.

*The use of customs and traditions of the Kazakh people
in the teaching and educational process of Primary school*

B. Shakarova
Primary school teacher, Secondary school №25
Pavlodar, Kazakhstan

Summary

In the article, the national pedagogics as a spiritual type of culture, being the basis of one of the compound and integral parts of teaching and educational work with Primary school students is considered.

Keywords: national education, tradition, humanity, decency.

1. Жұрналға педагогика ғылымдарының барлық салалары бойынша 2 данамен компьютерде терілген, бір жарым жоларалық жиілікпен беттің бір жағына барлық шетінен 3 см орын қалдырып басылған мақалалардың қолжазбалары және «OpenOffice.org 3.0 Writer үшін» мәтін редакторындағы толық материалдарының дискеті қабылданады (кегль –12 пункт, гарнитура – Times New Roman/KZ Times New Roman).

2. Мақалаға барлық авторлардың қолы қойылады. Аңдатпаны, әдебиеттерді, кестелер мен суреттерді қоса есептегенде қолжазбаның жалпы көлемі 8–10 беттен аспауы керек.

3. Ғылыми дәрежелері жоқ авторлардың мақалалары ғылым докторының не ғылым кандидатының пікірімен бірге берілуі керек.

4. Мақалалар төмендегі ерекше талаптарды қатаң сақтауды қажет етеді:

– ОӘК – ондық әмбебап кестесі бойынша;

– мақаланың аты: кегль – 14, гарнитура Times New Roman (орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтін үшін), KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін тақырыптың аты ерекше жазу арқылы, тақырып аты ортасында болуы керек;

– мақаланың атауы, автордың ата тегі, авторлар туралы мәлімет, мақаланың аңдатпасы және кілтті сөздер қазақ, орыс және ағылшын тілдерде беріледі;

– автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, мекеменің толық аты: кегль – 12, гарнитура Arial (орыс ағылшын және неміс тілінде), KZ Arial (қазақша мәтіндерге), азат жол ортасында болуы керек;

– Аңдатпа: кегль – 12 пункт, гарнитура Times New Roman / KZ Times New Roman қазақ және ағылшын тілдерінде (ағылшынша және немісше мәтіндер үшін), орыс және ағылшын тілдерінде (қазақша мәтіндер үшін), қазақ және орыс тілдерінде (ағылшынша мәтіндер үшін);

– мақала мәтіні: кегль – 12 пункті, гарнитура Times New Roman (орысша, ағылшынша және немісше мәтіндер үшін), KZ Times New Roman (қазақша мәтіндер үшін), бір жарым жоларалық интервал;

– қолданылған әдебиеттер тізімі (сілтеме мен ескертулер қолжазбадағы нөмірлерімен және квадрат жақшада беріледі) әдебиеттер тізімі МемСТ 7.1–84 талаптарына сәйкес жасалуы керек.

Мысалы:

Әдебиеттер:

1. Автор. Мақаланың аты. // Жұрнал аты. Басылған жылы. Том (мысалы, 26–том) – нөмірі (мысалы, №3) – беттері (мысалы, 34–бет немесе 15–24 беттер).

2. Андреева С.А. Кітаптың аты. Басылған жылы (Мысалы, – М:) Баспа (мысалы, Ғылым) басылған жылы. Кітаптың жалпы бет саны (мысалы, 239 б.) немесе нақты беті (мысалы, 67-б.)

3. Петров И.И. Диссертация аты: пед. ғыл-ның канд. дисс. – М: Институттың аты, жылы. Бет саны.

4. С. Christopoulos, The transmission – Line Modelling (ТМЬ) Method, Piscataway, NJ: IEEE Press, 1995.

Бөлек бетте автор жөнінде (қағазға басылған және электронды түрде) мәліметтер беріледі:

– аты-жөні толығымен, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, жұмыс орны, («Біздің авторларымыз» бөлімінде жариялау үшін) мақала тілінде терілуі керек;

– толық пошталық мекенжайлары, қызмет және үй телефондары, E-mail (редакцияның авторлармен байланыс жасауы үшін, жарияланбайды);

4. Иллюстрациялар. Суреттер мен сурет жазбалары бөлек беріледі және мақала мәтініне енгізілмейді. Әр суреттің артында оның нөмірі, аты, автордың тегі, мақаланың аты болуы керек.

Дискетте суреттер мен иллюстрациялардың TIF немесе JPG (жерек форматында кемінде файл 600 dpi рұқсатымен беріледі (файлдар атаулары «1-сурет», «2-сурет», «3-сурет» және т.б.).

5. Математикалық формулалар Microsoft Word Equation 3 немесе MathType формуласы сияқты (әр формула – бір объект) тіркелуі керек. Сілтемелері бар формулалар ғана нөмірленеді.

6. Автор мақалаға қатысты шектеулерді ескереді, сондай-ақ мақала мазмұны үшін жауап береді.

7. Редакция әдеби стильдік өңдеумен айналыспайды. Қолжазба мен дискеттер қайтарылмайды. Талапқа сай келмейтін мақалалар басуға жіберілмейді және авторға қайтарылады.

8. Материалдар, қолжазба және диск мына мекенжайға жіберілуі керек:

140002, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Мир көшесі, 60 үй.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

Ғылыми-баспа орталығы

Тел. (7182) 32-48-04

факс: (7182) 34-42-22

e-mail gio@ppkkz.

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК

БИН 040340005741

РНН 451500220232

ИИК KZ109260501163654000

АО «Казкоммерцбанк»

БИК KZKOKZKX

ОКПО 40200973

КБЕ 16

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК

БИН 040340005741

РНН 451500220232

ИИК KZ609650000061536309

АО «Альянсбанк»

БИК IRTYKZKA

ОКПО 40200973

КБЕ 16

1. В журнал принимаются рукописи статей по всем направлениям педагогических наук в двух экземплярах, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полуторным межстрочным интервалом, с полями 3 см со всех сторон листа, и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе «OpenOffice.org 3.0 Writer» (кегель – 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman / KZ Times New Roman).

2. Статья подписывается всеми авторами. Общий объем рукописи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать 8–10 страниц. Минимальный объем рукописи должен составлять 5–6 стр.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

– УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

– название статьи: кегель – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman Cyr (для русских, английских и немецких текстов), KZ Times New Roman (для казахских текстов), абзац центrovанный;

– в сведениях об авторах следует указывать фамилию, имя, отчество полностью, полное название учреждения, кафедры, звание, должность: кегель – 12 пунктов, гарнитура – Arial (для русских, английских и немецких текстов), KZ Arial (для казахских текстов), абзац центrovанный;

– аннотация статьи и ключевые слова: кегель – 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman /KZ Times New Roman;

– название статьи, фамилия автора, сведения о нем, аннотация статьи и ключевые слова предоставляются на казахском, русском и английском языках;

– текст статьи; кегель – 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русских, английских и немецких текстов), KZ Times New Roman (для казахских текстов), полуторный межстрочный интервал;

– таблицы и схемы должны сопровождаться названиями и нумерацией;

– литература в литературных источниках печатается по мере употребления в рукописи;

– изречения авторов должны сопровождаться сносками [1, 38], где 38 – страница, источник 1; количество сносок должно соответствовать количеству литературных источников;

– список использованной литературы (ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1–84. Например:

Список литературы

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т. 26). – номер (например, №3). – страница (например, С. 34 или С. 15–24).

2. Андреева С.А. Название книги. Место издания (например, – М.:) Издательство (например, Наука,) год издания. Общее число страниц в книге (например, 239 с.) или конкретная страница (например, С. 67.)

3. Петров И.И. Название диссертации: дис. канд. пед. наук. М.: Название института, год. Число страниц.

4. С.Christopoulos, The transmission Line Modelling (TML) Metod, Piscataway, NJ: IEEE Press, 1995.

На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе:

– Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы, набранные на языке статьи;

– полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

4. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют отдельно и в общий текст статьи не включают. На обратной стороне каждого рисунка следует указать его номер, название рисунка, фамилию автора, название статьи. На дискете рисунки и иллюстрации в формате TIF или JPG с разрешением не менее 600 dpi (файлы с названием «Рис. 1», «Рис. 2», «Рис. 3» и т.д.).

5. Математические формулы должны быть набраны как MicrosoftWord Equation 3 или MathType (каждая формула – один объект). Нумеровать следует лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

6. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и диски не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

8. Рукопись и диск с материалами следует направлять по адресу:

140002, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Мира, 60
Павлодарский государственный педагогический институт
Научно-издательский центр.
Тел. (7182) 32–48–04
факс: (7182) 34–42–22
e-mail rio@ppkkz.

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК
БИН 040340005741
РНН 451500220232
ИИК KZ109260501163654000
АО «Казкоммерцбанк»
БИК KZKOKZKX
ОКПО 40200973
КБЕ 16

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК
БИН 040340005741
РНН 451500220232
ИИК KZ609650000061536309
АО «Альянсбанк»
БИК IRTYKZKA
ОКПО 40200973
КБЕ 16

Компьютерде терген: С. Пилипенко
Корректорлар: Р. Кайсарина, С. Абдуалиева
Теруге 29.10.2015 ж. жіберілді. Басуға 27.11.2015 ж, қол қойылды.
Форматы 70×100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 10,2 шартты б.т. Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс №0944

Компьютерная верстка: С. Пилипенко
Корректоры: Р. Кайсарина, С. Абдуалиева
Сдано в набор 29.10.2015 г. Подписано в печать 27.11.2015 г.
Формат 70×100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 10,2 уч.-изд. л. Тираж 300 экз.
Цена договорная.
Заказ №0944

Научно-издательский центр
Павлодарского государственного педагогического института
140002, г. Павлодар, ул. Мира, 60.
E-mail: rio@ppi.kz